Terrorism has arisen and existed long before, but after 11 September, 2011 this term shook the whole world. International terrorism as a consequence of globalization is considered by the international community as the main threat to peace and security to mankind. Gaining international terrorism transnational nature changed its organizational, ideological and political platform, which is consequence of changes in the structure of international relations. Nowadays, international terrorism combines «using of territory or the involving of citizens in terrorist activities in more than one country" and "combating not with a particular state or group of States, but with new models of the world development" [10, p. 200]. Due to globalization at the present stage we can observe new types of terrorism as: cyber-terrorism, international terrorism, technological terrorism and criminal terrorism. Whereas, religious and political terrorism took a classic character. The fight against terrorism should be the main feature of all law enforcement agencies and law enforcement authorities. To defeat it, the world needs to unite its efforts, do not act alone, but together, at the international level.

The term «Globalization of culture» appeared in the late 80s in connection with the problem of convergence of nations and the expansion of cultural relations of them. Globalization of culture has positive and negative sides. Let us start with the negative aspects. Firstly, the likelihood of losing cultural identity, high threat absorption of low culture from larger or largest one, the dissolution of the cultural peculiarities of the national minorities in the culture of a great nation, oblivion paternal culture by mass emigration to another country and getting their citizenship. The muddy condition of cultural identity or full cultural dissolution has quite place to be. Open of borders for cultural influence, exchange and intercultural communication can lead to exchange of good practice, enrichment of one's own culture and its cultural exhaustion due to the unification and standardization. However, the globalization of culture is inevitable path to the evolution of humanity, buying something new, we renounce the old. At that moment there are no specific ways of dealing with the globalization of culture, solve at global level this problem is almost impossible, the preservation of culture matter for each person.

The population, immigration is an obvious consequence of globalization, due to the fundamental openness of borders. Modern concepts of migration are indicators of effective implementation of globalization. Each person, who planning migration have a cultural and ethnic knowledge. People often migrate in search of a better life, in particular in developed countries. Some immigrate, forced to leave home for one reason or another, in particular leaving not environmentally safe areas. Today we can state the increasing diversity of flows of global migration movements, the complexity of their routes and motives. Migration and problem of population are closely related to globalization and this is its consequence, also factor in the spread and an indicator of its effectiveness.

Humanity faces a number of problems with keeping the peace on the planet, which include the prevention of armed conflicts. To prevent the war or to exclude it completely from the modern society it is almost impossible until there continue to be significant nuclear and chemical arsenals, producing hundreds of species, which are constantly improving, weapons. States with nuclear power like an arsenal of weapons, which is quite enough for destruction of all life on the planet. Military spending – the main obstacle on the way of solving problems such as the preservation of peace.

Problems of war and peace acquire a new dimension in globalization of the world. This problem also requires collective solutions as those mentioned above. One of the few actions to preserve peace is to continue strengthen of the United Nations in the international arena, empowerment organization, development opportunities which are able to quickly and efficiently understand the complex conflict situations, as in some regions and at international level.

Strengthening of global security system prevents the desire of some States to solve these problems using military units, moreover increasing the intense competitiveness developed countries for world domination, which also calls into question the problem of preserving peace.

Also special attention should be paid to the problem of conflicts arising on the basis of sectarian rivalry.

Among the urgent problems of safety is also a joint struggle with different types of terrorism, drug trafficking, and crime.

Thus, the human effort to create a system of global security should follow the solutions collectively, covering a large part of the international community. Countries should strive to create a security complex type, which will cover not only military security factors, but also other measures to preserve peace.

In the modern political arena there are "stretched" international relations. All because of the fact, that not all countries are ready to accept globalization. But, in the other hand, in the modern world it is difficult to survive at international arena without applications of the fruits of globalization.

In order to find solutions to all the above-listed global challenges requires the overcoming of contradictions between the countries leading world powers, large-scale restoration and strengthening of international institutions, particularly the UN, the position of which nowadays remain murky, the creation and implementation of programs on a world scale, which in the future could provide answers to global challenges.

List of References:

1. Margelov, M. V. «Globalization – the vicissitudes of the term» / M. V. Margelov // «USA and Canada: Economics, politics, culture». – 2003. No. 9. – 56 p.
2. Dobrenkov V. I. «Globalization and Russia: a sociological analysis». – M.: INFRA-M, 2006. – 447 p.
3. Lenin V.I. The complete works, 5th ed., so 1-55, M., 1958-1965.

4. Delyagin, M. G., «the Global crisis: the General theory of globalization: a course of lectures» / M. G. Delyagin. – M.: INFRA-M, 2003. – 768 p.
5. Anderson, U. T. «Life in a global civilization of the West» / U. T. Anderson. – M.: Knowledge, 2008. – 556 p.
6. Fedotova V. G., «The changing world and globalization» / V. G. Fedotova // Knowledge. Understanding. – 2004. No. 1. – 70 p.
7. Giddens E., «Elusive peace: how globalization is changing our lives» / E. Giddens. – M: The Whole World, 2004. – 312 p.
8. World history // the article about «The Cold War. The iron curtain» // <http://manger.ru/vsem/hvar.htm>
9. «Agenda for the XXI century» // the Convention and the agreement of the UN // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/agenda21_intro.shtml
10. Lebedev M. M. «World politics». Second University textbook M: Aspect Press, 2007. – 365 p.

E.S. Makulbaeva, G.M. Baigozhina
(Karaganda, Kazakhstan)

THE PROBLEMS OF THE UNIFICATION OF CHINA

China is famous for its ancient history extending back over millennia. Various nationalities and ethnic groups of China, living in peace and harmony on this land and being wedded by common interests, have formed their own values, which lied in the desire to consolidate and protect this unity. Currently, China is one of the most powerful countries in the world. Nevertheless, there is a paradox: having reached enormous economic growth and political influence, this great power cannot cope with a seemingly "small" problem: unification with the Republic of China (Taiwan Isl.).

In 1661 the island was captured by the Chinese, who had fled from the mainland by virtue of the Manchu aggression. In 1683, Taiwan was occupied by the Manchus, who had established a Chinese Qing dynasty by then. After the defeat of Qing China in the war with Japan in 1895, Taiwan was placed under Japan's control, having remained a Japanese colony until 1945 [1]. After the defeat of the Kuomintang during the Chinese Civil War in 1945-1949's, Kuomintang troops fled from the leaders of the Communist Party of China (CPC) to Taiwan. Nevertheless, the CPC troops failed to capture the island. Since then, de facto, there are two Chinese states: People's Republic of China and the Republic of China (Taiwan). Taiwan, which was led by Generalissimo Chiang Kai-shek, was recognized by most Western countries and represented China in the United Nations until 1971. In 1975, Chiang Kai-shek died. His successors continued to adhere to the formula "one China" and recognized the importance of the task of national unification [2].

In March, 2000 the situation in Taiwan and around it radically changed, when the leader of the opposition Democratic Progressive Party (DPP) Chen Shui-bian was elected as a president of the rebel island [3]. Absolute power of Kuomintang, which had lasted more than fifty years on the island, finally ended. Since its founding in 1986, this party publicly advocated the establishment of a sovereign Republic of Taiwan [3].

The election of Chen Shui-bian as the President has forced Chinese leaders to face a strategic choice: to continue the policy of modernization of the country, or get prepared for the war with separatists.

Fortunately, Chen's rule did not last long, since the DPP lost its power because of corruption scandals in 2008 [1]. Executive and legislative branches were led by Kuomintang again; Ma Ying-jeou became president.

In fact, since the mid-90s Kuomintang has become the "fifth column" of CPC in Taiwan [2]. Kuomintang carries on a policy of dynamic rapprochement with PRC in the economic field; there is a permanent transport connection between China and Taiwan. Contacts in the political field on the interstate and inter-party line are actively developing. During the period from 2008 to 2014 these ties have already reached an impressive extent. Estimates of direct Taiwan's investments to China range from 50 to 160 billion dollars. This means that the Taiwan's share in foreign investments to the Chinese economy may be in the range from 8 to 25 %. In general, China has the first place in the list of trade and economic partners of Taiwan (the second and third places are taken by Japan and the United States). Contribution of China's to external trade volume of Taiwan is 128 billion U.S. dollars [4]. Today, Ma Ying-jeou carries on the policy of rapid rapprochement of Taiwan and mainland China in the economic and political fields, but despite the good relations Taiwan still claims that it does not have full independence, neither it is under the full control of China [5, p.3].

Beijing is well aware of the fact that the reunification of Taiwan with the mainland – is a complex issue. It's not just the old antagonisms and continuing disbelief. The main issue is that China is a communist state, and Taiwan has capitalist form of government. How to integrate seemingly incompatible states? The Chinese leaders have found a way out. As a basis for unification Beijing decided to use a policy of "one country with two socio-economic systems", proposed by Deng Xiaoping in 1979. The main features of this policy are as follows:

1. There is only one China in the world. Taiwan is an inalienable part of China. Place of deployment of the central government is Beijing.
2. Two systems co-exist within the territorial unity of China, the socialist system in mainland China and the capitalist system in Taiwan will coexist and grow simultaneously.
3. High degree of autonomy. After reunification of the country, Taiwan will have a high degree of autonomy as a special administrative region.
4. Peaceful negotiations. The country must be reunited by peaceful interactions through contacts and negotiations [3].

Taipei made specific and very attractive offers: the capitalism and the current political system will remain on the island at least for a half of century after the reunification. Mainland will not send any troops or administrative personnel to Taiwan. The attractiveness of initiatives is enhanced by China promoting communication with private foreign capital. Even before unification Taiwanese businesses had the opportunity to work closely with their compatriots on the mainland. Taipei ignored China's offers, in response to that Chinese President Xi Jinping at the APEC forum in Indonesia, said that he cannot wait forever for the solution of the Taiwan issue [7, p.182].

We looked at the issue of China's reunification from the sides of China and the Republic of Kazakhstan. For the avoidance of the one-sided view on the situation let's go back and trace the attitude of the U.S., the UN and other international organizations to amplification of this problem.

The Republic of China was one of the founding members of the United Nations (along with the United States, Soviet Union, Britain and France). Nevertheless, after the adoption of the UN resolution on "the right of representation of China" in 1971, Taipei was forced to leave the ranks of this important international organization. According to Resolution № 2758 of

1971 " Restoration of the lawful rights of the People's Republic of China in the United Nations" adopted by UN General Assembly, the only legitimate representatives of Chinese people are diplomats from mainland China. Since 1993, Taiwan has conducted annual campaigns and events for the return to the ranks of the members of the UN, but success in this field hasn't been reached yet [8]. UN appeals that according to the basic principles of the organization, for the accession to the UN Taiwan has to be a sovereign state.

In its defense Taiwan claims to be an independent state, as it has local government structures and elements of statehood. The ruling circles of Taiwan declare the impossibility of unification with China, as opposed to Communist China, sticking to powerful, illegal methods, Taiwan is the capitalist state that makes all decisions based on the principles of democracy. Representatives of the DPP also accused China of obstructing the entry of Kazakhstan to international organizations.

In defense of China it can be said that the Chinese Communist Party and the Chinese government have been steadily fighting for the realization of the ideals of socialist democracy. Achievement of the peaceful reunification of the country based on the concept of "one country – two systems", involving the simultaneous existence of two social systems on both sides of the strait at their mutual understanding of each other is itself based on the principles of democracy.

Firm and fair position of the Chinese government on the One-China issue is becoming more widely understood and supported by other countries and international organizations. Currently, the "United China" is recognized by 170 countries, while the sovereignty of the Republic of China is recognized only by 23 countries [5].

Positions and actions of the PRC on the relationship between Taiwan and the outside world is understandable, since in terms of the Government of China, Taiwan is an integral part of China, is an integral part of China's sovereignty and implementation of Taiwan's reunification with the motherland is the sacred mission of the Chinese government. For these reasons, China cannot allow the RC to enter into whatever relationships itself.

We now proceed to the consideration of U.S. policy regarding this issue. In 1972, the U.S. recognized China and severed diplomatic relations with Taiwan, while maintaining unofficial relations with Chiang Kai-shek government and continuing to provide military aid under the Act of 1979 (the "Law on Taiwan"). There are two acts of particular importance among the several provisions of the Act. First – "any attempts of China to determine the future of Taiwan other than with peaceful means, including using boycotts and embargoes", the U.S. will consider as a "threat to peace and security in the West Pacific and the subject of serious concern...". Second – the administration had the duty to maintain its own military capabilities in the Pacific "at the appropriate level" and the sale of "defensive" weapons to Taiwan was allowed [9, p.3]. Thrust of U.S. policy became clear long before the breach in relations with Taiwan. Speaking at a congressional hearings in 1951, former commander of the "UN forces" in Korea, General Douglas MacArthur said that "the loss of Taiwan will push our boundaries back to the coast of California...". Thereby, he outlined the strategic importance of Taiwan, excluding the possibility of transferring control over the island to any of the U.S. geopolitical rivals [10].

Thus, it can be noted that America holds a dual policy in the matter of the unification of China that combines rather controversial elements, such as U.S. interest in developing economic ties with China, concerns about its "peaceful rise" and establishment of Chinese control over Taiwan unacceptable for the U.S. The essence of Washington's line on the Taiwan question has been accurately expressed by a member of the State Department: it is necessary to find a formula which "will allow delaying the actual merger of the two parts of China for several generations" [10].

Before generalization of the above stated, I would like to mention another important factor in the issue of unification of China: public opinion. According to sociological sources, we can say that PRC citizens agree with the unification and look forward to this event. In turn, the poll of people of Taiwan shows that although the majority of Taiwanese do not mind a reunion, they do not trust the formula of "one country, two systems" [11, p.224], with each new generation they are losing their hope in reunification, being afraid, or not understanding the meaning of what was put in it by members of the older generations.

Thus, we have examined the problem of the unification of China from different perspectives and on the basis of the above stated, we have come to several conclusions: Taiwan is the part of China. All the facts and legal acts in respect of Taiwan indicate that it is an integral part of Chinese territory; analysis of China's foreign policy over the past two decades shows that the Chinese leadership doesn't intend to seek the ways to strengthen the role of the country in the international arena by military methods or by creating military or political alliances directed against any country. With one important remark – if China won't be provoked to that. PRC throughout its existence behaved mostly reserved towards Taiwan, but Beijing took into consideration the fact that the ruling Kuomintang not only refrained from declaring independence of Taiwan, but also constantly affirmed the principle of indivisibility of China. The most important argument against the forcible change of status of the island – a military confrontation in the Taiwan Strait in an unpredictable way affects the economy of the island, and hence the economy of the coastal areas of China and Hong Kong. The second deterrent is Beijing's fear to cause a negative response from the U.S. and other major powers, the economic cooperation with which is vital for the successful implementation of China's development strategy. Countries having diplomatic relations with China, should not enter into military alliances with Taiwan in any form to the principles of mutual respect for sovereignty and territorial integrity of China. The situation in the Taiwan Strait largely depends on Washington, whose position remains ambivalent. On the one hand, the U.S. is against of separatism in Taiwan. But on the other – the United States is not interested in the unification of the island with the mainland. Taiwan is an ideological ally, a military outpost and profitable economic partner for them. This defines the U.S. desire to keep the island as a de facto independent political entity. Let the dialogue between Beijing and Taipei be, but it doesn't lead to anything specific – this is the position of the American authorities. The longer China tolerates the maneuvers of Taiwanese leaders in a delay of reunification, the harder it is to return the Taiwanese to "the motherland" [12]. Since 1979 at the initiative of Deng Xiaoping the Chinese government has begun to implement the course of peaceful reunification of the country, gradually formulated the scientific concept of "one country – two systems".

List of reference links:

1. APEC summit // <http://russian.people.com.cn>
2. Chapter 2. The evolution of U.S. policy toward the Taiwan problem in the years of «cold war»// <http://www.ushistory.ru/component/content/article/181.html>
3. Ferdross A. International law // <http://www.bibliotekar.ru/mezhdunarodnoe-pravo-1/100.htm>
4. Kuomintang // <http://www.kmt.org.tw>; Democratic progressive party // <http://www.dpp.org.tw>; New party // <http://www.np.org.tw>.
5. One Country, Two Systems. // roc-taiwan.or.jp/info/fcj97/fcj42/1024p7.html.
6. Policy of Taiwan // <http://www.asiology.ru>
7. Sheng Lijun China's Dilemma: the Taiwan question // Problems of the Far East, 2001. – № 5. – 190 p.

8. Taiwan is afraid of reunification with China // http://www.ng.ru/world/2013-07-12/7_taiwan.html
9. Taiwan panorama. 14 March 2005. – 30 p.
10. The history of China from ancient times to our days. М., 2002. – 678 p.
11. The history of China: Textbook / /edited by A.V. Melixetov – М., 2001. – 435 p.
12. The principle of one China and Taiwan issue: Materials of the press Chancellery of the PRC state Council // <http://www.chinadata.ru>.

Малика Алиева
(Астана, Казахстан)

ТҮРКІСТАННЫҢ САЯСИ – ӘКІМШІЛІК ТАРИХЫ

Қазақтың жүрегіне ата қоныс болып жазылған Түркістан аймағының билігі XVIII ғасырдың соңына қарай қазақ қолынан кете бастады. Ең әуелі Тәшкент билігі қазақтың қолынан сусып шықты. Есім хан билік еткен заманда бұл қаланы Тұрсын ханнан тартып алып, одан арғы тағдырын Ұлы жүздің сұлтандарына тапсырған еді дейді қазақтың аңыз-хикаялары. Тәшкент маңының негізгі халқы болған екі сан қатаған тайпасының үлкен қырғыннан кейін аман қалғандары Ұлы жүздің арасынан өзіне орын тауып жан сақтағаны да осы себепті. «Төле бидің тарихы» атты дастанда қазақтың хандары мен билері Қаз дауысты Қазыбектің ордасында бас қосып Тәшкенттің билігін, алым-салықтан түсетін табысын Ұлы жүздің биі Төлеге барғаны айтылады [1, 64 б].

Төле бидің өзі көбіне-көп Тәшкентке Шыршықтың суын түсіретін Бозсу деген арықтың басында қазақи киіз үй тігіп отырды дейді тарихи аңыздарды.

Сонымен, бірге ауызша деректер Тәшкент билігіне Жолбарыс хан Төле биді араластырғысы келмей, би келе жатыр дегенде алдынан қақпаны жауып, қаланы күшпенен алғанын да хабарлайды. Бұл жерде Жолбарыс қалаға атасы Тұрсын хан сияқты бек болып, жергілікті сартпен ымыраға келіп, қайткен күнде де көшпелі қазақты қала шаруасына араластырмауға бел байлағысы келген [1, 61 б].

Тәшкентке келе жатқан Ресей керуені тоналғанын естігеннен кейін Жолбарыс хан тез арада Жаубасар хан мен Төле биге адам жібереді: «к помяутому Койгилде послал Иаубасар хана, и Туле би, дабы он, Койгилда, ограбленное и людей возвратил, а ежели не возвратить, то х калмыцкому хану Шалдан-Чирину сына своего в аманаты он не отдаст; токмо он, Койгилдя, меня не слушаеся» [2, 32-55 бб]. Қалай болғанда да 1756жылы Төле би қайтыс болғаннан кейін Тәшкент билігіне таласушылар көбейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Тәуекелден соң еңсегей бойлы Есім хан болады. Түркістанда тұрып, Тәшкентке Тұрсын ханды ие қылып қояды. Сол күнде Имамқұл хан өзбекке хан болып, Бұхараны билеп, Еңсегей бойлы ер Есіммен үш рет соғысып, Түркістан мен Тәшкентті ала алмай жеңіліп қала берген. Есім ханнан кейін қазақ жүдеу бас болып Тәшкеннен айрылып қалады» деп жазады [3, 254-258 бб].

Абылай хан дүниеден өткен соң, Орталық Азиядағы саяси қарым-қатынастың бәріне де өзгерістер ене бастады. Соның ішінде Тәшкент билігі де қазақ қолынан шықты. Аңыздарға қарасақ «Төле би қартайған соң Жүнісқожа деген сартты Тәшкентке әкім етеді. Төле би дүниеден өткенде оның денесін Шайқантәуір бейітіне қояды. Оның бейітін халық «Қарлығаш әулие» деп атайды. Ол кезеңде Тәшкент төрт бөлікке бөлініп, (Шар қала) бір-біріне бағынбаушы еді. Жүніс қожа алдымен Тәшкенттің Шайхантауір бөлігін бағындырып, кейіннен сол жерде халықтың қолындағы мыс ыдыстарды жинатып, зеңбірек құйып соның арқасында Сибзар, Көкше, Бесағаш тағы да басқа да қалалық аудандарға иелік жүргізді», – дейді Тәшкент маңының тарихының мамандарының бірі Масальский.

«Абылай Нияз батырдың ерлігіне риза болып, Тәшкент қаласының билігін Ниязға берген. Кейін Нияз батыр қартайғанда өмірінің соңғы жылдарын Арқада өткізбекші болып, өзінің орнына Тәшкент қаласын билеуге Әлдеберліні жібереді. Оны сарттар у беріп өлтіреді. Әлдеберлі қайтыс болғаннан кейін жасы ұлғайса да, Нияз батыр Тәшкенттің билігін өз қолына алуға мәжбүр болады. Бірақ Нияз Арқадан оралып болғанша Тәшкентте бұрынғы өзінің өзбек орынбасары таққа отырып қояды. Оның қақпа алдына қойған күзетшілері бастапқыда Ниязды ішке кіргізбей көп әурелейді. Ақыры бұрынғы билеуші екеніне көз жеткізген соң барып ордаға кіргізеді. Тәшкенттің билеушісі, бұл жоқта датқа атанған өзбек орынбасары Нияз батырды көргенде есі шығып, сағынған адамдай өтірік құшақ жая ұмтылады. Осы кезде Нияздың қасына еріп барған інісі Итқара батыр өзбектің қарнын пышақпен осып жібереді. «Нияз құшақтады, Итқара пышақтады» деген сөз осыдан қалған екен» [4, 64-65 бб].

Нияз аталық 1785 жылы жүз жастан асып қайтыс болды. Оның сүйегі Түркістанда Қожа Ахмет Йассауи күмбезді қазақтың ұлы хандары Еңсегей бойлы ер Есім, Салқам Жәңгір, Абылай мен би – батырлар Қаз дауысты Қазыбек, Қарт Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тобықты Мамай сияқты Еуразия құрлығының соңғы жаяу жүрек ұлысына жетекшілік жасаған ұлы тұлғалардың арасында жерленген. Нияз аталық өзінің шыққан тегімен, ерлік қасиеттерімен, хан ұрпағы мен хандық дәстүрін XVIII ғасырдың соңына дейін сақтап келген мемлекетшіл қызметімен ұлылардың арасынан өзіне орын тапты. Нияз батыр қазақтың өз алдына отау тігіп, мемлекет атанғанынан бергі аталық қызметін атқарғандардың соңғы өкілі еді, ол сол қасиетті міндетті абыроймен, соңғы демі қалғанша атқарды.

Әбілмәмбет 1770 жылы қайтыс болғаннан кейін, оның орнына Түркістанда билік құрған Болат ханды біреулер мойындаса, біреулер мойындаған жоқ. Мойындамағандардың бірі Сөмеке баласы Есім хан қайткен күнде де Түркістанды толық билегісі келіп, Болатқа қарсы әртүрлі саясат жүргізіп отырды. Ақыры Бұхардың сол кездегі ханы Шаһмұратқа өзінің Түркістанды қамқорлығыңызға алсаңыз қайтеді деп өтініш айтты. Шаһмұратқа арқа сүйеп бүкіл Түркістан аймағының билігін өз қолыма алсам ба деген дәмеленіп еді. Ойы сонау Бұхардан келіп Шаһмұрат бұл аймақтың шаруасына араласы қоймас, сырттай ие болып жүргеніне мәз болар. Шаһмұрат Есім ханнан хабар келуімен 20 адам уәкіл жіберді. Олар келе сала Түркістанның да, оның маңындағы Есімге тиесілі қышлақтардың да билігін қолдарына алып, кіріс-шығысты есептей бастады. Есім өзінің кіммен байланысқанын жаңа білді, асығыс ісіне пұшайман болып, бармақ шайнағанна басқа ештеңе бітіре алмай қалды. [5, 246 б].

1798жылы Жүніс қожа Тәшкентті өзім басқарсам – ау деген арманына ақыры жетті. Төрт махаллаға бөлініп кеткен қаланың билігі бір қолға жинақталды. Ресейдің темір тұзағына түскен қазақ баласы бұл уақытта өзінің мемлекеттік дәстүрлерінен де ажырай бастаған еді, солтүстік алқапта ие болудан да қылып барады. Жүніс қожа сияқтылардың заманы туды. Оның әскері негізінен қаңлы, шанышқылы, сіргелі мен рамадан тайпаларының қазақтары болды. Олардың ішінде атағы шыққандары Қожамсейіт батыр, Қарақұл батыр, Найзақұлақ батыр, Барлыбай батыр, Серқожа батыр, Ғайып мырза, Бөлек батыр, Халық батыр, Есенбай батыр, Құнан батыр, Қонақай батыр, Тоқсан батыр,

Ырысқұл батыр, Жантелі батыр, Қазыбек батыр, Айқынбай батыр, Ырысбек батыр, Жолан батыр, Есенкелді батыр т.б [6,216 б].

Осы кезде Ұлы жүз «Сиқым Мәлік бидің баласы Босмойын би Тәшкенттің билігіне таласып оны алға күш салады. Оған қаңлы, шанышқылы билері қарсы болып, Жүніс хан жағына шығады. Олар Дулатты жеңіп, Тәшкенттен қуып жібереді» [7, 82б]. Тәшкент билігінен айрылған дулаттар енді Шымкент пен Сайрамнан айрылғысы келмей қарсыласып бақты, бірақ Жүніс қожа да әртүрлі айла-шарғымен ақырындап Тәшкентке жақын қалалық аймақты тұзағына түсірді [8, 176 б].

Әрине Жүніс қожаға Ұлы жүздің халқы түгел бағына қойған жоқ. Олардың ішінде бірнеше мың үй Шәрегей сұлтан бастап, Ертіс бойына келіп жер алды. Тәшкент маңындағы дулаттың көпшілігі өздерінің жүздеген жылдар жайлаған жерін, егіп қойған егін мен қора – қолсысына дейін тастап, Жетісуға қарай көшті. «около города Чимкента обитавшие казахи бросили пашни свой, даже сады и перешли к границам китайским...», – дейді Қоқанд хандығына Ресейден келген елші Филипп Назаров [9, 23б].

Әлім ханның бұйрығымен Раджап құшбегі тәжік Ходжент әскерімен түнді пайдаланып, Самгар мен Қамыс қорғаннан асып, Гүрімсарайдың түбіне келді де осы жерде Жүніс қожаның әскерімен кездесті. Осылармен қатар Сырдарияның сол жағасынан Гүрімсарайға қарсы Әлім ханның әскері де көрінді. Раджап құшбегі Қоқанның атақты ақ жалауын көтеріп тұрған түбегінің жанына тәжіктің елі мергенін қойды. Жүніс хан әскерінің құрамындағы қазақ жігіттері туға қарыс шапқанымен жаңбырдай жауған мылтықтың оғынан бөттері қайта берді. Екі жақты қыспаққа түскен Тәшкент әскерінің қатары бұзылып шегінді де, ақыры жан дәрмен қашуға айналды. Саптың алдына түсіп бірінші қашқан Жүніс қожа қалған әскеріне мойын да бұрған жоқ. Сонымен, қаншама күшпен жинаған әскер айдалада қалды, көпшілігі сол жерлердегі таулы қышлақтағы адамдардың тұтқынына түсті» [10, 96 б].

Батыс – Сібір генерал – губернаторы Горчаков соғыста көзге түскен барлық қырғыз манаптарын марапаттап, ал Кенесарыны өлтірген манап Қалиғұл Әлібековке құрмет хатын табыстап, оған күміс медаль тақты. Қырғыздар шайқаста қаза болған қазақ жігіттерінің бастарын сыйлық ретінде Қоқан ханына жіберді. Қаңтарбай батырдың қауіптенгені рас шықты. Кенесары ханға ерген бейбіт елден де шығын аса көп болды. Түкістандық шежіре қария Мотай ақсақал Сайдалы Қабай аталықтың тұқымы Қорғанбайдың әңгімесін майын тамызып баяндады [11, 154-158бб].

Сырдария облыстық статистикалық комитетінің мүшесі, қарапайым азамат Е. Т. Смирнов Сыздықтың өмірбаянын жазбақ болып бағдарлама жасап, сол бағдарламадағы сұрақтарға жауап ретінде Ахмет Кенесариннің «Кенесары и Садық» кітабы жазылды. Кітаптың алғы сөзінде Е. Т. Смирнов Сыздықты (Садық, Сыддық) «последний боец за независимость казахского народа» деп ең жоғары бағаны береді [12, 112б].

Қазастанның Ресейге қосылуының көптеген саяси – экономикалық алғышарттары болды. Орыс үкіметі өзінің шекарасын шығыста ұлғайтқысы келді. Ресейде мемлекеттік биліктің күшейуімен қатар Шығыс мемлекеттері мен көрші жатқан халықтармен сауда айырбас жасауға және өзге де қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіндік туды.

Қазастанның Ресейге бодандығы XVIII ғасырдың 30-шы жалдары басталып, ұзақ және күрделі үрдістен кейін ғана, XIX ғасырдың 60 жылдары аяқталды. Қазақ жүздерінің қосылуы ішкі саяси жағдайды іске асты. Кіші жүздің көп және Орта жүздің кейбір аудандары Ресейге XVIII-XIX ғғ. басында қосылады. Патшалық империя Орта Азияға байланысты алға қойған стратегиялық мақсаттарына жету үшін, орта жүздің үлкен бөлігін және Оңтүстік Қазақстанның қалалық бөлігін еш аяушылық көрсетпей, қатаң әскери күшпен бағындырды. Ресей Оңтүстік Қазақстанды және Орта Азияны жаулап, саясатын Ұлыбритания империясымен болған бәсекелестікпен түсіндіреді.

Осылайша қазақтың қара шаңырағы, Ұлы далаға шапағатын шашып нұрландырып тұрған діни орталығы, атақты хан-сұлтандарының, аруақты ата-бабаларының сүйегі жерленген пантеон – Өз Түркістан саяси орталық, ел астанасы қызметінен біржола айырылады. Оның соңғы қорғаушысы Абылайдың шөбересі Сыздық төре болды, ал оған рух беріп, қолдап, шүберекке түйілген жанын жаудың оғынан қорғаған ұлы бабалардың аруақтары. Олар сонау көне замандарда Тұранның негізін салған Алып Ер Тоңға патшадан бастап, Түркістанның елдігін XVIII ғасырдың соңына дейін ұстап тұрған Нияз аталыққа дейінгі бірнеше мың жыл аралықта өмір кешкен қазақтың даңқты ұлдары.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Төле би (араб харпінен көшірген, құрастырған және алғы сөзін жазған С.Дәуітов). 61бет. Алматы, 1991
2. Материалы поездки поручика Пензенского гарнизонного пехотного полка Карла Миллера и геодезиста подпоручика Алексея Кушелова с торговым караваном из Оренбурга в Ташкент (29 августа 1738 – 5 июня 1739г.) //История Казахстана в русских источниках 16-20вв. 6т. – Алматы, 2008. С.32-55
3. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1-13тт. Павлодар, 2003-2008. 8том 254-258
4. Ыдырысов Нақып, Сұлтанұлы Зарлық. Нияз батыр // Өмір. Жаңаарқа, 1992. 64-65
5. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах. – Алматы, 1984-1985 т.4, с 246
6. Диваев Ә. Тарту (Құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Ф.Оразбаев). Алматы, 1992. 216 бет
7. Сәдібеков З, Қазақ шежіресі. Тәшкент, 1994. 82бет
8. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих орд и степей. СПб., 1882. ч.2. с.176
9. Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкенте, в 1800г // Вестник ИРГО на 1851г., ч.1. СПб., 1851. С.23
10. Бейсенбаев Т.К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. Алматы, 1987. с.96
11. Кенесарин Султон Ахмед. Биографические очерки. Султонун Кенесару и Садык. Тошкент. Типо-Литография сп. – 1889г. с.154-158
12. ЦГА РК (Центральный гос Архив Казхстана), ф. 345, оп. 1, д. 247, л.19-227

Ғылыми жетекшісі:

т.ғ.д., профессор Артықбаев Ж.О.

Жадыра Алтаева

(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ҒҰЛАМАЛАР КӨЗҚАРАСЫ

Қазақ тарихына үңілгенде даналық пен ізгіліктің, ерлік пен елдіктің үлгілеріне қанығамыз. Қазақ даналығы ұрпақтың есті болып, ұлттың рухты болып жетілуіне қызмет еткен. Нәтижесінде өткен ғасырда кеңестік үлгідегі тоталитарлық тәртіп түбегейлі орнағанға дейін қазақ даналығының тамыры тереңге жайылды. Әр ғасыр шеңберінде

өмір сүрген тұлғалардың рухани сұхбаттасуына қамқорлық жасалды. Сөйтіп елдік келбет қазақ этносын жат өркениеттің жетегіне мүлдем еріп кетуден сақтап қалды. Ұлт дамуының өзегі тіл, дін, діл, дәстүр деп мәдениет қуатының негізі болар рухани құндылықтарды айтамыз. Қазақтың мұсылманшылығы да ұлттық дәстүр өрісімен қабысқан еді. Ал, ұлттық дәстүр өз кезегінде ислам дінінің теориясына қайшы келмегендіктен де, ұлттық рухты биіктетуге негіз болған еді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер – білім. Сол өнер – білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға жұрт екенімізді білдірер едік» [1], ал Әлихан Бөкейханов «Мәдениет өмірі – құдірет өмірі» екендігін жазған-ды. Өйткені, мәдениет адам жанының жетілуі. Ал, таза дін мәдениет өмірін ғұмырлы етпек.

Дін білім көзі, ғылым өзегі. Дінді ғылыми тұрғыдан ұғынғанда өмір философиясын небір қырынан тануға мүмкіндік ашылады. Ең басты мәселе адам болмысын ұғыну, болмысымызды бүлдірмеу, адамдық қалыппен өмір сүру.

Қазақ философиясын ақылмен зерделегенде «тіршіліктің қызығы адамға жақсылық қылумен көрінеді» деген қағида көзге түседі. Ал, философтар еңбектерін парақтағанда өмірдің құндылығы оның қайталанбайтындығында екендігіне табан тірейміз. Сонда қазақ даналығымен айтқанда қамшының сабындай қысқа ғұмырда адамдық келбетін қорғай білу басты борыш. Өріге кетпей беріден қайырғанда Абай даналығы, Шәкәрім философиясы, одан қалды Алаш зиялыларының шығармалары сөзімізге анық дәлел.

Абай ғұлама төртінші қара сөзінде «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін – бірі аңдып. Біріне – бірі мақтанып есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға да таба алмайды» [2] деп адамның жарық дүниеге қатынасын зердеге құяды. Адам өмірінің мәнін ұғындырады. Діни біліммен өмір ақиқатын көз алдына елестетеді.

Шәкәрім ғұлама философиясының антропологиялық қырлары өмірмәндік түсініктің көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, мұсылман дінін ғылым өрісімен ұғындырады. Қазақ философиясының ерекшелігі адам болмысын, өмір мәнін поэзия тілімен шебер суреттеуінде. Артық, кем сөз жоқ, тек ақиқатты меңзейтін мағынаға толы десек те қателеспеген болар едік. Шәкәрім философиясын ақылмен зерделегенде, парасатпен пайымдағанда философия мен діннің арақатынасына ғылым тұрғысынан тереңдейміз. Дінді адам болмысымен сабақтастыра байланыстырып зерттеген ғұламаның қазақ мәдениетінде алатын орны ерекше.

Дін дұрыс өмір сүрудің жолы, адамдық қағидасы. Мұсылманшылық тұтқасын ұстаған тұлғаның қоғамға, Отанына адал қызмет атқару қабілетінің жоғары болары да сөзсіз. Адамдық дегеніміз пендешілік деңгейді бұзып, тұлғалық биіктікке көтерілу. Тұлғалық істің иесі халық алдындағы адамдық парызын, Отан алдындағы азаматтық борышын адал атқарады. Себебі, тұлғалықтың тірегі түсінік. Түсініктің негізі білім. Таза білімді жан ғана дінді ақылмен ұғынады, дін беделіне парасатпен қамқорлық жасайды. Шәкәрім ғұлама:

*Адамдық борышың-
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта оны біл – [3]*

деп тұлғаның өмірлік мақсатын төрт жол өлеңмен ұғындырады. Демек, адамдық борышты білгендер саны артқанда ғана мемлекет ісі алға басып, ұлттың рухы биік болмақ. Осы тұста кіші ұрпақтың адамдық борышты білу ісіне жауапты аға буын екендігін де айтып өтуіміз қажет. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «...Аталық міндетті атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы» [1], – дегендей үлкен буын мен кіші буын арасында зиялылық байланыс болмаған қоғамның болашағы күңгірт.

Шәкәрім философиясының антропологиялық қырлары мұсылман діні негізінде адам – әлем қатынасын ұғындырады. Отанды сүю, отбасы құндылықтарын қадірлеу, жалпы адамзат игілігіне қызмет ету секілді ізгі мәселелер ғұламаның шығармашылығынан жан – жақты көрініс тапқан.

Дін адам баласын өмірдің түрлі қырларына ақиқат көзімен қарауды үйретеді. Пендешілік әдеттерден аулақ қылып, адамды естілік келбетпен тәрбиелеп, түзу жолға салады.

*Өзіңді кімге сыйлатып?
Өзің кімді сыйлайсың? – [3, 15б.]*

деген Шәкәрім даналығы өмірдің мәнін түзу ақылмен (жанның қуаты) пайымдауға итермелейді. Сыйлату мен сыйлау мәселесі адам жанының мәдениетін, әрі тәрбиенің қуатын көрсетеді. Өзін сыйламаған жанның қор боатындығы, одан қалды өзгеге құл болатындығы туралы толғаныстар да жетерлік. Мұны неміс ойшылы И. Гегель «Қор болған адам құл болады» деп кесіп айтады. Ал, Шәкәрім жалқаулықтан, салақтық, салақтықтан надандық туатындығын, сөйтіп адамның өз – өзіне қорлық көрсететіндігін тереңнен тұжырымдайды.

Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім болмаған жерде ізгіліктің де жүрмейтіндігі ақиқат. Осы аталған ізгілік негіздері адам болмысының мәнділігінің өлшемі. Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім таза ақыл көзімен сіңірілмек. Шәкәрім ғұлама айтқандай таза дінді бас көзімен емес, ақыл көзімен қабылдауымыз шарт. Ақыл көзімен қарағанда мұсылман дінінің адам баласы, күллі адамзат үшін айтып жеткізе алмас, рухани қазына, мәңгілік игілік екендігіне көзіміз жетеді. таза ақыл адам жанын жетілдіріп, рухты ердің қалыптасуына тұғыр болмақ.

Келер ұрпақтың рухты болып өсіп – жетілуіне өлшеусіз еңбек еткен ойшыл:
Рух деген дінсіз таза ақыл,
Мінсіздің ісі шын мақұл.

...
Нәпсі дер рухсыз жандарды,
Мейлі адам, мейлі аңдарды [3, 21 б.], –

деп мінсіздік проблемасын көтереді. Мінсіздікті терең ұғындыратын мұсылман діні. Рухы төмен адамның өзіне де, өзгеге де пайдасы тимейді. Осы тұста «пайда» деп рухани құндылықтар жүйесін айтып отырымыз. Шәкәрім философиясы рух түсінігін тереңнен ұғындырады. Тәннің күшті болуы да, елдің күшті болуы да – екеуі де тәрбиеден [1, 228 б.], – деген Ахмет Байтұрсынұлы даналығы рухты ерді қалыптастырудың жолына бағыт сілтейді.

Сонымен, түрлі уақыт шеңберінде өмір сүрген зиялылармен рухани сұхбаттасу арқылы тұлғалық пен кісілік келбетімізді биіктетуге ұмтыламыз. Бұл біздің өмірлік мақсатымыз. Абай дана «Атымды адам қойғасын қайтіп надан болайын», – дегендей, адам болып жер басқаннан кейін ізгіліктің нұрын себу парыз. Бұл мәселе адамның имандылық

деңгейін көрсетеді. Әрине бұл, арнайы зерделенетін бөлек тақырып. Дін өзіңді, ата – анаңды, ұлтыңды, Отаныңды құрметтеуге, қадірін білуге итермелейді.

Мемлекеттіліктің тұғыры халықтың мемлекетшілдік рухтағы тәрбиесіне, әсіресе зиялы қауым өкілдерінің ұлттық мүдде тұрғысындағы зиялы істеріне келіп тірелетіндігі ақиқат. Сондықтан да нағыз зиялыны қалыптастыру, тәрбиелеп шығару әр ұлттың орасан зор жетістігі болмақ. Ондай ұлттың болашағы да зор. Қазақтың даналық тарихына көз жүгіртсек тұлғаның зиялылық деңгейінің қалыптасуына, үнемі өсіп – жетілуіне терең мән берілгендігін аңғарамыз.

Мемлекетшіл рухты қалыптастыру оны өскелең ұрпақ бойына сіңіру қазіргі зиялы қауым өкілдеріне артылып отырған басты міндет. Нағыз тұлға мемлекет ісіне шынайы жанашырлық таныта алады. Тұлғалық іс – әрекеттің негізінде мемлекет ісі алға басады. Тұлғалық істің тірегі түсінік. Түсінік адамдық өлшемнің кепілі. Адам бойында мемлекетшілдік рухты қалыптастыратын, адамды Отаншыл рухта тәрбиелейтін тарих тағылымы. Тарих тағылымымен тәрбиеленген ұрпақ бойында ұлттық мінез қалыптасып, ұлттық тәлім – тәрбиенің көзіне айналады. Бұның қайнар көзі зиялылық. Нығыз зиялы тұлға жеке мүддесінен гөрі халық мүддесін басты орынға қояды. Оны тарих дәлелдеп отыр. Зиялылық деңгейін анықтайтын ұғым адалдық десек-те қателеспеген болар едік. Адалдық ар қуатының көзі. Шәкерім ойшылша айтқанда ұждан дәлелі. Ғұлама «Адам әділет, ынсап, мейірім үшеуін қосып айтқанда мұсылманша ұждан, орысша совесть бар. Бұл не?», – деп өмірлік сауалды алдымызға кесе көлденең тартады. Қазақтың бұрынғы мінезі ұждан мәселесін өмірлік ұстанымға тірек еткендігі де қалың жұртшылыққа жақсы таныс.

Қазақ этносының ғасырлардан қалыптасқан кең мінезіне сай біздің еліміздегі этносаралық, дінаралық татулық, әрине көптеген елдерге үлгі. Елімізде дінаралық қақтығыстар болмағаны жұртшылыққа аян.

Өзіміздің рухани – мәдени болмысымызды, дінімізді, ділімізді (менталитет), ұлттық санымызды таза ұстау арқылы әлемдік үрдіске араласа білгенде ғана өзгелерге қазақ өркениетін мойындата аламыз. Жаһандасу заманында әрбір мемлекеттің алдында өзінің ұлттық болмысын сақтап қалу міндеті тұр. Жаһандану процесіне қарсы болғанмен, одан ешқандай мемлекет тыс бола алмайды және оған тосқауыл жасай алмайды. Жаһандануға қарсы көзқарастар Еуропада да жеткілікті. Зерттеушілер әлемдегі алпауыт мемлекеттер жас мемлекеттердің технологиялық, экономикалық, қаржылық кіріптарлығын пайдаланып, өзінің саяси, әлеуметтік, экономикалық, моральдық, мәдени және өзге де құндылықтарын таңу арқылы өздерінің өмір салтына, дүниетанымына жұтып алу мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Жаһандану заманында тарихи – мәдени мұраны сақтау және қадірлеу басты мақсаттардың бірі. Қазақстан басқа мәдениеттен көптеген рухани және материалдық жетістіктер мен құндылықтарды «сіңірді». Қазақстанның өзіндік мүмкіндігі болғандықтан да ұлттық ерекшеліктеріміз арқылы өркениетті прогреске, ары қарай дамуға жол ашық.

Қазір қоғамда қазақ ұлтының ролі жайында түрлі пікірлер қалыптаса бастады. Ұлттық құндылықтары ескерілмеген мемлекеттің әлемдік өркениеттен өзіне тиесілі орнын иеленуі екіталай. Қазіргі таңда қазақтың мәдениеті жетекші орынды иеленіп тұрмағандығы да айқын. Осы тұста тарихшы ғалым Х. Әбжановтың «...бірнеше ғасырға созылған езгі із түссіз кетпеді. Қазақ қоғамына дерт болып жабысты, береке басы бірлікке жік түсті. Тәуелсіздік қарсаңындағы қазақтар жат өркениеттің кемесіне аяқ артқан этнос тәрізді көрінеді...» [4] – деп жазғандарының мәніне үңілгенде қазақ ұлтының әлемдік өркениет көшінен кеш қалуының түп себебін ұғынамыз.

Поляк ғалымы А. Янушкевич (1803-1857) «Қазақ даласынан жазылған хаттар» деген еңбегінде «Тәңірім осыншама қабілетті дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласында аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады. Сормандай құл құтандарды менсінбейтін Үндістан касталары секілді өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасынан бұл көшпелілердің де орын алатын кезі келді» [5], – деп қазақ этносының мәдениеті мен өнеріне тәнті болып, оның жарқын болашағына сенім білдірген-ді.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері дінді әр – түрлі бағытта түсіндірулер көбейіп кеткендігі салдарынан азаматтардың түрлі діни ағымдардың ықпалына түскендігі де шындық. Азаматтық қоғамда діни – плюралистік көзқарастардың болуы табиғи нәрсе. Алайда, діннің негізгі қағидалары бұрмаланбауы тиіс. Дін туралы сауатты ақпараттардың жақсы игерген тұлға діни адасудан аулақ болады. Дінді түрлі мақсатпен түсіндіруге діни басқарма тосқауыл қою шараларымен айналысып, құқықтық органдар олардың заңсыз іс-әрекеттеріне заң жүзінде сараптама жасауға ұмтылуда. Елімізде діндер мен діни ағымдарға қатысты мәселелер жеткілікті. Ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіретін құбылыстардың саяси-әлеуметтік тенденцияларға айналып кету қаупі бар[6].

Діннің атын жамылған істердің салдарынан қоғам рухани тоқырап болашақта үлкен жанжалдарға тап болуы әбден мүмкін. Сондықтан рухани қазынамызды шынайы өмірге өз деңгейінде енгізу арқылы мемлекет ісін алға дамытамыз. Рухани сұхбатты уақыт ағымымен бірге жүргізу зиялылар мойнындағы борыш. Әсіресе, Шәкерім сынды ғұламалардың шығармаларын зерделеу өз болмысымыздың қыр – сырын игеруге, өмір мәнін ұғынуға жол ашпақ. Мұсылман дінінің мақсаты адамды түзу жолға салу, ақиқаттан қия бастырмау. Ақиқатты тану имандылықтың көрінісі. Ғұламаның сөзімен айтқанда

*Ақиқат жерде қалмайды,
Таныған жанға кез болса.*

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ / Құраст. Субханбердина. – А., 1998.-221 б.
2. Абай. Қарасөздер. – Алматы, 31 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. А., 136 б.)
4. Әбжанов Х. Тарих, тұлға теория.-Астана,2006.-134 б.
5. Қазақтың тәлімдік ой – пікір онтологиясы. – 1 т. А., 1994. – 232 б.
6. Есім Ф. Саяси философия. – А., 2006. – 250 б.
7. Рифағи М. Ф. Ислам мәдениеті – Алматы, 2007-240 б.
8. Әсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет – ғұрыпы – Алматы, 1992,-152 б

Сарсембина Бакыткул
(Астана, Казахстан)

1940-1950 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

КСРО тұсында білім беру мазмұны саясаттандырылып, ұлт мүддесі ескерілмеді. Мағжан Жұмабаев қоғамдық прогресс (экономикалық, саяси, құқықтық, адамгершілік және т.б.) мәселелерін шешу үшін таптық тұрғыда емес, жалпы адамзаттық тұрғыда келу қажеттігін алған тартқан еді. Алайда, кеңестік тоталитарлық тәртіп оқу-ағарту ісіне үстем болған саяси идеологияға сай таптық көзқарас тұрғысынан қарады. 1930 жылдардың басы мен 1950 жылдардың ортасында мектептердің бірыңғай типтері құрылтылып, жалпыға міндетті бастауыш білімнен жеті жылдыққа көшірілді. 1934 жылы мамыр айында «Бастауыш және орта мектептер құрылымы туралы» қаулы қабылданып тоталитарлық жүйенің білім саласына терең тамыр жая бастағандығы анық байқалды. Мәселен, қаулыдағы жалпы білім беретін мектептердің бірыңғай типі, бірдей оқу бағдарламасы, бірдей оқулықтар, жас ұрпақты тәрбиелеудің және оқытудың ғылыми-педагогикалық қағидаларын бірдей ұйымдастыруды жүзеге асыру КСРО – да өмір сүрген ұлттарды табиғи даму жолынан айырды. Яғни, ұлттық құндылықтарға жол берілмеу саясаты қарқынды жүргізілді. Жалпы білім беру жүйесі мынадай құрылымдардан тұрды: бастауыш мектеп – 1-4 сыныптар; толық емес орта мектеп – 1-7 сыныптар; орта мектеп – 1-10 сыныптар. Жоғарыдан белгіленген оқу стандартынан ауытқуға қатаң тиым салынды. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында халықтың саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте нашар болғаны белгілі. Елдің барлық тыныс-тіршілігі соғыс жағдайына бейімделіп, қайткенде жауды жеңу ісі түпкі мақсат болды.

1940-1941 оқу жылы жеті, сегіз жылдық мектептердің саны 1770, ал онда оқыған оқушылар саны 418538 болған. 1945-1946 оқу жылы жеті, сегіз жылдық мектептер саны 1708, оқушылар саны 250741 көрсеткішін көрсеткен. Орта мектептерге келер болсақ, 1940-1941 оқу жылы 698 орта мектепте, 419137 оқушы оқыса, 1945-1946 оқу жылы орта мектептер саны 714, ондағы оқушылар саны 288597 болған. 1945-1946 оқу жылы басталарда Қазақстандағы мектептерге 792058 оқушы тартылған[1, 109 б.].

ҰОС жылдарында елде қалыптасқан ауыр жағдай себебінен мектептің орта және жоғары сыныптарында оқитын оқушылардың басым көпшілігі ПТУ немесе ФЗО-ға оқуға ауысты және кәсіпорындар мен колхоз, совхоздарда жұмыс жасады. Сондай-ақ, үкімет тарапынан еңбекке тәрбиелеу мен оқытуға, оқушыларды қоғамдық-өндірістік еңбекке қатыстыруға үлкен көңіл бөлінді. Нәтижесінде, кәсіпорындарды жұмыс күшімен қамтамасыз етуге жағдай жасалған. 1944 жылға таман мектепте оқушылардың сабақтан қалу жағдайы азая бастады. Соғыс жылдарында нақтырақ айтқанда 1943 жылы РСФСР педагогика ғылымдарының Академиясы құрылып, Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институты (ФЗИ) қалпына келтіріліп, мектептерге оқушыларды қабылдау, жалпыға бірдей білім беру ісін бақылаған. Сол кезеңдегі мектептер мен педагогикалық ойлардың тарихын зерттеушілердің жазуына қарағанда «Отан соғысы жылдарында республикада білім беру саласында ешқандай құлдырау болмаған» [1, 109 б.].

Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда жұмыс күшінің жетіспегендігі мәлім. Сол кезеңде коммунистік партия социалистік құрылысты одан әрі нығайту үшін оқушыларды еңбекке араластыру саясатын одан әрі жалғастырды. Нәтижесінде политехникалық білім беруді дамыту үшін өндірістік бригадалар құрылған. Сол кездегі деректерде мектептегі сыннан өткен өндірістік бригадалар Ставрополь өлкесімен қатар Қазақстанда бір мезгілде шықты. Оқушылардың алғашқы өндірістік бригадасы Алматы облысындағы Каменка орта мектебінде ұйымдастырылды. Бұл мектептің бастамасын Қазақстанның барлық облыстарының мектептері жалғастырған. Алайда, өндірістік бригадалардың да қателіктері болған. Мәселен, алғашқы ұйымдастырылған бригадалардағы еңбек оқушылардың теориялық білімдерімен байланысты жүргізілмеген (биология жөнінен). Кейін 1960 жылдары осы аталған кемшілік түзетіліп, оқушылар ғылыми негізде құрылған бригадаларда жұмыс жасап ауыл шаруашылық тәжірибелер жүргізу ісі жақсы дамытылады. Нәтижесінде биология пәнінен алған теориялық білімдерін озат агротехниканы пайдалана отырып оқушылар дәнді және техникалық дақылдардан мол өнім алған[2, 362 б.].

Сонымен, соғыстан кейінгі жылдарда мектептердегі тәрбие жұмысы халық шаруашылығын қалпына келтіріп, одан әрі бейбіт өмірдің талаптарына сай өркендетуге қатысты міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Осы мақсатқа сай КОКП – ның ХУІІІ съезінің қарарларында оқушыларға политехникалық білім беру және еңбекке тәрбиелеу мәселесіне баса назар аударылды. Бұл мәселе соғыс жылдарында да қолға алынған еді. 1942 жылдың 3 қарашасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің қаулысы жарияланып, онда УІІІ – Х сынып оқушыларына трактор, комбайн және автомашиналарды оқыту енгізіліп, оқушылардың аптада өтетін сабақтарының саны арттырылған. У – УІІІ сынып оқушыларына міндетті түрде «Қарапайым ауыл шаруашылық машиналары мен ауыл шаруашылық жұмыстары» курсы өткізілген[2, 360 б.]. Сөйтіп мектептерде механизатор кадрлар даярланған. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары қоғамдық еңбекке көп пайдаларын тигізген. Олар жұмыс күші ретінде де пайдаланылды. Мәселен, орман алқаптарын жасауда, көктемгі егіс жұмыстарында, егістерді күтіп-баптауда, егін жинауда, мал қыстатуда және тағы да басқа көптеген жұмыс түрлерін атқарған[2, 361 б.]. Қазақстан мектептерінің оқушылары 1942 жылы 7,8 миллион еңбеккүн, ал 1943 жылы 15 миллион еңбеккүн тапқан [3, 111 б.]. Бұл мәселе сол кезеңдегі еңбектерде былай деп талданды: «Колхоздар мен совхоздардың егістерінде мектеп оқушыларының жұмыс істеуінің тәрбиелік жағынан да, білім алу жөнінен де көп пайдасы тиді. Балалар ауыл шаруашылық өндірісінде жұмыс істеуге машықтанды, екінші жағынан, тіршілік әрекеттерін кезбе-кез көріп танысты. Республика мектептерінің комсомолецтері мен пионерлері майдандағы жауынгерлермен үздіксіз байланыс жасап отырды. Майданға сәлемдемелер мен хаттар ағыл-тегіл барып жатты» [2, 360 б.]. Сонымен қатар, Қазақстан мектептерінің мұғалімдері мен оқушылары «Қазақстан колхозшысы», «Қазақстан пионері» деп аталған танкілер колоннасын жасауға төрт жарым миллион сомдай қаржы да бөлген[4, 6 п.]. Майданға көмек бергені үшін КСРО Мемлекеті Қорғаныс Комитеті мен Кеңес Армиясынан алғыс алған.

Сондай-ақ, соғыс жылдарында мектеп оқушылары арасынан жауынгерлер мен мүгедектердің отбасына көмек көрсететін тимуршылар командасы құрылған. Тимуршылар командаларында 1943 жылы 40 мың пионер мен оқушы болған[5, 43 п.]. Оқушылардың көркемөнер ұйымдары құрылып госпитальдарда, әскери бөлімшелерде, колхоздар мен совхоздарда, фабрикаларда, зауыттарда үнемі концерттер беріп отырған. Қазақстан ЛКЖО комитетінің бастауымен өнерпаз оқушылардың аудандық, облыстық олимпиадалары өткізілген. *Соғыстың сұрапыл жылдарының ауыртпалығы мен қиыншылығына қарамастан халықты коммунистік рухта тәрбиелеу ісі жылдан жылға қарқынды дамытылған. «Халықтар достығы», «пролетарлық интернационализм» мен коммунистік партияға, кеңес халқына шексіз берілгендік рухта тәрбиеленген.* 1944 жылдың 21 маусымында БК(Б)П орталық комитетінің

мектептердегі оқу сапасын жақсарту бойынша шаралар туралы қаулысы қабылданады. Онда мынадай мәселелер қаралған:

1. Бастауыш жеті жылдық бітірген оқушылар міндетті бітіру емтиханын, ал орта мектепті тәмамдағандар кәмілеттік аттестат алу үшін емтихан тапсырады (1944/45 оқу жылынан бастап)

2. Орта мектептің оқу жоспарындағы барлық пәндерден «5» бағасын алғандар мен үздік тәртіп иелерін алтын медальмен марапаттау. Күміс медальдан үміткерлер үздік тәртібі, оқыланын пәндердің үшеуінен «4» бағасы болса да, аттестат алу үшін тапсыратын пәндердің барлығынан «5» бағасын алулары тиіс[6, 391 б.].

1945 жылы 30 мамырда КСР Одағы Халық Комиссарлар Кеңесінің «Орта мектепті бітірушілер үшін кәмілеттік аттестат үлгісі мен алтын және күміс медальдар туралы ережені бекіту туралы» қаулысы жарияланып, онда «алтын және күміс медальдарды» үздік оқығандар мен үлгілі тәртіп иелеріне беру ережесі жазылды. Сондай-ақ, «алтын, күміс медаль» алуға ән, сурет, сызу және әскери, дене шынықтыру сабақтары бағаларының төмендігі әсерін тигізбеген. Медаль алуға үміткерлерді мектептің педагогикалық кеңесі ұсынған. Медаль иелері КСР Одағының кез-келген жоғарғы оқу орындарына емтихан тапсырмай түсе алатын жеңілдікті иеленген[7, 180 б.]. 1945 жылы 30 мамырдағы КСР Одағының Халық Комиссарлар Кеңесінің жоғарыда аталған қаулысы 1959 жылы 27 тамыздағы КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен өз күшін жойған. 1946 жылы мемлекеттік бюджеттен халық ағарту ісіне 85,6 млн сом қаржы бөлінген[2, 138 б.]. 1946 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитеті «Қазақ орта мектептерін нағайту туралы» қаулыны қабылдап, оқу-материалдық негізінің нығаюына, оқу сапасын көтеруге қадамдар жасалған.

1946 жылы 13 тамызда КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен жеті жылдық және орта мектептердің У-УІІ сыныптарында сол уақытқа дейін өткізіліп келген әскери дайындық алынып тасталынып, ал дене шынықтыру сабағы 198 сағат көлемінде, әрбір сыныпта аптасына екі сағаттан жүргізілген. Сонымен қатар орта мектептің УІІІ-Х сыныптарында оқитын қыздарға әскери дайындық алынып тасталынып, көлемі 99 сағат, яғни әр сыныпқа аптасына 1 сағаттан өткізілетін дене шынықтыру дайындығы жүргізілген. 1946 жылдың 1 қыркүйегінен бастап орта мектептердің УІІІ-Х сыныптары үшін жаңа бағдарлама, яғни әскерге шақырылғанға дейінгі және дене шынықтыру дайындығының жаңа бағдарламасы енгізіліп, бұл бағдарламаны өту үшін әрбір сыныпта аптасына екі сағаттан, барлығы 198 сағат қарастырылады. Бұдан басқа ІХ сынып оқушылары үшін жазғы демалыс кезінде 20 күндік лагерь де ойластырылады (17 оқу күндері, яғни күніне 6 сағаттан, барлығы 102 сағат). РСФСР Ағарту министрлігінің келісімімен КСРО Қарулы Күштерінің министрлігіне УІІІ-Х сыныптарда оқитын жасөспірімдерге арнап (ер балалар) әскерге шақырылғанға дейінгі және дене шынықтыру дайындығының жаңа бағдарламасын әзірлеу тапсырылған. Сондай-ақ, 1946 жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық жеті жылдық мектептердегі әскери жетекшілер лауазымы қысқартылып, оларды дене шынықтыру дайындығының жетекшілерімен ауыстыру қолға алынады. Дене шынықтыру дайындығы жетекшілеріне әскери жетекшілер еңбек ақысы сақталынады.

1946 жылы 4 желтоқсанда БК(б)П Орталық Комитеті «Орта мектептерде логика мен психология сабақтарының берілуі туралы» қаулы қабылданған. Сол кезеңдегі деректерге қарағанда БК(б)П Орталық Комитеті «орта мектептерде логика мен психологияның оқытылмауы мүлдем дұрыс емес екендігін» баса жазған[2, 184 б.]. 1947 жылы КСРО Министрлер кеңесі «Қазақ КСР-інде орта және жоғарғы білім беруді дамыту туралы» қаулы қабылдап, жалпы орта, арнайы орта және жоғарғы білім берудің жедел дамуына, оларды қаржыландыруды жақсартуға көңіл бөлген. БК(б)П Орталық Комитеті 1947-1948 оқу жылынан бастап 4 жылдың ішінде орта мектептердің бітіретін сыныптарында психология мен логиканың оқытылуын енгізуді қажет деп мойындаған. Бұл заңды орындау бүкіл одақтас республикалардың Коммунистік партияларының Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесіне тапсырылған. Осы мәселе бойынша кадр дайындалып, 1950-1951 оқу жылында орта мектептерді толығымен логика және психология пәндерінің оқытушыларымен қамтамыз ету көзделеді. КСРО Ғылым академиясының Философия институты мен ОГИЗУ-ға 1947 жылдың 1 наурызына дейінгі уақытта логика пәні бойынша жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықты, ал 1947 жылдың 1 шілдесіне дейін орта мектеп оқушыларына арналған оқулықты жазып бітіру тапсырылған[2, 185 б.].

1946 жылы 31 желтоқсанда БК(б)П Орталық Комитеті «Мектептерді оқулықтармен жабдықтау туралы» қаулы қабылдап, нәтижесінде 1946 жылы 50 млн-нан аса мектеп оқулықтары шығарылған. Ал, 1945 жылы 18 млн оқулық шығарылған еді. 1946 жылғы шыққан оқулықтар бастауыш мектептің екі оқушысына бір оқулықтан келген, ал орта мектептің 3-4 оқушысына бір оқулықтан келген. Осы қаулының орындалуын тексеру нәтижесінде 1946 шығарылған оқулықтардың мектептерге толық жетпегендігі де жазылған. Кейбір аудандарда оқулықтар өте көп мөлшерде жеткізілсе, ал кейбір аудандарда оқулықтар мүлдем жетіспеген. Оның себебі, оқулықтарды тарататын сауда ұйымдарының дұрыс қызмет етпеуінен деп көрсетілген. Деректерге қарағанда шығарылған оқулықтар аудандарға дер кезінде жетпеген[2, 185 б.]. Оқулықтардың тапшылығы 1947 жылы да байқалған. Осы мәселеге қатысты КОГИЗ директорына қатаң сөгіс берілген. Сонымен қатар БЛКЖО Орталық комитетіне халыққа білім беру органдарына мектепті оқулықтармен дер кезінде қамтамасыз етуге көмегін тигізу ісі тапсырылған. Сондай-ақ бұл іске түрлі деңгейдегі партия ұйымдары тартылған. 1948 жылдың 13 желтоқсанында БК(б)П Орталық Комитеті «О мерах по устранению перегрузки школьников общественной и другой неучебной работой» атты қаулысы жарияланып, онда мектептерде оқушыларды қоғамдық және сабақтан тыс жұмыстардан шеттету туралы айтылды. БК(б)П Орталық Комитеті мектептерде оқушыларға қоғамдық және сабақтан тыс жұмыстармен артық жүктеменің артылғанын атап өтеді. Қарапайым педагогикалық талаптар орындалмай, қоғамдық жұмыс пен түрлі жаппай шаралар көптеген мектептерде жоспарсыз жүзеге асырылған. Кейбір аудандық комсомол ұйымдары сабақ уақытында оқушыларды комсомолға қабылдау үшін, жиналыстарға, семинарларға, репетицияға қатысуға шақыртқан. Сабақ уақытында спорт қоғамдары түрлі жарыстар өткізген. Оқушыларға қоғамдық және сабақтан тыс жұмыстар сабақ үлгерімінің төмендеуі мен демалуына кедергі келтіріп, балалардың денсаулығына әсер еткен.

1949-1950 жылдары Қазақстанда жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім беру ісіне өту жұмысы қарқынды дамыған. Қазақстанда жалпыға міндетті жеті жылдық білімге көшу жұмысы көп қиындықтарға кездеспеген. Себебі, аталған мәселеге 1931 жылдан бастап көңіл бөлініп, бастауыш және жеті жылдық мектептер жүйесін біртіндеп пропорционалды теңестіру ісі қолға алынған[1, 110 б.]. Олардың дамуы мен контингенттің ұлғаюында сабақтастық байқалады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Храпченков Г. Научно-педагогические вопросы народного образования в Казахстане. -Алматы: Мектеп, 1976. – 250 с.
2. Сембаев Ә. Қазақ совет мектебінің тарихы. -Алматы: Мектеп, 1967. -350 б.

3. Қазақ КСР халық шаруашылығы 25 жылда. Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1945. – 360 б.
4. Қазақ КСР Оқу Министрлігінің архиві, 28 тізім, 34 іс, 6 табақ.
5. ҚРОММ.-1692 қор. – 1 тізім.-85 іс. – 54 п.
6. Коммунистическая партия Советского Союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и Пленумов ЦК (1898-1988): В 15-ти т. / Ин-т Марксизма-Ленинизма при ЦК КПСС; Под общ. ред. А. Г. Егорова, К. М. Боголюбова. – Т. 8., М.: Политиздат, 1985. – 542 с.

Асель Бимыкова
(Астана, Казахстан)

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ

Қазақстанда суармалы егіншіліктің ежелгі ошақтары ертеден белгілі болып келген. Дегенмен, ХІХ ғасырдағы қазақ жеріндегі саяси реформалардың нәтижесінде біраз дүние өзгерді. Осы кезеңдегі қазақ қоғамының шаруашылық-мәдени әлеуеті ең алдымен табиғи-климаттық жағдайға байланысты дамыды. Қазақстанның экономикалық дамуы өзінің бірқалыпты еместігімен ерекшеленді. 1861 жылға дейінгі патшалық саясаттың заңнамаларында қазақтарды көшпелі қалпында қалдырып, егін шаруашылығымен айналысуына тыйым салыну керек делінді. Шекаралық комиссияның төрағасы генерал Ладыженский 1854 жылы Орынбор облысының генерал-губернаторынан қазақтардың құрылысына жол бергені үшін қатаң сөгіс алады. Орал, Ертіс, Тобыл, Есіл бойындағы жерлерді қолдануға тыйым салудың кесірінен қазақ шаруалары осы өзендердің бойында егін шаруашылығымен айналыса алмады. Қазақтардың егістік жерлері қоныс аударушыларға берілді. Ал қоныс аударушылар болса, суармалы жер шаруашылығының қырсырын білмегендіктен, ирригациялық жүйелерді құртып, аз мөлшерде ғана егін жинағандықтан, қазақтардан басқа жерлер де тартып алына бастады. Орыс билігінің үстемдігі дәстүрлі қазақ егін шаруашылығының бұзылуына әкеп соқты. Бұл жағдайлардың барлығы Қазақстанды Ресейдің астық өтімі мен арзан ет қорын алудың көзіне айналдырды [1, 207 б.].

ХІХ ғасырдың 70 жылдарына дейін егін шаруашылығы баяу дамыған еді. ХІХ ғасырдың аяғында қарқынды дами бастады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның экономикасы көптеген өзгерістерге ұшырады. Ресейдегі капитализмнің дамуы Қазақстанның біршама территориясын қамтып тауар-ақша қатынастарының дамуына әсер етті. [1, 208 б.].

1867-1868 жылдардағы реформа көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық өмірінің бүкіл қалпын өзгертіп, олардың қоғамдық құрылымындағы салт-дәстүрлері мен өзара қатынастары жүйесіне үлкен өзгерістер енгізді [2, 74 б.].

Патша шенеуніктері, отаршыл жоғары әкімшілік номадтың көп укладты жүйеге көшуге «жеңуге қиын ынтасын» көре отырып, экономиканың дербес саласы ретінде көшпелілердің егіншілікті таңдап алу мүмкіндігіне көп сене қоймады. Тіпті тамаша зерттеулердің авторы И.Завалишин де қазақтар «нанды өте аз жейді» деген негізбен ғана бұған нигилистік көзқарас білдірді [23].

Қазақстандағы материалды өндірістің негізгі түрі ХІХ ғасырдың соңғы онжылдығына дейін мал шаруашылығы болды. Отырықшы халықтардағы жер шаруашылығының маңызы сияқты көшпенділердегі мал шаруашылығы да басты тіршілік көзі болды. Көшпелі қазақ үшін өмір үлгісі, дәстүрі, барлығы да ылғи көшіп-қонумен тығыз байланысты болды.

ХІХ ғасырдың басына дейін жер шаруашылығы қазақтар үшін қосымша рөл атқарған еді. Дегенмен, Жетісуда, Қаратау аңғарларында, Шу, Талас, Сырдария өзендері маңайында, Орталық Қазақстанда ирригациялық жер өңдеу ошақтары бұрыннан болған [4, 13 б.].

Қазақ ғалымы Ыбырай Алтынсарин ХІХ ғасырдағы отырықшылану кезеңіндегі жер шаруашылығы жайлы «Об орошаемом земледелии в Тургайской области» деген мақаласында былай деген: «Торғай уезінде жердің топырағы саз балшықты, сортаңды. Қара топырақ жоқтың қасы. Ыстық әрі құрғақтық климатта жерді жақсылап күтпесең ешқандай өнім бермейді. Сол себепті де қазақтардың жырылған жерлері өзен-көлдердің айналасында. Өзендерден жер суаратын каналдар шығарылады. Жерді өңдеу 20 сәуірге таман басталады. Ал жерді суландыру мамыр айының аяғы немесе маусымның басында жүзеге асырыла бастайды. Қазақтар тек бидай мен тарыны ғана егеді. Бір ондық жерден шамамен тары-150 пұт, ал бидай – 300 пұтты құрайды.

Диқандар көбіне кедей қазақтардың арысдан шығады. Жағдайы келмегендіктен, көшіп-қона алмай, жаз бойы қыстаулар маңында қалады. Сәуір айының басынан бастап, қыркүйектің ортасына дейін, яғни төрт жарым ай бойы сүт өнімдерімен тамақтанады. Етті өте сирек қолданады. Ал тары мен бидай піскеннен кейін қыркүйектен бастап сәуірдің ортасына шейін қоректенеді. Осы уақыт аралығында диқандардың айтуы бойынша бір отбасына бес қап бидай жетеді (шамамен 25 пұт) және тарының он қабы(шамамен 50 пұт)» [5, 29 б.].

Ең алдымен бір нақты шындық жөнінде-қазақтардағы дәнді дақылдар егісінің бір адамға келетін мөлшері жөнінде, егіншілік «болмашы мөлшерде» болды және олардың өмірінде оның, айтар болсақ, отырықшы тұрғындардағы сияқты маңызы болған жоқ. Бұрынғысы сияқты, көшпелінің күнделікті тамақ рационында ет және сүт өнімдері басым жағдай алып отырды.

Қуаңшылықты дала кеңістіктері басым, шөбі шүйгін емес өңірлерге жатқызылған топырағы құнарсыз аудандарда егіншілік күткендегідей кең таралмады. Солай бола тұрса да, егістіктерді таяудағы өзендерден, көлдерден шығыр арқылы арыққа су шығару, тағы басқа су атпа машиналарды қолдану арқылы қарапайым суару жағдайында Ақмола облысының солтүстік уездерінде, Семей облысының оңтүстік-шығыс аудандарында қазақ егіншілігі (бидай, тары егу) тамаша нәтижелерге жетті.

Қазақтардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер тұрғындардың жалпы санындағы көшпелілер мен отырықшы халықтың үлес салмағының ара қатынасынан айқын көрінеді. 1897 жылғы санақ бойынша жалпы егіншілікпен айналысушылар мен төменде келтірілген далалық үш облыстағы мал шаруашылығымен айналысқандардың өзара үлесі Ресейдің екі уезімен салыстырғанда былайша болып шығады [6, 47 б.]:

Облыстар	Жалпы саны <i>мың есебімен</i>	Егіншілікпен айналысатындар	Мал шаруашылығымен айналысатындар
Торғай	441,4	11%	89%
Семей	606,9	20%	80%
Ақмола	596,2	32,2%	67,8%
Минусинск уезі	146,1	87,5%	12,5%
Алтай	1532,8	96,3 %	3,7%

Қоныс аударушылар деревнясында қолданылатын жердің бір бөлігі тыңға бос қалдыратын егіншілік үлгісі өте қарапайым болды. Мұнда негізінен алғанда топырақтың құрамы есепке алынды. Қара топырақты тың жер қатарынан 7-8 жыл өнім берді. Бастапқыда 5-6 жыл бидай, ал сонан соң 2 жыл арпа немесе сұлы себілді. Одан соң жер 2-3 жыл тынығуға қалдырылды. Ресей егістіктерінде сынақтан өткізілген бұл әдіс Қазақстан жерінің көпшілігінде мүлде залалды болып шықты. Топырақтың құнарлы жұқа қабаты түгелдей дерлік «жыртылып» бұзылды. Шаруаларды қоныстандыру проблемасын ұзақ уақыт зерттеген Ә.Бөкейханов Қазақстанның егіншілікті аймақтарын агрономиялық зерттеулердің материалдарын келтіріп, жерлерді шаруалардың үлестеріне үнемі кесіп беру қажеттігін туғызған себептерді ашып көрсетті. Ол бір кезде құнарлы болған жер он бір жыл пайдаланғаннан кейін мүлде тозып, оның топырақ құрамы дағдылы сортаңдарға айналу көрінісін көрсеткенін мысалға келтіреді. «Шаруалар жерге неліктен астық емес, қайта арашөп, шырмауық және т.б. басып кететінін түсінбей, жыл сайын жақсы өнім алу мақсатында асқан табандылық, қайсарлықпен жер жыртып, дән себеді. Ә.Бөкейхановтың мына сөздері әулиелік сияқты естіледі: «Қазақ даласында шаруашылыққа табиғи жағдайлардың қысымы орасан зор және адамның күш-жігерін жұмсайтын шектеулі өріс қалады. Мұнда табиғаттың дүлей күш үстемдігі жайлаған. Егер табиғатқа қарсы шықпай, қайта оған парасаттылықпен бейімделу керек болса, мұны шаруашылық нысанына көзқарас жөнінен қазақ даласында сақтау қажет...Қазақ даласының сан ғасыр тың жатқан жері тез жыртылуда, бұлай бола берсе, алғашқы кездерде гүлденген егіншілік құлдырап, тозаңы шыққан топырақтың астында қалады, онда тіпті ешқандай «азыққа жарарлық» өсімдік өспей, үлкен қатерге соқтырары анық» [7, 37 б.].

Тұтас алғанда ауыл қауымының әлеуметтік және мүліктік саралануын тереңдете түсуге капитализмнің кеңейіп дамуының объективті ықпал жасағанын атап көрсету керек. Бір жағынан, оны, «табиғи қорек көзіне» негізделген, тоқыраудағы мал шаруашылығы күйреуінің нәтижесі деп қарастырған жөн, ал екінші жағынан, жаппай отырықшылыққа көшу шаруашылықтың дәстүрлі нысаны – сан миллиондаған көшпелілер өмірінің мағынасын, ғұрыптарын, тіршілік ету қалпын бұрынғысынша айқындап келген және ХХ ғасырдың 20 жылдарына дейін жергілікті экономиканың алуан түрлі нысандарын жасаған мал шаруашылығын екінші қатарға ығыстырып тастай алмады. Қазақ өмірінде шаруашылық жүргізудің мына нысандары орын алды. 1. бірыңғай «таза» көшпелі мал шаруашылығы; 2. отырықшы шаруашылығы; 3. көшпелі, бірақ қысқа арнап шөп шабу және егіншілік кәсібімен ұштастырылған мал шаруашылығы; 4. егіншілікті мал шаруашылығы, шаруашылықтың бұл қосарлы түрінің біріншісі басым болды. 5. шөп шабатын, жартылай отырықшы мал шаруашылық нысаны [8, 67 б.].

Қазақстанға капиталистік қарым-қатынастардың енуі қазақ ауылының шаруашылық өміріне кептеген өзгерістер әкелді. Қазақстанда сауда қатынастарының дамып, ішкі рыноктың құрылуына жол ашылды. Өлке экономикасы жалпыресейлік шаруашылық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде дамыды.

XIX ғасырдағы қазақ халқының жер өңдеумен айналысқаны жайлы Радлов В.В. егжей-тегжейлі жазған. «Мал шаруашылығымен қоса қазақтар жер шаруашылығымен де айналысады. Алтай жұртшылығына қарағанда кеңінен таралған. Далалардан біз жер шаруашылығына жарамды жерлерді көреміз. Ол жерлерді қазақтардың өзі өңдеген. Жерді өңдеу және күтіп баптау ауылдың белгілі бір адамдары мен үй шаруашылығымен айналысатын бірнеше отбасыларға жүктелді. Ауқатты адамдар өңдеп күтуді білетін адамдарды жалдады. Диқаншылар жаз бойы далада жүріп, егінді қориды. Ал жақын маңдағы ауылдар керекті малмен қамтамасыз етеді. Оның үстіне оларға апта сайын азық жеткізіп отырады.

Егішліктің көп бөлігін қазақтар өздері игермеген, негізінде бұл топырақтардың құнарлығы ежелден келе жатыр, қазір қазақтар соны тиімді пайдалануда. Далалық өңірде жерді өңдеу өте қиын, құрғақшылық пен ыстық болғандықтан, жиі суаруды талап етеді. Сондықтан әр алаң су жеткілікті баратындай етіп етіп бөлінуі тиіс. Жер суару әр түрлі жағдайларға байланысты.

Қазақтардың ауылшаруашылық құралдары өте қарапайым. Соқа дөңгелек тіректен тұрады, оған таяқ байланған. Соқаға әдетте түйе, өгіз немесе атты жегеді. Кедей жандар топырақты кетпенмен қопсытады. Қазақтар жерді тереңдеп жыртып және тұқымды да біркелкі сеппейді. Өнімді кішкене орақ және пышықтардың көмегімен жинап алады. Бидайды тегіс жерге жайып, ұсақтайды.

Даланы өңдеу, күтіп-баптау жаз бойы тынбай еңбек етуді талап етеді, өзгелер сияқты көшіп-қона алмайтын болғандықтан, жер шаруашылығымен көбінесе жаз бойы малын ас-сумен қамтамасыз ете алатын ауқатты адамдар ғана айналысады.

Аягөз бен Қопал маңында мен мынадай дақылдарды кезіктірдім: бидай, бұршақ және тары. Солтүстік аймақтарда қара бидайды да көптеп өсіреді, оны қазақтар *көк найза* деп атайды. Ташкент түбінде мен қазақтарда күріш өсірумен айналысқанын көрдім. Бай адамдардың жер шаруашылығымен жүйелі түрде айналысқандығы жайлы Аягөзде Барақ сұлтаннан алған мәліметтерден көруге болады. Ол 17 қап бидай егуді тапсырғанын айтты. Өзінің жұмысшыларына жылына 5-10 сом төлейді екен. Дегенмен, оларды отбасыларымен жыл бойына тамақпен қамтамасыз етіп отырады.

Алынған бидайдың аздаған бөлігін ғана қолдан үгітеді. Себебі көптеген жерлерде қазақтардың өзіне тиесілі бидай үгітетін диірмендері бар. [9, 91 б.].

XIX ғасырдың ортасындағы қазақтардың дәстүрлі тіршілік қамындағы өзгерістердің материалдық мәдениетке тигізген ықпалы осылайша орасан зор болды. Мыңдаған жылдар бойы шаруашылық еткен тіршілік көзінің өзгеруі де, өзге халықтың тұрмысының өсері де қазақ халқына айтарлықтай өзгерістер әкелді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Артықбаев Ж.О. История Казахстана. – Костанай, «Центрально-Азиатское книжное издательство», 2007.
2. Артықбаев Ж.О. Казахское общество: традиции и инновации. – Караганды, «Полиграфия» баспасы, 1993
3. <http://massaget.kz/bilim/tarih/azastan-avtobiografiya/1593>

4. Район Южно-Сибирской железной дороги в экономическом отношении, – Санкт-Петербург: тип. т-ва А.С. Суворина "Новое время", 1913.
5. Букейхан А. Избранное-Алматы, 1995.
6. Айбын. Энциклопедия. Бас редакторы Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
7. Касымбаев Ж.К. Роль городов Восточного Казахстана в развитии торговых отношении в конце XIX века. – Алматы, 1976.
8. Радлов В.В. Тюркские степные кочевники. – Астана, Алтын кітап, 2007.
9. Касымбаев Ж.К. О торговых взаимосвязях городов северо-восточного Казахстана с русскими селениями и казахским аулом. – Уфа, (60-90 годы XIX века), 1984.

Научный руководитель:
кандидат исторических наук, Улан Умиткалиевич Умиткалиев.

Салтанат Ботбайбекова
(Астана, Қазақстан)

АШЫРШЫЛЫҚ ЗАРДАБЫН КӨРГЕН АТАЛАРЫМЫЗ

Қазақ халқында болған ашаршылық жайында айтар болсақ, 1921-1922 жж. мен 1930-33 жылдары болған. Бірінші ашаршылық Ресейдегі Азамат соғысы жылдары және де ауа райының қолайсыз жағдайынан жұт себеп болды десек. Екінші ашаршылық қолдан жасалды дей аламыз. Тарихта белгілі болғандай «Кіші қазан» төңкерісі болмады деп жасалған сталиндік-голощекиндік реформа салдары.

Ашаршылық – саяси-элеуметтік жүйелер мен табиғаттағы қолайсыз ахуалдар салдары болып табылатын элеуметтік апат. Оның ашық және жабық түрі бар. Біріншісі – мүлдем үнемсіз қалу да, екіншісі – үнемі шала құрсақ болып жүру. Екеуі де ауруға, індетке, өлімге әкеліп соқтырады. Ашаршылық жеке адамның не отбасының ашығуы емес, бүтін бір аймақтың, халықтардың, мемлекеттердің басына түсетін нәубет. Оның соңы адамдардың жаппай қырылуына алып келіп, халық санын күрт азайтып жібереді. Адамзат баласы өзінің ұзақ тарихында әр түрлі себептерден: қуаңшылықтан, жұттан, соғыстан, қолдан жасалған дағдарыстар мен күйзелістерден және геноцидтен соң күшті Ашаршылықтарға жиі ұшырап тұрған.

Біз Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Ұрбұлақ ауылында тұрамыз. Біздің ауыл Арыс өзенінің жағасында орналасқан. Біздің көрші атамыз сонау замандағы ашаршылықты көзбен көрген. Сол кісімен сіздерді жақын тансытырсақ.

Буданбаев Кәдір 1919 жыл 1 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы Ұрбұлақ ауылы, Рахимов көшесі № 45 үйде дүниеге келген. Ұлты қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы. Семей қаласы, Аягөз станциясы жол басқармасында оқыған. Шымкент қаласында ДЭУ-545 жұмыс істеді. Ашаршылық басталған кезде 12 жаста болды. Кәдір атамыздың сөзімен сол кездегі жағдайды байындаймыз.

Ашаршылық кезінде Ұрбұлақ ауылында тұрдық. Ұрбұлақ ауылында балалық шағым өтіп жатты. Ес білетін кез сол 7-9 жастамын. Бидай бітік шыққан. Баламыз ғой қарын тоқ қайғы жоқ өмір сүрдік. 12 – жасымда 1931 жылдар ау, ауылда ашаршылықтың белгілері пайда бола бастады. Ауылда жауынның жаумауынан бидай өспей қалды. Құрғақшылықтың кесірінен жер аударылмады. Шама келгенше жыртылған 4-5 гектар жерге егілген астықта оңды шықпады. Енді баламыз ғой үлкендердің айтуы бойынша тұрып жатқан ауыл маңы, обылысты түгел қамтыды деуші еді. Ауылда адамдар ашаршылық пен қатар безгек ауыруынан қайтыс бола бастады. Ол кезде дәрігер дегенді білмейміз. Адамдар ауырып қарны аш қайтыс бола берді ғой. Біздің отбасымызда ешкім қайтыс болмады. Анамыз Жұмағыздың арқасында аштықтан аман қалдық. Ал ауыл тұрғыны Жамбыл деген адамның бір түнде 6 баласы аштықтан қайтыс болды. Ауылда ашаршылық кезінде көптеген отбасы қырылып қалды. Ал менің отбасым мен туыстарымның арасында көп шығын болмады. Сұраншы деген ер кісі қайтыс болды. Көрші отырған Талқанбай деген көршіміз отбасымен, алты адам бір түнде аштық пен жайылған ауыру салдарынан қайтыс боды. Ауыл тұрғындары апарып көмуге шамасы келмей, үйдің дуалдарын құлатып көміп тастады.

Ешқандай дақыл бітпей қалды. Жабайы ноқат теріп күн көрдік. Қара сары тарының аштысын жуып анамыз көже немесе быламық жасап беретін. Тағы да үйде бір сиыр болатын сол сиырдың сүтін іштік. Сиыр отбасымыздың мүшесі секілді еді. Далаға байласаң ашыққан адамдар ұрлап кетеді, сондықтан өзімізбен бірге үйде жататын еді. Таудан терген рауаш, қозы-құйрық, жабайы түйені сүтке қосып ішетін едік. Қарнымыз қатты аш емес өлместің қамы еді. Колхоз бастығы Еркебаев Өлім деген кісі анама бала шағаны аштықтан өлтіріп аласың деддомға өткіз деді. Алайда анамыз балаларымды өткізбеймін өзім асыраймын деп алып қалды. Сол қарт анамыздың арқасында барлық бауырлар аман қалдық.

Бір біріне көмек беретін заман беді, жана айтқанымдай анамның арқасында аман қалдық. Өзімізде шамамыз келгенше анамызға көмек көрсеттік. Тау даладан дәнді дақылдар теріп келетінбіз. Колхоздың терілген бидайынан қалған масаққа түнде баратын едік. Басын қиып әтелеміз, анамыз қуырып сүтке салып беретін.

Ашаршылықтан кейін де ешқайда кетпедік сол Ұрбұлақ ауылында қазірге дейін өмір сүріп келеміз.

Ол кезде аштық пен жан қайғы болып жүргенде қарапайым халықта суретке түсіру деген болмады ғой. Ауыз екі айтылған әңгімелерден басқа ештеме жоқ. Сол кездің куәгері өзіміз ғана.

Ганна Ветрова
(Ізмаїл, Україна)

СОЦІАЛЬНИЙ СКЛАД НАСЕЛЕННЯ ПІВДЕННОЇ БЕССАРАБІЇ В ОСТАННІЙ ТРЕТИНІ XIX СТ.

Аналіз соціальних змін у пореформу мену добу дає підстави зробити висновок, що в цей період у межах традиційного поділу населення на феодальні стани відбувалося становлення нових верств суспільства, притаманних добі капіталізму. Модернізація соціальної структури населення спостерігалася на землях Південної Бессарабії, які входили до складу найбільших повітів Бессарабської губернії – Аккерманського та Ізмаїльського. Дослідженням регіону займаються сучасні українські науковці О. Бачинська [1], О. Лебеденко, А. Тичина [8], Л. Циганенко [10] тощо.

Однак, проблеми соціальної мобілізації досі не стали предметом окремого наукового дослідження, отже, у статті зроблено спробу проаналізувати соціальний склад населення краю в останній третині XIX ст.

У другій половині XIX ст. в Бессарабії відбулося значне зростання рівня народжуваності, підвищилася середня тривалість життя. В цей час з'явився термін «бессарабці», який характеризував специфічну поліетнічну спільність, що склалася на території краю. Населення краю зростало за рахунок вихідців з Лівобережної та Правобережної України, Центрально-Чорноземного регіону Росії [8, 94]. Збільшення чисельності населення в умовах слабкорозвиненої промисловості створювало аграрне перенаселення, яке змушувало селян мігрувати з сіл у міста, а також в інші губернії. Міграції сприяли створенню нових сіл та міст. До кінця XIX ст. питома вага городян в Бессарабії була вища, ніж по Росії в цілому, а населення краю подвоїлося, досягнувши майже двох мільйонів жителів [6, 146]. На початку XX ст. загальний приріст населення в Росії становив 17,6% на десятиріччя, а в Бессарабії – 19,9% [7, 71].

Російська імперія в пореформену добу залишалася аграрною країною переважно з селянським населенням, що відобразилося на соціальному складі Південної Бессарабії. Все населення краю поділялося на стани, кожен з яких володів певними привілеями або обмеженнями. Такий соціальний розподіл зберігався як пережиток феодалізму.

Соціальний склад населення Аккерманського та Ізмаїльського повітів
наприкінці XIX ст. [8, с. 97]

Повіти	Дворяни	Духовенство	Купці	Міщани	Селяни	Іноземні піддані	Інші верстви
Аккерманський	1423	1035	494	57 538	201 813	1079	186
Ізмаїльський	1525	1604	26	76 322	159 505	4040	1252
Усього	2948	2639	520	133 860	361 318	5119	1438

В той же час розвиток капіталізму сприяв формуванню двох нових соціальних груп – буржуазії та робітництва. Соціальний устрій краю, так само як і економіка, носив відбиток переходу від феодально-кріпосницьких порядків до капіталістичних.

Дворянство, яке залишалось привілейованим, політично пануючим станом, в пореформеній період розколося на дві верстви. Дворянство, що будувало своє господарство на капіталістичній основі, складало велику землевласницьку буржуазію, а поміщики, що ґрунтували його на відробітковій системі – прошарок дворян-напівкріпосників. Суб'єктивна неспроможність швидко переорієнтуватися, відмовитися від зручного, побудованого на даровій праці життя, в сукупності з об'єктивними труднощами, – все це мало своїм підсумком втрату дворянством на кінець XIX ст. великої кількості земель. Внаслідок продажу земель у Бессарабії у 1874-1897 рр. дворянське землеволодіння скоротилося на 120 347 дес. В Аккерманському повіті дворяни продали 38 631 дес. [10, с. 210]. Однак, ці дані ще не дають підстав для висновку про суцільний занепад стану. Якщо дворянство було найбільшим продавцем землі, то саме воно залишалося її покупцем. У 1887 р. в руках Бессарабських дворян знаходився 1 млн. з 1,8 млн. дес. всієї приватної землі губернії [10 с., 215].

Помітною у пореформену добу була соціально-економічна диференціація дворянства. В Бессарабії дворяни, які володіли ділянками землі площею до 20 дес. складали на початку XX ст. 13% всього дворянства, власники, які мали від 100 до 1000 дес. землі – близько 36%, від 1000 до 5000 – майже 50%. Великі землевласники часто займалися у своїх господарствах технічною обробкою сільськогосподарських продуктів – винокурінням, цукровим та тютюновим виробництвом, таким чином, стаючи джерелом поповнення нової верстви – буржуазії. Дворянство повільно, але неухильно розмивлося, його представники вступали до рядів підприємців, службовців, інтелігенції.

Найбільшою категорією міського населення були міщани – представники податного стану, який включав до себе різні групи міських жителів. Щоб потрапити до міщанського осередку необхідно було мати в місті нерухому власність, займатися торгівлею і ремеслом, нести податні обов'язки й виконувати міські громадські роботи. Позбавити прав міщанина міг тільки суд. За Жалуваною грамотою містам міщани одержали право корпоративного об'єднання і станового самоврядування. Вони були зобов'язані приписатися до певного міста, сплачувати подушну подать та внутрішні міські збори, нести рекрутську повинність [9, с. 22]. У 1865 р. міщани були звільнені від тілесних покарань, а у ході судової реформи були ліквідовані станові суди. Представники стану дістали доступ до державної служби з правом придбання особистого дворянства. За переписом 1897 р. міщани становили 22% усього населення Південної Бессарабії [8, с. 97]. В Аккермані вони складали 87% населення, в Ізмаїлі – 89%, в Кілії – 95%, в Рені – 85% [1, с. 250-251].

Близькими за своєю діяльністю до верстви міщан були купці. Купцям належала значна частина торговельно-промислових закладів та нерухомого майна. Торговельно-промислова діяльність купецтва знаходилася в полі постійної уваги держави, а турбота про розвиток вітчизняних промислів і торгівлі відносилася до числа найважливіших функцій державної влади.

В 1863 р. був введений новий гільдійський устрій. Заняття торгівлею і промислами стали доступними для представників усіх станів без запису в гільдію за умови сплати торгових і промислових свідоцтв, але без отримання станових гільдійських прав. Число купецьких гільдій скорочувалося до двох. При цьому до 1-ї гільдії була віднесена оптова торгівля, до 2-ї – роздрібна. Протягом XIX ст. чисельність купців у придунайських містах збільшилася. За кількістю цієї верстви Ізмаїл та Аккерман займали друге місце після Кишинєва [3, с. 47]. Купецький стан поповнювався за рахунок міщан, дворян та селян.

Реформа 1861 р., ліквідувавши монополію дворянського стану на землю, не створила рівності між різними категоріями селянства. Більшість селянського населення становили царани, які були юридично вільними, однак в економічному відношенні залежали від поміщика. Колишні державні селяни складали близько 10% населення Бессарабії. Розмір середнього наділу після проведення селянських реформ у цієї категорії селян становив 7,9 дес., а у царан – 2,9 дес. [8, с. 98]. Оброчна подать, яку сплачували колишні державні селяни, з 1 січня 1887 р. замінялася викупними платежами, які повинні були бути стягнені до 1 січня 1891 р. До кінця XIX ст. державні селяни злилися з основною масою царан [1, с. 233-234].

У пореформену добу відбувалося зростання площі селянського землеволодіння за рахунок купівлі земель, які належали дворянам. У 1877-1887 рр. частка приватного селянського землеволодіння зростає з 0,9 до 17,1%, а частка дворянського землеволодіння зменшилася з 72,7% до 56,5% [7, с. 78]. Обезземелення селян в краї було незначним у порівнянні з іншими регіонами України. Тут відрізки від селянської землі становили всього 4%, тоді як в деяких регіонах вони сягали 30 – 40%. В той же час на початку XX ст. безземельні селяни в Бессарабії становили 33% усього селянства, що стимулювало розвиток оренди землі [4, с. 111]. Близько 10% селянських дворів орендували землю навіть під будинки та господарські будівлі [5, с. 483].

Розвиток капіталістичного виробництва прискорював процес соціальної диференціації селянства. Наприкінці XIX ст. селянство розшаровувалося на сільську буржуазію, яка забезпечувала ринок великою частиною товарного хліба, і сільську бідноту, яка була джерелом формування робітництва.

Ліквідація феодально-кріпосницької системи сприяла розвитку фабрично-заводської промисловості та торгівлі. Модернізаційні процеси супроводжувалися збільшенням нової верстви суспільства, зайнятої підприємницькою діяльністю, – торговельної, промислової та сільської буржуазії. Основним джерелом формування буржуазії були купці, чисельність яких в Бессарабії з 1880 р. до початку XX ст. зросла з 4,8 до 12 тис. чол. Ряди буржуазії поповнювалися вихідцями з дворянства, міщанства та селянства.

В Бессарабії торговельна буржуазія домінувала над промисловою. В 1879 р. в губернії було видано 17,3 тис. торгових свідоцтв, а в 1894 р. – 22,3 тис., що свідчило про зростання чисельності верстви. У 1889 р. в краї було 1436 торговельних гільдійських підприємств з річним обігом капіталу 34,1 млн. крб., а промислових – усього 66 з капіталом 1,3 млн. крб. [4, с. 132-133].

Накопичені торговельною буржуазією та лихварями капітали використовувалися в промисловості. Поміщики та купці володіли більшістю великих млинів Бессарабії, були власниками лісопилен, майстерень та заводів з виготовлення сільськогосподарських знарядь праці, рибних промислів, шкіряних, суконних та свічних майстерень. Уряд сприяв підприємницькій діяльності дворян – власників винокурень та фруктових-горілчанних заводів.

Майнове розшарування селянства та розвиток капіталістичних відносин у господарствах поміщиків сприяли формуванню сільськогосподарської буржуазії. Прикладом нового дворянина-буржуа може слугувати Л. Белікович у маєтку якого функціонувало велике й досить прибуткове землеробське й тваринницьке господарство. Після зернової кризи 80-х рр. він заставив в банку свої земельні угіддя й, отримавши позику в 75 тис. крб., вклав гроші в будівництво соледобувного підприємства. Л. Белікович став видобувати 450 тис. пудів солі на рік, перетворившись на одного з найбільших солепромисловців Росії [10, с. 269]. При цьому він мав ділянку землі в Ізмаїльському повіті, яку використовував для скотарства та землеробства, що приносили йому прибуток на суму 82 тис. крб. [4, с. 171]. Дворянин А.С. Вишневецький був власником маєтку в Ізмаїльському повіті. У 1896 р. він отримував прибутки від рільництва, скотарства, сінокосів, оренди землі, експлуатації млина та молотильні, від городів та садів на суму 97 тис. крб. [4, с. 144]. Формувалася і селянська аграрна буржуазія. Кількість землі в руках селян-власників збільшилася у 1870-1890 рр. з 83 до 313 тис. дес. [4, с. 170-171].

В Ізмаїльському та Аккерманському повітах вагомими капіталами мали купці брати Родіонові та міщанин Давидов в Болграді, поміщик Феміліді, міщани брати Денісові та Грінштейн в Аккермані, купець Баєв в Ізмаїлі, купець Полянський в Рені, міщани брати Єршови у Вилково, Вайнберг, Шпакович, Титоров, Алксеєнко, іноземні піддані С. Бенькович в Ізмаїльському повіті, П. Дімітріу та Р. Чапирі в Болграді тощо [2; 4].

Внаслідок розвитку капіталістичної промисловості, транспорту, сільського господарства в 90-х рр. XIX ст. – на початку XX ст. в Бессарабії формувалося робітництво. Основним джерелом поповнення цієї верстви було селянство. Безземельні селяни втрачали зв'язок із селом і перетворювались на постійних промислових робітників, а малоземельні змушені були найматися на сезонні або строкові роботи у промисловості й сільському господарстві. Значним джерелом формування робітництва були ремісники, що зuboжили в умовах розгортання фабричного виробництва.

Наймани робітники працювали на мукомельнях фабрично-заводського типу. У 1900 р. в Ізмаїльському та Аккерманському повітах діяло 93 млина з 496 робітниками. У винокурній, фруктових-горілчаній та цукровій галузях промисловості наприкінці XIX ст. було зайнято близько 1 100 чоловік. У деревообробній промисловості працювало 500 робітників, серед яких 200 – у Рені, 41 – в Ізмаїлі, 22 – в Аккермані. На заводах з виготовлення та ремонту сільськогосподарських знарядь працювало 440 робітників, з них – 140 на заводі в Аккерманському повіті, 7 – в Ізмаїлі. У 1890 р. в Аккермані діяло 5 салотопень із 14 найманими робітниками. Маслоробні функціонували в Ізмаїльському та Аккерманському повітах, в Рені та Кілії. З 305 маслоробень із 637 робітниками, більше половини діяло в Аккерманському та Хотинському повітах. Робітники працювали також на рибних та соляних промислах, на залізницях та водному транспорті, на будівництві. В цілому, в 1900 р. в Бессарабії нараховувалося близько 25 тис. найманих робітників [4, с. 181-188].

Процес формування постійних кваліфікованих кадрів промислового робітництва відбувався за рахунок прийшлих робітників з багатьох губерній України, Росії та Білорусі. Частина робітників складала іноземці – вихідці з Австро-Угорщини, Туреччини, Греції. Відсоток прийшлих робітників у великих закладах становив 50-70% усіх працівників, що було вище, ніж в Росії.

У пореформену добу формувалось також сільськогосподарське робітництво. Внаслідок малоземелля, високих орендних та купівельних цін на землю, податкового тягаря селяни були змушені вдаватися до продажу своєї робочої сили, аби забезпечити свої родини засобами для існування. Важливими джерелами формування прошарку було бідне місцеве селянство, а також прийшли робітники з українських та російських центральних чорноземних губерній. Розвиток капіталістичного зернового виробництва в умовах нестачі робочих рук посилював залежність землеробських господарств від праці прийшлих робітників. В Аккерманському та Ізмаїльському повітах щорічно не вистачало 200-300 працівників для сільськогосподарських робіт. Найбільшими робітничими ринками були Аккерман та Тарутине.

У південних повітах перевага віддавалася поденним та тимчасовим робітникам, що було пов'язано з переважанням рільництва над тваринництвом та різким коливання врожайності внаслідок нестабільності клімату. Наприкінці XIX ст. вже сформувалися постійні кадри сільськогосподарського робітництва, для яких наймана праця була основним джерелом заробітку. Для умов праці робітників було характерне неякісне харчування, відсутність медичної допомоги та задовільного житла, однак, конкуренція на ринках праці змушувала робітників найматися на запропонованих умовах [4, с. 189, 201].

Отже, соціальна структура населення краю зазнала помітних змін у ході капіталістичних перетворень пореформеної доби. У надрах традиційного станового розподілу відбувалося формування основних верств індустріального суспільства – буржуазії та робітництва. Джерелом поповнювання буржуазії були поміщики і купці, але поступово до підприємницької діяльності залучалося міщанство та заможне селянство. Робітництво формувалося за рахунок малоземельних селян та збіднілих ремісників.

Перспективи подальшого дослідження даної проблематики пов'язані з визначенням особливостей соціальних змін у складі населення регіону в XX с.

Література:

1. Бачинська О.А. Українське населення придунайських земель XVIII – початок XX ст. (Заселення і економічне освоєння): [монографія] / Олена Анатоліївна Бачинська. – Одеса: Астропринт, 2002. – 328 с.
2. Вся Россия. Русская книга промышленности, торговли, сельского хозяйства и администрации // Адрес-календарь Российской империи. – М.: Издание А.В. Суворина. – 1902 г.
3. Жуков В.И. Города Бессарабии (1861 – 1900). Очерки социально-экономического развития / Виктор Ильич Жуков. – Кишинев: Штиинца, 1975. – 290 с.
4. Жуков В.И. Формирование и развитие буржуазии и пролетариата Бессарабии (1812 – 1900) / Виктор Ильич Жуков; [ответств. редактор М.П. Мунтян]. – Кишинев: Штиинца, 1982. – 215 с.
5. История Молдавии / [под ред. А.Д. Удальцова]. – Кишинев: Шкоола Советика, 1951. – 654 с.
6. История Республики Молдова. С древнейших времен до наших дней / [ред. кол. В.Е. Андрущак, П.А. Бойко и др.] – Ch.: «Elan-Poligraf», 2002. – 360 с. – (Асоциация ученых Молдовы им. Н. Милеску-Спэтару)
7. Лашков Н. Бессарабия. К столетию присоединения к России. 1812 – 1912: [географический и историко-статистический обзор состояния края] / Николай Машков. – Кишинев, 1912. – 231 с.
8. Лебеденко О.М. Українське Подунав'я: минуле та сучасне: [навчальний посібник] / О.М. Лебеденко, А.К. Тичина. – Одеса: Астропринт, 2002. – 208 с.
9. Останина Л.В. Мещанство Западной Сибири в конце XVIII – 60-х гг. XIX в.: автореф. дисс. на получение научн. степени. канд. ист. наук – М., 1996. – 22 с.
10. Циганенко Л.Ф. Дворянство Півдня України (друга половина XVIII ст. – 1917 р.): [монографія] / Лілія Федорівна Циганенко. – Ізмаїл: СМІЛ, 2009. – 384 с.

Андрей Гавриков
(Гомель, Беларусь)

УСЛОВИЯ И ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОГО ИДЕЙНОГО ТЕЧЕНИЯ В РОССИИ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ (1901-1902гг.)

В конце XIX – начале XX вв. Российская империя переживала кризис социально-политического строя. Наряду с противниками абсолютной монархии (либералами, социалистами и др. противниками неограниченной монархии) активизируют свою деятельность и ее сторонники – «правомонархисты».

«Правыми» их считали потому, что в европейских парламентах их места находились по правую сторону от председателя. Впоследствии, они займут правые места в Государственной Думе [1, с. 29].

Правое течение подразделяется на несколько ответвлений (условно современные исследователи общественно-политического развития России выделяют в период 1900-1917 гг. от 112 до 136 организаций правого толка). «Правые» рассматривали Российское общество, как традиционное. Либералы и революционеры (под последними понимались организации и партии, которые используя нелегальные методы политической борьбы, стремились свергнуть абсолютную монархию) своими идеями и действиями хотят изменить общественный строй [1, с. 30].

Исследователи А.В. Репников, И.В. Омелянчук в своих работах отметили, что первые правомонархические союзы и объединение носили элитарный характер. Ими было справедливо замечено, что эти организации на начальном этапе своей деятельности носили не политический характер, а культурно-просветительский. С самого начала своего появления «правые» организации в высших политических кругах получили поддержку некоторых государственных деятелей. Министр внутренних дел В.К. Плеве (активный сторонник и покровитель «правых») утверждал, что к противникам самодержавия необходимо отнести все революционные партии и ряд организаций инородцев (под термином понималось все не православное население).

Самыми опасными, по мнению правомонархистов, были еврейские партии. Большинство монархистов считало, что они захлестнули террором всю Россию, будоража общественность.

Другим противоборствующим лагерем правомонархистов, с которым им необходимо было вести в условиях самодержавия борьбу, были либералы. К концу XIX в. – началу XX в. либералы все большую роль играли в государстве. Это выражалось в том, что они все чаще занимали важные государственные посты. Усиливали свои позиции в обществе лидеры либералов С.Ю. Витте, П.Б. Струве [2, с. 122].

Л.А. Тихомиров в своих воспоминаниях писал «идеи запада (он имеет в виду США, Францию и Англию) в общем, для России неприемлемы. У России свой самобытный путь развития, который должен дать возможность русскому человеку обрести законность и порядок. Они пытаются внедрить парламент, конституцию, что совсем неприемлемо для нашего государства, в котором закон, вера в царя, наша чистая непоколебимая вера в Бога – являются основой русской народности» [3]. Таким образом, правомонархисты начинали свою деятельность в сложной для себя обстановке. Это усугублялось еще тем, что они не были легализованы до 1902 г.

Официально первой правомонархической организацией (свои первые объединения правомонархисты будут называть Соборы) был «Русский Собор».

Партии правомонархисты отрицали. Обер-прокурор Святейшего Синода К.П. Победоносцев писал в своем дневнике «партия выражает интерес только части народа, мы же выражаем интерес всей России» [4, с. 193].

Первые Соборы не были многочисленными. Русский историк Д.Д. Богоявленский отметил, «к 1898 г. правых организаций было около десятка, а количество их членов было не велико. Соборы редко достигали несколько сот человек. Чаще всего они состояли из двух или трех сотен человек» [1, с. 19].

Американский исследователь У.З. Лакер писал: «основным социальным компонентом «правых» были уголовные элементы или лица, приближенные по своему социальному статусу и репутацией к ним. Для доказательства он приводит протоколы жандармерии о задержании деятелей Соборов, их допросов и следствий (дела носили обвинительный характер по антисемитизму, избивание цыган, избивание на национальной и религиозной почве, нелегальные сходы и др.)» [5].

Г.Г. Замысловский, будучи современником событий, которые дали толчок к формированию правомонархической организации (убийство императора 1882г, антиправительственные выступления 1890-1900 гг, экономический и политический кризис) говорит о том, что «часть патриотически настроенной интеллигенции и дворян объединились для защиты матушки Руси». Историк Д.Д. Богоявленский пишет: «Раскол в обществе в России

произошел в XIX в, когда общество разделилось на славянофилов и западников. В XX в. этот антагонизм еще более усилился с появлением неославянофилов и западников в виде либералов». Что же касается того, что правомонархисты не ориентировались на рабочих, то это мнение ошибочное. В 1912-1913 гг. в России насчитывалось 440 тысяч правомонархистов (черносотенцев). Среди них по данным партийных списков была следующая социальная база: помещики, представители духовенства, крупной и мелкой городской буржуазии, купцы, крестьяне, рабочие, мещане, ремесленники, полицейские чины. Рабочие составляли более половины, в то время, как социалистические партии и их деятели в эмиграции не достигали и 300 тысяч [6, с. 334].

До 1901 г., а некоторые до 1902 г. правомонархические организации находились на нелегальном положении. Лишь к 1901 г. начали появляться еще не политические, а литературно-художественные организации (общество любителей русской живописи, общество любителей русского театра, общество любителей русской литературы и т. д.).

Император Николай Александрович рассматривался монархистами, как слабый политик. Об этом пишет в своем письме С.Д. Шереметьеву К.П. Победоносцев. Он пишет: «такой великой и сильной стране, как Россия, достался такой слабый царь, как Николай, его черты характера: мягкость, манипулируемость другими лицами, слабость решения политических дел, уступчивость – могли бы сделать его хорошим семьянином, но сделали слабым императором» [7, с. 339].

Первые правомонархические партии столкнулись с противостоянием не только внешним (политическими оппонентами), но и внутренним. Одни под давлением правительства отошли от политической жизни и продолжили свою культурно-просветительскую деятельность, другие же, наоборот, активизировались и начали объединяться в более радикальные «Русские Соборы».

К 1901 г. положение «правых» в России несколько упрочилось. Это было связано с тем, что правомонархисты нашли для себя хорошую опору в лице русских предпринимателей. К 1900 г. Россию поразил сильный экономический кризис (хлебный кризис), значительно ухудшив положение предпринимателей. Это усугублялось тем, что страну заполнили иностранные капиталисты, с которыми средним и мелким русским предпринимателям порою было невозможно конкурировать [2, с. 339].

Предпринимателей русского происхождения (в том числе православных белорусов, украинцев, которые имели такие же права, как русские) тревожил тот факт, что большой элемент в предпринимательстве Российской империи занимали инородцы. Активно этим вопросом занимался экономист С.Ф. Шарапов. Он издал книгу «Бумажный рубль», в которой критиковал либеральную политику в отношении экономики государства. Он предложил проводить политику патернализма и меркантилизма [8, с. 401], но правительство, понимая утопичность этого предложения, отказалась от него. «Правые» понимали, что могут получить хорошего союзника не только в лице русского предпринимателя. Они активизировали агитацию среди русского дворянства, помещиков, духовенства, чиновников, рабочих. Стоит уделить особое внимание влиянию правомонархических идей на духовенство. К началу XX в. русское общество в основной своей массе было религиозным. Правомонархисты понимали, что необходимо привлекать на свою сторону рабочих и крестьян (один из рычагов по привлечению они видели в духовенстве). Черносотенцы принимали участие во многих церковных празднествах, организовывали паломничество к русским святыням, помогали церквям. Контакты с церковью были налажены очень сильные. К.П. Победоносцев – обер-прокурор Святейшего Синода – был активным участником Русских Соборов [9, с. 223].

В 1901 г. была выдвинута забытая теория С.С. Уварова: «Православная вера, народность, самодержавие» (официальный девиз Союза Русского Народа).

Исследования показывают, что позиции правомонархистов значительно усилились. Это было связано, прежде всего, с тем, что правомонархисты получают поддержку со стороны правительства.

Указом от 2 июня 1901 г. Николай II подписал циркуляр, в котором официально разрешалась деятельность «Русских Соборов». Это стало значительным этапом в формировании правомонархического лагеря. Создавались благоприятные условия для легальной политической деятельности. Активная политическая деятельность увеличила число сторонников «правых». Создавались отделения «Русских Соборов» во всех крупных городах России (в том числе Минске, Киеве, Одессе и т.д.). Историк А.В. Репников отмечал, что правомонархистам не хватало организованности. Многие национальные, социалистические, либеральные объединения уже создали свои партии, что значительно усиливало их возможности влиять на политику, экономику страны.

У правомонархического лагеря не было единой партии. Политические разногласия в самом правомонархическом движении не давали возможности значительно влиять на политическую жизнь страны [10, с. 243].

К 1901 г. радикальная часть «Русского Собрания» во главе с политиком М.О. Меньшиковым начали выдвигать идею национальной политики по устройству русских в Российской империи. Они выдвигали идеи крайнего национализма и антисемитизма, – в противоположность прежним, в основном религиозным его разновидностям. Он считал расовую проблему – важнейшей для России того времени. Его политика для многонациональной империи была неприемлема, т. к. могла бы привести к гибели империи.

Весьма заметное влияние получает «Русское Собрание», основанное в 1900 г. из-за активным политическим лидером А.И. Дубровиным. Сам царь благословил «Русское Собрание», с программой которого его ознакомил великий князь Николай Николаевич. Царь пришел к выводу, что оба течения международного еврейства – еврейский капитализм и еврейский социализм (союз Маркса и Ротшильда) – готовят свержение его режима. Он был уверен, что эту компанию организует «Альянс». Его прямая цель – ввести всеобщее, равное, прямое избирательное право при тайном голосовании. Это неизбежно приведет к революции [4, с. 156].

К 1901 г. правомонархистам начинают все больше противостоять социалисты. В условиях усиления влияния рабочих, как класса, начинает усиливаться и борьба за его поддержку. Правомонархисты, как и социалисты начинают агитацию среди рабочих. По архивным данным влияние правомонархистов среди рабочих не было столь велико. В Москве и Петербурге самых крупных городах России рабочих в «Русских Соборах» было менее 10 тыс человек. Для того чтобы увеличить свое влияние среди рабочих – «правые»: усилили агитацию, делали мелкие выплаты (только православным), с помощью государства уменьшали некоторые налоги. Однако, проведенные меры значительно не увеличили ряды «правых», но их влияние усилилось на работников жандармерии и армию. Последнее имело очень важное значение, т.к. агитация в армии была запрещена из-за распространения социализма. Правомонархистам агитация в армии не запрещалась. Они проводили ее не от лица политической партии, а от лица общественно-культурного объединения. [10, с. 269].

По-прежнему тяжелыми были позиции правомонархистов на периферии государства и на национальных окраинах. Историк-социолог В.М. Острецов отмечает, что слабее были позиции правомонархистов в Польше (с 1867 г. Привислинском крае), в Западной части Севера-Западного края, Малороссии, на Кавказе и Сибири. В этих регионах численность правомонархистов по исследованиям была в период 1900-1905 гг. меньше чем в восточных регионах империи.

Литература:

1. Богоявленский, Д.Д. Проблема лидерства в Союзе русского народа: моногр. / Д.Д. Богоявленский. – М.: Изд-во МГОУ, 2012. – 242 с.
2. Россия будущего / Сост., предисл., примеч., именной словарь А.Д. Каплина / Отв. ред. О. А. Платонов. – М.: Изд-во Институт русской цивилизации, 2011. – 720 с.
3. Дневник Тихомирова за 1900-1905 г. [Электронный ресурс] Режим Доступа <http://www.hrono.ru/proekty/metafizik/fk106.php>. Дата доступа 14.01.2014 г.
4. Победоносцев, К.П. и его корреспонденты. Письма и записки. Институт истории академии наук СССР архивное управление при совете министров СССР. Документы черносотенцев. Т. 1. М. – Пг., 1923. – 508 с.
5. Лакер, У.З., Черная Сотня происхождение русского фашизма. [Электронный ресурс] моногр. / У.З. Лакер. Переизд – М.: Изд-во Нью-Йорк 2013 г.
6. Кирьянов Ю.И. Правые партии в России. Курск: моногр. Ю.И. Кирьянов / – М.: Изд-во «Белта». 2011. – 313 с.
7. Документы. Политические партии и объединения Российской империи 1900-1917 г. Составление и комментарии А. Каплина и А. Степанова; Отв. ред. О. Платонов. – М.: Институт русской цивилизации, 2008. – 811 с.
8. Шарапов, С.Ф. Избранное /С.Ф.Шарапов; [сост., автор А.В.Репников]. – М.:РОССПЭН, 2010. – 744 с.
9. Черная Сотня. Историческая энциклопедия 1900-1917. Сост. А.Д. Степанов, А.И. Иванов. Отв. ред. О.А. Платонов. – М.:Институт русской цивилизации, 2008. – 640 с.
10. Репников, А.В. Консервативные представления о переустройстве России (конец XIX – начало XX веков): моногр. / А.В. Репников – М.: Изд-во Хронос, 2006 – 434 с.

Научный руководитель:

старший преподаватель Бровкин Евгений Александрович.

Улугбек Ганиев
(Гулистан, Узбекистан)

ЎЗБЕКИСТОН АРХЕОЛОГИЯСИНИНГ РИВОЖЛАНИШИДА ЯХЁ ҒУЛОМОВНИНГ ТУТГАН ЎРНИ

Ўзбекистон Республикаси мустақилликка эришган дастлабки кунларданок ўзбек халқининг миллий бирлиги, ўзлигини англаш йўлида маънавий – маданий меросини асраш ва уни келажак авлодга етказиш маъсулиятини шу юртда яшаб ижод қилиб келаётган фан олимлари ўз зиммаларига олишди. Бугунги кунда фанимизнинг турли жаҳаларида салмоқли ишлар амалга оширилмоқда. Айниқса археология фани соҳасидаги қилинган ва қилинаётган ишларни назарда тутадиган бўлсак, ўтмиш тарихимизнинг бетакрор дурдоналарини излаб топиш ва қайта ўрганиш натижасида юртимизнинг узоқ ўтмиш тарихининг кўплаб осори атиқаларга эга эканлигини англаб етишимизга мазкур фанининг ўзига хос улуши борлигини эътироф этишимиз лозим.

Ҳақиқатдан ҳам президентимиз И. А. Каримов таъкидлаганларидек: “Қадимий Ўзбекистон заминини кўп асрлар давомида фан ва маърифат ўчоғи, жaxon цивилизацияси марказларидан бири бўлиб келган. Илму-маърифатга интилиб яшаш эса халқимиз менталитетининг ажралмас қисмига айланиб кетган”.[1] – деб айтган фикрларини исботи сифатида ўзбек халқининг суюкли фарзанди академик Яхё Ғуломович Ғуломовни мисол қилиб келтиришимиз мумкин. Яхё Ғуломович Ғуломов истеъдодли тадқиқотчи ва илм-фан ташкилотчиси, ўз ишининг ташаббускори сифатида 40 йилдан ортиқ вақт мобайнидаги меҳнат ва илмий фаолияти давомида тарихий билимларнинг турли соҳаларида – археология, этнография, шарқшунослик, тарихшунослик, қадимги меъморчилик, тарихий география, суғориш тарихи ва хоказоларда қомусий билимларини тўплаган ва уларни ҳамкасблари, шогирдлари, кенг халқ оммаси орасида оммалаштирган. Кишилиқ жамияти кўҳна маданиятининг йирик мутахассиси, академик Б. Пиотровский Яхё Ғуломов ҳақида: “Яхё Ғуломович Ғуломовнинг номи Ўзбекистон тарихи ва археологиясини йирик мутахассиси сифатида мамлакатимизда ва чет элларда маълум ва машҳурдир. Унинг Ўрта Осиё хўжалиги ҳаётининг негизи бўлмиш ирригация тарихини ўрганиш соҳасида олиб борган кўп йиллик, қомусий тадқиқотлари фанда мисли кўрилмаган ютуқ хисобланади”, – деб тўла эътироф билан айтган сўзлари олимнинг илмий фаолиятига берилган катта баҳо эди.[2. С.5]

Академик Яхё Ғуломов бутун умри ва илмий фаолияти давомида ўзбек халқининг моддий ва маънавий маданиятига оид манбаларни ўрганиб, уларни халқ мулкига айлантирди, бундай нодир осори – антиқаларни асраш ва келажак авлод учун сақлаб қолиш ишларига раҳбарлик қилди. Мамлакатимиз Президенти И. А. Каримов Самарқанд шаҳрининг 2750 йиллик юбилейида сўзлаган нутқида олим ҳақида шундай дейди: “тарихчилар яхши билади, одатда тепаликлар қаърида тарихий обидалар, бутун бир шаҳар қолдиқлари ястанган бўлади. Шўро даврида, фақат томлардагина пахта экилмай қолган бир пайтда ана шундай қадимий тепаликларни ҳам текислаб, пахта даласига айлантиришдек бемаъни сиёсат авж олган эди. Бундай номаъқул ишга жасур олим Яхё Ғуломов қарши чиққани мен яхши эсламан”.

Академик Яхё Ғуломовнинг дастлабки илмий тадқиқотлари орасида Уструшона ўлкаси худудида олиб борган бир қанча археологик тадқиқотлари маълум ахамиятга эга. Жумладан, 1956 йил кузидаги археологик маршрутнинг асосий мақсадларидан бири Жиззах воҳасининг бир неча қадимги ёдгорликларини ўрганиш бўлган. Жиззах воҳаси маданий худуд сифатида қадимги Уструшона билан Сўғдини ўртасидаги асосий иқтисодий ва стратегик узел бўлиб, Нурота тизмаси Зарафшон воҳаси маданий худудини шимолдан бузиб бўлмас чегараси хисобланган[3. С.92]. Шимол томондан жанубий Қозоғистон билан Жиззах воҳасини Нурота тоғ тизмасининг шарқий шохи ажратиб туради. Ушбу тизманинг ғарбий қисмида Қулпи-Сар қабристонини жойлашган. Қабристон маҳаллий аҳоли тилида Қилли сой дея аталадиган сой қирғоғида жойлашган. Қулпи-Сар қабристонини тадқиқ этиш жараёнида олим бу ёдгорликни IX-X асрларда Ўтрор ва Нурота йўли бўйлаб ҳар 30 км оралиқда работлар қурилганлиги ва айни шу тизимдаги работлардан бири эканлигини аниқлайди. Қулпи-Сар работидан жануброқда сағана шаклидаги узунлиги 18 м бўлган қабр

жойлашганлигини ва ушбу қабрга ўхшаш бўлган қабр сағаналар Афросиёб ёдгорлиги ўрнидаги Хўжа-Дониёл, Нуротадаги Мозор-Қишлоқ ва Шохимардондаги Дехи-баландда ҳам борлигини қайд этади. Сағанадан 100-120 м шарқда қабристон билан ораликда Ўрта Осиё худудида илк маротаба учраган дольмен аниқланади. Худди шундай кўринишдаги дольмен Фарбий Европа худудларида учраганлигини айтиб ўтади. Дольмен ислом динига қадар 2000 йил олдин, бронза даврига оид дафн удумларидан эканлигини аниқлайди.

1956 йилги Мохондарё экспедициясидан қайтиш чоғида олим Жиззах шахридан 18 км жануброқда жойлашган Такалисой қоя тош суратларини ҳам ўрганиб бу худудда инсонлар тош даврдан бошлаб яшаб келаётганликларини аниқлайди. 1957 йилги Уструшона худудида олиб борилган мухим тадқиқотлардан яна бири Жиззах вилоятидаги Хайробод қишлоғи худудидаги қадимий мудофаа иншооти Канпирдевол қолдиқларини ўрганиш бўлди. Бу девор қолдиқларини 1957 йилда археолог А.Р. Мухаммадзонов чуқурроқ ўрганиб чиқади. Текширишлар натижасида ушбу деворнинг Сийпанчиқ тепа худудидан бошланиб то Работ қишлоғидаги Қўрғонтепа тепалигига қадар 20 км масофадаги қолдиқлари яхши сақланиб қолганлиги аниқланди [4. 52 б].

Яхё Ғуломов бир қанча археологик қидирув экспедицияларига раҳбарлик қилди. Неолит даврига оид Дарвозақир жойи ва Замонбобо қабристонини очилиши, Зарафшон ва Қашқадарё хавзаларида жойлашган тош даври ёдгорликларини ўрганилиши, Жиззах воҳасининг шимолий-ғарбий сархадларидан маъжусийларнинг тош қурбонгоҳини (долмень) топилиши, Тошкент воҳасидаги Оби – Раҳмат, Фарғонадан палеолит, мезолит, неолит даври ёдгорликларини қайд этилиши, машҳур Қува Будда ибодатхонасини очилиши каби мухим кашфиётларни барчаси Яхё Ғуломов номи билан боғлиқ. Бу даврда академик Яхё Ғуломов ўзининг улкан тадқиқот ишлари билан илмий жамоатчиликнинг диққат марказида турди, тахсинга сазовор бўлди.

Ўзбекистон археологияси тадқиқотларига табиий фанлар усулларини жорий қилиш, бунинг натижасида нодир топилмаларни реставрация ва консервация қилиш ишларида ҳам Яхё Ғуломов жонбозлик кўрсатди. Маълумки, 1965 йили Афросиёб ёдгорлигида илк ўрта асрлардаги Самарқанд хокими Вархуманнинг мухташам саройи очилади. Сарой деворлари такорланмас ранг тасвир суратлар билан безатилган эди. Лекин республикада ушбу қимматли топилмаларни юксак савияда кўчириб оладиган тажрибали таъмирчи, санъатшунослар етишмас эди. Топилмаларни очиш маълум муддатга кечиктирилади. Яхё Ғуломов ташаббуси билан 1966 йилда ЎзР ФА Тарих ва Археология институти қошида кимё технология тадқиқотлари ва консервациялаш лабораторияси ташкил этилади. Эндиликда бу лаборатория ЎзР ФА нинг Яхё Ғуломов номи билан аталувчи археология институти бўлимига айланган. Мазкур бўлим олимлари ишлаб чиққан кимёвий таъмирлаш усуллари туфайли кўпгина санъат обидалари, жумладан жаҳон маданиятининг дурдоналаридан бўлган Афросиёб, Варахша, Зартепа, Тавка, Жартепа тасвирий санъат асарлари, Сополлитепа, Кувёкўрғон хайкаллари, турли ёзув маданияти наъмуналари сақлаб қолинди ва халқимизнинг маданий меросига айланди. [5. С. 11]

Ўзбекистон археологиясида қадимги ва ўрта асрлар қурилиш материаллари технологиясини ўрганиш учун табиий ва техник фанлар усулларидан фойдаланиш ҳам Яхё Ғуломов томонидан тақлиф этилган. Республикамиз худудида кенг археологик қазиш ишлари натижасида жуда бой археологик топилмалар очилиб, улар қадимги ишларб чиқариш соҳаларининг юқори даражада ривожланганлигидан далолат беради. Яхё Ғуломов тавсияси билан кимё-аналитик усуллари дастлаб Фарғона вилоятидаги Қува шахристонидан топилган ўрта аср шиша буюмлари таркибини ўрганишда қўлланилган. Бу тадқиқотлар натижаси ижобий тугалланди ва ушбу усулни бошқа ёдгорликлардаги шиша буюмларини ўрганишда қўлланилишига имкон берди. Тадқиқотлар натижасида шу нарса аниқландики, Ўрта Осиё қадимги шарқ цивилизациясидаги ривожланган мамлакатлар таъсири остида шаклланган йирик ва илк шиша ишлаб чиқариш марказларидан бири бўлган, кейинчалик эса, аста-секин, милoddан аввалги I минг йиллик охири – милoddий I минг йиллик бошларида, мустақил ривожланишга ўтганлиги аниқланди. Илк ўрта асрлардан бошлаб эса Ўрта Осиё шишасининг кимёвий таркиби минтақадаги деярли барча шахарларга ўтиб кетди. Ушбу шиша таркибининг бир қисми хатто меморчилик керамикасига ўтиб кетган бўлиб, дунёдаги мўжизалардан ҳисобланган Самарқанд, Бухоро ва бошқа шахарлар ёдгорликларидаги майолика ва мозаика плиткаларидаги глазури кўринишида тарқалди.

Наманган вилоятидаги Тўрақўрғон туманида жойлашган қадимги Ахсикент шахристонини харобаларини ўрганиш Яхё Ғуломовнинг раҳбарлиги остида олиб борилган. Шахристондаги арк топилмалари бир неча босқичга ажратилади. Қуйи маданий қатламлар милoddан аввалги II-I асрларга оид ва милoddий I-IV асрларга оид керамика материалларидан иборат. Кейинги босқич милoddий VI-VIII асрлардаги арк хаёти билан боғлиқ. X асрга оид маданий қатлам алоҳида кўзга ташланади. Шахарнинг сўнги даври XII аср охири XIII аср бошларига тўғри келади. Ахсикент шахристонини харобаларини ўрганиш борасида Фарғона шахарларидаги арклар тузилишида янги саҳифа очилди, фортификация тарихи, Фарғонани аҳолиси моддий маданияти бўйича янги маълумотлар тўпланди. Бу ишлар жараёнида Яхё Ғуломов археолог олимларга етакчилик қилиб турди ва ўз тавсияларини аямади. Яхё Ғуломов раҳбарлигида Ўзбекистон тарихининг энг қадимги даврларини ўрганиш борасида ҳам катта ишлар қилинди. Бироқ илмий адабиётларда тош даври босқичларини ўрганиш ва тадқиқ этиш соҳасидаги унинг фаолияти камдан-кам ёритилган. У тош асрига оид манзилгоҳларни ўрганувчи бир неча археологик гуруҳларга раҳбарлик қилган эди. Бевосита Яхё Ғуломов номи билан машҳур қабристон Замонбобо, неолит даври манзилгоҳи Дарвозақир каби жойларда олиб борилган қазиш ишлари боғлиқдир. Унинг раҳбарлиги остидаги комплекс экспедициялар Зарафшон ва Қашқадарё воҳаларидаги тош асри тарихини ўрганиб чиққан. Бу гуруҳ қазиш ишларини бутун хавза ва алоҳида худудлардаги разведка ва рекогносцировка ишлари билан биргаликда олиб борган, ҳамда Нурота тизма тоғларидан Амударё сохилларигача ва шимолда Тамдин туманидан то жанубдаги Абу-Бухоро каналигача бўлган масофани кузатиб чиққан. Қоратов тизма тоғларининг жанубий қисмида ибтидоий устахоналар очилган. Гуруҳ томонидан қадимги конлар топилиб, Қоратовдаги чақмоқтош навининг тарқалиши ўрганилган. Яхё Ғуломов раҳбарлигидаги Фарғона гуруҳи иши эса палеолит, мезолит ва неолит даврларига оид манзилгоҳларнинг кашф этилиши билан боғлиқдир. Бу ерда манзилгоҳларнинг катта гуруҳи тадқиқ этилди: Замбар I-IV, Дароз-Кўл I-II, Янги қадам гуруҳи ва алоҳида топилмаларнинг 35 та жойлари кўриб чиқилди. Жами 60 та манзилгоҳ очилган эди.

1965 йилда Фарғона палеолит гуруҳи томонидан Сўх дарёси водийси ўрганилди. Қидирув ишлари давомида Қатронтов тизма тоғларининг жанубий қисмида 28 та ғор ва унғурлар, жумладан Селунғур ғори ҳам ўрганилди. Айниқса Обишир I ва Обишир V мазорлари ўрта мезолит даврига оид қизиқарли материал берди ва обишир маданиятини ажратишга имконият яратди. Яхё Ғуломов раҳбарлигидаги яна бир машҳур тош даври манзилгоҳи – Селунғур ғори бугунги кунга қадар ўрганилиб келинмоқда. Бу ерда 5 та маданий қатлам аниқланган бўлиб, уларни ашель даврига оид деб ҳисоблайдилар. Бу эса ашель даври моддий маданиятини ривожланишини тўла ўрганишга имкон берди. Қадимги палеолит даври ёдгорлиги саналмиш Селунғур Ўрта Осиё, Яқин шарқ ва Хиндистондаги синхрон ёдгорликларидан ажралиб туради. Бу ерда тош қуроллари билан бир қаторда бой фауна материали ҳам йиғилиб, палеоботаника ва литолого-фацциал тадқиқотлар ҳам олиб борилди. (яъни хайвон вва қуш қолдиқларини

ўрганиш ишлари), маданий қатламларда архантропларнинг елка суяклари ва тишлари топилди. Шундай қилиб Яхё Ғуломов раҳбарлигида 50-60 йилларда бошланган энг қадимги даврларни тадқиқ этиш ишлари натижасида олимлар Ўзбекистон худуди қадимги тош асридан буюн ибтидий одамлар яшайдиган манзил бўлганлиги тўғрисида хулоса қилишди. Бугунги кунда Яхё Ғуломовнинг илмий ишлари Ўзбекистон тарихи, археологияси, этнографияси зарвақларини очиб беради, ёш авлод онгида ўз тарихимиз, миллий меросимизга беқиёс хурмат ва ғурур хиссини тарбиялайди, уларни ўрганишга, келажак авлодларга етказишга ундайди.

Фойдаланилган адабиётлар:

1. Каримов И. А. «Юксак билимли ва интеллектуал ривожланган авлодни тарбиялаш – мамлакатни барқарор тараққий эттириш ва модернизация қилишнинг энг муҳим шарти мавзусидаги халқаро конференциядаги нутқи» // Халқ сўзи – 18.02. 2012 йил.
2. История материальной культуры Узбекистана. – Ташкент; – Вып – № 29.-1998.
3. Гулямов Я.Г. Кладбище Кулпи-Сар.//История материальной культуры Узбекистана. – Ташкент – Вып.№ 2. – 1961.
4. Мухаммедов Х.. Қадимий музоффа деворлари. Тошкент; 1961.
5. Абдуразаков А. Гулямов Я. Г. и применение естественно – научных методов в археологии Узбекистана. – Ташкент; Фан, 1988.

Зылиха Ибадуллаева
(Астана, Қазақстан)

ЗЕРГЕРЛІК ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАР – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МҰРАСЫ

Қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімінің құрамдас бөлігі болған зергерлік әшекей бұйымдары әлем халықтарындағы сияқты эстетикалық, сән-салтараттық қызметі болумен қатар наным-сенімдік және ғұрыптық мәнге де ие болды.

Қазақ қоғамында ерлерге қарағанда әйелдер сәнді әшекей бұйымдары мен киімнің бағалысын киді. Ол қазақ қыздарының ажары мен сән-салтанатын, сыпайылығы мен инабаттылығын және нәзік қасиеттерін де айқындады. Мұның өзі ұлттық болмысымыздағы дәстүрлі этикетке өз әсерін тигізді. Халық түсінігінде «зергерлік дұйымдар мол болған сайын адамды қорғау, желеб-жебеу қасиеттері де мол болады», – деп сенген. Зергерлік әшекей бұйымдары өткеннің көзі, ата-бабаларымыздың асыл мұралары ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Ол бұйымдардың бірегейі, әрі қайталанбас туындылары ретінде ХҮІІІ-ХІХ және ХХ ғасырдың басында жасалған зергерлік әшекей бұйымдарын атауға болады.

Адам өзінің жаны тааз, дені сау болуы үшін де қажеттіліктен туындаған наным-сенімдік, ғұрыптық мәні бар зергерлік әшекей бұйымдарының қатарындағы «амулет», «талисман» аталған бойтұмар, үкіаяқтардың да киелілік қасиеті басым болды. Әдетте, мұндай киелі де, қасиетті саналған әшекей бұйымдарын тағушылар өзіме күш қуат беріп, пәле-жала, көз тиюден, тіл сұғынан сақтайды деп сенді. Түрлі аурулар мен бақытсыздық сияқты зиян келтіруші күштерден қорғаушы, бақытты өмір, сәттілік тілейтін, жанға саулық, бақ береке беретін қолдаушы саналған бұл әшекей бұйымдары діни наным-сенімдік қасиеттерімен ерекшеленеді.

Солардың бірі мойынға тағатын зергерлік әшекей бұйымы саналған – тұмар. Ол матадан, теріден, күмістен жасалып үш бұрышты, төртбұрышты және цилиндр тәрізді болып келетін әшекей бұйым. Мұның зергерлік әшекей бұйым аталуының мәні, ол күмістен құйылып, алтынмен жалату әдістерімен де жасалып, қазақтың ою-өрнектері ойылды. Бойтұмарды тек қыз балалар мен әйелдер ғана емес, ерлер де таққан. Ерлер үшін матадан және терімен қапталған бойтұмарлар кең тарады. Әдетте, майданға аттанған ұлдарына анасы «блам, аман-есен келсін», – деген ниетпен тағып жіберетін болған.

Бойтұмардың қарапайым түрлерін көз тимеу үшін, төрт түлік мал мен олардың төлдеріне, сондай-ақ шаңырақтың берекесін, үйдің құтын келтіруші деген сеніммен үйдің төріне ілу дәстүрі де кең тарады.

Бойтұмар қақпағы топсалы, іші қуыс болып келген бұйым. Басқа түркі халықтарында, оның ішіне құран аяттары жазылған қағаздан басқа тұз, нан қиқымы және күйе жағылып салынды. Ол өздерінің сенімі бойынша көз тиюден сақтайды [1, с.172]. Ал Оңтүстік Қазақстан қазақтары арасында балаға көз тимесін деген ниетпен сәбидің маңдайына күйе жағу дәстүрі кең тараған.

Тұмар тағу бойжеткен қыздар мен болашақ аналар үшін бірден-бір қасиетті, діни сенімдегі әшекей деп түсіндірілді. Олар үшін әшекейдің бұл түрі көп балалы болуды арман еткен ниеттен туындап, өсіп-өну идеясымен астасып жатты. Мәселен, үш бөліктен тұратын: ортаңғы бөлігі үш бұрышты, ал жоғарғы және төменгі бөліктері цилиндр тәрізді болып келегн бойтұмарды түрікмен әйелдері аяғы ауыр болғанда жеңіл босану үшін ырымдап тақты.

Бойтұмар адалдық пен тазалықтың символы саналды. «Қасеитті» саналған қызының таққан бойтұмарын ата-анасы киіз үйдің оң жақ бөлігінде орын алған адалбақанға іліп қоятын. Әдет бойынша, оған қыздың өзінен басқа ешкім қол тигізбейтін. Содан болу керек, жігіт өзінің сүйген қалыңдығына блйтұмарда сақта, – деп хат жолдаған [2]. Сол себептен де ол бойжеткен қыздың құпия сырын сақтайтын сыр сандығы рөлін де атқарды.

Діни наным-сенімдік мәні бар әшекей бұйымдарының тағы бір түрі – үкіаяқ. Ол үкінің ашалы тырнағы сияқты күмістан жасалды. Кейде шын мәніндегі үкінің тырнағы күміске енгізіліп жасалды. Әдетте құстар (бүркіт, үкі) ертеден – ақ көшпелі және отырықшы халықтар арасында діни магиялық қасиеті бар деп саналды. Үкіаяқ немесе басқа да әшекей бұйымдарының құрамындағы жыланбас аталған тастардың да өзіндік қасиеті болды. Кейде жыланбастың өзін ғана мойынға тақты. Ол ұлу тас секілді іші қуыс болып келетін теңіз астында болатын жылан басына ұқсас ақ тас. Ежелгі діни наным-сенім бойынша, жыланға «әулие», «әуақ» деп сенген. Оны халық «ұрпағымызды жындан сайтандар әлемінен қорғайды, ырыс – береке әкелуші, жол көрсетуші», – деп білген. Жыланбас, үкіаяқтар түркі халықтары арасында ертеден келе жатқан фетиштік заттардың бірі. Ол халық түсінігінде әйелдерге тән дәстүрлерге (бала көтеу, бала туу сияқты) көмектесуші, әрі қамқоршы болатын сакральды күш ретіне баланды. Сондай-ақ, бесіктегі бала шошымас үшін бесікке үкіаяқ, жыланбас іліп [3, с.15], құран аяттары жазылған тұмар және үкі, сонымен бірге қасқырдың тырнағын (тұяғын) тағып қоятын әдет болды. Мұның өзі ескі діни сенімдер мен мұсылман діни негіздерінің бір-бірімен араласып жатқандығының көрінісі. Баланы әр түрлі қауіпті пәле-жаладан, аурудан сақтау, ол дүниеге келген күннен-ақ орын алады. Соның бірі баланың қырқынан шығарғанша және одан кейінгі уақытта да бөгде кісілерден, соның ішінде «сұғы» және «көзі» бар шүңірек көк көзді адамдардан қорғаған, ол үшін нәрестенің қолына

«көзді білезік» аталған ақ қара көзді моншақтарды да таққан [3, с.16] және баланың бас киіміне үкі, бөгде көз түссе түйреп алсын деген ниетпен, кимідеріне түйреуіш және көзмоншақ таққан.

Зергерлік әшекей бұйымдарындағы жүзіктер мен сақиналардың да магиялық қасиеті бар. Оны кішкентай қыздардан бастап бойжеткендер мен әйелдер де таққан. Оның сенімдік мәнінде, әйел тамақ даярлағанда, «тамақ адал болу үшін, оның қолында күміс жүзік болу керек», – деген ұғымнан туындады. Сондай-ақ жүзіктің сакральды сипаты, қалыңдық пен күйеу жігіттің шарифат негізі бойынша некесі қиылғаннан кейін бақытты жанұя құру мақсатында тағылды. Адам қолының таза, әрі адал болуы, оның білезіктерімен ерекшеленсе, шаш арасына жын сайтандар үйір болады, сондықтан одан алдын ала сақтанудың белгісі ретінде шашқа тағатын шолпылар мен шашабаулардың да тіл көзден, пәле-жаладан сақтайтын мәні болды.

Әдетте, қыз балалардың 3 – 4 жасынан бастап құлағын тесу дәстүрі бар. Ол кең тараған сенім бойынша, егер қыздардың немесе әйелдердің құлағы тесілмесе, онда о дүниеге барғанда бәрібір инемен емес, жылан теседі деп түсінген. Кейде ұзақ уақыт бала көтермеген аналар босанғаннан кейін тез арада қыз баланың құлағын тесуге әрекеттеніп, оны ұзақ өмір сүрудің кепілі деп санаған. Осыған ұқсас қазақтар мен басқа сібірдегі түркі халықтарының арасында да көптен күткен ұл дүниеге келгенде, ол аман-есен болсын деген ниетпен құлағын тесу рәсімі болған [4, с.93]. Сондай-ақ бала тоқтамай, немесе көптен күткен ұл бала дүниеге келсе, оны қыз бала сияқты киіндіріп, құлағын да тескен. Мұндай көрініс тувалықтарда да орын алып, ұл баланың құлағына 5 жасқа дейін сырға таққан [5, с.121].

Зергерлік әшекей бұйымдарына бағалы тастар орнату сән берумен бірге «көз» немесе «тас» деп аталып, алдын ала көз тиюден сақтады. Мұндай тастардың қатарында кең тарағандары бирюза қуаныш пен көтеріңкі көңіл күйдің нышаны, тазалық пен пәктіктің символы саналды. Сердолик көптеген зергерлік әшекей бұйымдарына қондырылды. Бұл тас Мұхаммед пайғамбардың сүйікті тасы деп есептелді. Сондықтан да бұл тас түрін сақина мен жүзіктерге, бойтұмарға орнату кең тарады. Ал коралл (маржан тастар) ұрпақтың өсіп-өнуінің, көп болуының белгісі саналды. Аталған тастардың түрі тек әшекей бұйымдарына ғана емес ұзатылар қыз жасауына берілетін киім-кешегіне, арнайы жасалған ер-тұрманға, тұс киізге де өсіп-өнудің, ұрпақ сабақтастығының символы ретінде тағылды.

Аталған зергерлік әшекей бұйымдарының барлығына дерлік үйлестірілген ою-өрнектердің де өзіндік символдық мәні болды. Мәселен, ою-өрнектердің көш басшысы саналған мүйіз бітімді оюлардың түрлеріндегі қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, қос мүйіз сияқты оюлар бақ – береке, дәулет пен бақытты болудың символы саналса, құс мұрын, құс қанаты тәрізді оюлар бақыт пен еркіндікті білдірді. Содан болу керек, құс мұрын жүзікті құстай еріктімін деген ниетпен бойжеткен қыздар таққан.

Зергерлік әшекей бұйымдары өзінің ислам дініне дейінгі ертедегі белгілерін сақтаған синкреттік негізде бір-бірімен ұласып, ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасына айналды.

Әдебиеттер:

1. Васильева Г.П. Украшения – обереги у туркмен //Этническая история и традиционная культура народов Средней Азии и Казахстана. – Нукус, 1989. С.172.
2. Әлімбаев М. Мойныңа ақ күмістен алқа тақым. //Егеменді Қазақстан. 1 шілде, 1998 ж.
3. Тохтабаева Ш.Ж. Функция казахской традиционной одежды //ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. № 1. С.15
4. Чанчибаева Л. О современных религиозных пережитках у алтайцев //Этнография народов Алтая и Западной Сибири. – Новосибирск, 1978. С. 90-98.
5. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. – Новосибирск, 1988.

Айгерим Кабышева
(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚТАРДЫҢ БОСАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ДӘСТҮРЛІ ЖӨН-ЖОРАЛҒЫЛАРЫ МЕН РӘСІМДЕРІ

Қай халықта болсын отбасы құрған соң балалы болуды арман етеді. Сол сияқты қазақ халқы да бала мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Осыған байланысты көптеген мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, өлеңдер, түрлі шығармалар арналып келеді. Мысалы, «ұрпақ жалғастығы», «отбасы тірегі», «балалы үй базар», «адам ұрпағымен мың жасайды» т.б. сөздерді көп естіп өстік. Қазақ отбасында дені сау бала дүниеге келіп, оның отбасының бір мүшесіне айналуына ері мен әйелі, келіннің енесі, жақын-туыстары бұл үрдіске белсене араласқан. Қазақтарда бала тәрбиесі құрсақтан басталады деп, жас келіннің бойына бала біткеннен бастап енесі оны өз қамқорлығына алып, оны пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау шараларын жасай бастайды. Абысын-ажын, ауыл әйелдерін жинап «құрсақ» тойын өткізеді. Мұны «құрсақ шашу» деп те атайды. Өйткені оған жиналған әйелдердің әрқайсысы шашуларын әкеліп, келіннің үстіне шашады. Өмір тәжірибесі мол қарт аналар жас келінге білгендерін айтып, екіқабат кездегі әртүрлі құбылыстарға шыдамдылықпен қарауға үйретеді.

Тіл-көз тимесін деп молдаға дұға жаздырып, бойтұмар жасап береді. Оны былғарыға тігіп, бау тағып мойнына салып жүреді. Немесе ылғи үстінде жүретін киімінің омырауының астыңғы жағынан қадап қояды. Жетісу төңірегінде жеті ұсақ тасты тұмарша етіп шүберекке тігіп шолақ жең камзолының желкесіне астыңғы жағынан көзге түспестей етіп жапсыра тігіп қояды. Бұл да тіл-көзден сақтау шарасы. «Тіл-көзің тасқа» деген қарғыс осыған байланысты.

Түн қараңғысында екі қабат келіншекті далаға, қараңғы қораға шамсыз жалғыз жібермейді, үйде ері жоқта бір өзін жатқызбайды. Өйткені халық түсінігі бойынша қараңғыда есік алдында, қорада, тіпті кісі тұратын үйде жын-шайтан, пері, албастылар жүреді, олар жаңа түскен, аңғау жас келінге үйір келеді деп ойлаған. Бұлардың қастандығынан түрлі ауруларға шалдығып іштегі нәрестеге зақым келуі мүмкін деп ойлағандықтан жас келіншектің төсегінің іргесіне, жастығының астына темір қару қойғызады. Тіпті, жас келіннің отауына әр түрлі қару-жарақ, қамшы, балта, қасқырдың азуы, бүркіттің тұмсығын іліп қояды. Мұның бәрінен халық түсінігі бойынша жын-шайтан сескенеңді[1,67-б.].

Халық түсінігі бойынша баланың кіндігі бұралып қалмау үшін әйел екі қабат кезінде, бақан, арқан аттамау керек, баланың бір мүшесі кем болып тұмау үшін іштегі бала қимылдағанша – жерігі қанғанша *итке кет демеуі қажет* деген ырымдар да бар.

Жүктілік және бұған байланысты әдет-ғұрыптардағы төрт түліктің функциясы ерекше.

Аяғы ауыр әйелге қазақ арнайы қой сойып, «жерік асын» берген. Мұнда жерік асына тартылған табаққа да үлкен мән берілген. Егер аяғы ауыр әйел кексе болса оған жамбас, жас болса-асықты жілік, төс, ұлтабардан қосып, үстіне жаңа соққан болат кездік қойған. Еттің татымын ашты еткен. Аяғы ауыр әйелдің жерік асының табағына жоғарыдағы мүшелерді таңдауының өзіндік мағынасы бар. Төс – дәстүр бойынша күйеу баланың асы әрі құнарлылық культі, ұлтабар – “ұл туу үшін беріледі”, асықты жілікті беру – «асық ойнайтын ер бала болсын» деп ырымдағаны. Пышақ – тіл көзден сақтаушы құрал. Ал еттің татымын ащы ету ер балаға арналуы. Қазақтардың наным-сенімінде жүкті әйелдердің құмары тәттіге көп жақын тартса, болашақта қыз табатындықты, ал егер ащыға тартса, ұл баланың болатындығына сенген. Әрине, бұлардың астарында симпатиялық магияның жатқаны айқын.

Жылқы түлігі өзге малға қарағанда өте талғампаз, таза келеді. Осының барлығы жылқыға ерекше қасиет беріп, оны сакралды ете түсіп, солай қабылдауына әкелген. Қазақтардың ұғымында осыдан келе, тек жылқы ғана емес, оның тері сіңген ат әбзелдері де магиялық күшке ие болады. Ертеректе толғақты тезірек шақырып, оның оңай болуы үшін, толғатқан әйелдің аузына жылқының қыл-шылбырын да салған. Ал, егер келіншектің айы-күні асып, босанбай жүріп алса, онда оған түрлі дене қимылдарымен қоса, жүрісі жайсыз атқа да мінгізген. Әрине мұнда физиологиялық тұрғыны да ертеректегі қазақтар жақсы білген.

Жылқыға қоса жылы райлы малдың бірі – қой. Қой мен оның дене мүшелері де қазақтардың наным-сенімінше қатты толғақ кезінде өзіндік сакралды күшке ие ретінде қаралған. Қатты толғақтың бетін қайтарудың, аман-есен босанудың келесі тәсілі «ақсарбас айту», яғни ақсарбас қойды шалу болған. Маңғыстау алқабын кең көлемде зерттеген неміс ғалымы Р.Каруц еңбегінде былай деген: «...қазақтар қатты қиналып, босана алмай жатқан әйелдің қолына жаңа сойылған қойдың қанын жағады да, отқа қойдың құйрық майын тастап, оның қоңырсыған иісі шыққанша «құдайға» жалбарынып, түтініне қолын тосып, бетін сипайды»[4, 123-126 бб.].

Түйе түлігін де қазақ «төрт түліктің төресі», «қасиетті мал» деп босану кезеңіндегі қиын кездерде, қатты толғатқан әйел есін жия алмай жатқанда, онда оған «көзі қарайған албасты басты» деп оны аластату үшін жараған бураны әкеліп көрсеткен. «Жын-пері жоламасын» деп бураның қураған қу басының сүйегіне ақ байлап іліп те қоятын болған. Бураның басынан жын-пері, албасты қорқады деп сенген[4, 129 – б.].

Қазақ арасында кең тараған діни сенім бойынша екі қабат әйел түйе етін жемеу керек. Түйе етін екі қабат кезінде жеген әйел 9 ай 9 күнде босанбай 12 ай көтереді деген де сенім болған. Түрлі биологиялық себептермен босану мерзімінің кешеуілдеуіне байланысты немесе анық мерзімінен жаңылған әйелдерді түйенің бауырынан не алдына өткізіп, оның тезірек босануына мүмкіндік туғызамыз деп ойлайтын. Осы сенімдерге байланысты келіндерінің аяғы ауыр кезінде оған түйе етін жегізбейтін[1, 68-б.]. Мұндағы наным-сенімдерден біз қазақтар үшін мал тек өсіп-өрудің ғана символы емес, сондай-ақ өсіп-өрудің стимуляторы болғандығын да байқаймыз.

Толғақ басталысымен ауылдың үлкен әйелдері шашуларын алып жиналады. Көрші әйелдер мен жақын абысындар үй шаруасын өз міндеттеріне ала бастайды. Толғақ үстіне келген кемпірлер шашу шашып, келіншек енесіне құтты болсын айтып, әйелдің қиналмай, тезірек босануын тілесіп жатады. Енесі дереу қазан көтеріп, сақтап жүрген жылы-жұмсағын салып, «жарыс қазан» асуға кіріседі, самаурынға шай қойылады, сүт пісіріледі. Үй ішіндегі әбдірелер ашылып, май, қаптың аузы ашылып құрт алынады. Арша тұтатылып толғатушы әйелдің басынан айналдырып аластайды. Етек жағынан күкірт түтетеді. Мұның бәрі толғатушы оп-оңай – әбдіре ашылған, тең шешілген, түйін тарқатылған тәрізді, шай қайнатым, сүт пісірім немесе ет асым уақытта, қазанмен жарыса тез босансын деген ниеттен туған әрекеттер [1, 69-б.].

Жүкті әйелдің толғағы басталған кезде балгерлерді (бақсыларды) шақырады: олар толғақты жеңілдетуге септігін тигізеді, кейде олардың сәуегейлігі барлық жиналғандарды риза қылады[2, 105-б.]. Толғағы қыса бастаған жас келін көпті көрген үлкен әйелдерді көмекке шақырады. Мұндай әйелдер өз ісін жетік біледі және қажет болған жағдайда көмек бере алады. Ауыр толғақтар сирек кездеседі. Әдетте қазақ әйелдерінің толғағы жеңіл өтіп, тез босанады. Нәрестенің әкесі толғақтың басы-қасында болмайды, керісінше жұбайының жан қиналысын көрмес үшін алыс жаққа кетіп қалады[3, 128-б.]. Кей қазақтар, әсіресе Орал сыртқы ордасында, бүкіл көрші-қолаңды шақырады, бәрі жиналғаннан кейін, киіз үйдің керегелеріне арқан тартып, жүкті әйелді арқанға асылдырып, ілгері-кейін жүргізеді. Толғағы жеткен кезде қарулы әйелдердің бірі оны қаусыра құшақтап, баланың дүниеге келуін тездету үшін ішін басады. Егер бір әйелдің күші жетпесе, тағы бірнеше әйелді көмекке шақырады немесе олардың орнына ер адам тұрады. Осы кезде келген әр адам көйлегінің етегімен босанатын әйелді үш рет қағып, «шық!» деп айтуы тиіс. Кей жерлерде босанар кезде қазақтар, мұндай әдет орыстарда да бар, әйелді арқанмен киіз үйдің шаңырағына байлап іліп қояды, осылай ілүлі күйінде ол босанады; бәрі сәтті болса, жақсы, кейде оны әбден қинауы мүмкін: ұрады, жүлмалайды, түрлі бәлені ішкізеді, оқытады, сөйтіп оның бойындағы албасты – мартуды шығарғысы келеді[2, 105-б.].

Толғатушы әйелдің қасында көбінесе ниеттес оның жанашырлары бірге болатын. Бала туысымен оны жерден көтеріп алу бірнеше адамға тартады деп есептеледі. Сондықтан жерден көтеруші мүмкіндігінше өзінің жағымды мінезділігі, мейірімділігімен ағайынға жаққан әйел болу керек. Ол баланың ұл не қыз екенін айтып, сүйінші сұрайды. Баланың кіндігін кесетін адамды шешенің өзі не енесі, күйеуі күн бұрын белгілеп қояды. Кейбір ауылдарда кіндік кесуге әбден машықтанған тәжірибелі әйелдер де болады. Олар толғақ басталысымен кіндік байлайтын тарамыс пен кездігін әзірлеп дайын тұрады. Баласы тұрмай жүргендер кейде еркекке балтамен кестіретін де әдет болған. Кіндік кескен адам баланың кіндік шешесі деп аталынады[1, 71-б.]. Жаңа туған нәрестенің жолдасы көміліп тасталады, ал кіндігі жазылғанша ілініп қойылады, кейін ол да жерге көміледі.

Босанған әйел екі-үш күн төсектен тұрмайды. Нәрестені екінші күні жуып, бесікке бөлейді. Анасы нәрестесін ұзақ уақыт, екі жыл және одан да көп мерзім емізеді. Нәресте көзін ашқаннан кейін көп ұзамай оның атын қойған кезде әртүрлі ырым-жоралар немесе бала дүниеге келген күндегі айрықша оқиғалар мен белгілер ескеріледі[3, 129-б.]. Ал мұсылман аттарын көбінесе құранға қарап молдалар қоятын да, баланың құлағына азан шықырып жариялайтын[1, 83-б.].

Қазақ халқының бала тәрбиесіндегі көңілге ең қонымдысы, бала келешегіне ең пайдалысы – айнала қоршаған ортаның үлгілі болуын көздейтіндігі шама-шарқы келгенше, өнерге, еңбекке, білімге, адамгершілікке, керек болған жағдайда ел қорғауға дағдыландыруға байланысты қамқорлықтары деуге болады. Осындай ізгі мақсаттар, асыл арманға байланысты «ұлың ер жетсе, ұлы қылықтымен, қызың бой жетсе, қызы қылықтымен ауылдас бол», – деген мақал да қалыптасқан. Мұның өзі олардың балаға, оның тәрбиесіне көп көңіл бөлетіндігінің айғағы екені шынайы шындық[1, 85-б.]. Үлгілі тәрбие, озат біліммен өскен бала да өз Отанына пайдасын тигізетін, патриот азамат болары хақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы. Алматы: «Қайнар», 1996. – 286 б.
2. Алекторов А.Е. Қазақта баланың дүниеге келуі, тәрбиеленуі, ата-аналардың құқықтары мен билігі туралы. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Т. 2. Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша). Алматы: «Арыс» 2006. – 410 б.
3. Карутц Р. Дүниеге келу және балалық шақ. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Т. 2. Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша). Алматы: «Арыс» 2006. – 410 б.
4. Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. Алматы 2005. – 191 б.

Ғылыми жетекші:
Ибадуллаева Зылиха Әмірбековна.

Мадина Қалдыбекова
(Астана, Қазақстан)

ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫ КӨРКЕМДЕУ ДӘСТҮРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫМЕН МӘДЕНИ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Әсіресе, Орта Азия халықтары (қырғыздар, өзбектер, тәжіктер, түркімендер, қарақалпақтар, ұйғырлар) мен қазақтардың арасындағы өзара мәдени алмасудың жүзеге асырылуы бұл өнердің дамуына ықпал етті. Сондықтан, қазақтардың, қырғыздардың, өзбектердің, ұйғырлардың, тәжіктердің, қарақалпақтардың зергерлік бұйымдарды жасау техникасында ортақ белгілері көп болған.

Солардың ішінде бірінші кезекте қарастыратын қырғыз халқының әшекейлерімен қазақтардың әшекейлері белгілі бір мөлшерде ұқсас болып табылады.

Зерттеу мәліметтері бойынша, Қырғызстан территориясында металды көркемдік өңдеу ерте көшпелілер – ғұн, үйсін тайпалары кезеңіне сәйкес келеді, бұл кезеңде түйіршектеу, әр түрлі тастар, әсіресе, қызыл тастар қою сияқты металл өңдеуде техникалық-нақыштық тәсілдер пайда болған. VI-VIII ғасырлардағы Түркі қағанаты кезеңінде қырғыз халқының мәдениеті соғдылықтардың ықпалына ұшыраған, кейін тәжіктердің, түркі халықтарының, монғолдардың, буряттар мен тувалықтардың, сондай-ақ үнді, иран, солтүстік кавказдықтардың өнерімен өзара байланысып дамып жатты [1, 139-140 бб.]. XIX-XX ғасырлардағы қырғыз шеберлері металл өңдеуде күміс, алтын жалату, соғу, түйіршіктеу, қара алалау, оймалау, сонымен қатар ақық пен перезе тастарын орнату тәсілдерін қолданды. Қырғыздардың техникалық тәсілдерінің көбісі қазақ шеберлерінің тәсілдерімен ұқсас болып келеді.

Ортаазиялық халықтардың ішіндегі қазақтардың, әсіресе, Орталық, Шығыс және жиі Солтүстік, Оңтүстік Қазақстанның металл бұйымдарына қырғыз дәстүрі жақынырақ деп айтуға болады, оны С.В.Иванов, Е.И.Махованың зерттеулері дәлелдейді [81, 120 б.].

Қырғыздар мен қазақтардың металдан жасалған бұйымдарының ұқсас-тықтарын айтсақ, тек сәндік бұйымдарынан ғана емес, ат әбзелдерінің металл элементтерінен, ерлер белдіктерінен, үй шаруашылығының жеке заттарынан да кездеседі. Ең басты екі елге ортақ ұқсас заты – бұл әр түрлі тастармен, күміс бұйымдармен жабдықталған әйелдің той бас киімі *сәукеле* болып табылады, қырғыздарда ол *шокиоло* деп аталады. Әйел бұйымдарына арналған қырғыздарда *чеч кеп* (қара барқыттан жасалған), ал қазақтарда *шаиқап* (күміс айылбастары бар, қызыл, қара барқыттан жасалған) бұйымдары қызметтік және түр-белгілері жағынан байланысады. Орталық қазақстандықтардың шашқа тағатын, төменгі жағы теңгелерден жасалған *шолпылар* солтүстік қырғыздардың *чолпуларына* ұқсас келген. Маржан тастардан жасалған мойынға тағатын әшекей Оңтүстік Қазақстанның қазақтарында *алқа* деп аталса, қырғыздарды *ала тамак* делінген. Сондай-ақ, қазақтардың мәдени дәстүріндегі үшбұрышты, тікбұрышты пішіндегі *тұмарша*, *қолтықша*, тазалық құралы – *тісшұқығыш* сияқты зергерлік бұйымдары қырғыздардың *бой тумар*, *тишчукуур* бұйымдарымен ұқсас [2, 312 б.].

Ортасында асыл тастар орнатылған, әр түрлі өрнектермен нақышталған қазақтардың жүзіктері Ыстықкөл маңындағы, Талас жазығындағы қырғыздардың жүзіктерімен, ал Орталық, Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда кең таралған ойылған өрнектері бар жапырақша түріндегі сырғалар Талас жазығындағы қырғыздардың сәндік бұйымдарына ұқсас келеді екен. Сондай-ақ, қазақтардың кейбір білезіктері қырғыздықпен ұқсас болған. Әсіресе, салыс-тырмалы дәстүрде соғылған өрнектермен нақышталған дөңгелек білезіктер пара-пар келеді. Орталық бөлігі соғылып, оймаланып, қара алалау жүргізіліп нақышталған, екі ұшы бүгілмеген қазақтың жалпақ білезіктері Талас жазығы мен Джалал-Абад облысындағы қырғыздардыкімен ұқсас келген [3, 111 б.].

Өзбекстан территориясында ерте мәдениеттің қалыптасуына бактриялықтар, соғдылықтар, ферғаналықтармен бірге сақ тайпалары да қатысты. Тәжікстанның ортағасырлық металлопластикасы Соғды, Тохаристанның көркемдік дәстүрлерінің, сондай-ақ Иран, Солтүстік Үндістан мен Ауғанстанның мәдени өзара байланысы шеңберінде қалыптасты. Айтылған елдердің көркемдік шығармашылығында ерте кезеңнен (б.э.д. II мыңжылдықтың соңы мен I мыңжылдықтың басы) басталып, XVIII ғасырда аяқталған ирантілді халықтардың мәдениеті маңызды рөл атқарды. Тәжікстан (әсіресе, солтүстігі) және Өзбекстанның мәдени өзара байланысы өте тығыз болып табылады. Самарқандта, Бұхарада, Қоқанда, Ходжентте, Ұра-төбеде тәжіктердің басым бөлігі тұрады, бұл өзбектер мен тәжіктер қолөнерлік дәстүрлерінің ортақтығына себепші болды [2, 317-318 бб.].

Өзбектер Қазақстанда, Қырғызстанда, Түркіменстанда, Солтүстік Ауғанстанда, ал тәжіктер Өзбекстанда, Қырғызстанда, Солтүстік Ауғанстанда тұрып жатыр. Қазақтар, өзбек халқының топтары (қыпшақтар, қоңыраттар, лоқайлар) Оңтүстік Тәжікстанда да тұрып жатыр [4, 59 б.].

Ташкент, Самарқанд, Хорезмдегі өзбектер мен тәжіктердің бұйымдарында және қазақтардың торевирикасында ортақтық айқын байқалады. Өзбекстан халқының отырықшы мәдениеті қазақтардың көшпелі өнеріне біржақты ықпал еткенін де ескеру қажет. Өз кезегінде Л.А.Чвырь XIX-XX ғасыр басындағы әдеби мәліметтер негізінде, металл аспаптардың үлкен бөлігі Шығыс Түркістаннан, әсіресе, Қашғардан әкелінді деп тұжырым жасайды [2, 319 б.]. Үй тұрмысына арналған самарқандық, ташкенттік металдық заттар қазақ далаларында малға, теріге, жүнге, тағы басқа заттарға айырбасталды. Қазақ ұсталары сол шаруашылыққа қажет заттардың көшірмесін жасаған. Алайда қазақтарға бұйымдарды өз шеберлеріне тапсырыс беріп жасатқан ыңғайлы болды, себебі оның құнын төлеу жайлы келісуге

болатын еді. Осылайша, қазақ тұрмысында Орта Азиядан әкелінген, сондай-ақ жергілікті жердің өнімдері пара-пар қолданылды. Қазақтар мен Өзбекстан, Тәжікстан халықтарының арасындағы ортақтық пен туыстық әшекей бұйымдарын қарас-тыру кезінде де байқауға болады. Бұл жердегі маңызды жайт археологтардың Өзбекстан территориясынан тапқан ежелгі және ортағасыр кезеңдерінің зергерлік бұйымдарының (мысалы, жіңішке білезіктер) қазақтардыкімен ортақтығы болып табылады [5,8-70 бб.]. Әсіресе, XIX-XX ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстанның, Өзбекстан мен Тәжікстанның зергерлік бұйымдарының ұқсастықтары айқын басымдық танытады.

Оңтүстік Қазақстанда (әсіресе, Шығыс Арал маңында, Қаратау сілемдері мен Сырдарияның орта ағысында) тәжіктер мен өзбектердің ұсталары жасаған самарқандық иықтан киілетін тікбұрышты күміс тұмар-қолтықша болған екен. Таңбалау техникасымен жасалған және бедерлеу, алтындату, қара алалау, эмальдау, тастар орнату сияқты әр түрлі әдістермен нақышталған күміс үшбұрышты *тұмарша* оңтүстік қазақтарында болды. Самарқандық, гармдық тәжіктерде ол *тумор*, ал ұйғырларда *тумар*, өзбектерде *бой тумор* деп аталды [5, 146 б.]. Маңдай әшекейлері, яғни жапырақша, ромб, жылан басы, сопақша түріндегі салпыншақтары бар гүл тізбегі пішініндегі сенсилдер қазақтарда болса, ал гарм тәжіктерінде ол *силсил* деп, өзбектерде *силсила* деп аталады [4, 110 б.]. Тіл-көзден сақтаушы есебіндегі күміспен жиектелген ақықтар қазақтар мен Бұхара халықтарында қолданылды.

Оңтүстік Қазақстан қазақтары мен өзбектердің және тәжіктердің сырғала-рындағы ортақтықтар айқын байқалады. Жартыай түріндегі, кейде қиылған жұлдызшасы немесе ортасында су бедесі бар жалпақ сырғалардың (қазақша атауы айсырға) қазақтарда, самарқандық тәжіктерде және өзбектерде бар. Кей-бір белгілері бойынша тәжік-өзбектердікіне ұқсас оюланған және соғылып жа-салған бұйымдар тобы да бар. Мысалы, қазақтардың жалпақ білезіктері пішіні, нақыштау мен өрнек салу техникасы жағынан бұхаралық тәжіктердің, өзбек-тердің, ұйғырлардың бұйымдарына ұқсас келеді. Қазақтардың оралған және ортасы қиылған *дөңгелек білезіктері* ұйғырлардың *том биляй узюк*, *толаума биляй узюк* деп аталатын білезіктерімен ұқсас келеді [5, 152,109,220 бб.].

Қазақтардың дөңгелек, жұмыр, көпбұрышты, жапырақ түріндегі жалпақ қалқаншасы бар, ортасында ақық, шыны тастар, ал жағалай ұсақ маржан, перезе тастары орнатылған жүзіктер, құрамалы жұмбақ-жүзіктер өзбектердікімен ұқсас болған [5, 160-161 бб.]. Оңтүстік қазақтары мен тәжіктердің дәстүрлеріне маржан моншақтармен тізбектелген және көлденең сыммен өрілген қазақ болып келетін сымды шашақ пен шынжыры бар, шар, жапырақша, конус немесе қоңырау түріндегі салпыншақтар тән болған [2, 324 б.].

Қарақалпақтардың қолданбалы өнерінің дәстүрі б.э.д. IV ғасырдағы Хорезмнің Топрак-Кала, Гяур-Кала және Кават-Кала қазбаларынан табылған ұсақ пластика заттары мен қыштан бастау алады. Қазақтардың қарақалпақтармен мәдени өзара байланысы Батыс Қазақстанның, нақтырақ Маңғыстау аймағының Кіші жүз қазақтарының металдық шығармашылығынан байқалады. Осы аймақ халықтарының және қарақалпақтардың мәдени дәстүрлерінің ұқсастығы территориялық жақындағымен, екі дәстүрде де сақ-массагеттік, ғұн және түркі кезеңінің ортақ тарихи-мәдени қабаттардың болуымен негізделеді [6, 58-59 бб.]. Кіші жүздің қазақтары мен қарақалпақтардың арасындағы мәдени ортақтықтар киімдерінен, аспаптық құралдардан, әсіресе, зергерлік бұйымдардан аса байқалады. Көркемдік сипаты бойынша қазақтың *сәукелесі* мен қарақалпақтардың *саукиласы* ұқсас келеді. Олардың бас киімі күміс әшекейлермен кезектесіп келетін маржан моншақты салпыншақтармен безендендірілген конус пішінді болып келеді [2, 329-330 бб.].

Батыс Қазақстан қазақтары мен қарақалпақтардың ортақ бұйымдары: барлық қыпшақ халқына тараған «қазық» сырғалар, құбырлы пішіндегі тұмарлар болды. Салыстырып отырған халықтарда бірыңғай пішіндегі тұмарлардың пайда болуы ислам дінінің ықпалымен байланысты Құраннан жазылған сөздерді сақтау үшін арналғандығымен түсіндіріледі. Мәдени дәстүрлердің екеуінде де ұқсас бұйымдар топтамасынан тыс басқа да әшекейлер: ірі шартәріздес түймелер, жібек, жүн баулардан жасалған шашқа арналған шашақты әшекейлер, матамен қапталған нақышталған көкірекшелер, шар, жартышеңбер, жүрек түріндегі салпыншақтар, айшықтәрізді, «қазық» және тағы басқа пішіндегі сырғалар болған [2, 330 б.].

Сақ қоғамы негізінен соғысқа дайын ер азаматтардың ықпалымен жүріп отырған. Яғни ұл бала туылған сәттен бастап, болашақта болатын соғыстарға дайындау амалымен болатын. Мысалға көптеген дерек көздерінде айтылатын қоян ұстау дәстүрі. Бұл тек қана дәстүр ғана емес, сонымен қатар бала мен ер жігітін арасындағы өтпелі кезеңді сипаттайтын қоғамдық құбылыс түрі.

Сақтар үшін өзге жануарлардан басқа қоянды ұстау құрметті болып есептелетін. Оның себебі де белгілі. Қоян өте алғыр әрі жылдам. Оны не арқанмен ұстау не садақпен ату оңайға түспейтін. Сондықтан қоянды ұстаған азамат өте жүйрік, аңнан да алғыр әрі мықты аңшы болып есептелетін. Ал егер қоянды бала ұстаса, ол бірден ер жігітке теңеліп, соғыс жорықтарына қатысуға рұқсат алатын [10,1336].

Массagetтер скифтікіндей киім киеді және солардай өмір салтын ұстанады. Олар ат үстінде де, жаяу да соғыса береді. Оларда садақ, найза және соғыс айбалталары бар. Барлық заттары алтын мен мыстан жасалған. Найзаның, оқтың және айбалтаның металдан жасалатын жерін мыспен, ал бас киімдерін, белдіктерін және бауларын алтынмен әшекейледі. Сол сияқты олар атқа мыстан сауыт, кеуделік кигізеді. Аттың жүгенін, ауыздығын және жақтаулықтарын алтынмен аптайды. Темір мен күміс олардың қолданысында мүлдем жоқ, себебі бұл металдарды олардың жерінен кездестірмейсің. Есесіне алтын мен мыс жетерлік [11,246].

Осылайша Геродот көшпенділердің қарапайым өмір салты мен тұрмысын сипаттап, Скифтер жөнінде дерек жинақтады, олардың қалай Қара теңіз жағасына келгенін айтып кетті. Скифтердің арасында шығу тегіне байланысты үш негізгі аңыз бар. Геродот өз еңбегінде солардың ішінде шындыққа жақыны дегенін жазып кеткен.

Халық отанын тастап, соғыспай-ақ жерін жауға бермек болды, ал патшалар, керсінше, халықпен бірге қашпай, сүйектерінің туған жерінде қалғанын қалады. Патшалар туған жерінде қалғанның қандай бақыт, ал туған жерін тастап қашқанның қандай қорлық екенін білетін. Осындай шешімдерді қабылдап, киммериялықтар теңдей екіге бөлінді де, бір-бірімен соғыса бастады. Ағайын арасындағы соғыста өлгендерді киммериялықтар Тирас өзенінің жағасына көмді. Содан кейін киммериялықтар жерлерін тастап кетті, ал келген скифтер елсіз қалған жерге ие болды [12,546].

Геродот Скифтердің Қара теңіз жағасына орналасуын осылайша түсіндіреді. Келесі тегі грек ғалымы Страбонды еске алсақ. Оның атақты География еңбегін, этнографиялық туынды деп те қарастыруға болады. Оған себебте бар. Бізге жетіп отырған География еңбегінің үзіндісінен, бізге керекті мағлұматтар молынан табылады. Онда Геродот жазған көшпенділердің өмір салты мен тұрмысы жайындағы деректердің толықтырыла түскенін көреміз.

Жазықтағылары егіншілікпен айналыспайды, көшпенділер мен скифтер сияқты қой еті және балықпен қоректенеді. Осындай тайпалардың өмір-тіршілігінен ортақ белгілерді байқауға болады, жерлеу дәстүрі, салттары мен тұрмыстары ұқсас, бұлар еркін, жабайы және жауынгер, бірақ та іскерлік араласуда адал және алдамайды [13,176].

Страбон жоғарыда айтылғандай өз еңбегін жаза отырып, өзге деректерге сүйенген. Сонымен қатар сол деректерді толықтырып отырған. Нәтижесінде этнографиялық деректерге мол еңбек қорын жазды. Сонымен қатар

Страбон еңбектері негізінде ғылым жолын бастаған әйгілі Рим тарихшысы Амиан Марцеллинді еске алуымыз қажет. Ол өзінің еңбегінде антика дәуірінің соңғы жарықтаған кезін сиппаттап кеткендей. Яғни антика заманының соңғы уақытындағы, тарихқа белгілі болып отырған көшпенділер жайында мағлұмат қалдырды.

Олар бір ғимараттың астына түнемек түгілі ешқашан отырмайды. Керсінше, ғимарат оларға мазар іспеттес. Оларда қамыстан жабылған күркешені де кездестірмейсің. Тау мен ормандар арасында көшіп жүріп, кішкентайынан суық, аштық, шөлге төзіп үйренген. Жат жерде де олар ғимарат астына амалсыз жағдайдағана кіреді. Олар ғимарат ішінде өздерін ыңғайсыз және қауіпті сезініп жүреді. Үстеріне теріден немесе малдың жүнінен тоқылған киімдер киеді. Үйде киетін және сыртқа шығар киімдер арасында айырмашылық болмайды. Олар бір киген киімімен, тозып немесе жыртылғанша жүре береді.

Бастарын теріден жасалған қисық малақайларымен жауып, аяқтарына қозының терісінен тігілген байпақ киеді. Бұл аяқ киімдері ешқандай өңдеуден өтпегендіктен, жаяу жүргенде ыңғайсыздық туғызады. Сондықтанда жаяу ұрысқа келмейді, алайда жылқымен шайқаста оларға ешкім тең келмейді. Олар аттарына байланып қалғандай. Жылқылар түрінен ұсқынсыз болғанымен, өте шыдамды болып келеді. Олар жолда жүріп келе жатып, үлкен-кіші дәреттерін ат үстінде амалдай береді [14, 183б].

Мұнда Амиан тарих сахнасында әйгілі Ғұн тайпаларын сиппаттауы болатын. Сонымен қатар жаңадан бой көтеріп жатқан Рим империясында Амианнан басқа, көшпенділер жайында мағлұматтарды Тацит, Арриан, Флави сынды тарихшылар да жазған. Алайда олардың еңбектері көбіне Рим мен көшпенділер арасындағы жаугершілік қарым-қатынасты сиппатайды.

Сонымен жоғарыда айтылған мағлұматтарды сипаттай отырып, ежелгі дүние ғұламалары, көшпенділер жөнінде өте маңызды әрі мол ақпарат қалдырғандарына көз жеткіземіз. Еліміздің түпкі тамырын зерттеу аясында, Антикалық авторлардың еңбектері үлкен рөлді сомдауы сөзсіз. Сондықтан қолымызға жетіп отырған құнды мағлұматтарды зерделеу, тарихымыздың өшпес мұрасын қалыптастыруда маңызды мүмкіндік.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Артманов М.И. Киммерийцы и скифы. Л: Издание Ленинградского Университета, 1974 – 34 бет
2. Стратоновский Г.А. География. М: Олма-Пресс, 2004 – 177,183 бет
3. Голубцова Е.С. Община, племя, народность в античную эпоху. М: Наука, 1998 – 61 бет
4. Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников Евразийских степей. А: Дайк-Пресс, 2005-136 бет
5. Альябаева И.А., Зайцев С.М., Цветков В.Н. Всемирная история II том. М: Литература, 1996 – 475 бет
6. Альябаева И.А., Зайцев С.М., Цветков В.Н. Всемирная история II том. М: Литература, 1996 – 475 бет
7. Бессонова С.С. Религия скифов. Н: Возможности Киммерии, 1997 – 36 бет
8. Граков Б.Н. Скифы. М: Наука, 1971 – 47 бет
9. Раевский Д.С. Очерки идеологии скифо-сакских племен. Опыт реконструкции скифской мифологии. М: Наука, 1977 – 83 бет
10. Куклина И.В. Этногеография Скифии по античным источникам. Л: Наука, 1985 – 133 бет
11. Мурзин В.Ю. История скифов. Н: Возможности Киммерии, 1997 – 55 бет
12. Лубков А.В., Дворецкая И.А. Всеобщая история 1-том. М: Владос, 1999 – 54 бет
13. Гаврилюк Н.А. Хозяйство и быт Степной Скифии. Н: Возможности Киммерии, 1997 – 17 бет
14. Кулаковский Ю., Сонин А. Аммиан Марцеллин. История вып. 1-3. К., 1906-1908 – 183 бет
15. Треножкин А.И. Общественный строй скифов. К., 1977 – 103, 105 бет

Ғылыми жетекші:

т.ғ.к., доцент Айтмағамбетов Д.Р.

Ақерке Спатаева
(Астана, Қазақстан)

ҚАЗЫҒҰРТ ӨҢІРІ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР

Аңыз – жазба құжатқа түскен дерек емес, ол – белгілі бір ортада, белгілі бір уақыт бойына сақталып келе жатқан дүние. Біреулер аңызды тарихи дерек деп қарастырса, екіншілері оны мүлде есепке алмайды. Аңыз өзінің пайда болуы мен бүгінгі таңға дейін жету кезеңі аралығында талай адамның, ұрпақтың жадында сұрыпталудан, түзетулер мен толықтырулардан өтті. Сондықтан аңыз астарынан шын тарихи дерек таппасақ та, тарихи мағлұмат бере алатын қайнар көзді табуға болады. Десекте, аңыздың астарында ақиқат бар, ол ақиқат араға жылдар салып, сан ұрпақтың сұрыптауынан соң адам сенбес аңызға айналады [1, 32 б.]. Аңыз астарындағы шындықты табу үшін алдымен аңыздың табиғаты мен оның ішкі шарттарын түсініп алу керек. Сондай аңыздардың бір шоғыры – Қазығұрт өңірі жайлы аңыздар.

Қазығұрт өңірі киесі мол жер деп айтуымызға болады. Оның себебі, Қазығұрттың шыңында топан суда Нұхтың кемесі тоқтап, бүкіл адамзаттың тіршілігі Қазығұртта бастау алды деген түсінікте жатыр.

Қазығұрттың 1720 метрлік ұшар биігінде *Кеме қалған* деген жер бар, ал кейде сол жер *Нұх пайғамбардың кемесінің ізі* деп аталады. Сондай-ақ, Нұх пайғамбардың жанындағы адамдарымен *мекендеген үңгірі*, оның *намаз оқыған жері*, үңгірдегі *бес саусағының ізі*, *су ішкен бұлағы* деген атаулар осы аңызды айғақтайтындай [2,23 б.].

Қазығұрт тауының солтүстік жағында бес-алты шақырымдай жерде *Ғайып ерен – Қырық шілтен* деп аталатын киелі (кешенді) жері бар.

Ғайып ерен – Қырық шілтен тастарында әртүрлі іздер бар. Әсіресе аспанға қарап шаншылып тұрған жұмбақ тастағы Ойсыл Қараның ізін көрегенде таңқаларлық. Себебі, түйе жарықтықтың төрт тұяғының ізі тайға таңба басқандай ап – анық.

Тағы бір есте қаларлық із – көлемі қол диірмендей жұмыр тастағы «Баланың ізі» [3, 213 б.].

Тағыда сол сияқты *Ғайып ерен қырық шілтенге* қатысты деректер мен дәйектемелерге қарағанда, қазақ жерінде, соның ішінде Оңтүстіктегі Қазығұрт аймағында исламның сопылық бағыты өткен замандарда кең етек жайған сияқты. Сопылық дүниетанымның кейбір көріністерін жанама түрде болса да топонимикалық материалдардан да аңғаруымызға болады.

Яссауи тариқатының пірлерінің (әулиелері) есімдері қазақ топонимиясында (микротопонимиясында) кездеседі. Әдетте, ондай агитопонимдер (агиомикротопонимдер) сопы қайраткерлерінің жерленген орындарымен байланысты болып келеді. Сопы-пірлердің жерленген орындары киелі болып саналған және де сол сопылардың өмірі мен жасаған кереметтері аңыз-эпсана түрінде халық арасында кеңінен таралған.

Мәселен, Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті болып саналатын Ақбура әулие ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда Қазығұрт баурайынан Түркістандағы намазға қас қағым сәтте жетіп, сол намазға қатысып тұрады екен. Сол кездерден бастап киелі деп санаған бұлақ суын халық «Ақбура бабаның бұлағы», «Ақбура суы» деп атап кетеді. Ақбура әулие Қазығұрттың етегіндегі бұлақтың басында жерленген, күні бүгінге дейін осы жер қасиетті болып саналады. «Ақбура әулие» деп аталатын киелі орынға баратын зияратшылардың қатары азаймайды [4,20].

Қазығұрт өңіріндегі сопылар культімен байланысты тағы бір микротопоним Қазығұрт тауының оңтүстігіндегі Тұрбат ауылында жерленген Ысмайыл атамен байланысты. Көне аңыздардың бірінде жуанның созылып, жіңішкенің үзілуге тақау шағында ел ішінің күйзелген күйін көріп, қатты қобалжыған Ысмайыл ата қолындағы аса таяғын төрт жерге сұққанда сол жерлерден төрт бұлақ атқылап шыққан деседі. Атаудың алғашқы сыңарындағы «шар» парсы сөзі. «Чор» біздіңше «төрт» деген мағынаға ие, яғни «Шарбұлақ» сөзі «төртбұлақ» деген мағынаны білдіреді [4, 272 б.].

Ел аузындағы аңыз бойынша Алатаудың батыс баурайында аласа тауда Қазығұрт атты әулие өмір сүріпті. Ол ақылды да әділ болып, өмірінің соңына дейін Құдайға қызмет етіпті. Талай рет елін апаттан аман алып қалған екен. Күндердің күнінде, Қазығұрт әулие қартайып, шашын ақ шалған сәтте төскейдегі халыққа үлкен апат келеді. Олар бірін-бірі тонап, ел ішінде ұрлық пен зорлық көбейеді. Әлдісі әлсізін, көбі азын тонау әдетке айналып, халық арасында алауыздық етек алады. Адамдар арасындағы ынтымақтан береке кетеді. Осы кезде жаратушы Алла оларға жыландар мен шаяндарды жіберіпті. Аспаннан у аралас жаңбыр жауып, егістіктері уланады. Өзара тіл табыса алмай, Құдайдың қаһарына ұшыраған адамдарды жыландар мен шаяндар шағып, ажал құшағына алады. Ел арасын қорқыныш пен үрей жайлап, зор азапқа ұшырайды. Көбі өліп, аз қалған адамдар Қазығұрт әулиеге келеді. Олар бұл арада жыландар мен шаяндардың жоқ екенін көріп, таң қалады. Қазығұрт әулиеге: – Бізді мына азаптан құтқарып, ажалдан алып қалу тек сенің қолыңнан келеді. Сенің арың Құдай алдында таза, біз сияқты күнәһар пендеңе араша түсіп, ажал мен азаптан құтқар. Қателігімізді мойындап, алдына бас ұрып келіп отырмыз, – деп жылап-еңіреп, аяғына жығылып, бас иеді. Сонда Қазығұрт әулие: – Сендер құдай алдында күнәға батып, кешірілмес қылмыс жасадыңдар. Сол үшін Алла сендерді жазалап отыр. Егер сендер ақымақтық істеріңді тастап, бір-бірінді қинаудан, тонаудан аулақ болсаңдар, араша түсейін, – дейді. Ажалдан қорқып, азаптан үрейленген әлгілер: «Тастаймыз, енді қайталамауға уәде етеміз, егер осыдан құтқарсаң, бәрін де орындаймыз!» – деп шуласып, ант береді. Қазығұрт әулие күнәһарлар күнәсін кешіру үшін Құдайға мінәжат етіп, дұға оқиды. Құдай Қазығұрттың дұғасын қабыл алып, әлгілердің күнәсін кешіреді. Жыландар мен шаяндарды жіберуін тоқтатады. Содан «Қазығұрт – киелі, әулие тау» атаныпты, – дейді тағы да сол көп аңыздың бірі [4,135 б.].

Екінші ескерткіш жайында “Қырық қыз” атты аңыз-дастанда оқиға былай өрбиді:

Қаржан таудың сілем қыраттары Алтынтөбе, Тұрбат, Қақпақ, Қарабау және Өгем тауы аумағында ертеректе Өгем хан билік құрыпты. Өгем хан әділетті хан болады. “Мен өлген соң да елде ынтымақ, бірлік болсын” деп жарлық жасайды. Біреулер Қоқымды, біреулер Тоқымды хан сайламақ болғанымен оның бірі-ұры, бірі – парақор болғандықтан, хандыққа лайықсыз болады. Сол күні хан елді таратып, “ертең барлығың бір-бір жұмыртқа алып келіңдар” деп тапсырады. Ертеңіне хандықтан үміті бардың барлығының жұмыртқаларын бір астауға салып, бір-екі рет шайқап жіберіп: “Ал, өз жұмыртқаларыңды тауып алыңдар” дейді. Ешкім де өз жұмыртқасын табуға сенімді болмайды.

“Ортаңда ханға лайық жан жоқ” – деді хан.

Енді хан соңғы сынағын өткізу үшін үміткерлерді оңаша шақырып: “қобдишаға салынған затты кім тапса, сол хан болады” – дейді. Халық таң-тамаша, жұмбақты шешер ешкім жоқ, Ханның ұлы жоқ, Айханша, Күнханша, Гүлханша деген үш бойжеткен қыздары бар-тын. Сол жиынға үш қызы келіп қалып: “егер ерік берілсе, біз табамыз” – деді. Халықтан рұқсат болған соң:

Үш қыз жасынан жауынгерлік өнерге әбден машықтанған. Батыр қыздар әкесінің кеңесімен ел басқарып, өрелі істер атқарады. Бір жылы Қазығұрттың ар жағынан қаптаған қалың жау келеді.

Гүлханша екі үлкен қарияны елге жау келгенін хабарлауға жіберіп, өздері дұшпан қолын бөгейді. Қарттар тау басына шығып, хан ордаға көмек сұрай айқайлап хабар беріп, өздері тау басында жан тәсілім етеді. Сонда жерлеп, сол тауға “Қосмола” деп ат қойылады. Гүлханша үш күн, үш түн жау қолымен соғысып, Өгем ханнан көмек күтіп, төртінші күн жау басым түседі. Қыздар құзға қарай ығысады.

Гүлханша қол жаяды көкке қарап: “Я,жаратқан! Бізді де дұшпанды да тас қыл” – депті.

Қызыл-жасыл ақкеріш құз қойнында,
Ұқсаған саукелелі қыз бойына
Қырық шақты шоқыны “Қырық қыз” дейді,
Тізілген құлама жар құз бойында.
Қарсы тұста шұбалған қара тасты
Қара ниет жау дейді қас албасты
Базбіреулер “Кәпіртас” деп атайды,
Аямастан қыратын көрі-жасты.

Айханша мен Күнханша Өгем асуында жаумен соғысып, Гүлханшаға көмекке келе алмай, қол үзіп қалады. Жаудың үшінші тобы шатқалға түсіп, Өгем жаққа бет бұрады. Жосалыда қырғын соғыс болады. Күнханша ерлікпен соғысып, ойдағы елден хабар алуға төменге түседі. Ауылды, бауырларын азат ету үшін түнде ордаға еніп, ұйқыдағы жаудың барлығын қырады. Айханша айбарлы, айбынды, әділ, мейірімді хан болады.

Өгемге қайту сапарында қырық қыз:
Асудан көріп қырық қыз-Күнханшаны
Тас болып қатып қалған құзда аршалы
“Иә, Алла, бізді де енді тас қылғын” деп,
Жалынып жаратқанға қолқа салады.

Айханша Өгем елін тегіс билеп, елін жаудан қорғап өткен дейді[5,97 б.].

Жоғарыда айтылған Қаржан тауының бөктерінде орта ғасырлық Алтынтөбе қалашығының өмір сүрген уақытын А.Н. Подушкин X-XVII ғ.ғ. шамасы деп көрсетеді. Бұл дерек халық аузындағы аңыздарға да сәйкес келеді. Халық аузындағы «Қосмола туралы» аңызда ағайынды Қаражан мен Сарыжанға қатысты да осы төбе туралы айтылады. Бұл аңызды қуалай ізденсеңіз, сонау VIII ғасындағы Түргеш дәуіріне кетесіз. Демек, И.Подушкиннің

Алтынтөбе қалашығының өмір сүрген уақытын Х ғасырға қоюы дәл қойылған хронология болмаса да шындыққа жақындайды. Бұл тарих зерттеулерінде аса алшақ кетпейтін уақыт. Бір халықтың екіге бөлінуі ұзақ процес, түргеш халқының екіге жарылуы бір ғана 751 жылғы Атлаш соғысымен ғана бітпейтін болса керек. Бұл процесің суреттерін «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» эпикалық жырында да бейнелейді. Сондай-ақ, бір көрінісі «Қосмола туралы» аңыз Қаражан мен Сарыжанның (Түргеш дәуіріндегі Қаратүргеш пен Сарытүргешпен салыстырыңыз) трагедиялық айырылуымен көрініс береді. Соған қарағанда Алтынтөбе қалашығы Түргеш қағандарының оңтүстік-батыстағы тірек қамал-қорғандарының бірі болса керек. Ал қаланың өмір сүруінің тоқтауына себептер ретінде қазақтың өзге қалалары сияқты батыс пен шығыс елдерін жалғаған Ұлы Жібек жолының ХҮ-ХҮІІ ғ.ғ. құлдырауы, сыртқы жаудың шапқыншылығы мен ең басты себеп ретінде ішкі қырқыстар аталады.

Бұл қаланың өмір сүруін тоқтатуына бірден-бір себепші – ХҮІІ ғ. ел бөлген Тұрсын ханның ылаңы саналады. Бұл туралы халық аузындағы «Жамансай туралы» аңгіме бар. Алтынтөбенің батыс бетінде, оңтүстіктен солтүстікке қарай 5-6 шақырымға созылған ұзын әрі кең сай бар, мұны Жамансай атайды. «Алтынтөбе» кеңшары кезінде мұнда үлкен, аумағы 90-120 гектардай алмабау болушы еді. Бұл сайдың аталу тарихын халық былай деп әңгімелейді. Ертеректе қазақты ағайынды екі хан билепті, бірі Есім хан, бірі Тұрсын хан. Олар бір-біріне бақталас екен. Есім 3 арыс қазақты билесе, Тұрсын 1 арыс қатағанды билепті. Бірде Есімхан ауылын шапқан қалмақты қуып жауға кетсе, Ташкентті билеген Тұрсын хан Есімнің ауылын тағы шауыпты. Мұны естіп қатты қаһарланған Есім қалмақты Жетісудан асырып қуып салысымен, қатағанның ханы Тұрсынның ізін суытпай қуып береді. Екі ханның әскері Сайрам түбінде кездеседі. Ұзақ та қидаласқан соғыс болады. Бұл соғыста Есім ханның әскері басым түседі. Тұрсын хан әскерін оңтүстікке қарай шегіндіреді. Сайрам түбінде жеңілген Тұрсын Есімханға тосқауылды Алтынтөбе қорғанының (ол кезде Сайрам, Шымкент, Тұрбат, Алтынтөбе, Қақпақ секілді қалалар Тұрсын ханның билігінде екен) түбінде қояды. Ол кезде Алтынтөбе жан-жағы нығайған қорғаны бар, мықты қамал еді. Тұрсын соған сенсе керек. Туысқан екі ханның жан алысқан соғысы жеті күн, жеті түн болыпты. Қаһарланған Есімді ешқандай күш тоқтата алмайтын еді. Жағасы тасқын, шеті ор, жар төбесіндегі қамалы берік Алтынтөбе қамалын тас-талқан етеді. Қаланың Ташкент тұсындағы қақпасы жанында қиян-кескі ұрыс болады. Ташкентке қарай шегіне шыққан Тұрсын ханның әскерін 1 шақырым ұзатпай қазіргі Жамансай тұсында Есімнің тосқауыл тобы күтіп алып тағы қидалай түседі. Жан аямас ұрыс болады. Қырылған әскер мен жараланған сарбазда есеп жоқ. Екі жақтан да шығын аз болмайды. Ақыры Тұрсын әрең сытылып Тұрбатты да тастап, Ташкентке барып бірақ тығылыпты. Соғыс аяқталғаннан кейін ұрыс алаңында аяқ алып жүре алмастай тау-тау өлік қалыпты. Сасыған өлік пен қанның иісі күншілік жерге дейін жетіпті. Жауған жауынмен өзен қанға толып қыпқызыл боп ағыпты. Халық кейіннен соғыс алаңы болған сайды ұмытпастай етіп «Жамансай» атап кетіпті. Өлі күнге дейін жөн білетін, тарих білетін жолаушы жұрт Жамансаймен жолай өткенде бет сипап, аттан түсіп, жаяулап өтіп жатады. Осы күндері Жамансайға жақын орналасқан үйлердің тұрғындары кез-келген жерді қазғанда соғыс саймандары, қару-жарақ қалдықтары, түрлі сүйектер шығатынын айтады. Таудан бастау алып, аяыл ішін аралап, Алтынтөбе қаласы жұртының батыс тұсына жақын ағатын, Қаржансуға барып құятын Шығансай деген кішкене өзенше бар. Сол «Қатағанның қырғынында» Шығансайдың іші қанға толып ағыпты. Сондықтан «Іші қан сай» деп жүріп «Шығансай» атаныпты [6].

Ұлан – байтақ қазақ жерінің қай түкпіріне барсаң да жер – су атауларына, тарихи ескерткіштерге қатысты аңыз әңгімелерді көп естиміз. Қазығұрт өңіріне қатысты да түрлі аңыз әңгімелер жетерлік. Аңыздарды салыстыра зерттеп, ғылыми тұрғыдан зерделеудің мәні зор. Жер – су атауларына қатысты аңыздарды ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы Отандық этнология ғылымының дамуына сүбелі үлес қосамыз.

Халқымыздың тарихы мен мәдениетінен және тұрмыс тіршілігінен хабар беретін Қазығұрт өңірі бүгінде өзінің аңызға толы кереметімен барша адамзатты таңқалдыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәжиев Қ. Қазыналы Оңтүстік. Мифтер. Аңыздар. Т. I. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2010. – 328 б.
2. Тұрсынқұлов Қ. «Қазығұрт: аңыз бен ақиқат (әдеби танымдық эссе және көркем шығармалар) – Алматы: «Тоғанай Т», 1998. – 336 б.
3. Дүйсебеков Е. «Қазығұрттағы қырық бір күн». Алматы: «Нұрлы Әлем», 2008. – 264 б. +16 бет жапсырма.
4. Исахова Ш. «Қазыналы Оңтүстік». Алматы: «Нұрлы Әлем», 2011-. 312 б.
5. Айнабекұлы Т. Қырық қыз. – Алматы, 1998. – 168 б.
6. Ел арасынан жиналған этнографиялық мәліметтер.

Муяссар Тожахмедова
(Узбекистон, Наманган)

АХБОРОТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРИ – ЁШЛАР ИЖТИМОЙ РИВОЖЛАНИШИ ОМИЛИ

Илм-фан тобора ривожланиб бораётган бугунги кунда инсониятнинг ахборот олишга бўлган эҳтиёжи ҳам ортмоқда. Бу талабни қоплаш йўлида фаолият юритаётган ахборот тарқатиш воситалари талайгина. Булар орасида Интернет барча фойдаланувчилар учун қулайлиги, арзонлиги, ҳар қандай янгиликни оммага етказишда тезкорлиги билан етакчилик қилмоқда. Мамлакатимизда Президентимиз Ислоом Каримов ташаббуси билан жамиятнинг барча жабҳалари, хусусан, таълим тизимида замонавий ахборот технологияларидан кенг фойдаланишни йўлга қўйишга қаратилаётган улкан эътибор самараси ўлароқ, бугун жамиятнинг барча соҳалари ва халқимиз турмуш тарзига компьютер технологиялари чуқур кириб боряпти. Бундай воситалар аҳоли хонадонларида ҳам ўз ўрнини топмоқда. Бу аҳоли, айниқса, ёшларимизнинг зарур ахборот ва маълумотларни излаб топиш мақсадида дунёдаги етакчи алоқа воситаси – Интернет тармоғидан фойдаланишга бўлган интилишини кучайтираётир. Бу бежиз эмас. Чунки, бугунги тараққий этган замон юксак технологиялар сир-асорини чуқур эгалламай, дунёнинг турли бурчакларида рўй бераётган янгиликлардан ўз вақтида хабардор бўлмай туриб ота-боболаримиз умрбоқий анъаналарининг муносиб давомчилари бўлиш, ривожланган давлатлар қаторидан муносиб ўрин эгаллаш йўлидан жадал одимлаётган мамлакатимиз тараққиётини таъминлашга муносиб улуш қўшиш мушкул.

Бугунги кунда аксарият ёшларимиз ўз олдига ана шундай эзгу мақсад қўйиб яшамоқда. Улар билимга чанқоқлиги, ўқиш, изланиш ва жамоат ишларида фаоллиги, илмий ва ижодий салоҳияти билан бир қаторда замонавий ахборот технологияларининг сўнги ютуқларини ўзлаштиришга бўлган интилиши билан ҳам ажралиб туради. Табиийки, бу эҳтиёж уларни Интернет томон етакламоқда. Мутахассисларнинг маълумотиға кўра, мамлакатимиз ахборот

бозорининг асосий истеъмолчилари бўлган бундай ёшлар ўзларини қизиқтирган саволларга жавобни асосан Интернетдаги электрон манбалар ва веб сайтлардан қидирмоқда. Йигит-қизларимизнинг билим олиш, ўз кўникма ва дунёқарашини кенгайтириш мақсадида фаол изланишлари таҳсинга сазовор, албатта. Аммо, жаҳон алоқа тармоғи орқали тарқатилаётган барча маълумот ва янгиликлар ана шундай эзгу мақсадга хизмат қилаётир, деб бўлмайди. Уларнинг орасида онг-шуури эндигина шаклланиб келаётган навқирон авлод тарбиясига салбий таъсир кўрсатадиган, мавжуд вазият ва ҳолат атайлаб бўрттириб кўрсатилган ёки нотўғри талқин этилган, миллий қадриятларимиз ва бугунги жамиятимиз манфаатларига тўғри келмайдиган ахборот ва маълумотлар ҳам учраб туради. Ҳали ўн гулидан бир гули очилиб улгурмаган, оқдан қорани ажратиш борасидаги ҳаётий тажрибаси етарли бўлмаган ўсмир ва ёшларимизни бундай салбий иллатлар таъсирига тушиб қолишдан асраш бугунги кунда жамоатчилигимиз зиммасига катта масъулият юкламоқда. Бу борада Ўзбекистон алоқа ва ахборотлаштириш агентлиги ҳамда Халқ таълими вазирлиги билан кенг кўламли ҳамкорлик йўлга қўйилган. Шу йўналишдаги саъй-ҳаракатлар самараси ўлароқ, "Зиёнет" жамоат таълим ахборот тармоғининг ресурс маркази ташкил этилди. Мамлакатимиз таълим муассасаларининг ягона ахборот муҳитини яратиш, тизимда ахборот-коммуникация воситалари ва ресурсларидан оқилона фойдаланишни йўлга қўйиш, турли жабҳаларда фаолият юритаётган ёш мутахассислар ва талабаларнинг ахборот ресурсларига нисбатан ўсиб бораётган эҳтиёжини тўла қондиришга хизмат қиладиган фан, таълим, адабиёт, маданият, санъат, спорт, тарих ва бошқа ижтимоий ахборот захиралари базасини шакллантириш ва ривожлантириш ушбу марказнинг асосий вазифалари сирасига киради. Ушбу электрон манбани даставвал фан, техника, ижтимоий-иқтисодий ва гуманитар йўналишдаги ахборот-таълим ресурслари билан бойитиш, ёшларни виртуал ахборот муҳитида бирлаштириш имконини берадиган махсус сайтлар ва клублар ташкил этиш ишлари режалаштирилган. Бу соҳадаги вазифалар ўз вақтида ва сифатли бажарилишини таъминлаш мақсадида вазирлик томонидан ишлаб чиқилган махсус дастур олий таълим муассасаларида жорий этила бошлади.

Давлатимиз раҳбарининг 2005 йил 29 сентябрда қабул қилинган «Ўзбекистон Республикасининг жамоат таълим ахборот тармоғини ташкил этиш тўғрисида»ги қарори бу борада муҳим дастуриламал бўлмоқда. Мазкур ҳужжат ва Вазирлар Маҳкамасининг шу асосда қабул қилган қарорида белгиланган вазифалар ижросини таъминлаш мақсадида вазирлик ва барча олий таълим муассасаларида ушбу соҳа мутахассисларидан иборат махсус ишчи гуруҳи тузилган. Бу борада Ўзбекистон алоқа ва ахборотлаштириш агентлиги ҳамда Халқ таълими вазирлиги билан кенг кўламли ҳамкорлик йўлга қўйилган. Шу йўналишдаги саъй-ҳаракатлар самараси ўлароқ, "Зиёнет" жамоат таълим ахборот тармоғининг ресурс маркази ташкил этилди. Мамлакатимиз таълим муассасаларининг ягона ахборот муҳитини яратиш, тизимда ахборот-коммуникация воситалари ва ресурсларидан оқилона фойдаланишни йўлга қўйиш, турли жабҳаларда фаолият юритаётган ёш мутахассислар ва талабаларнинг ахборот ресурсларига нисбатан ўсиб бораётган эҳтиёжини тўла қондиришга хизмат қиладиган фан, таълим, адабиёт, маданият, санъат, спорт, тарих ва бошқа ижтимоий ахборот захиралари базасини шакллантириш ва ривожлантириш ушбу марказнинг асосий вазифалари сирасига киради. Ушбу электрон манбани даставвал фан, техника, ижтимоий-иқтисодий ва гуманитар йўналишдаги ахборот-таълим ресурслари билан бойитиш, ёшларни виртуал ахборот муҳитида бирлаштириш имконини берадиган махсус сайтлар ва клублар ташкил этиш ишлари режалаштирилган. Бу соҳадаги вазифалар ўз вақтида ва сифатли бажарилишини таъминлаш мақсадида вазирлик томонидан ишлаб чиқилган махсус дастур олий таълим муассасаларида жорий этила бошлади.

Хулоса қилиб айтганда, мамлакатимизда ахборот технологиялари соҳасида тўпланган бундай ютуқ ва тажрибалар "Зиёнет" жамоат таълим ахборот тармоғини шакллантириш ва бойитиш, ёш авлодни она Ватанга ва миллий истиқлол ғояларига садоқат руҳида тарбиялаш, йигит-қизларимиз онг-шуурига юксак маънавий-ахлоқий фазилатларни синдиришда муҳим омил бўлиб хизмат қилиши шубҳасиз.

Одилжон Топилдиев
(Ўзбекистон, Наманган)

НАПРАВЛЕНИЯ ДУХОВНОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЁЖИ

Сегодня в период глобализации забота о развитии поколения, стремление воспитания здоровой, высоко духовной молодежи является актуальной задачей стоящей перед общественностью. Как отмечал наш Президент И.А.Каримов, «Сегодня стремительное время, сама жизнь в сфере воспитания молодежи ставит перед нами всё новые, важнейшие и актуальные задачи». Поэтому с первых же дней независимости было уделено отдельное внимание на воспитание и образование молодежи, проведение поэтапных, системных реформ в сфере повышения их духовности. Так, в законе «Об основах государственной политики в Узбекистане в сфере молодежи» от 20 ноября 1991 года были обозначены суть и основные направления политики в сфере молодежи. Также государственные программы «Год здорового поколения», «Год молодежи», «Год совершенного поколения», «Год здорового ребёнка», указ «О дополнительных мерах направленных на проведение государственной политики в сфере молодежи в Республике Узбекистан» от 6 февраля 2014 года под №ПК-2124 и другие нормативно-правовые акты становятся основой в воспитании здорового, высоко духовного, развитого поколения.

Конечно же, сегодня уделить внимание на нерешенные проблемы молодежи как основной части населения и воспитание здорового и развитого поколения являются обязанностью не только государственных органов и образовательных учреждений но требуют также внимания широкой общественности. В решении этой важной стратегической задачи на сегодняшний день требуется участие семьи, махали, общеобразовательных учреждений и институтов гражданского общества. Лица занятые воспитанием молодежи то есть, в семье это родители, в махалле – соседи и широкая общественность, в образовательных учреждениях – учителя и преподаватели ответственны в том, что бы будущее поколение должно быть достойно своих великих предков. В этом смысле, семья, махалля, учреждения образования становятся настоящей средой духовного воспитания и начальные понятия об почитании старших, уважении младших, гуманизм, любовь, верность Родине формируются именно в условиях семьи, махали и образовательных учреждений.

Если сможем с детства воспитать молодежь со здоровой верой, высоко духовным мировоззрением, они вырастут просвещёнными, развитыми и самостоятельными во взглядах. Так как молодежь относится к такой социальной группе общества, которая обладает чутким чувством восприятия и чувствительно к положениям несоответствия слов и практики. Многие вещи являющиеся обычным явлением для взрослых могут иметь сильное действие на ещё несформированное сознание молодежи. Поэтому надо не пугаться высказывать правду перед молодежью, избегать фальши, открыто и ясно излагать существующие проблемы. Но некоторые родители воспитание молодежи перекладывают ответственность на образовательные учреждения или же на общество с безответственным утверждением «Что предназначено того не изменишь».

Также отрицательными факторами влияющими на поведение, нравственность и духовное воспитание молодежи являются следующие:

- духовные угрозы в виде информации безнравственного, порнографического характера через интернет (и посредством фильмов, клипов, фотографий и др. на телефонах);
- рост интереса у молодежи к «массовой культуре» и распространяемая через интернет неверная информация;

- нездоровий образ життя (п'янство, курення, наркоманія і др.);
- комп'ютерні ігри ґрунтовані на жорстокості;
- низький рівень самих батьків;
- неконтрольованість і безнадзорність (соціальне сиротство);
- невисокий інтерес до освіти;
- супереччя по причині матеріальних проблем;
- непомітність, безрозличчя до змін у дитини;
- неплідне використання вільного часу.

Як видно з вищесказаного, для підрастання молоді духовно розвинутою і фізично здоровою першочолно потрібно усунути негативно впливаючі фактори. Це в свою чергу потребує самоотверженності у родини, махалли, освітніх закладів, органів захисту, державних і недержавних організацій і взагалі у кожного громадянина. В цьому відношенні основною задачею родини, махалли і освітнього закладу є виховання майбутнього розвинутого покоління, що відповідає вимогам суспільства. Патріотизм молоді починається з виховання в родині, махаллі, освітнього закладу, не цінячий свою родину, махаллю, місце освіти не стане цінити і Родину. На сьогоднішній день в ділах виховання, що вимагають участі всіх напрямків і галузей виховання, мають актуальне значення забезпечення комплексного, системного підходу.

Направлення комплексно-системного підходу, спрямованих на вивчення впливу на виховання молоді, можна побачити в наступному:

1. Види виховання – виховання моральності, тіла, праці, духовності.
2. Методи виховання – індивідуальний метод, суспільний метод, масовий метод.
3. Засоби виховання – наука, культура, література, мистецтво, преса, радіо, телебачення, театр, кіно, інформаційні технології, інтернет.
4. Фактори виховання – родину, школа, махалля, суціальне середовище.
5. Процес виховання – час до навчання, час навчання, час праці, вільний час після робочого часу.

Значить, в вивченні впливів, спрямованих на духовне виховання молоді, в основі напрямків системного підходу потребують рішення питань життєвих бажань, зайнятості і інших інтересуючих їх питань. Це, в свою чергу, показує необхідність співпраці родини, махалли і освітніх закладів в духовному вихованні молоді.

Думаючи про майбутнє і перспективі молоді в сучасний період глобалізації для підвищення ефективності духовного виховання молодого розвинутого покоління, цілеспрямовано даємо наступні пропозиції:

1. Совершенствувати діяльність державних і недержавних організацій і суціальних рухів, що займаються діяльністю в сфері молоді, повноцінне використання всіма їх можливостями.
2. Зміцнення духовних, просвітельських і ідеологічних робіт, пов'язаних з діяльністю молоді, координація всіх діл в цій сфері, організація постійних виступів за допомогою засобів масової комунікації, радіо в цілях широкого пропаганди традицій і звичаїв, що слугують прикладом для молоді в махаллях, організація заходів.

Зміцнення діяльності фахівців, безпосередньо займаються питаннями духовності в школах, ліцеях, коледжах, вищих навчальних закладах також розвиток національних основ духовно-просвітельських, виховальних робіт в освітніх закладах і кожен місяць або три місяці організація «родительських днів». Також, для зміцнення співпраці між родині, махаллей, освітніми закладами в цілях здійснення контролю молоді необхідно встановити «дні відкритого спілкування» в них. Системна організація залучення в освітні заклади постійно пропускаючи уроки навчальної молоді в співпраці з навчальними закладами, активними махалли також з допомогою ради співпраці, постійна і індивідуальна робота з молоді з важким вихованням, невнимательними батьками.

4. Організація психологічних центрів, що тривало вивчають образ життя, душевне стан і інтереси молоді і ведення їх діл на основі спеціального плану і програми.

5. Критичний аналіз виховального значення фільмів, мультфільмів, відеороликів, пісень, фотографій, що пропагандують «масову культуру» з участю молоді і формування у молоді ідеологічного імунітету і культури інформаційного споживання.

6. Врахування специфіки вікового періоду в процесі пропаганди національних цінностей серед молоді, формування трудолюб'я, дисципліну, почуття відповідальності.

7. Створення умов для плідної організації вільного часу у молоді, широке залучення до корисних занять і розвитку діяльності різних наукових і спортивних клубів.

8. Для зміцнення принципів здорового образу життя у молоді в цілях їх захисту від п'янства, курення, наркоманії, безморальності, загроз масової культури в махаллях, освітніх закладах на постійній основі проводити роз'яснювальні роботи про небезпеку тероризму, релігійного фундаменталізму, місіонерства за допомогою круглих столів і зустрічей.

9. В сфері підтримки молоді з родині життя організація системної і адресної роз'яснювальної роботи в махаллях. Підтримка, що потребує суціальної захисту молоді і молодих родин і підвищення їх медичного знання.

10. Проведення заходів, семінар-тренінгів, спрямованих на підвищення правових, духовно-моральних, психологічних, педагогічних і фізіологічних знань батьків в сфері виховання розвинутого покоління.

11. Підтримка суціальної активності, роботи над собою, прагнення до нового, ініціативності молоді в родині і махаллі а також створення ще більш широких можливостей підприємництва молоді.

12. Введення обов'язку і розвитку діяльності «Лідера молодих» в системі органів самоуправління громадян в роботі неорганізованої молоді.

13. Для виховання здорового покоління формування екологічного виховання з раннього віку, розвитку у них свідомого відношення до оточуючого середовища і екології, проведення на постійній основі співпраці махалли і освітніх закладів, спрямованих на організацію виховальних заходів, спільного вивчення і широкого поширення досвіду родин з правильно поставленим вихованням.

Заключая можно сказать, что проводимые различными методами работы образования и воспитания имеют важное значение в деле воспитания и подрастания физически здорового, духовно развитого поколения. Так как, в новом тысячелетии судьбу государств, народов будут решать не материальные богатства а интеллектуально полноценная, зрелая и высоко духовная молодежь. Поэтому, сейчас в стране проводятся полноценные работы в сфере обеспечения непрерывного, органически связанного образования и воспитания.

Литературы:

1. Каримов И.А. Углубление проводимых реформ и построение гражданского общества – основа светлого будущего. – Тошкент: Узбекистон, 2013. – Б.40.
2. Каримов И.А. Юсак маънавият-енгилмас куч. – Тошкент: Маънавият. 2008 й.

У.У. Умиткалиев, Сырым Абылқайдаров
(Казакстан, Астана)

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ҒҰРЫПТЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялап, жаңа даму жолына түсуіне байланысты оның ішкі мәдени салаларында үлкен өзгерістер болып жатыр. Бұл әсіресе Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасынан тікелей көрініс тауып отыр. 2004 жылдан бері қолға алынып отырған бұл бағдарлама ұлтымыздың тарихқа өркеніеттілік тұрғысынан қарауының өлшемі екендігін көрсетеді және де ол Қазақстандағы көптеген ескерткіштердің толыққанды зерттелуіне де жағдай жасап, тарих қойнауындағы түйіткілі көп мәселелердің шешімін шығаруға бастама ретінде археологияға да зор серпіліс алып келді. Мемлекеттік қаржыландыруға сай көптеген ескерткіштерде кешенді далалық зерттеулер жүргізіліп, бірқатар нысандардан тың материалдар алынды. Жыл сайын жаңа мағлұматтар алынып, қомақты археологиялық қор жасалынды.

Солардың қатарында адамзат тарихының үлкен бір белесті кезеңін қамтитын қола дәуірі ескерткіштері көптеген ғалымдар назарын аудартып отыр.

Қола дәуірі адамзат тарихындағы маңызды тарихи-мәдени кезең болып табылады. Себебі бұл уақытта қола металлургиясы кең қанат жайып, ол еңбек құралдары мен қару-жарақтарды жасауда басты материалға айналды да, қоғамдағы өндірістік қатынастардың дамуына өз септігін тигізді.

Қазақ жеріндегі археологиялық ескерткіштерді зерттеуге В.В. Радлов мол үлес қосты. Ол 1862 жылы Аягөзге жақын маңнан, Қарқаралы округынан, Семей төңірегінде бірнеше қола дәуірі нысандарында қазба жұмыстарын жүргізеді де, сол уақыттарға жаттын бұйымдарды (мыс, пышақ, т.б.) аршып алады. Мұндай заттарды В.В. Радлов Құланды, Ақмола өңірлерінен де тапқан болатын. [1]

XX ғасырдың бас кезінде Шығыс Қазақстаннан Ф.Н. Педашенко, А.Н. және Б.Н. Белослюдов секілді зерттеушілер андронов мәдени-тарихи қауымдастығына жататын ескерткіштерді тауып зерттеді. [1]

1935,1937 жылдары Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі – С.С. Черников) Қалба, Нарым жоталарынан ежелгі қалайы, алтын, мыс кен орындарын іздестірді және археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. [2]

1947 жылғы маңызды зерттеулер қатарына Семей облысы Абай ауданындағы Л.К. Нифонтова ізденістері жатады. Бұл зерттеуші Қазақстан Орталық музейінің этнографиялық экспедициясын басқарып жүріп, Сарыкөл ұжымшары маңынан 35 обадан тұратын қорым ұшырастырады да, оның үш обасында қазба жүргізеді. [3]

Шығыс Қазақстан аймағында қола кезеңіне тән тарихи жәдігерлердің нақтылы табылуы, зерттелуі бұл аймақтың Отан тарихындағы ерекше орын алатынының тағы бір дәлелі. Шығыс Қазақстан аймағының қола дәуіріне тән ерекшеліктеріне тоқталсақ.

Қола дәуірін терең зерттеген белгілі ғалым С.С. Черников Шығыс Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері төрт кезеңге бөледі.

- Усть-Бөкен кезеңі (біздің заманымызға дейін XVIII–XVI ғасырлада)
- Қанай кезеңі (біздің заманымызға дейін XV–XIII ғасырлада)
- Кіші-Красноярка кезеңі (біздің заманымызға дейін XIII–IX ғасырлада)
- Трушниково кезеңі (біздің заманымызға дейін IX–VIII ғасырлада)

Кейіннен осы өңірдің қола дәуірін зерттеушілер тарапынан жасалған кезеңдемелер де осы кесте негізінен шыға алмады.

Шығыс Қазақстанның ерте қола кезеңіне жататын Усть-Нарым ауылы жанындағы қоныс Ертіс өзенінің жағасында орналасқан. Бұл қоныста С.С. Черников зерттеулерінде екі үйдің орны қазылып, зерттелді. Үй жердің бетіне салынған. Көлбеу екі қатар сырғауылдардан шатырша етіп үйдің ағаш қабырғасын тұрғызған. Содан соң оның үстіне қамыс, аң терілерін жапқан. Үйдің ортасында тас ошақ болған. Ал осы қоныста зерттелген тағы бір үйдің көлемі үлкен, ұзындығы 11 метр де, ені – 8 метр. Алдыңғы үйдегідей көлбеу бағаналардың ізі жоқ, үй жер бетіне ағаштан қималанып салынған. Тамақ істейтін, үйді жылытатын ошақ үйдің солтүстік бөлігінде орналасқан. Үйдің сыртында аулада тағы бір ошақ болған. Ол ашық жерде орналасқан, оның үстінде жай жаппа сияқты қалқа болған болуы керек. Адамдар бұл ошақты жазда пайдаланған. [4]

Бұл екі үйдің орнынан, күл төкпелерінен мынадай заттар табылған: сүйек немесе мүйіз заттар – пышақ, біз, тері жұмсартқыш қалақша, жылқының тобығынан жасалған адамға ұқсас бейне, асықтар, т. б. Пышақ малдың жілігінің жарықшағынан жасалса, біз көріжіліктің қасындағы сүйектен, тері жұмсартқыш ұсқы өгіздің жақ сүйегінен жасалған. Жылқының тобығынан жасалған бейне адамның пошымына келеді. Тастан жасалған заттар: тас келсап, кетпен, дәнүккіш қалып, кең үгітетін балға, жұмыртқа пішімді зат, қайрақ, ұршықтың басы, атқыш тас, тас құты, т. б. заттар. Балшықтан жасалған заттар, әр түрлі ыдыстардың сынақтары. Металл заттардан тек бір қола орақтың сынығы табылды.

Шығыс Қазақстанда зерттелген, сондай-ақ Кіші Красноярка, Трушниково қоныстарындағы, жерлеу орындарынан табылған, қоладан жасалған, тарихи-мәдени құнды заттар: қанжар, білезік, шот, қайла, жебелер, шоқпардың бес емшекті басы (тас), найза ұшы, орақ, балта-шоттар, пышақтар табылған болатын.

Қола дәуірінің соңына қарай тайпалар арасында алыс-беріс күшті дамиды. Шығыс Қазақстандықтар бұл кезде, әсіресе бір жағынан Жетісуды, екінші жағынан Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалармен тығыз

араласқан. Бұл олардың арасында қола, алтын, геометриялық өрнекпен өрнектелген қыш ыдыстар, мал түліктерімен ауыс-түйісінен, айырбасынан көрінеді.

Сондай-ақ соңғы қола дәуірі ескерткіштерінің ортаңғы қола дәуірі ескерткіштерімен – Андронов мәдениетімен сабақтастық байланысы да аңғарылады. Бұл қабір үстіндегі құрылыстардың құрылымынан (қоршаулар тікбұрышты, шаршы және шеңбер түрінде болып келеді), жерлеу құрылыстарынан (жерден қазылған қабір шұңқырлары, тас жәшіктер, цисталар), жерленгендердің жатқызылуынан (өлікті оң немесе сол қырынан бүгіп жерлеу), оларды белгілі бір бағытқа қаратып жерлеуден (басын оңтүстікке қаратып салып, аздап батысқа бұру), жерлеу мүліктерінен (бітімі жатық құмыра түріндегі қыш ыдыстар), ою-өрнектерден (кейде ыдыс тұтастай ою-өрнекпен көмкеріледі) көрінеді. Сонымен бірге Шығыс Қазақстанның соңғы қола ескерткіштерінде бір-біріне жалғасқан шеңбер қоршаулар құрылысынан, бір қабірге бірнеше ересек адамды, кейде балаларымен бірге жерлеуден көрінетін Оңтүстік Сібір мен Алтайдың қарасұқ тайпалары мәдениетінің ықпалы аңғарылады. Бұл ықпалдың қыш ыдыстада, металл бұйымдарда да (пышақтарда, әшекейлерде) ізі бар. Бұл аймақтың соңғы қола заманына қыры сәл қайқылау, сапты және шығыршықты тұтқыры бар қола пышақтар, қоладан істелген қусырма және сына тәрізді қашаулар, шеге тәрізді заттар, қайлағар, дөңгелек қалпақша тәрізді бөйегі бар қанжарлар, шот-күректер, қырлы дүмі шығынқы балталар, ойығы бар шапа шоттар тән болып келеді. Неғұрлым көрнекі материалдар Қанай ауылы маңындағы қоныстан, қорымдар мен құрбан шалатын орыннан, т.б. қорымдардан алынды. Оның есесіне әшекей заттарының жиынтығы көбірек, әрі алуан түрлі. Бұлар шетіне мұқыл шегемен ою-өрнек салынған және ою-өрнексіз конус тәрізді қола тоғалар, самайға таға – тын алтын сырғалар, мыс моншақтар, жыртқыш аңның тісі, тас салпын – шақтар. Әшекейлердің көпшілігі қоладан немесе мыстан жасалып, алтынмен қапталған. Бұлар салпыншақты сырғалар, бұрама сымдардан жасалған конустар, өрнегі қабырғалары сызылған үш бұрыштар болып келетін, түйнектері мен каннелюрлері бар тармақты салпыншақтар, ромбының әрбір ширегінде біріне-бірі тік келетін қосарлас сызықтармен өрнектелген ромб тәрізді қаптырма, үш бұрышты қаптырма және басқалары.[4]

Мәйіттер сол жағына бүгіліп басы шығысқа әлде батысқа қаратылған. Мәйітті жатқызып қюмен қатар мәйітті өртеген обалар да кездеседі. Соңғысына тән ерекшелік мүлкімен қю білінбейді. Ерте қола дәуіріне жататын жерлеу орынында мәйітті жатқызып қю тән. Дегенмен, өртеу сирек кездеседі.

Шығыс Қазақстан жеріндегі ең ертедегі ескерткішке жататын Қанай ауылындағы бейіт. Ол жер үстінде тігінен қойылған тақта тастардан тұратын шаршы қоршау. Қоршаудың қабырғалары әлемнің төрт жағына қарай бағдарланған. Жерден қазылған қабірден бастарын шығысқа қаратып, шалқасынан жатқызылған еркек пен әйелдің сүйектері шықты. Сүйектердің бір азы жосамен боялған. Қабірде өлік асының қалдықтары, жебенің жайпақ қола ұшы, ашық – жасыл түсті тас моншақ т.б. табылды [5].

Қола дәуірінің ортаңғы (дамыған) кезеңіндегі Шығыс Қазақстан жеріндегі қорымдардың үлкен тобымен сипатталады. Олар Қанай ауылы маңындағы қорымдар мен құрбан шалатын орыннан, Зевакино селосы, Кіші қойтас қойнауларындағы және т.б. қорымдардан алынды. Ертістің оң жағалауында орналасқан Зевакино қорымы әр кезеңдегі 500-ден астам, Қанай қорымы 15 бейіт құрылыстарынан тұрады. Бір қабірге бір ғана өлік жерленгенде оларды жерден қазылған қабірлерге, тас жәшіктерге, цисталарға және ағаш қималарға қоятын болған. Жерленгендер сол және оң қырынан, басы батысқа және солтүстік – батысқа қаратылып, бүктетіліп жатқызылған.

1985 жылы Шығыс Қазақстан территориясындағы Ә.М. Оразбаев қазба жүргізген Қойтас және Баймұрат қорымдарының жерлеу ғұрпын, керамикасын, қола бұйымдарын андронов мәдениетіне жатқызылып, б.д.д. XVIII-XIV ғғ. мерзімделді. Қойтас және Баймұрат қорымдарынан табылған палеоантропологиялық материалдар О. Смағұловтың алдынала жасаған пайымдауы бойынша шығыс элементтерінің араласа бастауы байқалатын европоидтарға жатады. [6]

Қорыта келгенде, Шығыс Қазақстан қола дәуірінің ескерткіштері, археологиялық мәдениеттері Еуразия көне тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Шығыс Қазақстан қола дәуірі туралы көптеген археологтардың еңбектері арқылы әлем жұртшылығы қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар екендігін, оның тамыры тереңде екендігін біледі. Сондықтан да ілкі замандарды зерттеген мамандардың еңбектері дүниежүзілік рухани-ғылыми мұраның қомақты да салихалы бөлшегі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Қ. Құрманқұлов, Д.С. Байғунаков. «Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері)» / Алматы, 2008.
2. Черников С.С. «Восточный Казахстан в эпоху бронзы» / МИА, №88. М.: -Л., 1960-271 с.
3. Нифонтова Л.К. «Андроновское погребение в Абаевском районе Семипалатинской области» / Известия АН КазССР. Сер. археол. 1949. Вып. 2. 143-147 с.
4. «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)». Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010.
5. Акишев К., Байпаков К. «Вопросы археологии Казахстана». – А., 1979.
6. Оразбаев А.М., Омаров Г.К. «Некоторые итоги археологического исследования Восточного Казахстана» / Проблемы изучения и сохранения исторического наследия (материалы международной археологической конференции). – Алматы: 1998. – С. 9-71.

У.У. Умиткалиев, Гаухар Эшбекова
(Астана, Казахстан)

ШЫҒЫСТАУ ӨНІРІНІҢ ТОПОНИМИКАСЫ

Қазақ халқының өткені мен бүгінгі тарихын білу, оның тікелей жер-су атауларына байланысты болып келеді. Дегенмен, көптеген жер-су атаулары халықтың басынан өткен «сан қилы» замандарында өзгерістерге ұшырап кетіп отырған. Осы себеппен, көптеген топонимдердің халық есінен шығып кетіп бара жатқандығына байланысты, олардың шығу тарихын зерттеу, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Қазақстан жеріндегі әрбір жер-су атауларының өзіндік терең тарихи мағынаға ие. Олардың әрқайсысының атаулары заман талабына сай, қоғамның өзгеруіне байланысты және әртүрлі үлкен тарихтың белесті кезеңдеріне қатысты, халықтық әдет ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б. жағдайларға байланысты өзгеріп отырған.

Осы тақырыпқа қатысты этнотарихи және лингвистикалық талдау жүргізу, бұл материалдардың негізінде географиялық атаулардың фонетикалық-грамматикалық және семантикалық өзгешеліктерін, этимологиясын айшықтау бүгінгі күннің өзекті мәселелері қатарына жатады.

М. Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Кайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деп суреттесе, халқымыздың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» деп, жер-су атаулары елдің болмысы, салт-дәстүрі, тілі, діні екенін, ешқашан жөн-жосықсыз, ойсыз-мәнсіз кездейсоқ қойыла салмағанын еске салады [1, 3 б.].

«Жер-судың аты – тарихтың хаты» демекші топонимдердің негізінде біз көне тарихымызды соның ішінде ежелгі тұрмыс-салтты, жергілікті тұрғындардың мәдениетін, тілдік қатынастардың рөлі сияқты сан-алуан сауалдарға жауап таба аламыз. Кейбір географиялық атаулардағы «фактілер» өте құнды әрі оның түпкі мән мағынасын қалың көпшілік біле де бермейді.

Ал ондай тарихи деректерге жетелейтін мән-мағынасы терең әрі бояуын жоғалтпаған, кеңестік дәуірдің түрленіне түспеген, тоқымдай болса да қазақ даласында ішіне сырды бүгіп жатқан өңірлер баршылық. Солардың қатарына биылғы жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Шыңғыстау археологиялық және этнологиялық экспедициясы» жүргізген зерттеулерді айта аламыз.

Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданы, Шыңғыстау өңірінің топонимдері де республикамыздың басқа өңірінің топонимдері сияқты сан ғасырлық тарихы бар. Шыңғыстау – Сарыарқаның шығыс бөлігіндегі тау жотасы. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылған. Шығыс Қазақстан облысының Абай, Аягөз аудандары аумағында орналасқан. Осы Шыңғыстау бауырында қазақтың данышпан ақыны, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбаев дүниеге келген.

Тарихы тереңге тамыр тартқан Шыңғыстау аумағының жер-су атауларында үлкен мән-мағына жатыр. Бұл аймақтың топонимикасы түркі және моңғол тілдері арасындағы лексикалық бірліктердің ауысу процестері көнеден келе жатқан тілдік құбылыс екендігі, орыс тілінен енген атаулардың отаршылдық дәуірдің көрінісі деуге болады. Шыңғыстау өңірінің тарихын терең зерттеген ғалымдардың бірі, ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастика комиссиясының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор «Абай ауданының топонимикасы» атты кітаптың авторы А. Жартыбаевты атап айтуға болады [2]. Ғалым туған өлке тарихы мен атаулардың сырын ашу мақсатында ауданның топонимикасына талдау жасап, ауданға қарасты жер-су, елді-мекен атауларының шығу тарихы мен олардың қойылу себептерін терең зерттеді. Дегенмен Шыңғыстау өңірінде әлі де болса өзінің тарихи бағасын алмаған жер-су аттары жетерлік.

Өңгімеміздің арқауын сол Шыңғыстау атауының топонимикасынан бастасақ, бұл жайлы талай мәліметтерге жолығамыз. Шыңғыстауға байланысты ел ішінде «Ол жерге Шыңғыс хан келген екен, содан Шыңғыстау аталыпты» дейтін жорамал да бар. Ал тағы бір пайымдауда «Бұл жерде Шәңгіш деген өсімдік көп өседі. Содан әуелде Шәңгіш тау аталған, кейіннен Шыңғыс тау болып дыбыстық өзгеріске ұшыраған» дейді. Бұл жорамал да негізсіз емес» [3].

М. Әуезовтың шығармаларының елу томдық толық жинағының жиырма тоғызыншы томында Шыңғыстау тауы туралы сипаттама берген. Бұл сипаттамасында «Тау аты – Шыңғыс... Бұны атам заманнан атақты Шыңғыс хан мекен еткен... Биігінің аты – Хан. Сонау көк тау – Орда... Шыңғыстың ордасын тіккен жері». Сондықтан да халық ол жерді Шыңғыстау немесе Хан Шыңғыс деп атап кеткен [4, 35 б.].

Бердібек Бияровтың қазақ топонимдерінің типтік үлгілері атты кітабында: «Хан сөзі «түркі, моңғол халықтарында ең жоғарғы лауазым аты» екені анық. Топонимжасамда «тарихта болған әлдебір ханның мекенін, ханға байланысты оқиға болған жерді немесе хан тәрізді ерекше бөлек тұратын, биік нысандарды» атауға қатысады. Мысалы Хан+Шыңғыс» [5, 35 б.].

Шыңғыс хан мен қазақ хандары ту тіккен Шыңғыстау мен Ұлытау өңірлері – тарихтың қайнар көздері. Осы өңірлерде жауға шапқан *Жалаңтөс (Соқыр), Жидебай, Сеңкібай, Байғозы, Ағыбай, Олжабай, Күшікбай, Қарабас* батырлардың ерлік істері елде жақсы сақталып ауыл, жер атауларына осы батырлардың есімдерімен тікелей байланысты [6].

Шыңғыстаудың солтүстік беткейінен Шаған және Ащысу, Қарауыл, Мұқыр, Қарашоқы, Саға, Құндызды, Жаңа арна, Қалғұты өзендері ақса, оңтүстігінен Бақанас, Дағанделі, Құрбақанас, Көксала т.б. өзендер басталады. Ал, Шыңғыстау бөктеріндегі атақты Жидебай, Бөрілі – қазақтың Абайын, Шәкәрімін, Мұхтарын кемеңгер етіп, дүние жүзі ұлыларының санатына жеткізіп, олардың есімін өлемге паш етті.

Сонымен, Шыңғыстау баурайындағы өзен, көл атауларының мағынасына тоқтала кетсек. Ақ сөзі су терминімен тіркесіп, ең алдымен судың түсін (лай, айран, түстес, ақ балшық, араласқан) білдіретіні байқалады. *Айран, Ақсу, Ақбұлақ, Ақ Қалғұтты, Ақкөл, Ақкен, (Ақкөл), Ақ Қаба* т.б. өзендердің суы ақ түсті, лайлы болып келеді. Өйткені бұл өзендер бастау алатын мұздықтар ақкүлгін, сары топырақпен араласып жатады. Ақсу гидронимі құрамындағы ақ сыңары «ағу» етістігін білдіреді деген пікір де ойлануды қажет етеді. Өзен біткен ағатын, жалпы су біткеннің ағатыны «су» терминінің өзінен-ақ білініп тұрады [7, 52 б.].

Шыңғыстау жотасынан бастауын алып, Ертіс өзенінің сол жақ саласы болып саналатын Шаған өзені. Шаған – моңғол тілінен цагаан «ақ», «боз» деген мағынаны беріп, кейіннен қосарлана қолдану арқылы тілімізге қолданысқа еніп кеткен. /Мыс. Ақ шаңқан киіз үйлер тігіліпті/. және де, Шаған – қалмақтарда ақ түсті білдірсе, бірде дінбасы атауын білдіреді. Ал, кейбір деректерде Шаған сөзі «биік әрі діңі түзу, бұтақсыз болып өсетін ағаштың» аты. Топонимжасамда «шаған ағашы өсетін жер» мағынасында күрделі атаулар тудырады [5, 233 б.].

Бақанас. Бақан – «Киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндіктерді көтеріп жабуға керекті ашалы ағаш» мәніндегі *бақан* сөзі метафоралық жолмен «басы, кейде аяғы екі салаға бөлініп кететін нысанды» атау арқылы топонимжасамға қатысады. Мұндағы *Бақанас* гидронимін моңғ. *богино* «қысқа, шолақ, келте» + ус «су» сөздерінің бірігуінен шығаратын ғалымдар да бар (Ф. Қошқашпаев т.б.): *Богиноус* > *Бақанас*. Бұл жерде төреші, әрине, географиялық нысанның өзі болып табылады [5, 150 б.].

Енді Шыңғыстау маңайындағы ауылдардың топонимдеріне келсек, Мысалы: Бөрілі – сын есім сөз жасамының аса өнімді жұрнақтарының біріне жататын – *лы*, – *лі* топонимжасамда да тым белсенді. Белгілі бір заттың, не құбылыстың атына жалғана отырып «сол заттың, не құбылыстың белгілі бір жерде бар, мол екенін» атап көрсетеді. Мысалы Бөрілі ауылы – бөрі көп болғандығын аңғартып тұр.

Қарауыл (өзен, ауыл) – сөзінің негізгі мағынасы «бір нәрсені қорғау, сақтау, күзет» мағынасы. Топонимжасамда «қарауыл, күзет, қоюға ыңғайлы жерлерді» атап көрсетеді.

Жидебай – «Жиде» сөзі «ыстық жерде өсетін, қызыл-қоңыр түсті жеміс ағашы» мағынасын беретін фитоним екені мәлім. Топонимжасамда «жиде ағашы мол өсетін жер» мәнінде қатысады.

Мақала мазмұны, Шыңғыстау өңірінің жалпыға таныс ауылдары мен өзендерінің топонимикасы жайында болды. Жалпы, Шығыс Қазақстан облысындағы жер-су атауларының 20 %-ғы жуығы славян және басқа да тілдерден енген. Сонымен бірге қазақша атаулардың өзі де орыс тілінің ықпалымен өзгерістерге ұшыраған. Шыңғыстау өңірінің біз білмейтін жер-су атаулары көптеп кездеседі, Мысалы; Бестамақ, Сарғалдақ, Самай, Босаға өзені, Барлыбай өзені, Тай өзені, Көкен тауы, Арқат-Бұрқат таулары, Бұғылы-Машан тауы, Дегелең-Доғалаң таулары, Үлкен және кіші Шұңай таулары, Дөлбегетей тауы т.б. атаулардың анықтамасы жоқ екені бәріне мәлім. Сондықтан да, біздің алға қойған жоспарымыз Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Шыңғыстау өңіріне барып, экспедиция нәтижесінде, ұмыт болып кеткен жер-су атауларын қағазға түсіру болып табылады. Жер-су атауларын жаппай жинап, олардың мағынасын ашу, ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы келешек ұрпақтың өз туған жері туралы білімін арттыруға да қажет. Топонимикалық атауларды жинау, олардың шығу, пайда болу себебін анықтау, әрбір атаудың мән-мағынасын ашу, әсіресе, жастардың туған жеріне деген патриоттық сезімдерін оятады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін басқа тілден енген жер-су атаулары. – Астана: 2012. 12 б.
2. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық этимологиялық және этномәдени негіздері: Докт.Дисс.Алматы: 2006.
3. www.aikyn.kz/interviews/view/53800
4. М.О. Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек Жолы», 2014. 430 б.
5. Б. Бияров. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана. 2013. 432 б.
6. Абай-Ақиқат, 2012, №41 (3942), 4 б.
7. Қ. Т. Сапаров Қазақ шығысының өзен – көл атаулары. – Павлодар: «Кереку», 2012. 216 б.

Улан Умиткалиев, Г.У. Эшбекова
(Астана, Қазақстан)

ҚЫМЫЗ – ШИПАЛЫ СУСЫН

Қазақ халқының өмірінде жылқыға қатысты өзгеше философиялық және мәдени жүйе қалыптасқан. Қазақтар адам мен оның жан серігі болып келетін, астындағы атын құрметтеп, қадірлеген. Сыйлы қонаққа ат мінгізу, күйеу жігіттің қалыңдық алуынан алғаш барғанда ат байлауы, ұрыс кезінде жау қоршауында қалған қолбасшыға ат сүйек беріп құтқару, т.б. дәстүрлер жылқының қазақ халқының шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғанын білдіреді. Қазақ халқы жылқыны, ең алдымен, ел қорғаны ердің жан серігі деп деріптеген болса, ал оның сүтінен алынатын қымыз сусынының адам ағзасына пайдасы жайында да көптеген мәліметтер бере кеткен.

Мақаланы жазуға түрткі болған мәселе, 2014 жылдың жазғы далалық маусымындағы археологиялық және этнологиялық экспедиция оқытушылар мен білім алушылар үшін қызықты болды. Далалық зерттеу жұмыстары Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының аумағындағы Шыңғыстау өңірінде жүргізілді. Нақты айтар болсақ, этнографиялық зерттеу жұмыстары Тоқтамыс және Саржал ауылдарына қарасты аумақта жүргізілді. Ауыл информаторларымен кездесу арқылы тарих, мәдениет, топонимика және қазақ этнографиясы салалары бойынша көлемді ақпарат алынды. Этнографиялық материалдарды жинақтауда ең көлемді, әрі ең маңыздысы осы мақала тақырыбы болып табылады. (1 сурет)

Саржал ауылы өзінің 16 мың жылқы өсіруі және сапалы қымыз өндіруімен Республика көлеміне танымал. Ауылда 3000-ға жуық бие сауылып, күніне 10 тоннаға тарта қымыз өндіріледі. Қымыз өндіруге арналған арнайы цех жұмыс істеп тұр. Тұрғындар қымызды Өскемен, Семей, Аягөз және Астана қалалары жәрмеңкелеріне сатылымға шығарады. Бұл салыстырып қарағанда барша түркі жұртының қала берді дүние жүзінде осынша көлемде қымыз өндіріп отырған шағын аумақ. Осындай халқымыздың бай мұрасын жоғалтпай ұстап отырған ауылдың мәртебесін көтеріп ғылыми жағынан зерттеу бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Осы бағытта Шыңғыстау кешенді зерттеулер экспедициясы өз жұмыстарын алдағы жылдары да жалғастыратын болады. Біздің зерттеулеріміздің басты мақсаты тек осы өңірде өндірілетін қымыз жөнінде ғана емес, жалпы қымыздың тарихы, оның ұлтымыздың бай қазынасы екендігін тереңдете зерттеу болмақ.

Қымыздың осыдан бес мың жыл бұрын көшпенділердің ұлттық сусыны болғандығы жайында мәліметтер кездеседі. Ол дәлелсіз жай ғана бір болжамдар емес, Солтүстік Қазақстан жеріндегі энеолит дәуірінің Ботай мәдениетінен жылқыны өсіріп оның сүтін пайдаланғаны бүгінгі күні белгілі болып отыр. Біздің заманымыздан жиырма бес ғасыр бұрын өмір сүрген әйгілі Геродоттың: «Көшпенді сақтардың сүйікті сусыны – бие сүті. Оны олар ерекше тәсілмен дайындаған және қымыз дайындау тәсілін құпия сақтаған. Егер оның құпиясын біреу ашса, екі көзін ағызып жіберетін болған» деген екен [1].

Геродоттың осы сөздерінен қымыздың қазақ халқы үшін құнды екендігін дәлелдеп бергендей. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан мұра болып келген бұл игілік бағаланып, атадан балаға мирас болып келді. Қазақ халқымыз жорыққа шыққанда, көшіп-қонуда, сапарда, ыстықта, шаршап-шалдыққанда немесе келген қонақтарға ең алдымен қазақтың ұлттық сусыны қымызды тарту еткен. Себебі, қымызды ішкен кез-келген адам өзін сергек сезініп, шөлі қанып, шаршауы басылады. Қымыз – пайдалы дәрумендерге бай, адамның көңіл күйін көтеріп қана қоймай, талай ауруды емдеп жазады.

Қымыздың адам денсаулығына пайдасы өте зор. «Қымыздың әсерінен асқазан сөлінің бөлінуі жақсарайды, төбеті артады, астың қорытылуы жақсарайды. Қазіргі медицинада қымызды антибиотиктермен және басқа да дәрі-дәрмектермен байланыстыра отырып, өкпе, сүйек және бүйрек туберкулезін, ішек-қарын және жүрек, қан тамырлары ауруларын емдегенде, сондай-ақ витаминдер жетіспегенде, зат алмасу бұзылғанда қолданады». Сондай-ақ «қымызды жүйелі түрде қабылдаудың әсерінен өкпенің сыйымдылығы, кеуде клеткаларының шебері ұлғаяды, тыныс алу, зат алмасу жақсарайды, қан құрамындағы гемоглабин мөлшері артады, ақ қан түйіршіктері, егер олар жоғары болса, қайта қалпына келеді, ал, қызыл қан түйіршіктерінің шөгу реакциясы жиілесе қайта төмендейді. Нерв жүйесі де қымыздың әсерінен тыс қалмайды. Қымыз ішкен адамның бойында сергектік пайда болады» [2, 92 б.].

Қымыздың шипасы туралы ақын, жазушы, ғалымдардың айтқан пікірлері. Мысалы, орыс ғалымы В.И. Даль «Қымыз ішуді әдетке айналдырсаң, басқа сусындардан гөрі оның артықшылығын сезінесің. Осынау шипалы сусын аштық пен шөлді бірден басады, денені салқындандырады. Егер қымызды үзбей ішсең бір аптадан соң өзінді сергек сезінесің. Денсаулығың түзеліп, тынысың жеңілдейді, жүзің жарқырап шыға келеді. Мен бұл тұрғыда қымыздың қыс айларында адам денсаулығын сақтап, ұзақ мерзімді ораза ұстауға септігін тигізетіндей қасиетіне тәнтімін. Оны басқа қорек түрлерімен ешбір салыстыруға болмайды» [3, 248б.].

Жамбыл атамыз: «Ауруға ем, сауға қуат, дәрі – қымыз» [4, 345б.]. Француз саяхатшысы Вильгельм Рубринаста 1253 жылы қазіргі Татарстан территориясымен саяхат шегіп, қымыз ішкен. Қымызды ашыту жолдарын, дәмін, адам организміне, оның ішінде несіп бөлуге әсер ететінін божайлап тұрып жазды.

Ағылшын ғалымы Джессе Рассел: «Қымыз – майлы өнім, яғни ферменттерге бай бие сүті. Бұл өнім Орталық Азия жерінде өмір сүрген Түрік және Моңғол халықтарынан тараған: Қазақ, Башқұрт, Қырғыз, Якут, Моңғол және Калмақ халықтары үшін ең маңызды рөл атқарады» – деп жазған [5, p.106]. Қазақтар жыл маусымына қарай қымызды уыз қымыз, жазғы қымыз, күзгі қымыз, қысқы қымыз деп атаған.

Уыз қымыз. Бұл бие сүтінің уыз дәмі тарамған кезде ашытылған қою қымыз. Кейде оны май қымызы деп те атаған. Бұл алғашқы қымызды сапыруға ауылдың үлкен-кішісі жиналып, ақ ниетті тілек білдіріп, бөліп ішу халықтық салт болған.

Сары қымыз. Жаз ортасындағы, шөп әбден пісіп буыны қатқан кездегі қымыз. Бұл кезде қоныс аудару сияқты көшіп-қонудан қымыз көп шайқалып, көп пісіледі де, ірімтігі жақсы жазылып, ашуы білінбей, қымыздың күші өз бойына сіңген сарғылт болады. Жаңа сабаның иісі, дөңге толған гүл бәйшешек шырындары қымызға ерекше дәм береді. Сары қымызды ішкен адам жадырап терлегіш, көп ішсе маужырап ұйықтағыш келеді. Қазақтардың тәжірибесі бойынша бұл қымыз өте жұғымды, шипалық қасиеті мол болады.

Түнемелі қымыз. Мол қордың үстіне сүт қышқылы арнаулы торсықта сақталып екі тәулік сапырылған, пісуі жеткен қымыз. Түнемелі қымыз асықпай отырып ұзақ мәжіліс-мәслихаттарда ішуге даярланады. Оның қыздыратын күші болады. Сондықтан оны көбінесе ет, құрт, май, ірімшікпен ішкен.

Құнан қымыз. Құнан қымыз үш тәулік бойы ашытылады. Ол саумал ішпейтін адамдарға беріледі. Кейде ол ас пен тойларға апару, ұзақ отырыстарда ішу үшін даярланады. Төрт тәулік бойы ашытылған дөнен қымыз, бес тәулік бойы ашытылған бесті қымыз, одан да күшті асау қымыз деген күшті қымыздар да көбінесе сондай мәжіліс, тойларға арналып ашытылады. Саумал баяу ашыған немесе ащы қымызға жаңа сауған бие сүтін қосып пісу арқылы жұмсартылған, қарттар мен балаларға арналған қымыз.

Қысырдың қымызы. Бұл әдетте қыс айларында ауру адамға немесе үлкен той-думандарға, кейде өте сыйлы қонақтарға арнап, жазда қысыр қалған, бірақ тайы еміп жүрген биелердің сүтінен ашытылады. Қорабалы қымыз. Қордың үстіне сүт құйып, бірнеше күн жиналған мол қымыз, оны қорланған қымыз деп те айтады.

Бал қымыз. Қымызға тәттілік дәм беру үшін бал, қант, өрік, мейіз қосып піседі. Бал қымыз көбінесе сырқат адамдарға, балаларға, сондай-ақ, жас босанған әйелдерге арналады.

Сірге жияр қымызы. Күзді күні бие ағытарда соңғы қымыз бірнеше күн жиналады. Салт бойынша ел шақырып, ет асып, сірге жияр қымыз бөліп ішіледі. Жоғарыда біз келтірген қымыздың тек негізгі түрлері ғана. Ал қазақ этнографиясына тән жазбалы деректер мен ауыз әдебиеті бойынша қымыздың тағы басқа 25 түрлі атауы бар [6, 345 б.]. Қымыз түрлерімен қатар, сауылатын бие түрлері де аз емес. Мысалы: сақа бие, құлын бие, қыран бие деп үшке бөлінеді. Сақа бие – бірнеше рет құлындаған, бұрыннан сауылып келген бие. Құлын бие – құнажын немесе дөнен жасында алғаш құлындаған бие. Қыран бие – деп өткен жылы кейбір себептермен қысыр қалған, құлын орнына тайы еміп жүргендіктен ондай биелер, күтімі жарасса, сауыла береді. Бәрінің сүті құнарлы, емдік қасиеттері бір, – дейді қымыз баптаушы Нұрмахан Есенбеков [7].

Қорытындылай келе, қазақ қоғамында төрт түлік ішіндегі жылқы малы байлық мөлшері деп есептелінсе, ал қымыз қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі деп саналады. Қазақ халқымыз «қымызы бар үйдің қызығы бар» деп бекер айтпаған. Қымыз ішіп өскен адамның көңілі жайдары, иммунитеті көтеріліп, кез-келген ауа райына төзімді, бақауатты және де адам ағзасы түрлі ауруларға қарсы өзі күресе алатындай жағдайға жетеді. Қымыз ішіп, шалқып өскен өскен – қазақ дана.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.baq.kz/kk/reginal_media/post/15634
2. Асылбеков Б. Қымыз-шипалы сусын – Алматы: Қайнар, 1986. – 92 б.
3. Тоқтабай А. Қымыздың түрлері және зерттелуі жайында // Оразбаев оқулары – 2: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы / жауапты ред. Ә.Т. Төлеубаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 412 б.
4. Артықбаев Ж. О., Сабданбекова Ә. Ә., Елемесов Ә. Қ., Дауенбаев Е. Н. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар: «Кереку», 2008. – Б.1. – 345 б.
5. Jesse Russell, Ronald Cohn. Kumis. / Book on Demand. – 2012. – p.106
6. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар: «Кереку», 2008. – Б.1. – 345 б.
7. Otyrar.KZ. Қымызда 28 түрлі дәрумен бар. / Оңтүстік Рабат. – 2012. – № 138.

Альбина Утарбаева
(Астана, Қазақстан)

КАЗАХСКАЯ СЕМЬЯ И ЕЕ ТРАНСФОРМАЦИИ

Какая бы ни была общественная система, семья и брак, обеспечивающие рождение и развитие детей, становление их как личностей, являются одними из решающих факторов развития человечества. Эти два понятия тесно связаны с общественной и производственной системами. Различные социальные изменения в общественной формации, изменяя и придавая новизну этим понятиям, могут быть одним из предметов обсуждений социальных проблем. Являясь субъектом исторического развития, семья создает хранилище родовой памяти и транслирует культурно-нравственные ценности потомкам. Культурно-нравственная, ценностная идентификация казахского народа на протяжении столетий связана с семьей, выражающаяся в единстве ценностей семейного воспитания.

Из истории известно, что люди не сразу создавали семейные отношения. Это был долгий путь создания и развития семьи. Эволюция семьи начинается с каменного века и даже сейчас этот институт претерпевает различные

трансформації. Можна полагати, що первобитна община появилася, відделившись від животного світа. Вона була не постійною, що привело до розвитку вільної форми суспільних відносин. В цей період преобладала матриархат, так як кровні зв'язки були тільки по лінії жінок. Основним ознакою племен була ендогамія. Первонаочальна форма шлюбного зв'язку – груповий, т.е. всі члени одного племені (чоловіки) мали право шлюбного зв'язку з членами іншого племені (жінками), що поступово привело до появи шлюбного зв'язку. Вчені вважають, що етноси почали з'являтися в період неоліту [1, с. 51].

В епоху бронзи роль чоловіків в суспільстві зростає. З'являється тенденція патриархального ладу і шлюбні зв'язки змінюються на моногамні. Жінки, в основному, виходили в сім'ю чоловіків, останні, в свою чергу, виплачували викуп. В суспільстві преобладала велика патриархальна сім'я. Деякі сім'ї почали прагнути до матеріальному багатству, створюючи при цьому суспільне нерівність в суспільстві. Однак уже тоді ставилися обмеження на володіння багатством. Поступово велика патриархальна сім'я почала змінюватися на малі патриархальні сім'ї. Родство, загальне господарство, традиції, примети, загальні божества, яким поклонялися, все це привело до патронімії, про що свідчать написання в священній книзі «Авеста» [1, с. 64].

Суспільні відносини в сакський період наступні: *патронімія*, *плем'я* (кочовий суспільство, що складається з декількох патронімічних союзів), *родоплеменний союз* (конфедерація генеалогічно пов'язаних племен, націлена на потаємні функції управління) [1, с. 80].

Раннє середньовіччя відзначено з'явленням родоплеменних інститутів як основи влади. Представителі сім'ї мали право шлюбного зв'язку з сім'ями судей і аристократів, тим самим створюючи шлюбні зв'язки. Це говорить про з'явлення політичних еліт і внутрішньої ієрархії в суспільстві. Також в раннє середньовіччя з'явилася патриархальна рабовласність: військовоплених використовували як рабів для обробки земельних ділянок, в ремісничих промислах. В древнетюркському суспільстві можна спостерігати з'явлення суспільного і матеріального нерівності. Об цьому свідчать записи Бильге кагана, датуються VIII в. н.е. [1, с. 118].

В подальшому з історії можна побачити, що традиційний кочовий образ життя складався згідно суспільним і економічним умовам скотарства. Суспільна організація кочовиків включає в себе кочову общину, скріплену кровним родством і спільною трудовою діяльністю всього виробничого циклу. Суспільна організація казахів обумовлюється наявністю великої кількості родів і підродів. Після шлюбного зв'язку кожен казахський чоловік вважався незалежним і міг жити окремо. Ця окрема сім'я і була основною одиницею організації роду, прагнувши стати великою, багатопікленною сім'єю. Деякі такі сім'ї, маючи кровні зв'язки, утворювали *аул*. Деякі аули, об'єднані родством до сьомого коліна, утворювали підрод-*ата*, 13-15 підродів-*ру* (род), декілька родів утворювали плем'я. Така розгалуженість сімейних зв'язків відповідає умовам кочового образу життя [2].

Система родства грає неважливу роль в трансформації соціуму, рівно і регламентація суспільно-політичного життя суспільства мала неважливе значення. Структура казахського соціуму описана в його етнічній організації, яка має незалежну історію. Суспільно-ідеологічне значення суспільних зв'язків до степної історичної традиції відзначено дослідником Н.Алімбаєвим, який відзначає наступний момент: статус роду, ідентифікований за методом визначення його генетичної відстані від передбачуваного предка – засновника племені, отримав ідеологічне обґрунтування в спеціалізованому циклі великої кількості генеалогічних легенд, міфів, переказів, епічних сказань і т.д., що утворюють архітектуру кочової історіографії [3, с. 142].

В повсякденному житті казахський народ дотримувався норм *шариата* (комплекс предписань, що визначають переконання, а також формують релігійну совість і моральні цінності мусульман) і *адата* (звичай, пережиткові норми доісламських правових комплексів, а також реалії правового життя, не віднесені до шариату), *адел* (етноетикет), родових трактувань і різних обрядів [2].

Казахське суспільство до перетворень в межах Російської імперії в середині XIX століття не знало писемного права, і всі елементи системи регулювання відносин в просторово-часовому просторі – розподіл пастибщ, право власності на скот, міграційні процеси, майнові відносини, сімейно-шлюбна стратегія, судопроїводство, ієрархізація суспільних відносин в межах жузово-кланової системи, груповий солідарність і належність – працювали на рівні колективного і індивідуального свідомості (і несвідомого) в формі канонізованого знання [2].

Однією з таких форм була закладена в знанні і дотриманні правил *жетуата* (сім поколінь) або знанні *шежіре* (генеалогія). Суть шежіре як культурно-історичної традиції така, що являє собою унікальний феномен тюркської цивілізації, виступає як первинний джерело не тільки при складанні генеалогічних списків, збірників родових історій, але і в первинному викладі окремих етапів національної історії. Неслучайно увага дослідників, служивших в колоніальній адміністрації, була сконцентрована на даних шежіре з відомостями про родову організацію, етнічному складі казахів, родових аристократических груп, родових генеалогіях і пов'язаних з ними усних розповідях, історичних переказах, які знайшли місце в їх дослідженнях. Традиція шежіре історично обумовила структуру соціуму і систему цінностей, сформованої системи життєзабезпечення казахів. Багато мотивів походять з ідеологічних уподобань. Культурні і сімейні обряди організують систему родства, суспільну ієрархію, формування основ влади родових старійшин, а також важливу трансляцію історичного досвіду в межах єдиного етносу. Дослідник С. Руденко писав, що «природні умови країни, культурна спадщина, породи розводимих тварин, міжплеменні і внутрішні взаємовідносини, ступінь матеріальної забезпеченості – все це впливає на життя кочівника» [3, с. 143].

Для створення сім'ї було важливо, щоб молоді не були родичами до 7 покоління. Цей звичай служить гарантом народження фізично і психічно здорового потомства і продовження роду. За правилами шлюбного зв'язку жінка не повинна бути старшою свого чоловіка більше ніж на 8 років, а чоловік – старшою жінки на 25 років. Тому є пряме психологічне обґрунтування: відносини між чоловіками і жінками з великою різницею в віці можуть мати невідповідність, а, відповідно, тривання і напруженість по багатьох аспектах шлюбно-сімейних відносин: різні уподобання в інтересах, уявлення про сімейні ролі, цінностях і організації сімейного життя. Крім того, така різниця негативно відбивається і на здоров'ї майбутніх дітей.

Віками патриархальна казахська сім'я вела суспільні справи і заробляла свої традиційні цінності, що впливало на культуру і світогляд казахського суспільства, виражені в моральному відношенні до природи і до всього оточуючого світу, в повазі до жінки-матері, як хранительниці домашнього вогнища, і в

культе почитання отця, как главы семейства и продолжателя рода, в почитании духа предков – Аруах и в почительном отношении к памяти предыдущих поколений.

В связи с реформами царской России и междуособицами, которые специально сеялись внутри родов, казахская община начинает терять свою вековую самобытность и устойчивость, которая отразилась и на семейно-брачных отношениях. Переселенческая политика вызвала появление новой формы семьи – смешанной. К началу XX века наблюдается кризис института семьи. Начиная со второй половины 20-х годов, советская власть объявила Казахстан открытым для переселения из европейской части страны. Десятки тысяч новых переселенцев устремились в Казахстан. По приказу из Центра в составе Наркомата земледелия КазССР было организовано переселенческое управление. По первоначальному плану было намечено в 1929–1930 гг. переселить в Казахстан 5,5 тыс. семей.

В целом в этнографическом составе республики в то время наблюдались две тенденции: с одной стороны, казахи стали жертвой непродуманной социально-экономической политики советской власти: часть казахов была вынуждена покинуть свою историческую родину, часть погибла в результате голода, и постепенно коренное население стало превращаться в национальное меньшинство на своей территории. С другой стороны, увеличилась численность переселившихся в Казахстан, в основном за счет славянских народностей. Этот кризис отразился и на всей системе традиционных семейных отношений. За несколько десятилетий урбанизации и индустриализации многовековая община казахских кочевников канула в лета. Новые ритмы жизни стирали межсословные грани, способствуя росту социальной мобильности, нарушались отношения между кровными родственниками, которые теперь могли принадлежать не только к различным социальным слоям, но и к чуждым этносам.

В казахском обществе кардинально изменилось положение женщин. Теперь женщины перестала зависеть от мужчины, получила свободу выбора, особенно в вопросах деторождения (Социалистический семейный кодекс, принятый в 1969 году). Большая казахская семья сменилась на стабильную супружескую малодетную семью. Глобализация в современном Казахстане усугубила разложение традиционной казахской семьи, обесценивания патриархальных семейных ценностей и смещения ценностных приоритетов.

Начинается новая волна кризиса семейного института в XX–XXI вв. Он характеризуется ростом разводов, неполных семей, снижением рождаемости и повышением смертности, ростом численности неблагополучных семей и т.д. Однако патриархальные семьи сохранились в сельских местностях и аулах, что можно говорить о сохранении традиционных семейных ценностей и их передаче от поколения к поколению.

Как было сказано выше о генеалогии, как о культурно-национальной ценности является одной из актуальнейших проблем для современной казахской семьи. Отношение казахов к генеалогическому родству «Жетыата» является сакральным. Знание своих предков до седьмого колена является обязательным для каждого казаха. Это позволяет избежать близкородственных браков. Многие современные казахи пытаются восстановить свои корни и очень серьезно изучают свою родословную, так как не в силах полноценно воспитать детей в духе сохранения национально-культурной идентичности. Между тем, опыт наших предков – живая нить преемственности поколений – является бесценным сокровищем для духовно-нравственного воспитания детей.

Таким образом, изменения, происходившие с институтом семьи в Казахстане на протяжении многовековой истории, особенно на рубеже XIX–XX и XX–XXI вв. обусловлены спецификой социального и экономического развития страны. Традиционная патриархальная семья сменяется семьей современного типа. Тем не менее, семья продолжает оставаться ведущим социальным институтом в формировании и развитии ценностей, воспитанию подрастающего поколения. Традиционные ценности получают сегодня новое значение, выполняя функцию государственной сплоченности, обеспечивая ценностное единство семьи, нации в целом, сохранение своеобразия этноса, способствуя нравственной, духовной и культурной самоидентификации граждан Казахстана.

Литература:

1. Ж. Артықбаев Қазақстан тарихы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2013. -360 бет.
2. Касымова Д. Б. Идентичность зарубежных казахов: взгляд западных исследователей. Вестник КазНУ. № 4, 2011, с. 133-139.
3. Алпысбес М.А. Шежіре казахов: источники и традиции. Учебник для вузовских и послевузовских спецкурсов. – Астана, ИП “BGPrint”, 2013. – 240 с.

Научный руководитель:

кандидат исторических наук Ибадуллаева Злиха Омирбековна.

**Айтолқын Хабдылқан
(Астана, Қазақстан)**

ҚАЗАҚ АЛТАЙ ЖЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҒҰРЫПТЫҚ КЕШЕНДЕР

Түріктануда бүгіндері, Түрік Елі империясының салт-дәстүрлері, ғұрыптық жосын-жоралғылары жайында бірсыпыра нақты дәлелдер, заттық айғақтар жиналанды. Ал деректер, археологиялық табылымдар, қазіргі түрік халықтарындағы этнографиялық реликт, сарқыншықтарды тарихи-салыстырмалы талдау негізінде жұмыстар жолға қойылуда. Қасиетті Алтай өңірі – ежелгі көшпелі өркениеттің алтын бесігі, өзінің географиялық орналасуындағы тиімділігіне байланысты көне заманнан бері Евразиядағы көптеген көшпелі халықтардың толассыз көші-қон процестерінің тоғысар торабы, алуан түрлі этномәдени байланыстардың қайнаған ортасы. Ерте орта ғасырлардағы Алтай өңірі түріктері туралы жазба деректерде кеткен кейбір ақтандақтардың орнын толтыратын бірден-бір дереккөз-археологиялық ескерткіштер. Алтай өңірінің археологиясы XVIII ғасырдың ортасынан бастап зерттелініп келе жатыр. 250 жылдан астам зерттеу тарихы бар Алтай өңірінің археологиялық мұралары бүгінде ортағасырлық түріктер тарихын зерттеудегі толық деректік қорлар қатарына кіреді. Осы кезге дейін орманды Алтай өңірінде 125 қорым, 665 жерлеу орындары табылып, зерттелінді. Таулы Алтайда 84 қорым, оның ішінде 216 жерлеу орындары, сонымен қатар 300-ге жуық еске алу кешендері мен қоныстар зерттелінді. Бұлардың зерттелген нысандар қатарына петроглифтерді, жазба ескерткіштер мен тас мүсіндерді қосуға болады [1, 82-91 бб.].

Көне түрік дәуірінің ғұрыптық ескерткіштері археология ғылымында «қағандық», «қарапайым» болып екі топқа бөлінді. Қағандық ескерткіштер Минусин шұңғымасы қойнауындағы Знаменка ауылынан ашылса, ең жақсы зерттелген және бай өлке болып Моңғолия саналады. Онда атақты Күлтегін, Тоныкөк, Ян-тобо, Хушо-Цайдам ескерткіштері бар.

Күлтегін ескерткіші Түркі халықтарының баға жетпес мәдени байлығы. Бұл құнды дүниеге түркі тектес халықтар ғана емес сонымен қоса әлем ғалымдарының назарын аударуда. Қазіргі уақытта тарих және тіл білімі саласынан зерттелуде, әлі талай ғылыми жаңалықтар туары даусыз. Ескерткіштің 2001 жылы 18 мамырда Астанадағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінен бас ғимаратына орналастыруы Қазақ халқының арғы аталары Көне Түріктердің төл жазбаларының қаншалықты құнды мұра екендігін дәлелдей түседі. «Қағандық» ескерткіш «қарапайым» қоршаулардан неғұрлым жақсы зерттелген болып саналса да, Тувада тек төрт қағандық ескерткіш белгілі, оның Сарыг-Булыны ғана қазылды [2, 51-57 бб.]. Ал Таулы Алтайда он төрт ескерткіш белгілі болып, олардың қазылып зерттелгені жетеу [3, 23-29 бб.]. «Қағандық» мемориалды ескерткіштер VI ғасырдың ортасында I Түрік қағанатының пайда болуымен қатар шықты және өркендеді. Онда бұл ескерткіштердің негізгі ядросы Моңғолия екені түсінікті, Ал Тува, Оңтүстік Сібір өлкелері кейінгі жаулап алынған жерлер. Қарапайым түрдегі қоршауларды 1885 жылы Таулы Алтайдағы Онгудайда В.В.Радловтың қазумен зерттеу басталғанды. Кейінгі зерттеулер бойынша, оның таралу аймағы. Моңғолия, Тува, Хакасия, Таулы Алтай, Шығыс және Орталық Қазақстан және солтүстік-шығыс Қытайға дейінгі аумақты қамтиды. Жалпы «қарапайым» қоршаулар V ғасырдан X ғасырға дейін өмір сүрді. Көне түрік қоршаулары деп іші ұсақ жұмыртастармен аралас толтырылған, сырты қырынан қойылған тас плиталармен қоршалған төртбұрышты құрылыс. Оның ішкі құрылымына тас жәшік, ағаш діңгектің шірінділер орындары, ішіне қойылған жылқының жақ сүйегі, тістері және қой сүйегі, Юстыд қоршауларына ғана тән ыдыстар мен ошақтарды қамтиды.

Қоршаулар жөнінде ғылымда әлі пікірталас көп. Л.А.Евтюхова, С.В.Кселев, А.Д.Грач бойынша бұл көрші обадағы жерленген адамға тұрғызылған еске алу, құрбандық шалу орны. Гаврилова «қоршаулар-жерлеу орны» дейді, бірақ адам сүйегінің табылмауына байланысты мұны Орхон типті ескерткіштерге жатқызады. А.А.Гаврилова айтқандай «сыртқы белгісімен анықталар қоршаулар көп, алайда қоршаулардың уақытқа байланысты өзгеруін көріп, кезеңдейтін материал аз» болып қала береді және бұл қоршаулар кешенді түрде зерттеуді қажет етеді [4, 135б.]. Шығыс Қазақстандағы ғұрыптық ескерткіштердің зерттелуіне келсек, тек 1911 жылы А.В.Адрианов «қағандық» үш-төрт кешенді қазды [5, 48-51 бб.]. Одан бері ғасырға жуық уақыт бойы қоршаулар зерттелмей қалып отыр, тек 1997-1998 жылдары З.С.Самашев бастаған қазақ-француз біріккен археологиялық экспедиция Шығыс Қазақстандағы Қатонқарағай ауданы Майемер ауылынан оңтүстікте Майемер II обаларына (1997ж.), Берел ауылынан батыста сегіз километр жерде Берел II обалар тобына (1998 ж.) археологиялық қазба жүргізгенде, көне түрік дәуірінің қоршауы ашылды: Таулы Алтайдағы Майемер кезеңіндегі обаларда іргесін белдеулей қоршаған аласа тас түйінділер бар. Жерлеу ғұрпы мен зат кешенінің біршама тұрақтылығы Шығыс Қазақстанда б.з.б. 7 – 6 ғасырларда ерте темір заманы мәдениетінің негізі қалыптасқанын көрсетеді. Бұқтырма өзенінің жоғарғы ағысындағы Күрті салаларынан ертедегі ескерткіштер табылды. Олар жер бетінен шығысқа, үлкен қойтастардан қаланған шеңберлер түрінде көрінеді. Берел қорымы Шығыс Қазақстан облысы Катон қарағай ауданының Берел ауылынан 7 шақырым оңтүстік батысында орналасқан. Қорым солтүстігінде Берел және Бұқтырма өзендерінің қосылған жерімен, оңтүстігінде Қансу өзенімен, ал батысы мен шығысында таулармен шектелген Бұқтырма өзенінің оң жағасындағы алаңда орналасқан [6, 64-65 бб.]. Берел және Майемер ғұрыптық ескерткіштері «қарапайым» қоршаулар түріне жатады. Қазақ Алтайындағы бұл екі қоршау Таулы Алтайда, Тувада неғұрлым жақсы зерттелген қоршаулармен салыстырғанда, өзінің құрылымы мен көлемі бойынша ұқсас, бірақ кедей және қарапайым формада. Қазақ Алтайындағы көне түрік дәуірінің ғұрыптық ескерткіштері жөнінде анық басып айту және топтамасын, классификациясын жасау әлі ерте. Көне түрік ғұрыптық ескерткіштерінің классификациясын алғаш 1925 жылы Б.Я.Владимирцов Орхон ескерткіштері негізінде жасап, бес типке бөлді. 1950 жылдар аяғында Тува мен Алтай «қарапайым» қоршаулардың топтамасы жасалынды. А.А.Гаврилова Алтайдағы кейінгі көшпелілер қоршауларын берел, кудыргэ, катанды типтес, кейін қазылған 116 қоршау негізінде В.Д.Кубарев Таулы Алтайды бес типке бөлді.

Қоршаулардың анық бір геометриялық пішінде салынғаны және дүниетанымдық ойды білдіретін талассыз. Қоршау құрылымының бір элементі орталығы арнайы, қасиетті ағаш пен сыртында орналасқан бағана алады. Ағаш шірінділері Алтайдағы Юстыд типтес қоршауларда, Моңғолиядағы Хушо-Цайдам II ескерткіштерінде бар. Орыс географиялық қоғамының мүшесі Н.Ядринцев 1889 жылы Орхон өзенінің Моңғолия жеріндегі Хушо-цайдам ойпатынан ағып өтетін жерінен кейін «Хушо-цайдам ескерткіштері» /немесе «Күлтегін ескерткіші», «Могилан ескерткіші»/ деп аталып кеткен ескерткіш тастарды табады. Бұл ескерткіштердің иелері – Н.Ядринцевтің айтуынша, Моңғолиядан Тарбағатайға дейінгі жерлерді жайлаған, Қара-қорымнан Ыстық көлге дейінгі елдерді түгел жаулап алып, Қытай мен Үндістан арасындағы халықтармен қарым-қатынас жасаған түркі тайпалары болып табылады. Қоршаулар тараған ұланғайыр далада ешқандай адамды жерлеген із білінбейді, сондықтан да қоршауларды ғұрыптық ескерткішке жатады деп айтуға болады. Көне түрік дәуірі ғұрыптық құрылысының ажырамас бөлігі қоршаулардан шығысқа қарай тік тұрғызылып, қатарласа созылып жатқан тас балбалдар құрайды. Осы ретте ерекше ескертіп айтарымыз көне түріктердің өлікке қатысты ғұрыптық болмысы жайындағы қытайша жазбалардың өрескел, жөн-жосқынсыз әрі жалған сипаттамалары. Мысалы, «ол тірі кезінде бір адам өлтірген болса, онда оған бір тас тұрғызылды. Өлгендердің кейбіреуіне мұндай тастан жүздеп, мыңдап тұрғызылғаны бар» [7, 210 б.]. Бұдан зерттеушілер балбалдардың қызметін өлтірген жауы, тас мүсін, мініс аттарын байлайтын жері болды деуге итермелеп, даулы мәселеге айналдырып жіберді. Көне түріктер аруақтарға тағзым ету үшін, батыр тұлғаларын Тәңірге жөнелту ісінде, ғұрыптық кешен жасауда және ас беруге қатысқандар өздерінің ел-жерінен әкелген ұзын тастарды, сол өлікке арналған арнайы ғұрыптық кешенінің күншығыс бағытына қарай ара-жігі шамамен біркелкі қашықтықта тізбектеп тігінен орнатқан. Осындай тас тізбектерді көне түрік тілінде балбал «тіп-тік етіп қадап орнатқан тас белгілер» деген мағынада қолданды [8, 220 б.]. Қазірге дейін түріктердің ғұрыптық кешендерінен адамның мәйіт өртенген орындар табылмаған. Сондықтан бұлар жерлеу орны емес, ғұрыптық қызметтер атқаратын кешен деп танылады. Алтайдағы қорғандардың көпшілігінде жерлеу мәдениетінің бірден-бір көрінісі жылқымен жерлеу дәстүрі болып табылады. Жылқымен бірге жерлеу ертедегі сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен бері келе жатқан ғұрып болып табылады. Қазақ Алтайы ерте көшпелілерінің жерлеу ғұрпында өлген адамды о дүниеге алып барар жылқының басына арқардың мүйізі тағылып күштілікке ие қылса, Жетісудағы қарапайым обада адамның бетін солтүстікке қаратқан жерлеудің үстін ағаш, саз топырақ, қамыспен жаба отырып басын солтүстікке қаратып арқар бассүйегін қоюы екі өлке тайпалары өмірінде бұл аңның ортақ бір ғұрыптық мәнге ие екендігін көрсетеді. Сондықтан да Алтайдағы жылқымен жерленген Күдіргендік типке Қатанды II, Курата I, Тұяқты VII қорымдарын теңестіруге болады. Жылқымен жерлеу дәстүрінің түрік тайпаларының қайсысына тиесілі екендігі туралы қазіргі уақытта мынадай үш түрлі ғылыми көзқарас бар: Бірінші көзқарас бойынша, С.А.Теплоухова, Н.Потапов, Л.Р.Кызыласов, С.И.Вайнштейн, А.Д.Грач, А.Я.Шер, Ю.С.Худяков, С.П.Нестеров секілді ғалымдар қорғандардан шыққан жәдігерлер мен деректерге салыстырмалы зерттеу жасай отырып, жылқымен жерлеу дәстүрі түрік-туголере тиесілі деген пікірді айтады; екінші көзқарастағылар, А. Гаврилова, Л.Н. Гумилев, А.Савинов,

Ю.И.Трифоновтар болса, аталмыш дәстүр түрік-тугюлерге емес, басқа түрік тілді тайпаларға, олардың ішінде Түрік қағанатының құрамындағы теле тайпасына тиесілі деп ой түйеді; кейінгі атақты археолог – ғалымдар С.В.Киселев пен Л.А.Евтюхова соңғы пікір бойынша, жылқымен жерлеу дәстүрі өртүрлі тайпаларға тиесілі. Моңғолиядағы ескерткіштер түріктерге, Алтайдағы ескерткіштер теле тайпасына, Минусин ойпатындағы қырғыздарға тиесілі деген пікірді ұстанды [9, 176 б.].

Көне түрік үштігін құрайтын атпен бірге жерлеу ғұрпы қай этникалық бірлестікке қай кезең аралығында жатпасын, әйтеуір Орталық Азия, Моңғолия, Таулы Алтай және Қазақ Алтайында кең таралғаны анық. Кейінгі зерттеулер бойынша «Саян Алтайдағы 51 ескерткіштен VI-X ғасырларға жататын 192 атпен бірге жерленген қабір ашылып, одан 3000 жуық зат табылыпты» [10, 4 б.]. Ғұрыптық кешендердің даралық сипатының қалыптасуы аруақты құрметтеу танымымен тікелей байланысты. Б. з. д. V мыңжылдық тарихы бар, бәлкім, одан әрі кететін тастағы петроглифтер, таңбалар, идеограммалар, пиктограммалар Ұлы түрік даласындағы қасиетті таулардан көптеп кездеседі. Мұндай киелі орындар аруаққа құрбандық шалып, ас беретін, Тәңірге мінәжат ететін жері. Ас беруге, ат шаптырып, үй тігуге қолайлы жазық дала, үш әлемді (жоғарғы, ортаңғы, төменгі) біріктіруші заңғар тау, тау жыныстарынан сүзіліп шығып тазаланған, өзі де мәңгілік тазалықтың белгісі, тіршіліктің нәрі – өзен, тарылған тынысқа оттегі беріп, сая болар қасиетті ағаш – бұлардың бәрі де мыңжылдықтар бойы ғұрыптық кешендердің өзгермей, баз қалпынан еш айнымай келе жатқан «сыртқы құрылымдары». Қорытындылай келе, ежелгі түріктердің діни-танымдық түсініктерінен мол мағлұмат беретін негізгі деректердің қатарына адамдардың өлімге және мәйітке деген көзқарастары болып табылады. Осыдан барып ежелгі көшпелілер мәйітті «о дүниеге» жөнелтуде атқаратын ұзаққа созылатын кешенді ғұрыптық рәсімдерінің өзінде мазмұнды мән жатқандығы хақ.

Әдебиеттер:

1. Тишкин. А. А., Горбунов В.В. Культурно-хронологические схемы изучения истории средневековых кочевников Алтая// Древности Алтая.-Горно Алтайск, 2002. №9. – 82-91 с
2. Кызыласов Л.Р. Тюркско-Иранские культурные взаимосвязи в эпоху средневековья 1975 ж. 51-57 бб.
3. Кубарев В.Д. Древнетюркские изваяния Алтая. Новосибирск, 1984. 23-29 бб.
4. Кубарев В.Д. Новые сведения о древнетюркских оградках Восточного Алтая// Новое в археологии Сибири и Дальнего Востока.1979.135 с.
5. Адрианов А.В. К археологии Западного Алтая //ИАК-Ит.вып 62. 1916. 48-51 с.
6. Самашев З., Фаизов К., Базарбаев Г. Археологические памятники о палепочвы Казахского Алтая. – Алматы, 2001 ж. 64-65 бб.
7. Н.Бичурин. Собрание сведений о народах обитавших в средней Азии 1998, 210 б.
8. Базылхан Н. Көне түрік ғұрыптық кешендері: этноархеологиялық және тарихи-деректанулық талдау. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік кезеңдегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы.-2011. 220 б.
9. Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху.-Ленинград: Издательство Ленинградский Университета, 1984.-176 с.
10. Овчиникова Б.Б. Семантика древнетюркских оградок Саян-Алтая//Древние культуры Центральной Азии и Санкт-Петербурга. С-П. 1998 4 б.

Ғылыми жетекші:
У.У. Умитқалиев т.ғ.д.

Міхаіл Шаўчэня
(Гродна, Рэспубліка Беларусь)

НЕКАТОРЫЯ АСПЕКТЫ ГАНДЛЁВАГА ЎЗАЕМАДЗЕЙННЯ БЕЛАРУСКІХ І ЎКРАЇНСКІХ ГУБЕРНЯЎ У СІСТЭМЕ МІЖРЭГІЯНАЛЬНАГА АБМЕНУ РАСІЙСКОЙ ІМПЕРЫІ (КАНЕЦ ХVІІІ – ПЕРШАЯ ТРЭЦЬ ХІХ СТАГОДДЗЯ)

Складаныя працэсы эканамічнай і палітычнай інтэграцыі зямель Беларусі ў новыя для яе гістарычныя рэаліі Расійскай імперыі ў канцы ХVІІІ – першай трэці ХІХ ст. суправаджаліся пашырэннем спектра знешнегандлёвых стасункаў, узмацненнем усходняга вектара гандлёва-эканамічнай дзейнасці і ўсталяваннем больш цесных сувязяў беларускіх губерняў з іншымі эканамічнымі раёнамі Расіі. Структура, маштабы, геаграфія, інтэнсіўнасць міжрэгіянальных і знешнегандлёвых аперацый былі абумоўлены станаўленнем новых капіталістычных адносінаў у эканоміцы тагачаснай Беларусі – з аднаго боку, і ўключэннем унутранага рынку Беларусі ў агульнарасійскі рынак – з другога. Даследаванне гэтых важнейшых элементаў гандлёвай сістэмы дазваляе не толькі глыбей зразумець характар айчыннага гандлю, прааналізаваць асартыментны састаў экспарту і імарту, але і прасачыць тэндэнцыю развіцця эканамічных сувязяў Беларусі, больш поўна выявіць ролю гэтых сувязяў ў фарміраванні нацыянальнага рынку Беларусі.

З першых гадоў уключэння зямель Беларусі ў арбіту эканамічнай палітыкі Расіі, урад прымаў шматлікія захады па стварэнню адзінай гандлёва-эканамічнай прасторы на тэрыторыі беларускіх, украінскіх і, уласна, расійскіх губерняў. Так, у 1782 г. (27 верасня) выйшаў указ сената аб знішчэнні мытняў і застаў на граніцах беларускіх намесніцтваў і ўсталяванні вольнага гандлю з расійскімі губернямі. Заканадаўчы акт прадпісаў: “Усталяванія на межах нашых беларускіх губерняў з губернямі Пскоўскаю, Смаленскаю і Маларасійскімі мытні і заставы загадваем скасаваць, гандаль паміж тымі губернямі, як унутраны, пакінуць у поўнай свабодзе на падставе законаў” [6, Т.21, №15522]. “Агульны тарыф для усіх партоў і пагранічных мытняў Расійскай імперыі... 1782 г.” [6, Т. 21, №15520], выданы адначасова са згаданым ўказам, меў сваёй мэтай нівеліраванне эканамічных статусаў прадстаўнікоў купецкага саслоўя Расіі і беларускіх губерняў.

Важнейшым крытэрыем, які вызначаў характар развіцця агульнарасійскага рынку і месца беларускіх і украінскіх губерняў у структуры міжрэгіянальнага тавараабмену, з’яўляецца інтэнсіўнасць гандлёвых сувязяў (у іх геаграфічным і колькасным вымярэнні) паміж эканамічнымі раёнамі Расійскай імперыі. Падобны аналіз магчыма правесці выкарыстаўшы матрыцу міжраённых гандлёвых сувязяў (пераважна па дадзеных кірмашовага гандлю) за 1780-я гг. без уліку тэрыторый, якія адышлі да Расіі па другому і трэцяму падзелу Польшчы. Паводле класіфікацыі, прапанаванай Б.М. Міронавым, беларускія губерні ў канцы ХVІІІ – першай трэці ХІХ ст. уваходзілі ў састаў Заходняга

эканамічнага раёна Расійскай імперыі, ўкраінскія губерні – ў састаў Паўднёва-заходняга, Маларасійскага і Новарасійскага эканамічных раёнаў [5, с.52]. Частата гандлёвых сувязяў Заходняга эканамічнага раёна з вышэй адзначанымі раёнамі складала ў сярэднім у 1780-я гг. (на працягу аднаго года) 311 кантактаў [5, с.236-237], што адпавядае 32% ад агульнай колькасці міжраённых кантактаў беларускіх губерняў.

Відавочна, што прапанаваная статыстыка істотна памяншае сапраўдную частату гандлёвых кантактаў. Гэта тлумачыцца наступным. У матрыцы сувязяў яны зафіксаваны як аднаразавыя, хаця на практыцы для значнай колькасці буйных гандлёвых цэнтраў яны былі рэгулярнымі. Акрамя таго, патрэбна ўлічваць, што прыведзеныя звесткі абмяжоўваюцца пераважна дадзенымі кірмашовага гандлю. Прымаючы да ўвагі тое, што і сама кірмашовая статыстыка аб гандлёвых сувязях мае вядомыя пагэлы, не застаецца сумнення – статыстычны матэрыял адлюстроўвае заніжаную колькасць гандлёвых кантактаў. Між тым, высветленыя статыстычныя дадзеныя дазваляюць сцвярджаць, што беларуска-ўкраінскія гандлёвыя сувязі вызначаліся дастатковай актыўнасцю.

Для больш кантраснага ўяўлення аб структуры экспартна-імпартных аперацый паміж беларускімі і ўкраінскімі губернямі звернемся да таварнай састаўляючай гандлёвых-эканамічнага абмену беларускіх губерняў.

Крыніцы сведчаць, што ў большай ступені да Паўднёва-Заходняга, Маларасійскага і Новарасійскага рэгіёнаў цягацелі гандлёвыя стасункі Магілёўскай губерні. Украінскія купцы наведвалі беларускія кірмашы, а беларускі гандляры ажыццяўлялі сваю гандлёвую “экспансію” на ўкраінскія. Іх тавары рэгістраваліся на Васількаўскай, Сякірнскай, Саракашыцкай, Каменскай, Стайкаўскай, Пераяслаўскай, Пагарэлаўскай, Крэменчугскай заставах, размяшчаных уздоўж Дняпра. Пэўная частка тавараў накіроўвалася сухапутнымі шляхамі, якія пралягалі праз гарады Ромны, Нежын, Чарнігаў, Старадуб, Гомель, Полацк, Слуцк і г.д. [10, с.491].

На гандлі з ўкраінскімі губернямі асабліва хутка разбагацелі купцы горада Шклова. Яны займаліся скупкай ва ўкраінскіх губернях хлеба – жыта, пшаніцы, аўсу, а таксама крупы, солі, адвозілі іх на суднах уверх па Дняпру ў Шклоў, куды з’язджаліся гандляры і скупшчыкі са Смаленскай, Мінскай, Віцебскай і іншых губерняў. Частка закупленых прадуктаў адвозілася непасрэдна ў Рыгу. У Шклове на прыстані было пабудавана больш 150 двух – і трохпавярховых амбараў, у якіх працавала па 500-600 чалавек. У амбарах магло размясціцца хлеба на суму звыш 5 млн. руб., солі – на 1 млн. руб. [1, с.46]

Адным з даходных артыкулаў гандлю ўсходняй часткі Беларусі ў канцы XVIII – пачатку XIX ст. быў лясны промысел і гандаль лесам. Магілёўская губерня становіцца пастаўшчыком на Украіну мачтавага лесу, лясных тавараў (дзёгцю, смалы, паташу, розных драўляных вырабаў – калёсаў, дугаў, бочак), а таксама парусіны, канатаў, паклі і іншых тавараў для будаўніцтва Чарнаморскага флоту.

У пачатку 80-х гг. XVIII ст. у м. Крычаў была заснавана верф для пабудовы рачных суднаў (байдакоў, яхтаў, лодак) [3, с.75]. Тут жа функцыянавалі парусная мануфактура і некалькі значных канатных прадпрыемстваў. Толькі ў 1789 г. у Херсон з Крычава было адпраўлена парусіны, канатаў, паклі і мачтавага дрэва на суму звыш 260 000 руб. [9, с.102]. Акрамя крычаўскіх мануфактураў, на патрэбы чарнаморскага флоту працавалі парусныя прадпрыемствы ў м. Хоцімск, палатняныя мануфактуры ў Гомелі, Горках, Шклове [9, с.102].

Вывоз лесу і лесапрадуктаў з Беларусі на Украіну ў пачатку XIX ст. узмацняецца. Згодна са справаздачамі губернатараў Мінскай і Магілёўскай губерняў, прадукты лясной гаспадаркі – будаўнічыя матэрыялы, колы, аглоблі, дугі, драўляны посуд, а таксама паташ, смала, дзёгця займаюць асноўнае месца ў саставе вывозімых тавараў з гэтых губерняў на Украіну. Так, у 1804-1805 г. па Дняпру і яго прытоках было сплаўлена ў Крэмынчуг, Екацярынаслаў, Херсон і Адэсу больш 150 000 штук будаўнічага лесу, дзэсяткі тысяч штук гонту, рагожаў, дору, вобручаў, дугаў, колаў і інш., адпраўлена смалы каля 150 000 бочак, 100 000 бочак дзёгцю, звыш 20 000 пудоў паташу [7, воп.11, спр.76, арк.15; спр.79, арк.5, 51, 129]. У 1808 г. у “паўднёвыя” губерні было накіравана да 100 000 брусоў, рознай велічыні і таўшчыні, 25 000 бявенняў рознай таўшчыні [7, воп.11, спр.79, арк.52].

За тры гады (1813 – 1815) у Кіеўскім і Крэменчугскім накірунку з Рагачоўскага, Быхаўскага, Клімавіцкага, Беліцкага і Чэрыкаўскага паведаў транспартавалася: мачтаў – 1 670 штук, дубовых ванчосаў – 6 926 штук, сасновых бявенняў – 58 000 штук, дзёгцю – 44 000 вёдзер, 400 бочак смальчугу, “немая колькасць” рагож, ільну, драўлянага посуду, лубу [7, воп.11, спр.80, арк.6, 42, 63].

У першыя дзесяцігоддзі XIX ст. ўкраінскія губерні вызначаліся як галоўны пастаўшчык солі для беларускіх губерняў. Раней соль у Беларусь прывозілі, пераважна, з Рыгі, а з канца XVIII ст. – у асноўным з Крыма [9, с.103]. Асабліва ўзмацніўся прывоз Крымскай солі пад час разрыву адносінаў з Англіяй, як гэта мела месца ў 1808 г.

ә) С. Демирел атындағы университеттің көшірме жасайтын жерінде. Бұл жерде тек көшірме ғана жасамайды, күнделікті сабаққа қажетті құралдар мен кітаптар да сатады. Бақылауға қатысқан қостілді адамдардың бірі көшірмеде жұмыс жасайтын қыз. Оның жасы, шамамен, 22-23-те, ал студент 20 жас шамасында. Екеуі де орыс тілін де, қазақ тілін де өте жақсы білетін адамдар.

Студент: – Апай Смирнова бар ма?

Апай: – Бар

Студент: – Сколько?

Апай: – Жеті жүз

Студент: – Дайте, и еще бір максрайтер беріңізші, көгінен

Апай: – Максрайтер только қызылы ғана бар, басқа жоқ

Студент: – Ладно, керек емес, Смирнованы ғана беріңізші, вот возьмите...

Бұл шағын ғана сұхбаттан біз бірнеше бөтен элементтерді байқаймыз. Мысалы: *сколько, дайте, и еще, только, ладно, вот, возьмите*. Бұл сөздер қазақ тілінде: *сколько – қанша, дайте – беріңізші, и еще – және тағы да, только – тек, ладно – жақсы, жарайды, вот – міне, возьмите – алыңыз* деп айтылады. Енді осы сөздерді қайта қойып қарап көрейік:

Студент: – Апай Смирнова бар ма?

Апай: – Бар

Студент: – Қаншадан?

Апай: – Жеті жүз

Студент: – Беріңізші, және тағы да бір максрайтер беріңізші, көгінен

Апай: – Максрайтердің тек қызылы ғана бар, басқа жоқ

Студент: – Жарайды, керек емес, Смирнованы ғана беріңізші, міне, алыңыз...

Келтірілген сұхбатқа қазақ сөздерін қойғанымен сөйлемдердің мән-мазмұны еш өзгермеді. Бұл жердегі мысалдарда қолданылған сөздер қазақ тілінде үнемі қолданатын сөздер, бірақ екі қостілді қазақша сөйлеуде орыс сөздерін араластырып қолданды.

б) Автобуста: Бақылау барысында қатысқандар 30 – дардағы кондуктор жігіт пен 40 шамасындағы әйел адам:

- *Мынау двадцать седьмой ма?*

- *Иә, куда вам?*

- *Водобозарныйға бара ма? Как он едет? Бұрыла ма или...*

- *Иә, барады. Садитесь. За проезд пригатовьте, студенческийлерімізді алдын ала дайындаймыз.*

Показываем, ашып көрсетеміз!

36-38 шамасындағы әйел: *Қазіргі жастарда нет ни совести, ни стыда. Орын бермейсіңдер ме? Встали бы, уступили бы место бабушке, өтірік ұйықтамай. Вообще, когда-то біз автобұсқа үлкен адам кіргенде бәріміз место уступали. Сейчас, бұның бірін де көрмейміз...*

Бұл жердегі мысалда қолданылып тұрған сөздер мен сөйлемдер: *двадцать седьмой, куда вам?, как он едет, или, садитесь, за проезд пригатовьте, показываем, нет ни совести, ни стыда, встали бы, уступили бы место бабушке, вообще, когда-то место уступали, сейчас*. Мысалда қолданылған интеркаляцияның мағыналарына қарай қазақ тіліндегі сөздерді қарастырсақ: *двадцать седьмой – жиырма жеті, куда вам – сізге қай жерге, как он едет – қалай жүреді, или – немесе, садитесь – отырыңыз, за проезд пригатовьте-жолақысын дайындаймыз, показываем – көрсетеміз, нет ни совести, ни стыда – ұят та, ар да жоқ, встали бы, уступили бы место бабушке – тұрып, үлкен адамға орын бермейміз бе, вообще – негізінде, когда-то место уступали – кезінде орын беретінбіз, сейчас – қазір*. Ал енді осы сұхбатқа қазақ тіліндегі сөздерді қойып қайта қарыстырайық:

- *Мынау жиырма жеті ме?*

- *Иә, сізге қай жерге?*

- *Водобозарныйға бара ма? Қалай жүреді? Бұрыла ма немесе...*

- *Иә, барады. Отырыңыз (мініңіз). Жолақысын дайындаймыз, студенттік билеттерімізді алдын ала дайындаймыз. Ашып көрсетеміз!*

- *Қазіргі жастарда ұят та, ар да жоқ, Орын бермейсіңдер ме? Тұрып, үлкен адамға орын бермейміз бе, өтірік ұйықтамай. Негізінде бір кездері біз автобұсқа үлкен адам кіргенде, бәріміз орын беретінбіз. Қазір, бұның бірін де көрмейміз...*

в) Отбасындағы әңгіме

1-оқиға. Отбасындағы отағасы мен отанасының әңгімесі. Университеттерін бітіргеннен бері Алматы қаласында тұрады. Орыс тілін де, өз ана тілдері – қазақ тілін де жақсы біледі, отағасы 43 жаста, ал отанасы 40 жаста: *-Кеше ана аптекаға барып көріп едім, дым дұрыс дәрі жоқ. Вообще аптекаға ұқсамайды да ғой! Еще келіңіз бізде лекарствалардың бәрі бар деп қояды*

- *Қай аптека? Анау Васялар тұратын дом жақта ма?*

- *Иә. Потом ол жақтан шығып, анау бір сол Васялардың домынан кейінгі переулок жақтағы аптекадан алдым*

- *Әйтеуір, алсаң болды ғой. Нормально ма, бәрін қарап алдың ба? Срогын қарадың ба?..*

Отбасындағы екі адамның сөздерінің өзінде де бірнеше бөтен элементтерді байқаймыз. Мысалы: *аптека, вообще, еще, лекарства, дом, потом, переулок, нормально, срок*. Қолданылып тұрған бөтен элементтердің бәрінің баламалары бар: *аптека – дәріхана, вообще – мүлдем, еще – тағы, лекарства – дәрі, дом – үй, потом – содан кейін, сонан соң, переулок – тұйық көше, көлденең көше, нормально – жақсы (келтірілген мысалда дұрыс па деген мағынада қолданылған), срок – мезгіл, мерзім*.

Енді жоғарыда келтірілген сұхбаттағы бөтен элементтердің қазақ тіліндегі баламаларын қойып қайта қарайық:

-Кеше ана дәріханаға барып көріп едім, дым дұрыс дәрі жоқ. Мүлдем дәріханаға ұқсамайды да ғой! Тағы келіңіз бізде дәрілердің бәрі бар деп қояды

– Қай дәріхана? Анау Васялар тұратын үй жақтағы ма?

– Иә. Содан кейін ол жақтан шығып, анау бір сол Васялардың үйінен кейінгі көше жақтағы дәріханадан

алдым

– Әйтеуір, алсаң болды ғой. Дұрыс па, бәрін қарап алдың ба? Мерзімін қарадың ба?..

2-оқиға

Әпкесі мен ағасы арасындағы әңгіме. Әпкесі 21 жаста, інісі 20-ларда:

– Мам, менің қара шалбарымды үтіктеп бере салыңызшы. Мен қазір встречаға барайын деп жатырмын.

Мен пока жуынып алайын.

– Oh, костюмдарыңды үтіктеп свиданкаға кетейін деп жатсың ба не?

– Ой, мен сияқты деловой жігіт анау-мынау свиданкаға бармайды ғой!

– Ей, серьезно қайда барайын деп жатсың?

– Жай кездесуім бар. Нормально болып тұр ма?

– Күшті, күшті! Ей не бойса қыздар қарайды

Бұл сөйлемдердегі кездескен сөздердің аудармалары: Мам – анашым, апа (бірақ қазіргі уақытта көп адамдар мама сөзін қолданады), встреча – кездесу, пока – әзірге (сөйлемде оған дейін деген мағынада қолданылған), свиданкаға – қызбен кездесу, деловой – іскер, серьезно – шынымен, Нормально – жақсы, не бойса – қорықпа. Қазақ тіліндегі баламаларын қойып қарасақ, сөйлемнің еш мағыналары өзгермейді:

– Мам, менің қара шалбарымды үтіктеп бере салыңызшы. Мен қазір кездесуге барайын деп жатырмын.

Мен оған дейін жуынып алайын.

– Oh, костюмдарыңды үтіктеп қызбен кездесуге кетейін деп жатсың ба не?

– Ой, мен сияқты іскер жігіт анау-мынау кездесуге бармайды ғой!

– Ей, шынымен қайда барайын деп жатсың?

– Жай кездесуім бар. Жақсы болып тұр ма?

– Күшті, күшті! Ей қорықпа қыздар қарайды

г) Дүкенде. Сатушы шамамен 40-41 жасар әйел мен сатып алушы 20 жасар қыз арасындағы шағын әңгіме:

– Тәте, маған бір кило морковь өлшеп беріңізші (20 жас)

– Қандай? Бізде Павлодарский красный марковь бар и мытый марковь бар. Қайсысын берейін, қызым? (40-41 жас)

– Маған мына павлодарский марковьтан бере салыңыз. Рақмет!

– Пожалуйста, қызым

Бұл шағын әңгімеден де біз бірнеше бөтен сөздерді байқаймыз. Мысалы: марковь, павлодарский красный марковь, и, мытый марковь, пожалуйста. Бұл сөздердің қазақ тіліндегі баламасы марковь – сәбіз, павлодарский красный марковь – павлодардың қызыл сәбізі, и – және, мытый марковь – жуылған сәбіз, пожалуйста – мархабат (бұл сөзді мархабат деп қолданатын адамдар өте сирек). Енді баламаларды қойып қарайық:

– Тәте, маған бір кило сәбіз өлшеп беріңізші

– Қандай? Бізде Павлодардың қызыл сәбізі бар және жуылған сәбіз бар. Қайсысын берейін, қызым?

– Маған мына Павлодардың сәбізінен бере салыңыз. Рақмет!

– Мархабат, қызым.

Бақылау барысында байқағанымыздай, қазақша ауызекі сөйлеу барысында қостілді адамдардың көбі барлық жағдайда да орыс тілінің кейбір сөздерін қосып сөйлейді. Бұл сөздерді қолданудың бірнеше себептері бар: біріншіден, қоғамға байланысты көп ұлтты ел болғандықтан, қазіргі кезде күнделікті қарым-қатынаста орыс тілі мен қазақ тілі аралас қолданылады; екіншіден, кейбір адамдар кей сөздердің аудармалары нақты еместігінен қолданады (мысалы: пешеход, шампунь, перегар,...); үшіншіден, студент жастарымыз ауылдан енді келгендіктен, өздерінің ауылдан келгенін білдірмес үшін қалалық екенін көрсету мақсатымен тілді қатты шұбарлап сөйлей береді; төртіншіден, кейбір орыс тіліндегі сөздер өте ертеден қолданылып келе жатқандықтан, әдетке айналып кеткен (мысалы: телевизор, бензин, пылесос, шашлық, пиво, самолет т.б.)

Орыс тілінің қазақ тілінен қолданылу деңгейінің жоғары болғанына байланысты қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті мүлдем бұзылды деп айта аламыз. Ауызекі сөйлеу тілінде интеркаляциялық бірліктерді қолданбаймын деп айтатын адам жоқтың қасы. Осыдан-ақ қазақ сөйлеу мәдениетінің қаншалықты деңгейде екендігін байқауымызға болады. Аталған интеркаляция құбылысын жою үшін біз Қазақстанда ең алдымен тіл мәдениетін көтеруіміз қажет. Бұл мәдениеттің бастамасы – балабақша мен мектеп. Сөйлеу нормасын қалыптастыруды балабақша балалары мен мектеп оқушыларынан бастағанымыз орынды. Мектеп бағдарламасына сөйлеу мәдениетіне байланысты қосымша пәндер енгізілсе немесе осыған байланысты мектеп аралық, аудан аралық, тіпті республика аралық әр түрлі іс шаралар ұйымдастырылса және де жоғары оқу орындарындағы барлық мамандық иелеріне де осындай арнайы пәндер енгізілсе қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті көтеріледі.

Әдебиеттер:

1. Таджикско-русское двуязычие (социолингвистический аспект). – Душанбе, 1986. – 247 с.
2. Жлуктенко Ю.А. Лингвистические аспекты двуязычия. – Киев: Высшая школа, 1974. – С. 21.
3. Хасанов Б.Х. Казахско-русское двуязычие: социально-лингвистический аспект. – Алматы: Наука, 1987. – 200 с.
4. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. – Алматы: Ғылым, 1990. – 181 с.
5. Вайнрайх У. Языковые контакты. Состояние и проблемы исследования / перев. Ю.А.Жлуктенко. – Киев, 1979. – 263 с.
6. Барманқұлов М.К. Жанры печати радиовещания и телевидения. – Алматы, 1974. – 127 с.

ТИПОЛОГИЯ РУССКОЙ СОВРЕМЕННОЙ АВТОБИОГРАФИЧЕСКОЙ ПРОЗЫ

В литературном процессе конца XX – начала XXI в. значительную роль приобрела документальная литература, литература факта, где художественный вымысел, казалось бы, занимает подчинённое место. В центре сюжета современных романов и повестей часто оказывается сам автор, история его жизни. «Попросту говоря, речь в тысячный раз идёт о литературе подлинности или существования, за которой стоит человек со своей личной историей. Другие слова ведь уже не проникают в сознание, засыхают на фильтре, вымётываются вон. Перспектива соприкоснуться с романом повергает в кому и ступор, а история, мемуар, свободное размышление, повесть судьбы, анархическая проза любви и отчаяния <...> вроде бы куда годятся, их покамест не удалось скомпрометировать» [3, с. 421]. Как пишет В. Хализев, в литературе второй половины XX в. «...места лидеров занимают жанровые образования, обладающие свободными, открытыми структурами, <...> предпочтение отдаётся всему тому в литературе, что непричастно формам готовым, уставшимся, стабильным» [5, с. 339]. Это в полной мере относится к автобиографическим произведениям. Как известно, интерес в Европе к текстам такого рода во многом был привлечен работой французского критика Ж. Гюсдорфа «Условия и границы автобиографии» (1956). Уже в 1975 г. Ф. Лежён выпустил в свет брошюру «Автобиография во Франции» и дал собственное определение этого жанра. Он писал, что «...автобиография является повествовательным текстом с ретроспективной установкой, посредством которого реальная личность рассказывает о собственном бытии, причем делает ударение именно на своей личной жизни, особенно истории становления своей личности» [6, с. 138]. Предметом исследования Ф. Лежёна в этой и других его работах были как художественные автобиографии, созданные писателями, так и тексты, написанные непрофессиональными писателями и не относящиеся к художественным произведениям.

Совершенно очевидно, что его определение автобиографии нельзя считать исчерпывающим, однако в нем отмечены важнейшие признаки такого рода произведений. Это ретроспективная установка повествования, в основу которого автор кладет историю «своей» личности. Однако далеко не во всех автобиографических текстах делается акцент «именно на своей личной жизни» и «истории становления своей личности». Разумеется, она присутствует, поскольку речь идет все же об автобиографии, но порой интересы автора шире, и на страницах автобиографической прозы возникает не только история становления личности, но и история целого поколения.

Н. Николина предлагает свою типологию автобиографической прозы, согласно которой существуют «собственно автобиографии – документальные тексты, представляющие собой краткие и формализованные жизнеописания и относящиеся к официально-деловому стилю; автобиографические тексты, включающие одновременно развёрнутые воспоминания о прошлом, связанных с ними реалиях, лицах и т.п.; автобиографии и воспоминания, тяготеющие к беллетризированной форме (содержащие, например, образные характеристики описываемых реалий); художественные произведения, использующие жанровую форму автобиографии и опирающиеся на реальные факты жизни автора (см., например, повесть С. Т. Аксакова «Детские годы Багрова-внука», роман И. А. Бунина «Жизнь Арсеньева», тетралогия Б. К. Зайцева «Путешествие Глеба»» [4, с. 12]. Подобное разграничение внутри жанра, однако, не размывает то общее, что лежит в основе всех автобиографических текстов и отмечено ранее Ф. Лежёном, – установку «на воссоздание истории индивидуальной жизни, позволяющей “создавая текст, создаваться самому” и преодолевать время (и более того – смерть), принципиально ретроспективной организацией повествования, идентичностью автора и повествователя или повествователя и главного героя» [цит. по: 4, с. 13]. Таким образом, при характеристике писательских автобиографий следует учитывать и их принадлежность к различным жанровым разновидностям, и то общее, что позволяет относить их к жанру автобиографии, а также отграничивать от того типа произведений, в которых автобиографизм проявлялся как «стилистически маркированный литературный прием, представляющий собой эхо жанра автобиографии; он появляется в текстах, которые сами по себе не являются автобиографией, не писались и не воспринимались как автобиографии. Автобиографический текст основан на следовании фактической канве жизни писателя, тогда как автобиографизм связан с использованием ситуаций, достоверных по внутренней мотивировке, но не происходивших в действительности» [1, с. 5].

Обычно исследователи начинают историю русской автобиографии с «Жития Протопопа Аввакума», отмечая важнейшие вехи, менявшие его очертания. Исследователи, которые говорят об автобиографических произведениях XIX века, называют автобиографическими и повесть Аксакова, и повести Л. Толстого, и романы Гарина-Михайловского. Между тем современная литературоведческая наука выработала иной подход, при котором эти произведения, строго говоря, не являются документальной прозой и могут рассматриваться лишь как использующие форму автобиографии. Но такой взгляд на предмет исследования становится возможным лишь в XX в., когда сама документальная проза усложняется, расслаивается, возникают новые внутрияжанровые разновидности. Автобиографическая проза различных типов была представлена уже в среде русской эмиграции – известно множество автобиографических произведений, написанных военными, писателями, музыкантами, общественными деятелями. В их автобиографиях был силен мемуарный элемент. Вероятно, поэтому исследователи зачастую именуют прозу такого рода мемуарно-автобиографической. Отвечая на вопрос о росте числа таких произведений, Л. Бронская пишет о том, что у представителей русской эмиграции проявлялось прежде всего ощущение собственной духовной миссии, потребовавшей осмысления прежнего опыта, формой для которого могли служить форма автобиографии или «собственно документальных жанров: мемуаров, дневников, воспоминаний, писем» [2, с. 5].

Так, в частности, Л. Бронская полагает, что под автобиографией нужно понимать «особое жанровое образование», что писатели русского зарубежья разрешали «проблему духовного человека» и что их «волновали проблемы этнонациональной ментальности (русская идея» [2, с. 81]. Но трудно согласиться с выводом автора книги, что «автобиограф <...> отражает объективную реальность» [2, с. 12]. Вероятно, тут следовало бы учитывать прежде всего то, что автор биографии создаёт свой собственный образ и образ времени, эпохи и людей, его окружавших, как он их себе представляет, и говорить об «объективности» тут сложно. Трудно принять также и мысль автора о том, что именно в русской литературе проявился особенный интерес к «изображению детства» [2, с. 43], тогда как он стал характерным для западноевропейской литературы благодаря произведениям Ж.-Ж. Руссо. Н.Николина подходит к исследованию автобиографической прозы несколько иначе. Она систематизирует её лингвистические аспекты и

рассматривает как художественные, так и нехудожественные образцы этого жанра.

Не претендуя на полноту, попытаемся дать собственную типологию автобиографической прозы. В нашей работе мы будем рассматривать тот тип документальной прозы, который Н. Николина определяет как «автобиографии и воспоминания, тяготеющие к беллетризированной форме (содержащие, например, образные характеристики описываемых реалий)» [4, с. 12]. Применительно к писательским автобиографиям мы попытались выделить три внутржанровые разновидности. На наш взгляд, к первому типу относится лирическая проза («Ожог», «В поисках жанра» В. Аксёнова). Она строится на основе художественного вымысла и включает лишь отдельные элементы биографии самого автора. В прозе такого рода отсутствует эпическая дистанция, герой и повествователь слиты, этапы жизни представлены фрагментарно, возникают по ассоциации, соответствию с нынешними чувствами, мыслями повествователя.

Ко второму типу мы относим произведения, использующие иную форму автобиографического повествования. Это преимущественно автобиографический роман («Путешествие Глеба» Б. Зайцева, тетралогия Н. Гарина-Михайловского и др.). Здесь художественное преобладает над документальным, вымысел преобладает над фактом и создаются широкие обобщения, а автобиография «имитируется». В произведениях этого типа возникает эпическая дистанция, повествователь отделен от героя, жизненный путь которого представлен хронологически и последовательно. Авторы осмысливают этапы его взросления (детство, отрочество, юность), используя устойчивые мотивы, являющиеся характерными для всех произведений такого рода (сад как рай, усадьба, родители, учёба, круг интересов и чтения и пр.).

К третьему типу относятся собственно автобиографические тексты, в которых документальное преобладает над художественным, факт над вымыслом, выдвигаются общественно значимые события и люди. В таких произведениях наблюдается разное соотношение документального и художественного, присутствует аналитическое начало, преобладающее над исповедальным, в силу чего и возникает своего рода «эпическая дистанция».

Разумеется, трудно говорить о существовании этих типов автобиографической прозы в «чистом виде». Скажем, в них очевидны две доминанты – исповедально-лирическая и описательно-аналитическая. В центре произведений с исповедально-лирической доминантой находится сам автор, который увлечен самоанализом, как Ю. Нагибин, не исключая и самолюбования, как, скажем, в текстах Э. Лимонова. В произведениях другого типа наряду с исповедальным началом присутствует и описательно-аналитическое начало. Для этого типа писательской автобиографической прозы важно поместить себя в определенный социум, поколение, круг близких по духу и целям людей, дать оценку не только себе, но и своему поколению, времени, эпохе. К их числу можно отнести прозу В. Топорова, А. Наймана, В. Аксёнова, Н. Климонтовича и др.

Литература:

1. Большев А.О. Исповедально-автобиографическое начало в русской прозе второй половины XX века: автореф. дис. на соискание научной степени д-ра филол. наук: спец. 10.01.01 «Русская литература». – СПб., 2003. – 32 с.
2. Бронская Л.И. Концепция личности в автобиографической прозе русского зарубежья (первая половина XX века): И.С. Шмелев, Б.К. Зайцев, М.А. Осоргин: автореф. дис. на соискание ученой степени докт. филол. наук: спец. 10.01.01 «Русская литература» / Л.И. Бронская. – Ставрополь, 2001. – 20 [1] с.
3. Гольдштейн А. Расставание с Нарциссом. Опыты поминальной риторики / А. Гольдштейн. – М.: Новое литературное обозрение, 1997. – 445 с.
4. Николина Н. А. Поэтика русской автобиографической прозы: Учебное пособие / Н. А. Николина. – М.: Флинта: Наука, 2002. – 424 с. (Серия: «Филологический анализ текста»).
5. Хализев В.Е. Теория литературы. Учебник для вузов / В. Е. Хализев. – М.: Высшая школа, 2000. – 398 с.
6. Gusdorf G. Auto-bio-graphie / Georges Gusdorf. – Paris: Odile Jacob, 1991. – 69 p.

Сайлаухан Қожағұлов, Акмарал Жунисбекова
(Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы)

ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ басылымдарының қалыптасу және даму тарихының, журналистиканың зерттелуі жалпы ұлттық баспасөзіміздің тарихын түгендеу үшін ғана емес, бүгінгі қазақ журналистикасының даму бағыттарын өз деңгейінде айқындау, әрі жүйелеу үшін де қажет. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдар тарихын зерттеу ісі елі де толық қолға алынбаған, әсіресе басылымдарға бел шеше араласқан қарымды қаламгерлер мен олардың көтерген мәселелері туралы аз жазылғандықтан, бұл іс осы зерттеу жұмысының үлесіне тиіп отыр.

Қазақ публицистикасының қалыптасуы мен дамуын ғылыми тұрғыда ең алғаш зерттеп, жүйеге түсірген, өз заманының ауанына қарай баға берген Михаил Иванович Фетисов (1907-1960). Ол өзінің «Зарождение казахской публицистики» атты орыс тілінде жариялаған көлемді монографиясында қазақ әдебиетінің аса маңызды саласы ретінде қазақ публицистикасын жеке бөліп алып қарайды [1,23-33]. М.И.Фетисов алыстан бастап, баспасөзді және публицистиканы дамытудағы орыстың төңкерісшіл-демократтарын алға тартып, орыс публицистикасының тәжірибесін қазақ топырағына сіңіруге талпынған. Бұл-ғылыми әдістемелік жағынан бірден-бір дұрыс бағдар болғанымен, алғашқы зерттеу, кейінгі ізденістерге жоралғы еді. Халқымыздың көрнекті қайраткерлерінің шығармашылығына тереңірек үңілген автордың бұл еңбегін қазақ мәдениетінің тарихында елеулі табыс деп бағалап, өз орнын көрсетуіміз керек. Еңбектің ішкі тақырыптарының өзі көп нәрсені аңғартқандай: «Шоқан Уәлихановтың публицистік шеберлігі», «Ыбырай Алтынсаринның публицистикасы», «Абай Құнанбаевтың публицистикасының ұлттық және жанрлық ерекшеліктері», «Қазақ ағартушыларының публицистік дәстүрлерінің дамуы» т.б. мәселелер қамтылған. Қазақ баспасөзінің пайда болуын ұлт тарихындағы елеулі құбылыс деп бағалаған М.И.Фетисов, отарлаушы елдің «орыс шовинизмінің» керітартпалығын да батыл сынаған. «Орыс қоғамының реакцияшыл қауымы жер-жерде, түрлі ұлт тілдерінде мерзімді баспасөздің пайда болуын ызамен айыптап, қолынан келгенше қарсылық жасап бақты» дегені шындық болатын.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ баспасөзінің тарихын қоғам дамуының заңдылықтарына байланыстыра қарап, ақиқатты айтуға талпыныс жасағандар болған.

Баспасөз тарихшылары арасында алдыңғы орын Міржақып Дулатұлынікі. Ол сонау 1923 жылдың өзінде-ақ баспасөздің ұлттың өркендеуінде қандай маңызы болатынын ғылыми тұрғыда тұжырымдаған еді. «Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатасыз бір өлшеуіші – баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді. Яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық. Бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық көңілі тетіктер көптен иман келтірген. Сондықтан Еуропа жұрты баспасөзге «алтыншы билік» деп ат қойған» [2].

Осы күнгі Қазақстан аймағында шығып тұрған мерзімді баспасөз нұсқаларын, соның ішінде Семей қаласының баспасөз нұсқаларын алғашқысынан бастап, 1923 жылға дейін толық санамалап шыққан да Міржақып Дулатұлы еді [3].

М. Әуезов «Қазақ тілі» газетінің тарихи миссиясы туралы 1923 жылдың өзінде берген бағасы күні бүгінге дейін аса сындарлы және ғибратты болып саналады. «Сол уақыттарда «Қазақ тілі» газетінің бетінде анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер, қауіптің пішінін айқын ғылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын жол мұңдалап, жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді». «...Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денеге қан жүгіртіп, күзгі таңының салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ тілі» газеті болатын» [4, 35]. Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ журналистикасының тарихы, оның ішінде «Абай» журналының шығарылуына байланысты жазғандарында бағалы деректер бар. Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде кеңестік баспасөз органдары көбейген кезде қазақ баспасөзінің, соның ішінде Семей қаласындағы баспасөз тарихы жөнінде әңгіме қозғала бастады. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңінде жалпы баспасөз тарихы мен оның халық үшін қаншалықты маңыздылығын кезінде «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Т.Рысқұлов өзінің «Баспасөз міндеттері», «Қазақ ұлты мен қазақ пролетариатының қалыптасуы» атты мақалаларында көрсетті. Тұрар Рысқұловтың «Баспасөз мәнісі» деген атпен 1926 жылы шыққан еңбегінде тасқа басылған сөздің қалың қауымға қандай ықпал ететіні көрсетілді. Негізінен баспасөздің теориялық мәселелерін қамтығанымен, автор қазақ баспасөзінің өткендегі жағдайына да назар аударған. Бұл тақырыпта Сәкен Сейфуллиннің 1922-23 жылдар аралығында жарияланған «Баспасөзді күшейту жұмысы», «Қазақстан баспасөздері», «Оқушы жастарға үлгі», «Газетке не жазу керек?», «Қазақ халқының төмен табының азаматтарына», «Қазақ жұмыскер кедейлері газет – журнал оқу керек» сияқты мақалаларында да айтылады. Кезінде «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи – мемуарлық романында ұлттық басылымдар туралы көп мағлұматтар береді [5,52; 85].

«Алғашқы өлкелік басылымдарды, оның ішінде Семей өлкесіндегі газет-журналдар тарихын зерттеуші С.М.Бабинцевтің мақаласы қазірге дейін өз құндылығын жойған жоқ. С.М. Бабинцевтің «Семей өлкесіндегі мерзімді баспасөз туралы естеліктері» атты мақаласы 1931 жылы «Қазақстанды тану қоғамының Семей бөлімінің жазбаларында» (Бұрынғы мемлекеттік география қоғамының Семейдегі бөлімі) басылып шықты. Бұл естелік мақалада жалпы Семей облысындағы алғашқы баспасөздің пайда болуынан бастап, кеңестік дәуірдегі басылымдардың өрістеуіне дейінгі кезеңді қамти отырып, барлық газет-журналдарға қысқаша баға береді.

Көрнекті әдебиеттанушы профессор Бейсембай Кенжебаев «Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер» (1956 ж.) және сол автор Т.Қожакеевпен бірігіп «Қазақ совет баспасөзінің тарихынан» (1962 ж.) деген еңбектер бастырды. Ол 1888-1929 жылдары қазақ тілінде шыққан газет-журналдарға тоқталып, «Дала уалаяты», «Серке», «Қазақ», «Қазақ газеті», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап», «Абай» журналдарына талдау жасайды. Әсіресе, қазақ даласына кең тараған «Дала уалаяты газеті»мен «Қазақ» газетіне терең сипаттама береді де, екі революция мен азамат соғысы жылдарында (1917-1920) шыққан газет-журналдарды саяси-идеялық бағыттарына қарай екі топқа бөліп жіктейді. Оның бірінде буржуазияшыл-ұлтшыл, контрреволюцияшыл бағытта шыққан 13 газет-журналды, екіншісінде большевиктік Кеңес өкіметі бағытындағы 16 газет журналды қарастырады. Дегенмен, бұл кітаптарда ұлт баспасөзінің тарихы тұтас тұғырнамалық жүйеде алынып қарастырылған жоқ. Өлбетте, бұл еңбектер қазақ журналистикасының тарихын зерттеуші жаңа буынға жөн сілтеді, жол көрсетті. Баспасөз тарихы деген жаңа сала ғылыми проблема ретінде осылай қалыптаса бастап еді. Қазақстан баспасөзінің тарихын 1870 жылдан, алғашқы кезінен бастап, жүйелеп, ХХ ғасырдың 30-жылдарына дейін келтірген профессор Хайыржан Бекхожиннің еңбегі ерекше. Бұл жөнінде оған тең келерлік есім әлі жоқ екенін мамандар айтып келеді. Әрине, оның 1964 жылғы «Қазақ баспасөзінің даму жолдары», 1981 жылғы «Қазақ баспасөзі тарихының очерктері», С.Матвиенко, С.Қозыбаевпен 1991 жылы бірігіп жазған «Очерки истории казахской журналистики» монографиялары идеялық жағынан саясат сарынында болғанымен, танымдық құны қымбат. «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» еңбегінде [6, 18-19]. тек кеңестік Орынбор, Семей, Ақмола, Өскемен, Жетісу өңірлерінде шыққан өлкелік «Бірлік туы», «Жас қазақ», «Тіршілік», «Алтай үні», «Бостандық туы», «Айна» және «Қазақ тілі» газеттерінің маңызы мен саяси мәніне ғана тоқталып қоймай, қазан төңкерісіне дейін шығарылған ұлттық басылымдарға коммунистік идеология тұрғысынан талдауға мәжбүр бола отырып, «Сарыарқа», «Абай», «Бірлік» сияқты кезінде «ұлтшыл» деп айдар тағылған басылымдарға да орын береді. Х.Бекхожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очерктері» еңбегінде өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы Семейдегі қазақ баспасөзі дамуының кейбір ерекшеліктеріне, аталған басылым көтерген өзекті мәселелер, кейбір тақырыптары жайлы да айтып өтеді. Газетте қызмет атқарған М.Әуезов, С. Дөнентаевтардың публицистикалық шығармаларына өзіндік баға берген. Т.Қожакеев өз еңбегінде Семей өңіріндегі Кеңес баспасөзінің басталу тарихы жайлы жазған.

1959 жылы 15-19 наурыз айында қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияда айтылған сын-пікірлер мен ұсыныстар толығымен жинақталып, 1961 жылы «Әдеби мұра және оны зерттеу» деген атпен жарыққа шықты. С.Бәйішевтің кіріспе сөзімен ашылған конференцияда қазақ әдебиетін зерттеудің өзектілігіне, қазақтың революцияға дейінгі және кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тарихы жөніндегі әдебиетші ғалымдардың пікірлері мен ұсыныстары қаралды. Қазақ мерзімді баспасөзінің елу жылдығына байланысты В.Шляховтың құрастыруымен шыққан «Жолға шыққалы жарты ғасыр» жинағына Семей, Өскемен, Павлодардағы алғашқы кеңестік басылымдардың қызметі жөнінде Бекхожин, Сыздықов, Бурабаев, В.Шевченко мақалалары жарық көрді. И.В.Кузнецов пен Е.М. Фингеридің барлық кеңестік республикалардың, оның ішінде Қазақстандағы алғашқы кеңестік газеттердің қалыптасуын қарастырған Москвада басылған «Кеңестер Одағының газеттер әлемі» атты кітабын, А.Жаманқұлованың, А.Н. Алексеева, Б. Спановалардың құрастыруымен бастырылған мерзімді басылымдардың жинақталған жалпылама көрсеткіші, С.Қозыбаевтың, Е.Нығметовтың, В. Кашляқтың мақалалары да жарыққа шықты» [7, 5-10]. Қазақ тілінде кітап бастырып шығару Қазақстан Ресейге қосыла бастаған кезден, ХІХ ғасырдың басынан басталады. Бірақ онда да қазақ кітаптары Қазақстанның өз ішінде басылған жоқ.

Петербургте, Қазанда, Уфада, Оренбургте, Омскіде, Ташкентте, көбіне Қазанда, Қазан университетінің, Каримовтар, Хұсайновтар баспаханасында шыққан.

«XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ даласында: қазақтың этнографиясын, тарихын, тілін, әдебиетін зерттеуші орыс ғалымдары көбейеді; қазақтың өз арасынан орысша оқыған бірен-саран кісілер де шығады. Бұл қазақтың ауыз әдебиет нұсқауларын, жеке ақын жырауларының сөздерін жазып алып, кітап етіп бастырады; өздері орыс әрпімен қазақша кітаптар жазып шығарады. Бұл жөнінде Шоқан Уалихановтың, Ыбырай Алтынсаринның, И. Н. Березиннің, В.В.Радловтың, П.М. Мелиоранскийдің, Әбубәкір Диваевтың еңбектерін атауға болады», – ғалым ғалым пікірін тек басшылыққа алуды қажет [8, 87-100]. Қазақ тілінде кітап бастыру XX ғасырдың басында күшейе түскен. Бұл кезде, демек 1900 жыл мен 1917 жыл арасында, қазақ тілінде барлығы 200 шамалы кітап басылып шыққан. XX ғасыр басында қазақ тілінде шыққан кітаптардың ішінде қазақтың ақын-жазушылары – Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің, Мұхаметжан Сералиннің, Сәбит Дөнентаевтың, Спандияр Көбеевтің, тағы басқалардың өлең жинақтары, шығармалары, сонымен бірге А.С.Пушкиннің «Капитан қызы», И.А.Крыловтың мысалдары сияқты орыс тілінен аударылған кітаптар.

«XIX ғасырда шыққан кітаптарға қарағанда, XX ғасырдың басында шыққан кітаптардың тақырып, мазмұн жағы болсын, жанр жағы болсын кеңейе түскен: тек әдебиет кітаптары ғана шығарылып қоймай, оқулықтар, ғылыми кітаптар да шығарылған.

XX ғасырдың екінші жартысында Т.Амандосов, Х.Бекхожин, Х.Бекхожин, С.Қозыбаев, С.Матвиенко, С.Имашев, Б.Кенжебаев, Т.Қожакеев, М.Фетисов сияқты белгілі ғалымдар кеңестік баспасөздің тарихын зерделеді. Соңғы жылдары қазақ тілінде жарық көрген Бауыржан Жақып, Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразай, Қ.Атабаев сынды зерттеушілердің еңбектеріндегі жаңа басылымдар тарихын жан-жақты саралаудағы жаңа әдіс-тәсілдер басшылыққа алынып, ұлттық баспасөз тарихын зерделеудің соны жолдары ұсынылады. Ұлттық баспасөздің қалыптасуын зерделеген ғалымдар еңбегін жеке-жеке тереңдей талдау, бүгінгі күн тұрғысынан таразылау-бүгінгі баспасөздің бастауы, дамуы, өркендеуі туралы ой қорытуға, ғылыми жүйе қалыптастыруға, зерттеу әдіснамасын айқындауға бастар жол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Әбдиева Р. Баспа ісі: тарихы мен бүгіні //Саясат //. 2004. №12. – 23-33 б.
- 2 Дулатов М. Шығармалары. Алматы. 1997. – 230 б.
- 3 Ибраимова М.С. Азаматтық қарсылық кезеңіндегі Ертіс өңірі мерзімді баспасөзінің тарихы.Т.ғ.к. ғыл.дәреж.алу үшін дайын. дисс. Алматы. 2000. Б.160
- 4 Жақып Б. Мұхтар Әуезовтің публицистикасы. Алматы. 1992. – 352 б.
- 5 Бекхожин Х., Матвиенко С., Қозыбаев С. Очерки истории казахской журналистики. Алматы. 1991.-368 б.
- 6 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очерктері (1860 – 1958).Алматы: Мектеп.1981. – 258 б.
- 7 Ақтамбеков К. Пути становления и развития казахской педагогической печати /1870-1941/. Дисс. на соиск. учен. степ. к.и.н. Алматы.1976.-250б.
- 8 Исаханұлы Б. Барлық мүддеден жоғары қазақ баспасөзінің бағдары. Баспасөз тарихынан мағлұмат. //Ақиқат //.1999. №2 Б. 5-10.
- 9 Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. Алматы. Қазақстан. 1963. Б.240
- 10 Б.Жақып.Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары.Алматы:Білім.2004-310 б.

Sadoqat Kurbonova
(Гулистан, Узбекистан)

CREATING LESSONS WITH MUSIC AND RHYMES

The lessons on songs or rhymes are easy to create. Lyrics can be found on the Internet and sometimes on CD covers. Educational authors have seen the demand for rhyme-type lessons to build pronunciation and vocabulary skills and have published several books on the subject. Listening some music and rhymes in a classroom activities will develop student speech. When students listen them, they will correct spelling this word on their speech. Because of these issues, many students find listening difficult. Listening tasks can be very disheartening and demotivating, especially if students have had a previous negative experience. It is therefore important to give our students plenty of opportunities to practise the skill of listening in a supportive environment that helps them to learn. We need to design tasks that help them learn rather than merely testing their abilities. This means that we guide them through the recording, pre-teach language and highlight the essential points of the recording. This is in contrast to testing, where the teacher simply plays the recording and the students listen and answer questions.[1, p-39]. Using songs, games, and tongue twisters can increase student motivation in a pronunciation class: motivation is a highly significant factor in pronunciation. The more motivated the student is improve his speech, the more rewarding the teaching will be. in Choosing songs the consideration is that that they should be simple enough for the students to practice stress and rhythm as well as individual sounds. In teaching the difficult phoneme [ei] for example, we make use of the first verse of the song “This is the way”:

This is the way we wash our face,
Wash our face, wash our face,
This is the way we wash our face
At seven o'clock in the morning

The teaching procedures include; 1. Read the words containing [ei] sounds; 2. Mark out the stress; 3. Sing the song to the students; 4. Repeat the word chorally, tapping on the desk to establish the rhythm; 5. Put the words into the tune. Eventually the song helps the students' pronounce the phoneme [ei] and allows the weaker ones to feel a real sense of achievement when they are able to sing it.

On Learning English Kids there are several songs which can be used in this way. For example the song 'Quiet, please!' is useful to practise the structure 'can I have...?' and to practise other phrases typically used in the classroom. You can listen to the song on the website, or print the lyrics and sing it in the classroom. There is an online game that learners can play related to the song which will help them practise the lexical set of classroom objects. [http://www.britishcouncil.org/kids-songs-quiet-please.htm]

Technique. The development of students' speech habits through the song and rhyme music is comprised of three stages: *preparatory, forming and developing*. Each of them has its own objectives. Pronunciation is an essential aspect of learning to speak a foreign language. If a student does not pronounce a word correctly, it can be very difficult to understand him/her. On the other hand, if students make grammatical mistakes e.g. in a verb tense, the listener still has an idea of what is being said. So, it can be seen that good pronunciation is vital if a student is to be understood.[1, p-65]

The first stage is the formation of monological speech habits within the topic "music" and includes reading specially chosen micro texts on the topic which contain information about different musical trends

Some teachers analyze the errors of their students and search for songs or rhymes that can work as a remedy for these errors. This is one method of selection – basing the song choice on student needs. Nevertheless, a teacher should exercise care when choosing songs. The following criteria can be used Many songs can be made into action songs in which you and the class act out some gestures as you sing. Action songs are particularly appropriate as they help children to remember the words and their meanings. When using action songs, you might divide your class into groups of singers and actors or you might be the singers and actors all together at the same time. What if I can't sing? If you have no confidence as a singer, there still are a number of ways to use songs in your classroom:

- Try to find tapes or CDs of songs you can use in your classroom to help you and your children learn the song.
- Ask students who are good singers to lead the songs.
- If you don't know the tune, and don't have a tape, just chant the song – speak the words in the rhythm of the song without singing. Use hand clapping or finger snapping to reinforce the rhythm. Your children will still find this chanting very enjoyable. The song 'Over the Mountains' provides practice of the present continuous in the context of travelling. The chorus refrains e.g. 'I'm driving in a car' are repeated several times and children can produce their own sentences afterwards using the activity worksheet.[<http://www.britishcouncil.org/kids-songs-transport.htm>]

Fairy tales and children's stories can create good introductions into more difficult reading and writing lessons. Rewriting the endings, reading aloud and acting out scenes from the stories are all good language skill builders. Some children's stories have alternate versions based on the original story that tell the story from a different point of view. The *True Story of the Three Little Pigs*, for example, is the story of the Three Little Pigs as told from the perspective of the Big Bad Wolf. The story portrays the wolf telling his side of the story, claiming himself as an innocent who just wanted a cup of sugar for his dear old granny's birthday cake. This story can be used to help students understand point of view, and they can practice their writing skills by choosing other children's stories to rewrite from a different perspective. Students can also bring in fairy tales or other stories from their own culture to share with the class. The stories shared by the ESL students may be similar to fairy tales found in the United States or may be very different. The story of *Cinderella* may be interpreted in many different parts of the world including Egypt, China, Vietnam and Korea but each version is different relative to the culture of the country in which it originated. Video narratives with sound but no words are well suited to research into storytelling skills. Retelling such visual stories offer comparable data that remove the concern of whether learners' understanding has been handicapped by problems of listening comprehension, or reading ability. For this reason such videos have been popular sources of narrative retellings. Bygate (2001) used Tom and Jerry animation cartoons; Skehan and Foster (1999) parts of the TV comedy Mr. Bean; and Bardovi-Harlig (2000) used the classic silent cinema of Charlie Chaplin's

Hard Times. For this project I used a seven-minute wordless animation produced by the National Film Board of Canada called Dinner for Two (Perlman, 1997).[2, p-63]. Creating lesson with music and rhymes is the useful way to teach children everywhere. We should pay attention them. Because children are future of the country.

References:

1. Teaching English. Lucy Pollard. 2008. Copyright
2. Teachers exploring tasks in English language teaching.
3. <http://www.britishcouncil.org/kids-songs-transport.htm>

Сайлаухан Қожағұлов
(Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы)

«ЕВГЕНИЙ ОНЕГИН» РОМАНЫ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ЖЫРЛАУЫНДА

1937 жылы орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің қаза болғанына 100 жыл толуы қарсаңында шығармаларын қазақ тіліне аударып, жарыққа шығару қарқын алып, ел аузындағы жыр нұсқаларымен қоса жоспарлы түрде тәржімаланған шығармалары жинақталды. Қазақтың көркем әдебиет баспасынан ақынның таңдамалы шығармалар жинағының үш томдығы С.Сейфуллиннің жауапты редакторлығымен баспадан шықты.

Қазақ әдебиеті тарихында – “Евгений Онегин” романын тұңғыш жырлаған ұлы Абай туындысы мен І Жансүгіровтің аудармасы және ел арасында Әсет Найманбайұлы шығармасы деп таралған үш нұсқа да жинақтың екінші томына енді. Үш нұсқаның біріншісі-“Евгений Онегин” деген тақырыппен беріліп, «Пушкиннің, “Евгений Онегиннің” қазақ тіліндегі бұл вариантының аударушысы белгісіз. Алматы облысы Ақсу ауданындағы “Сталин” колхозының мүшесі Шарипов жолдастың айтуынан жазылып алынды. Сол күйінде өзгертілмей басылып отыр» делінген. Екінші нұсқа-“Онегин мен Татьянаның әңгімелері” Алматы облысы, Ақсу ауданындағы “Шадай” колхозының мүшесі Торыбаев жолдастың аузынан жазылып алынды. Ол 1911 жылы Әсет ақыннан үйренген екен. Біз де сол күйінде басып отырмыз»деп ескертілген. Үшінші нұсқаны І.Жансүгіров Аякөз ауданындағы мал совхозының жұмысшысы С.Әлімбетовтен жазып алыпты. Баспа сол күйінде өзгертпей басқан. Баспаның үш нұсқаны да бәз қалпында өзгертпей басуы жинақ редакторлары: С Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мүсіреповтердің фольклор заңдылықтарын қатаң ескеруінен. Жинаққа енген Шәріпов нұсқасы 209 тармақ,, Терібаев нұсқасы 348. Әлімбетовтікі 268 тармақ. Абай жырында “Онегиннің сипатынан” бастап, “Татьяна хаты”, “Онегиннің ойы” (Таңғажайып бұл қалай хат), “Онегиннің Татьянаға жазған хаты”, “Онегиннің сөзі”, “Татьянаның жауабы”, “Ленскидің сөзі”. Бұлардың соңынан келетін төрт шумақтан тұратын және бір үзік өлең бар. Ол – “Онегиннің өлердегі сөзі” деп аталады. Бұл сөз Пушкинде жоқ. Абайдың тыңнан қосқаны. “Евгений Онегин” жырының Шарипов нұсқасында алдымен Пушкин романы қай жылы жазылған (*Аудардым Пушкин ердің романын, Жазылған 1823 жылы Руссияда.*), (Романның алғашқы сұлбасы 1823 жылы Кишиневта жазылған) қанша тараудан тұратынынан (*Роман сегіз бөлек ұзақ өлең.*) Абай аудармасымен де жете таныстығынан, (*Қазақтың Абайындай болмасам да, Бұл жерде өз тілімде айтып берем.*) хабардар етіп, Онегин

жайына ойысады. Шәрипов нұсқасы басындағы осы шумақ басқа нұсқаларда жоқ. Керісінше Шариповта жоқ Пушкин жайлы кіріспе басқа үш нұсқада бар. Шәрипов Пушкин романы туралы кіріспесінде Татьянаң Онегинмен танысып ғашық болуы баяндалып, Онегин сипатына аз тоқталады. «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің қызға берген жауабы», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» (аяғы жоқ деп ескертілген), «Онегин хатына Татьянаң берген жауабы» (аяғы жоқ) деп бес бөлімге бөлінген С.Әлімбетов пен Қ.Терібаев нұсқалары:

Орыста жазушы (біреу) өткен Пушкин атты,

Өнерге ғылым, білім кемалатты, - деп басталғанымен, Қ.Терібаев: Сөйлейін Пушкин жазған оқиғасын-деп, Онегиннің бейнесіне сәл тоқталып, өмірдің өтпелілігі, дүние мен нәпсінің алдамшылығы туралы тәмсілдей толғап: *Онегиннің жиһан кезген заманында,*

Мәскеуде бір сұлу қыз болған және-деп Татьянаң сұлулығы мен Онегинге ғашықтығына ойысады. С.Әлімбетов Пушкин бейнесін сипаттауға 38 жол арнаған. Терібаевта жеке-жеке суреттелген автор Пушкин (16жол) мен кейіпкер Онегин (24 жол). С.Әлімбетовте автор да кейіпкер де Пушкиннің өзі. Е.Ысмайлов “Евгений Онегин” нұсқаларының Қуат пен Сапарғали бастауындағы Пушкиннің өзі туралы сипаттауларды мысалға алып: “Бұл орыстың ұлы ақыны туралы қазақтың халық ақындары атынан айтылған құрмет жыры» [1] дейді. Халық ақындары нұсқаларында автор-кейіпкер бейнелерінің кірігуі романдағы Онегин бейнесінің – психологиялық портретінің автор тарапынан аса терең суреттелуінен, халық ақындарының кейіпкер автор прототипі деп қабылдауының мәнісі бар. В.Г.Белинский “Евгений Онегин” мақаласында: «Онегин» есть самое задушевное произведение Пушкина... в которых личность поэта отразилась бы с такою польнотою, светло и ясно, как отразилась в «Онегине» личность Пушкина. Здесь вся жизнь, вся любовь его; здесь его чувства, понятия, идеалы. Оценить такое произведение значить-оценить самого поэта во всем объеме его творческой деятельности» дейді. Ендеше халық ақындары шындықтан алшақтамаған. Жоғарыда аталғаны үш нұсқадан басқа төртінші бір жыр нұсқасын белгілі ғалым Б. Адамбаев 1968 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген Ә.Найманбаев шығармалар жинағында жариялады. Бұл “Пушкин” деген тақырыппен берілген Көлдеев нұсқасы. Көлдеев нұсқасы да 276 тармақ. Көлдеев нұсқасындағы Пушкин сипаты 40 жол, алғашқы шумақтарда арап-парсы, орыс сөздері көп қолданылған, мазмұнында да сәл ауытқулар бар. *Оқыған өзі ұстаз мағрифатты.*

Милы бас, ойшыл кеуде озған жүйрік,

Орыста біреу бопты Пушкин атты,

Жақтаған шыншыл болып хақиқатты.

Халық ақындарында Абай аудармасы дәстүрінің берік сақталғаны жырдың сюжетінен, идеясынан, тіл-көркемдігінен аңғарылып отырады. Абай Онегинді реалистікпен толық, тұжырымды, келісті мінездейді. Халық ақындары С.Әлімбетов, Ж.Көлдеев нұсқаларында Пушкиннің өзін кейіпкер ретінде алғандықтан, жағымды суреттеу басым, бұл нұсқаларда Онегин-Пушкиннің психологиялық портреті жоқ. Абай Татьяна бейнесіне тоқталмаған, себебі Татьянаң ішкі тебіренісі, мінезі, арманы хаттары арқылы-ақ ашыла түседі. Халық ақындары Татьяна бейнесіне соқпай өте алмайды, қайта Татьяна бейнесін үлгі – өнеге тұта жырлайды. Татьянаң туған, өскен, жерін, қоғамдық ортасын Пушкин романы сарынымен дұрыс суреттейді. Үш нұсқада да Татьяна ақылды, сұлу, ойлы сезімді бейнеде сипатталады. Татьянаң жарасымды, сүйкімді әрбір мінез-қылығын әрі бақытсыз халын, қайғысын оқырмандарына жеткізуде жырды ел арасына таратушы ақындар Татьянаң “Тәтіш”, “Нұр Тәтіш” “Тәтішжан” деп қазақ ұғымына жақындатып сүйіп жырлайды. Терібаев пен Әлімбетов нұсқалары бойынша бұл хат Татьянаң Онегинді үйіне қонаққа шақыруымен аяқталады. Терібаев нұсқасында да оқиға шешімі жұмбақ күйінде қалады, бірақ 1988 жылғы Ә.Найманбаевтің шығармалар жинағындағы нұсқа-380 тармақ. “Мұның сыры дастаның басталуындағы 14 тармақтың Шәрипов, аяқталуындағы 18 тармақтың С.Әлімбетов нұсқасынан қосылуында. Фольклор маманы ретінде біз өз басымыз мұндай принципке қарсымыз. Ғылым үшін жақсы нұсқа, жаман нұсқа деген болмайды”-дейді, [2] профессор Болатжан Абылқасымов.

С.Әлімбетов. Дуэльмен қарсы жасап мылтық атты,

Жары үшін Татьяна махаббаты.

Ажал оқ бір-біріне қарсы тиіп,

Осымен екі ғашық қанға батты.

Оңалмай теріс кетті есіп Тәті,

О да атып өзі-өзі қаза тапты. – деп, Көлдеев:

Қызда өлді атты ауызбен өзін атып, деп трагедиялық халмен аяқтайды.

Онегин тағдыры тұжырымды, дәлелді сипатталған болса, Ленскийдің тағдыры сүйген қызы Ольганы Онегиннен қызғанып, оны жекпе-жек ұрысқа шақырып дуэль үстінде қаза болғаны ол кездегі “Евгений Онегин” романының мазмұнынан бейхабар ортаға белгісіз болып қала береді» [3] – дейді академик З. Ахметов. Абай өз жанынан қосқан жолдарда:

Ата-анам қара жер,

Сен аша бер қойныңды,

Сенен басқа еш жерден,

Таба алмадым орнымды, – деп Онегинді өмірмен қоштастыра жырлайды. Абай ізімен С.Әлімбетов,

Ж.Көлдеев нұсқаларының бұлай аяқталуы түпнұсқаға сәйкес келмегенімен, жалпы роман идеясынан, Пушкин өмірінен алшақтамайды. Евгений Онегин жырының халықтық варианты туралы әр түрлі болжамдар айтылып, сол 1930 жылдар ортасында-ақ ғылыми пікір таластар өріс алды. Алғаш “Қазақ әдебиеті” газетінің 1936 жылғы 4 қыркүйектегі санында Жекен Жұмаханов “Пушкиннен “Евгений Онегинді” аударған Әріп” деген пікір айтты [4]. Белгілі әдебиет зерттеушісі Б.Кенжебаев, “Евгений Онегин” дастаны Әріптікі деп екі мәрте мақала арнады [5]. Қ.Мұхаметханов «Әріп Пушкиннің “Евгений Онегин” романының уақиғасы бойынша шағын көлемді дастан жазған. Әріптің бұл шығармасы Әсет ақынға таңылып, оның жинақтарында жарияланып жүргендіктен бұл мәселе туралы қазір сөз қозғамаймыз және де бұл дастанның басқа да нұсқалары болғандықтан өлі де байыпты түрде зерттеу керек» – дейді [6]. 1969 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген Ә.Тәңірбергеновтің “Ұмытпаңыздар мені” атты кітабындағы филология ғылымының кандидаты Ә.Есназаровтың алғы сөзінде: «Ә.Тәңірбергенов орыстың классикалық әдебиетінен әсіресе А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтов мұраларын көп оқиды. Абай дәстүрімен орыс әдебиетінің қайсы бір шығармаларын аударма бастайды. А.С.Пушкиннің “Евгений Онегин” романы М.Ю.Лермонтовтың “Ақын өлімі” өлеңінен ол жасаған аудармалар талаптану үстіндегі жемістер», [7] деп жазды.

“Евгений Онегин” нұсқалары туралы алғаш құлақтанған ғалым әрі алғаш бастырушы жалпы осы мәселенің басы-қасында жүрген фольклорист Е.Исмайлов “Евгений Онегинді халық ақындарының жырлауы” деген зерттеуінде

үш нұсқаны салыстыра талдай келіп: “Сөйтіп Евгений Онегин жырының халықтық вариантын жырлап, таратушы Әсет екендігі даусыз”, -дейді [8]. Әсеттанушы, фольклорист ғалым Б. Абылқасымов «Евгений Онегин» романын Абайдан кейін аударған Әріп болмаса Әсет деген талас біздің ойымызша ғылыми негізсіз, екі пікірдің де сүйенері “Евгений Онегиннің” халықтық нұсқалары болса, ол дастандар аударма емес Әсеттің өз жанынан туған “Евгений Онегиннің” жыр нұсқасы» [9] деп таниды

Абай аудармасының жанрлық ерекшелігі туралы алғаш ой айтқан М. Өуезов «Қазақ халқының ұлы ақыны» мақаласында: “Абай версиясында “Евгений Онегин” эпистолярлық роман түріне айналған” [10] әрі «...бұл әңгімені сүйіспеншілік жыры етіп, қазақ жасына ұсынғанда, Абай өз ойымен ұстаздық мақсатын көздейді» десе, академик З.Ахметов «лирикалық драманың сипаты бар деуге қысын жоқ емес», [11] деген пікір айтады «Абайдың “Евгений Онегиннен ” алып толғаған махаббат жырын-нәзира үлгісімен жазылған лирикалық дастан деп атағанымыз дұрыс»- деген ой қорытады профессор Н.Ғабдуллин Нәзиралық үлгідегі Абай жырының эпистолярлық, драмалық сипаттары айқын болғанымен жанрлық түрді белгілемейді. «Дастан» терминдік мәселеде зерттеушілер тарапынан әртүрлі аталып жүр: “Рыцарлық дастан”, “Қисса – дастан”.. Қисса – араб, дастан – парсы сөзі болғанымен синоним емес, Қазақ әдебиетінде қисса терминін араб-парсы өмірінен сыр шертетін әдеби шығармаларға, діни сипаттағы әдебиетке қатысты А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов те қолданған Қисса – аңыз әңгіме, ертегі мысал деген ұғымды білдірсе, дастан-тарихи әңгіме, батырлар жыры ұғымында қолданылады. Даму тарихы романтизм дәуірімен тікелей байланысты романтикалық поэмалардағы қаһарманның тағдыры ерекшелуі болып, кейін сәл өзгеріске ұшырап, реалистік лиро-эпикалық поэзияға ауысты. Бір жағынан автордың рухани өмірімен өзектесе өрілетін поэмадағы сюжет ықшам әрі лирикалық қаһарманның көңіл күйімен астасып жатады. Абай және Абай ізімен Әсет ақын жырлаған «Евгений Онегин» романының қазақша нұсқалары – нәзиралық үлгідегі лирикалық поэмалар.

Ұлы ақынның 1937 жылы аталып өткен күндеріне орай нақты тапсырмамен «Евгений Онегин» романын асығыс аударған І.Жансүгіров: “Алдымызда болатын ақынның” жүз жылдығымен байланысты бізге қалай да ақын юбилейіне “Евгений Онегиннің” қазақшасымен шығу керек болды – дей келіп, ...сонымен бірге “Евгений Онегиннің” шет ел тілдерінде әлі де аударылмай жатқандығын айтқан еді [12]. Оған себеп-романның реализм үлгісінде үлкен шеберлікпен шешен жазылуы. Ұлы туындының өлем халықтары тіліне аударылуы тарихында алғашқылардың бірі болып Абай сынды кемеңгеріміздің жырлауы, Абай салған сара жолды ұстанып, іле Әсеттің жырлауындағы нұсқасының халық арасына кеңінен таралуы – ұлттық мақтанышымыз.

Әдебиеттер:

1. Исмайллов Е. Ақындар. – Алматы: 1959-273 б.
2. Абылқасымов Б. ҚРҰҒА хабаршысы. Тіл әдебиет сериясы 1996
3. Ахметов З. Абайдың ақындық өлемі. Алматы: 1995-73 б.
4. «Социалды Қазақстан» газеті 01.05.1936.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақтың демократ жазушылары. Алматы: 1958-204-205 б.
6. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері Алматы, 1995 ж. 3 кітап 59 б.
7. Тәңірбергенов Ә. Ұмытпаңыздар мені. Құрастырып алғы сөзін жазған: Есназаров Ә. Алматы: 1969-10 б.
8. Исмайллов Е. Ақындар. Алматы: 1956-274 б.
9. Абылқасымов Б. “Евгений Онегиннің” алғашқы аудармасы жайында //Коммунизм таңы. 15.03.1975.
10. Өуезов М. Қазақ халқының ұлы ақыны. 20 томдық ТШЖ. 18 т.-300 б.
11. Ахметов З. Абайдың ақындық өлемі. Алматы: 1995-73 б.
12. Жансүгіров І. 5т. ТШЖ. 1 т. Алматы: 1988-101 б.

Олена Лебідь
(Суми, Украина)

ЕКСКУРСІЯ ЯК МЕТОД ВИВЧЕННЯ УКРАЇНСЬКОЇ ЛІТЕРАТУРИ

Література відрізняється від інших предметів, адже вона не є наукою, певною сукупністю формул, алгоритмів, схем. Вона є мистецтвом, а мета мистецтва – вплинути передусім на почуття. Тому головна риса викладача літератури – здатність до творчості у виборі методів та прийомів навчання з метою зацікавити студентів. Б.Степанишин радить кожний урок вивчення біографії розпочинати по-іншому, з вигадкою, інтригуючи, викликаючи інтерес до постаті, про яку йтиметься [8, 182]. Неповторна розповідь про неповторну особистість – таким має бути методичний принцип викладання біографії. Одним з таких цікавих, небуденних для наших студентів методів роботи з літератури є екскурсія.

Екскурсія супроводжує нас все життя, будучи прекрасною ілюстрацією прислів'я: краще один раз побачити, ніж сто разів почути. Екскурсія як метод навчання передбачає вивчення предметів або явищ у характерному для них оточенні, обстановці [3, с.1].

Педагогічний потенціал освітніх екскурсій величезний: вони дають підростаючому поколінню можливість для підвищення свого інтелектуального рівня, розвитку спостережливості, здатності сприймати красу навколишнього світу, є однією з форм поєднання навчання з життям, з практикою, важливим засобом активізації навчального процесу. У процесі колективної екскурсійної діяльності у молоді формуються вміння колективно діяти, "вживатися" в навколишнє середовище.

Для того, щоб екскурсія досягла успіху, вона повинна бути ретельно підготовлена і методично правильно спланована та проведена.

В екскурсії можна виділити 3 етапи:

- 1) підготовка до екскурсії;
- 2) її проведення на місці;
- 3) підведення підсумків екскурсії.

Підготовчий етап включає 1) вивчення джерел і літератури;

2) вивчення експозиції музею, у першу чергу, музейних предметів.

Під час підготовки до екскурсії викладач чітко визначає її мету (навчальну, розвивальну, виховну), об'єм і зміст матеріалу, який потрібно опрацювати, знайомитися з місцем її проведення. У процесі знайомства з місцевістю слід визначити маршрут, місця зупинок, об'єкти для спостережень та практичної роботи.

Підсумки екскурсії можна оформити у вигляді творчих звітів, альбомів, зошитів спостережень та досліджень, малюнків, творів, оповідань тощо. До проведення екскурсії ставляться такі вимоги: 1) чітко визначити навчальну, виховну і розвиваючу мету; 2) при виборі місця проведення екскурсії врахувати естетичну значимість об'єктів, з якими будуть знайомитися студенти; 3) психологічно налаштувати студентів до навчальної, дослідницької діяльності; 4) продумати групові та індивідуальні завдання, що включатимуть елементи спостережень, досліджень та практичної роботи, щоб студенти не були пасивними спостерігачами, глядачами.

У найпростішому виді схема всіх екскурсій, незалежно від теми, виду й форми проведення, однакова: вступ, основна частина, висновок.

У ході проведення екскурсій використовуються й сполучаються різні прийоми, наприклад:

– демонстраційний; це основний прийом проведення екскурсії, коли розповідь екскурсовода сполучається з показом; екскурсовод звертає увагу відвідувачів на окремі об'єкти експозиції, направляє на розглядання конкретних деталей; таким чином знання, отримані з розповіді екскурсовода і вже наявні у відвідувачів, доповнюються й зміцнюються за допомогою зорового сприйняття;

– питальний-відповідний; сприяє розвитку самостійного логічного мислення, використання знань загального плану та зокрема з літератури, поживляє розповідь екскурсовода бесідою.

– інтеграційний – метод пов'язання літератури з суміжними галузями знань: історією, народознавством, фольклористикою тощо.

Пересування в певному середовищі та інформація за обраною темою – дві складові екскурсії. Вони мають бути гармонічно пов'язані між собою [2, с.1].

У викладачів-філологів Сумському будівельному коледжі є досвід проведення екскурсій. Одна з них – з народознавства – відбувається у нашому навчальному закладі в Українській світлиці – міні-музеї коледжу, готують і проводять її студенти-члени гуртка при кабінеті «Українське народознавство». Тема екскурсії – «Інтер'єр української хати на межі століть». Загальна тема поділена на питання, які готують окремі екскурсоводи. На Великдень у нашій світлиці проводиться свято писанкарства, яке продовжується майстер-класом для всіх бажаючих з розпису великодніх писанок у різних техніках. Вступну частину готують філологи з членами гуртка, практичне заняття – викладачі малюнку. Захід збирає студентів різних курсів, груп, спеціальностей.

Наша мала батьківщина Сумщина, тому для сумських філологів у нагоді стане підсумована інформація про доступні нам літературні осередки, музеї, куди можна поїхати на екскурсію зі студентами.

Сумський краєзнавчий музей знаходиться в центрі м.Суми на вулиці Герасима Кондратьєва. Будівля давня, з оригінальною архітектурою, в експозиції представлені предмети з археологічних розкопок ранньослов'янських та давньоруських пам'яток. При кабінеті української мови та літератури нашого коледжу працює гурток «Українське народознавство», тому особливо цікавить окрема експозиція «Матеріальна культура та побут селян Сумщини кінця XIX – початку XX ст.» Відтворено інтер'єр селянської хати, розміщені знаряддя праці та вироби сільських ремісників, народний одяг, речі домашнього вжитку, фотографії, ікони.

До 200-річчя від дня народження Т.Г. Шевченка 6 березня 2014 р. в музеї відкрилася експозиція «Т.Г. Шевченко і Сумщина». Експозиція розповідає про перебування Т.Г. Шевченка на Сумщині, друзів та знайомих Кобзаря, біографічно пов'язаних з нашим краєм, ілюструє художні та літературні твори поета, написані на сумській землі. В основі експозиції – оригінальні фотографії та листівки, рідкісні примірники друкованих видань та побутові речі середини XIX ст.

Поруч з краєзнавчим знаходиться не менш цікавий Сумський художній музей, заснований в 1920 році Никанором Онацьким. Експозиція музею розмістилась у восьми залах двоповерхового особняка – будівлі колишнього Державного банку, побудованого на межі 19-20 ст.

Сумський художній музей має такі відділи: українського, російського дореволюційного мистецтва, мистецтва радянського періоду, західно-європейського мистецтва. В експозиції та фондах музею налічується понад 15 тисяч експонатів. Серед них – живопис, графіка, скульптури, а також колекція нумізматики, вироби декоративного мистецтва, український іконопис XVIII століття.

У квітні 2014р. викладачі та студенти нашого коледжу відвідали інтегроване заняття-екскурсію у Сумському художньому музеї

ім. Н.Онацького на тему: «Модернізм у літературі та образотворчому мистецтві».

На території Сум функціонує Народний музей ім. Лесі Українки, відкритий у Косавщині, на вул.Шкільній, у 1971 р. до 100-річчя з дня народження поетеси. У 1889 р мати привезла Лесю в Косівщину до народної цілительки П. Богуш. Тут поетеса написала свої «Весняні пісні». Кімната-музей Лесі Українки розміщується у місцевій загальноосвітній школі, яка носить ім'я поетеси. Серед 600 експонатів – речі, що належали П. Богуш: горщик, товстостінна бутиль для ліків, корито, рушник. Представлений перший збірник Лесі Українки "На крилах пісень" 1904 року видання та ін. Екскурсії проводять юні екскурсоводи.

Недалеко від Сум можна відвідати музей Олександра Олеся. У Білопільлі він відкритий 1998 року на базі центральної районної бібліотеки. У двох просторих світлих кімнатах розмістилась експозиція, що розповідає про життя і творчість поета. Одна із кімнат присвячена білопільському періоду життя Олеся. Вигляд м. Білопільля кінця XIX ст., відтворений в діорамі, переносить відвідувачів в ті часи, коли в місті жила сім'я Кандибів. Найціннішим скарбом музею є особисті речі Олеся та прижиттєві видання його творів.

На Охтирщині, у селі Грунь, є далеко відомий за межами Сумщини музей славетного українського гумориста Остапа Вишні, в експозиції якого були представлені справді унікальні експонати. У першому залі музею на робочому столі письменника зібрані особисті речі: чорнильний набір, друкарська машинка, перекидний календар 1956 року випуску, прес-пап'є, окуляри, попільничка, підшивки чорнеток та вирізок з газет. З обох сторін біля столу – стенди з фотографіями митця різних років. У сусідньому залі – величезне панно на всю стіну, яке подарували музею охтирські художники. На ньому зображено портрет письменника в оточенні його літературних героїв. У цій же кімнаті зберігається посмертний зліпок обличчя і руки митця.

Отже, використовуючи екскурсію для викладу навчального матеріалу при викладанні літератури, ми вирішуємо ряд найважливіших завдань: досягаємо високого рівня засвоєння інформації у незвичний для студентів спосіб, активізуємо у студентів психічні процеси: сприйняття, пам'ять, увагу, уяву, розкріпаємо їх у спілкуванні,

полегшуємо міжособистісну комунікацію, даємо студентам можливість сприймати наш предмет як невідому частину навколишню світу, пов'язуємо минуле з теперішнім [2, с.1].

Література:

1. Демчук О. Нестандартні уроки української літератури 9-11 клас /О.Демчук. – Тернопіль: Підручники & посібники, 2000. – 141 с.
2. Екскурсія: [Електрон. ресурс]. – Режим доступу: URL: <http://tvory.net/ekskursiya>. – Назва з екрана.
3. Збандуто С. Ф. Екскурсія як незамінний метод навчання.: [Електрон. ресурс]. – Режим доступу: URL: <http://uastudent.com/ekskursija-jak-nezaminnyj-metod-navchannja>. – Назва з екрана.
4. Кудряшов Н. Взаимосвязь методов обучения на уроке литературы / Н.Кудряшов. – М.: Просвещение, 1981. – 190 с.
5. Нетрадиційні уроки з української літератури. 5-11 класи/ Укл. С.Скляр, Л.Нечволод. – Харків: Торсінг, 2004. – 224 с.
6. Пасічник Є. Методика викладання української літератури в середніх навчальних закладах: Навчальний посібник для студентів вищих закладів освіти / Є. Пасічник. – К.: Ленвіт, 2000. – С. 138 – 182.
7. Слоньовська О.В. Конспекти уроків з української літератури: Нове прочитання творів. 9 клас. – К.: Рідна мова, 2001. – 592 с.
8. Степанишин Б.І. Викладання української літератури в школі. Київ.: РВЦ "Проза", 1995. – 256 с.
9. Фасоля А. Мета, зміст, технологія уроку. / А. Фасоля // Дивослово. – 2004. – № 8. – С. 19 – 25.

Газиза Отарбаева
(Алматы, Қазақстан)

ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУ

Техникалық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесінде мемлекеттік талапқа сай көптеген бағыттар бар. Соның ішінде ұлттық құндылықтарды оқу үрдісінде басқа ұлт өкілдеріне және де біздің орыс тілді мектептерді бітірген студенттерімізге қазақ тілі арқылы меңгерту – қазіргі заманның көкейкесті мәселесі болып отыр.

Қазақ халқы түрлі қоғамдық сатыларды басынан өткеріп өзіне тән ұлттық құндылықтардың алтын қорын жасап келген. Ол құндылықтар ауыз әдебиеттерінің сан алуан жанрлар мазмұнында, ақын-жыраулар толғауларында, халықтың және ғұламалардың қанатты сөздерінде теңдесі жоқ тарихи-әлеуметтік ескерткіштерінде, әдет-ғұрыпта, салт-дәстүрлерде сақталған.

Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін меңгертуде әсіресе мәтіндердің білімдік, танымдық мәнімен қатар тәрбиелік рөліне де ерекше көңіл бөлінеді. Әл-Фарабидің «Адамға тәрбие бермей тұрып, ғылым мен білім берсеңіз, ол жүрген ортасына апат алып келеді»-деген сөздері осыған дәлел.

Соңғы уақытта қоғамда қазақ тілін меңгерту мәселесінде үлкен пікірталас жүріп жатыр. Осы тұрғыдан келгенде техникалық жоғары оқу орындары студенттерінің қазақ тіліне деген құштарлығын қазақ мемлекетінің негізін қалаушы – қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жалпы адамзаттық құндылықтармен ұштастыра отырып бағдарламаны нақтылау үрдісі қолға алынғаны қуантады. Егер оқытушы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сабақ үстінде студенттердің бойына сіңіруге талпынса, онда ана тілінен қол үзген немесе кейбір менсінбеген студенттердің қазақ тіліне деген құрметтеушілік сезімін тәрбиелеуге болады деп ойлаймыз.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну қажет. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.[1,273б.] Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар-белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді»-дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін:бірі – өзім, екіншісі-халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде тіл үйрету барысында тілмен бірге халықтың салт-санасын, мәдениетін, өнерін, таным-түсінігін де меңгерте білу – саналы процесс екенін айтқымыз келеді. Себебі тіл – ұлттық мәдениет, тарих, дүниетаным, қазақы түсінікпен де қабысып, сабақтасып жататындығы сөзсіз. ЖОО-ның «Практикалық қазақ тілі» пәнінің мемлекет бекіткен типтік бағдарламасы негізінде ұлттық дәстүр, салт-сана, тарихи құндылықтар тақырыбына да баса назар аударылған. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашалақ түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл студентті берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет.

-белсенді қарым-қатынас: студент пен оқытушының әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; Мысалы: *Ата салтымыз неге ұмыт бола бастады? Бұрынғы салт пен қазіргі салт-дәстүр үлгілерін салыстырып көріңіздер? Салт-дәстүрді жаңғырту үшін не қажет? «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» тақырыбында ойталқы құрыңыздар.*

-індивидтiк: оқытушының әр жеке студенттiң ерекшелiгiн дамытуы; Мысалы:

А) Соңғы сөзi берiлген өлең шумақтарын толықтыр.

1)..... мықты,

..... жықты.

2)..... жарқын,

..... халқын.

Ә) Даналық сөз тiзбегiн құрыңыз.

Шарты: 1) Сөз тiзбегiнiң әр сөзi бiрдей дыбыстан басталу керек.

2) Сөз тiзбегi ақыл, нақыл мақал сөз боып келу керек.

Үлгi: 1) Елдестiрмек – елшiден,

Жауластырмақ – жаушыдан.

2) Егемендi елiмнiң ертеңiмiн!

Б) Берiлген жағдаяттар бойынша сөйленiм құрастырыңыз.

1) Сiзге жиенiңiзге ат қою мәртебесi бұйырды. Қандай есiм берер едiңiз? Неге?

2) Сiз құдалыққа бас құда ретiнде бардыңыз. Қыз айттыра барғанда қандай сөздер айтасыз?

3) Шетелдiк досыңызға қазақтың салт-дәстүрлерiнiң бiрiнiң мәнiн ашып түсiндiрiп берiңiз.

4) Жақын таныстарыңыздың бiрi сырқаттанып жатыр. Көңiлiн сұрап, жылы сөздер айтқыңыз.

5) Сiзге кiшкентай сәбидi ұйықтатуды тапсырды. Қандай әрекет етесiз?

6) Жақын танысыңыздың әкесi қайтыс болды. Кездескенде көңiл айтып, жұбатыңыз.

7) Үлкен жиын-тойда сiзден ауылдың алты ауызын айтып беруiңiздi сұрады. Қандай ән айтасыз?

В) Ұлттық тағам және мүше атауларын тауып, қалай жасалатынын немесе қай табақта тартылатынын жазыңыз.

Қ	Ы	М	А	Ж	І	Е	Т
А	Б	Ы	Й	Н	Л	І	К
С	М	Р	Р	А	Д	А	Қ
Ж	А	А	Н	Қ	Р	І	Т
А	Қ	М	Ы	У	Ы	Р	Ө
З	Қ	Ы	З	С	М	І	С
Ы	М	Ы	Ғ	О	Ш	І	К

-шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. «Адам мен адамның бір-бірімен араласу, өзара қарым-қатынасында ғана адамның адамдығы өзі үшін де, өзгелер үшін де ашылады», - дейді философ М.М.Бахтин. Оның пікірінше, диалог тұлғаны қалыптастырудың құралы ғана емес, оның адамдық болмысын да көрсетеді. Тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады. Бірлескен қарым-қатынас негізінде студент-студент, оқытушы-оқытушы, оқытушы-студент арасында өзара құрметтеу, мойындау, түсіне білу және сыйластық әрекеттері пайда болып, толеранттық пен мейірімділік көзқарастары қалыптасады.

Оқыту процесіне соңғы кездері жаңа жобалар мен озық технолоиялар енгізіліп жатыр. Оның мәні – тұлғаны өзінің әрекеттеріне талдау жасауға, өзі үшін маңызды мәселелерді анықтай алуға және шешу жолдарын таба білуге бағыттау. Осы орайда Д.Дьюи философиясының идеясын айтар болсақ, яғни өмірлік тәжірибеге негізделген өз білімін оқушының да, оқытушының да пайдалана білуі жүзеге асырылады. Өйткені оқытудағы басты мақсат – алдындағы білім алушыға таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай қолдана білуге үйрету. Осыған сәйкес оқыту мазмұны құндылықтық, танымдық, әрекеттік-шығармашылық және тұлғалық қызметтерді қамтиды:

-құндылықтық қызмет: тұлға үшін мәнді бағдар жүйесін, өзіндік даму траекториясын таңдап алуы [2,86 б.];

-танымдық қызмет: тұлғаның рухани дамуының негізі ретінде ұлттық мәдениет, дәстүр, жан-жақты ғылыми білімдерін игеруі;

-әрекеттік-шығармашылық қызмет: тұлғаның оқу, еңбек ету, ғылыми, көркемдік және басқа да әрекет түрлерінде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы, шығармашылық қабілетін қалыптастыру және дамытуы;

-тұлғалық қызмет: өзіндік санаға бағытталған рефлексиялық қабілетті дамыту арқылы өзінің өмірлік мұратын дұрыс қалыптастыруды қамтамасыз етуі [3, 152 б.].

Білім беру үрдісіндегі демократиялық және гуманитарлық қарым-қатынастар оқушының танымдық қабілетінің дамуына, өз әрекеттеріне өзгеріс енгізе алуына, өзін үнемі жетілдіріп отыруына ықпал етеді. Оқытудың осы тұрғыда ұйымдастырылуы әр студенттің жеке тұлғасындағы өзіндік ерекшеліктері, өзіндік өмір тәжірибесі мен өзіндік құндылықтарын ескеру арқылы өзіндік және өзара бірін-бірі дамытуға жол ашады. «Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса өзін, асса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолда құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек» [4,24 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау». -Алматы, 2004.
2. Д.Дьюи. «Демократия и образования».2000.
3. В.А.Сластенин, В.П.Каширин. «Психология и педагогика». -Москва, 2004.
4. М.Жұмабаев. «Педагогика».1991

Саида Садуақасова
(Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы)

САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ САЯСИ МЕТАФОРА

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында, жаһандану дәуірінде адамның тұрақты коммуникациясының дамуына бұқаралық ақпарат құралдарының тигізер ықпалының зор екені анық. Когнитивті көзқарас тұрғысынан осындай әсер етудің мықты құралдарының бірі – метафора болып табылады. Адам баласы өзі өмір сүретін әлемді метафоралық ойлау, оны пайдалану арқылы құрады. Дж. Лакофф және М. Джонсонның пікіріне сүйенетін болсақ, біздің түсіну, қабылдау қабілетіміз метафоралық сипатқа ие, ойлауымыз, күнделікті тәжірибеміз мен тәртібіміздің өзі белгілі бір дәрежеде метафоралармен белгіленеді [1;387]. Мысалы, Алматыда «Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры» өткізген «Руханият. Тәуелсіздік. Жаңғыру» атты қазақ интеллигенциясының форумына қатысқан қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар қатарында баяндамасын Алаш идеясына арнаған алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай: «Дертті қазақ қоғамына «операция жасамас бұрын» оған алдымен «дұрыс диагноз қою керек» деген пікір айтты. («Интеллигенция Жаңаөзен оқиғасын «қанды жексенбіге» теңеді», Азаттық радиосы, 28 сәуір 2014). Бұл мысалда метафораланған медициналық терминдердің саяси реңк алғандығы анық, ал оның оқырман немесе адресат ойына экпрессия тудырып отырғандығын көреміз.

Метафоризациялау үдерісі – «білімнің онтологиялық мәртебесін жиі өзгертуге әкелетін білімге жасалатын арнайы операциялар (белгісіздер белгілі бола бастайды, ал белгілілер мүлде жаңа болады және т.б.)» [2; 185]. Метафора екі түсінікті бір-бірімен байланыстырады, бірі (шығу көзі) жақсы құрылған, қарым-қатынасқа түсушілер үшін белгілі болса, екіншісі (нысана) түсіндіруді, концептуалдауды түсіндіруді қажет етеді.

Тілдегі метафораланудың өзі саяси дискурста көрініс табады. Саяси дискурстағы метафоризация үдерісін қарастыру – когнитивті лингвистиканың негізгі бағыттарының бірі (Н.Д. Арутюнова, А.Н. Баранов, М. Джонсон, Ю.Н. Караулов, Дж. Лакофф, А.П. Чудинов и др.). Метафораның адресатқа әсер етіп, белгілі бір шешім қабылдауға көмек берерлік зор прагматикалық әлеуеті бар. А.А. Каслованың пікірінше, метафора – «лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің «аралық әлемді» құрастыратын жаңа білімді қалыптастыруға бағытталған когнитивті үдерістің ерекше түрі» [3; 5]. Метафора адам әрекетінің уәжділігі мен бағытына тиісті дәрежеде эмотивті әсер етіп, қоршаған ортаны модельдеуге ықпал етеді.

Қазіргі кезде саяси дискурстың ерекшелігі – оның бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілуінде. Еліміздің экономикалық, саяси және мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістер медиа-мәтін тілінде айқын көрініс табады. БАҚ-тың негізгі белгілерінің бірі – қоғамда болып жатқан өзгерістерге жылдам әрекет ету, араласу, сонымен қатар қоғамдағы көңіл-күйді анықтап, қоғамдық пікір қалыптастыруға да мүмкіндігі бар, сондықтан БАҚ саяси коммуникацияның маңызды қатысушысы болып табылатындықтан, заманауи саяси дискурсты талдауда оның атқаратын рөлі де зор. Мысалы, елімізде орын алып жатқан саяси маңызы бар оқиғаларда қоғам қайраткерлерінің тілінде кездесетін саяси метафоралардың адресаттың сол оқиға туралы оң немесе теріс пікір қалыптастыруына ықпал ететіндігіне көз жеткіздік. Мысалы, Жаңаөзен оқиғасына сараптама жасаған қоғамдық комиссия мүшесі оны өткен ғасырдың басында болған Ресейдегі «қанды жексенбіге» теңеді. Рысбек Сәрсенбайұлы, сонымен бірге, «қоғамның жарлығы», «халықты ерте алмаған» саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың «әлсіздігі» сияқты себептер келтірді («Интеллигенция Жаңаөзен оқиғасын «қанды жексенбіге» теңеді», Азаттық радиосы, 28 сәуір 2014). Мақтай Сағдиев бұл оқиғаны нағыз бұзақылық, бейбастық, «қанқұйлы қылмыс» деп бағалады. Философ Алтай Тайжанов «140-тан астам ұлт пен ұлыс мекендейтін еліміздің 20 жылдағы ерен табысына кір келтіріп, іріткі салмақ болған, керітартпа күштердің байбаламы» деп түйді. («Жетікүн» бағдарламасы, «Хабар», 18 желтоқсан, 2014). Берілген мысалдарда аталмыш саяси оқиғаны «қанды жексенбіге» теңеп, «қанқұйлы қылмыс» деп теріс баға берілсе, А.Тайжанов керітартпа күштердің байбаламы» деп оң пікір білдіріп, адресатқа жағымды эмоция тудырған. Бұл мысалдардан байқағанымыз, Е.И. Шейгалдың тұжырымына сәйкес, БАҚ арқылы азаматтар орын алған саяси оқиғалардың куәгері, бақылаушысы рөлінде қызмет атқаратындығы [4; 61].

Дискурстағы саяси метафораны қарастыру, біздің ойымызша, ең алдымен, әртүрлі тілдік, мәдениеттанымдық, әлеуметтік, экономикалық, саяси тағы басқа факторлардың концептуалды саяси метафораның ұлттық жүйесіне әсер ету дәрежесін анықтау болып табылады. Бұл бағытта метафора әлемді образды түрде тану және образды түрде ойлау нәтижесі ретінде көрініс береді. Образдың астарында публицистикалық мәтіннің «әсерін» күшейте отырып, оның оқырманға ықпал ету тиімділігін ұлғайту жатыр. Мысалы, саяси мақалалар мен баяндамалардың және қоғамдық пікір білдірудің басты мақсаты – белгілі бір саяси оқиғаға қатысты адресаттың көзқарасын өзгерту, бір сөзбен айтқанда, саяси әлемді қайта концептуалдау. Мысалы, «Құтырған иттер» жалпы алғанда 46 нысанды, 20 автокөлікті өртеп, тонады. Соның ішінде «Өзенмұнайгаз» директорының үйіне де өрт қойды» деді «Хабар» агенттігінің журналисі («Жеті күн» бағдарламасы, «Хабар», 18 желтоқсан, 2014). Оларды интеллигенция дегеннен гөрі «жантықтар» деп атар едім. Интеллигенция «саяси ойынның құралы» болғанына наразы. Депутаттыққа өткен қалталылар мемлекеттік тілден мақұрым екенін былай қойғанда, «Алаштың» аты тұрмақ затын да білмей, Парламентке өтіп кетті, – дейді Серік Тұрғынбекұлы («Азаттық радиосы», 28 сәуір 2014). «Халық жазушысы», «Еңбегі сіңген қайраткер» сынды атақтар беріп, кеуделеріне түрлі медальдер іліп, олардан «халық сүйіктілерін» жасайды. Одан соң билік олардың халық алдындағы бүкіл абырой-беделін өз пайдасына жаратады. Ал бізде, өкінішке қарай, зиялы қауым – қорқақ, жаны тәтті. Сонда олардың қорқатыны – «биліктің беріп жатқан тиын-тебенінен айырылып қаламын-ау» деген уайым, – дейді Сейдахмет Құттықадам («Азаттық радиосы», 17 қаңтар, 2012). Жаңаөзен мен Шетпедегі қанды оқиғалар Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең қайғылы және қаралы беттерге айналды. Егер мұның барлығы ақыр аяғы «шелек жалағандардың» сотталуымен тынатын болса, онда бұл биліктің заңдылығына селкем түсіріп, сенімді азайтады. Қудалау машинасын іске қосқан соң, оны тоқтату өте қиын. («Қазақ үні» газеті, 20 наурыз, 2012). Алматы қаласында 2012 жылғы 19 наурызда қабылданған Билік пен азаматтық қоғамның өзара қарым-қатынасын реттеу және оның тиімді жүйесін қалыптастыру туралы қазақ зиялыларының форумы қарарында: Жаңаөзен мен Шетпедегі оқиғаға байланысты барлық саяси күштердің өкілдерін шақырып, ашық парламенттік талқылау өткізуді талап етеміз. Зиялы қауымның – халық өкілдерінің форумын еліміздегі көкейкесті әрі аса маңызды мәселелерді талқылап отыратын тұрақты қоғамдық мінберге айналдырамыз. Мұндай қайта концептуалдаудың негізгі құралдарының бірі – белгілі бір мәселенің маңызын одан әрі арттыру немесе керісінше, қоғамның назарын одан кері аударуға мүмкіндік беретін метафоралық үлгі болып табылады. Американдық лингвист

Nick E. Renton метафораларды зерттеуге қатысты еңбегінде БАҚ-та жарияланған қоғам қайраткерлерінің тілінде мазмұнында тың идеялар бүркемеленген метафоралар жиі кездесетіндігі жөнінде ой айтады. Саясаткерлер тілінде метафораларды қолдану жоспарланған жаңа енгізілімге қоғам мүшелерінің көзқарасын анықтаудың арнайы тәсілі болып табылатындығын атап көрсетсе [5; 22], жоғарыда келтірілген мысалдар қазіргі саясат тіліндегі саяси метафоралардың алар орнын көрсетеді.

Жүргізілген талдау барысында, саяси метафоралардың жасалуы кездейсоқ құбылыс емес екендігін, белгілі бір деңгейде елдегі болып жатқан саяси және экономикалық жағдайларға қатысты туындап, қоғамдық-саяси лексиканың құрамында «өмір сүретіндігін» байқаймыз.

Әдебиеттер:

1. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем // Теория метафоры. М., 1990.
2. Баранов А.Н., Караулов Ю.Н. Русская политическая метафора: (Материалы к словарю) / АН СССР, Ин-т рус.яз. 1991.
3. Каслова А.А. Концептуальная метафора «Выборы президента – это театр» в российском и американском политическом дискурсе // Лингвистика: Бюл. Урал.лингв. общества. Екатеринбург, 2003.Т.9.
4. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса: Монография. – Волгоград,2000.
5. Renton N. E. Metaphorically speaking: a dictionary of 3,800 picturesque idiomatic expressions. – USA: Warner Books, 1992
6. Чудинов А.П. Россия в метафорическом зеркале: Когнитивное исследование политической метафоры (1991 – 2000). Екатеринбург, 2001.
7. Чудинов А.П. Метафорическая мозаика в современной политической коммуникации: Монография / Урал.гос. пед. ун-т. – Екатеринбург, 2003.

**Саида Садуақасова,
Назым Байтасова, Айнаш Ещанова
(Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы)**

ТІЛЕК-БАТА СӨЗДЕРІНІҢ ТӨРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айрықша бағалы. Өйткені, қанымызға сіңісті, жанымызға жағымды, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер – тәрбиенің бастау-бұлағы. Аталардың қасиетті өсиеті – замандар мен ғасырлар бойы мысқалдап жиналып, ақыл елегінен өткізіліп тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспеттес. Халықтың тілек-бата сөздері жас ұрпақты сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге жетелейді, туған жерін, тәуелсіз елін қорғайтын ержүрек азамат боп қалыптасуына ықпал етеді, әр нәрсенің байыбына барып, кешірімді болуға үйретеді. Ұлттың болашағы, келешектің иесі – ұрпағына амандық, парасаттылық, ізеттілік, өжеттік, мейірім, өнер-білім, құт-береке, ұзақ өмір, үлкен табыс тілеу – ежелден адамзаттың асыл мұраты болса керек. Мысалы,

*Азамат болып ер жетсін,
Ақсақал болып төрлетсін,
Азамат болып көрікті,
Ғұмыры болсын берікті.
Азамат болсын ардақты,
Мінезі болсын салмақты,
Өнері болсын жан-жақты,
Осы айтқанның бәрі қабыл болып,
Алла берсін зор бақты!*

Тілек-бата сөздерінде уақыт ағымына қарай қазіргі күнде айтыла бермейтін тіркестер де кездеседі. Оларды көркем туындылардан, фольклорлық шығармалардан ғана табуға болады. Мұндай тіркестердің ішінара қолданыстан шығуы немесе сирек кездесуі тіл мен мәдениеттің өркеніетке ұмтылуын, қоғам өзгерісін білдіреді. Осы орайда ұлттық дүниетаныммен байланысты кейбір ұғымдардың ығыстырыла бастауы немесе басқа атауға ие болу жағдайы туындайды. Қазақ баталарында осындай мәнге ие болған тіркестің қатары ұшырасады. Мысалы, белгілі зерттеуші В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері енген «Ел қазынасы – ескі сөз» атты еңбекте мынадай бата сөздері кездеседі:

*Әр кезде байлық кетпесін,
Кешке келіп шулатқан,
Қошақанның атасы,
Қошқар бассын үйіңді.
Бақайлары шыртылдап,
Мүйіздері жылтылдап,
Үй арасын боқ өткен,
Ішсе, айранға тоқ өткен,
Бұзаулардың атасы,
Бұқа бассын үйіңді!
Шудаларын шаң басқан,
Артқы өркешін қом басқан,
Ботақанның атасы,
Бура бассын үйіңді!
Шыңыр-шыңыр кісінескен,
Тышып боғын иіскескен,
Құлыншақтың атасы,
Айғыр бассын үйіңді!*

Осы бата өлең жолдарындағы «қошқар бассын үйіңді», «бұқа бассын үйіңді», «бура бассын үйіңді», «айғыр бассын үйіңді» тіркестерінің қазіргі кезде айтылмауы бүгінгі күні халықтың айналысатын кәсібі тек мал шаруашылығы еместігінен хабардар етеді. Сол сияқты бүгінгі күнде қолданыста кездесе бермейтін тілектің бірі «Түндерің бейқұт болсын» тіркесі қазіргі таңда түрленіп, «Бай, қуатты болайық!» актив лексикаға айналған. «Бейқұт» парсы тілінен аударғанда «тыныштық», «бейбітшілік» дегенді білдіреді.

Тілек-бата қазақ өмірінің күнделікті тұрмысының барлық саласын қамтитындықтан, тек ежелгі қазақ көрінісінің белгісі ғана емес, бүгінгі күнгі қазақ бейнесін де танытатын сөйлеу этикетінің түрі болып саналады. Осы орайда қоғамның дамуына, ондағы түрлі өзгерістерге байланысты тілдік қолданыста жаңа сөздер еніп, енді бір сөздер қолданыстан шығып қалып жатады. Бұл жалпы тілдер табиғатына да тән құбылыс. Бұрынғы кезде қазақ халқының негізгі күнкөріс көзі төрт түлік мал болғандықтан, «мал-жаның аман ба?» деп амандық сұрасып, оған байланысты түрлі тілектерді молынан қолданған. Мысалы, «Ер қанаты ат» деп білген қазақтар ер жігіттің бейнесін тұлпарсыз елестетпеген. Оған жырлардағы Ер Тарғынның, Алпамыстың, Қобыландының жүйріктерін айтуға болады. Ерлердің мерейін өсіру үшін «Тұлпарың жүйрік болсын», «Алтын ерлі ақбоз ат, астыңызда арысын» деген сияқты бата жолдарында кездеседі.

Қазақтарда о дүниеге аттанған кісіге қаратып айтылатын «бақұл бол», «жатқан жерің жайлы болсын» деген сияқты қазіргі тілімізде жиі айтылатын тіркеспен қатар «ақыретің мамыр болсын» деген бүгінгі қолданыста кездесе қоймайтын тілекті кездестіреміз. Мұндағы ақырет сөзі көр, яғни адам қайтыс болған соң жерленетін жерінің атауы болса, мамыр сөзі жайлылықты, жылылықты білдіреді. Соңдықтан аталған тіркес «жатқан жерің жайлы болсын» деген бүгінгі тілек сөзімен мағыналас болып келеді. Бірақ қазіргі қолданыстан орын алмаған.

Ал бүгінгі күні тұлпардың орнын темір көліктер басқандықтан «Мәшиненің жүйрік болсын», «Мінгенің Lexus болсын! Газды басқанда "оборот" болсын! Бұрылғаның "поворот" болсын!» деген жаңа тілек пайда болған. Осы орайда айта кетер бір жайт, бүгінгі тойларда, отырыстарда айтылатын тілектердің сипаты тым жеңілденіп кеткен сияқты. «Аспаның ашық, денің сау болсын, бақыт тілеймін» немесе «зор денсаулық, қажымас қайрат, талмас қанат тілеймін» деген сияқты сөз тіркестері өте жиі қолданылады. Бір ортадағы бірнеше адамның айтатын пікірі осыған саяды. Тыңдаушы қауым тілек айтушының сөзін бастағанынан-ақ кейінгі айтатын ойын бірден-ақ түсінеді. Бұл тыңдаушы ортаны жалықтырып, мезі етеді, тілек деген ұғымның әсерін төмендетеді. Сонымен қатар, жеңіл-желпі әзілге құрылған тілектер де бүгінгі жастардың қолданысында жоқ емес, бір ортада отырған жастар бір-біріне тілек айтқанда, көбінесе «бай бол», «ақшаң көп болсын» сияқты тілектер айтып жатады. Бұл да бүгінгі қоғам талабындағы адамдардың сөйлеу әрекетінің өзгеруінен туындаған тілектер деп түсінеміз. Алайда, қазақ халқы «бір сөзге семіріп, бір сөзге арыған халық» емес пе? Олай болса, осы орайда бір ауыз сөздің құдіретін түсінбейтін ұрпақ тәрбиелеп жатқан жоқпыз да деген маңызды сұрақ туындайды.

Ал асабалардың тіліндегі мына дүниелерді тілекке жатқызуға бола ма?

*Ірі болайық, тірі болайық,
«Крутойдың» бірі болайық!*

немесе:

*Жеенің торт болсын!
Мінгенің Ford болсын!
Газды басқанда "оборот" болсын,
Бұрылғаның "поворот" болсын!
Ішкенің "сок" болсын,
Дұшпаның жоқ болсын!
Бар болса "черт" болсын!
"Проблема" жоқ болсын!
Ойнағаның бильярд,
Портмонеңде миллиард!
Қалтаңда ақшаң болсын,
Үйіңде бақшаң болсын!
Осыған көңілің толсын,
Өмірің ұзақ болсын!*

Біздің ойымызша, бұл тілек емес, белгілі бір ситуацияға қатысты әзіл-оспаққа жеңіл-желпі құрылған варваризмдер.

Жалпы бата сөзінің мазмұнынан прецедентті атауларды жиі кездестіреміз. Бұл – өз кезінде әлеуметтік маңыз иеленген лингвомәдени таңбалар. Қазақ баталарында тұтастай прецедентті мәтінге ие болған бата жолдары да бар. Бата мәтіндерінде аруақтың, пайғамбардың, мифтік тұлғалардың, батырлар мен белгілі мемлекет қайраткерлерінің және елге танымал болған есімдер енгізілетіндігін білеміз. Бата-тілекті қасиет санаған қазақ халқы жастарды баталы, зерделі азамат етіп өсіруді мақсат тұтқан:

*Абайдың басын берсін,
Жамбылдың жасын берсін
Сәкеннің сәнін берсін,
Күләштің әнін берсін...*

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында жастардың ұғымына түсінікті, сөз орамдары үйлесімді, тәрбиелік мәні зор тілек-бата сөздердің бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін облыстық басылым болып табылатын «Жетісу» газетінің «Ардагер» қосымшасында бүгінгі халық арасында қолданылып жүрген немесе жеке адамдардың авторлығына қатысты бата-тілектерді мысал ретінде келтірейік, Бұл бата жолдарында «Еліңнің елеулісі бол, халқыңның қалаулысы бол», «Махаббатырың биік, пәк болсын», «Дәуренің сәнді болсын», «Ғұмырың мәнді болсын», «Еңбектерің жемісті болсын» деген сияқты тармақтар кездеседі. Бұл жолдар бүгінгі қоғамда аса көп қолданылатын активті тіркестерге айналған.

Десек те, қазіргі таңда бұған кері процестің де жүріп жатқандығын байқаймыз. Оған дәлел, бүгінгі күні қазақстандық телеарналарды жаулап алған түрік сериалдарының кейіпкерлерін де тілек жолдарына қосатындар баршылық. Мәселен, көрермендердің «сұрауы» бойынша «Қазақстан» ұлттық телеарнасынан екі мәрте көрсетілген «Мың бір түн» сериалындағы:

*Онурдың махаббатын,
Шехризаттың шапағатын,*

*Канның еркелігін,
Мехрибанның сабырлығын,
Банудың сұлулығын,
Керемнің кемесін,
Бурхан мырзаның үйін,
Нәдиде ханымның миын берсін!* – деп тілек білдіріп жатады.

Әрине, қоғам бір орында тұрып қалмайды, үнемі өзгерісте, қозғалыста болады. Алайда, тәрбие, өнеге бастауы – тілек-бата сөздердің құнын жоғалтып алсақ, күлдіреміз деп бүлдіріп алсақ қайтеміз?

Олай болса, «Атаңнан бота қалмасын, бата қалсын», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас», «Бата – сөздің анасы», «Батаменен ер көгерер» деп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан аталы сөздерге айрықша мән беріп, ғасырдан-ғасырға ұласып, бізге жеткен асыл қазынамыз – тілек-бата сөздердің тәрбиелік мәнін ашу бүгінгі күн талабы деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Дәуіт С. Ақ бата, – Алматы: Өнер, 2002ж.
2. І.Жансүгіров. Құлагер, Алматы, 2010ж.
3. С.Негимов. Ақ бата. – Алматы: Жазушы, 1992ж.
4. К.Оразалин. Ақ тілек, ақ бата. – Алматы: LEM, 2002ж.
5. М.Ғабдуллин. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1973ж.

Сара Туякбаева
(Астана, Қазақстан)

ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ ОБУЧЕНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Технология как средство обучения для подрастающего поколения, технология – это культурное понятие, связанное с мышлением и деятельностью человека.

А также под дидактической технологией мы понимаем трансформирование абстрактных теоретических постановок и обобщения дидактики и методики преподавания в практической деятельности, перед выполнением которой обязательно ставится определенная дидактическая цель, при которой решается данная дидактическая задача.

Развитие информационных технологий обработки хранения данных (информации) широкое их использование в сфере образования способствовало появлению термина «технология» в педагогике, где он используется в различных сочетаниях: педагогическая технология, образовательная технология, технология воспитания, технология обучения и т.д. Чёткого разграничения между этими понятиями пока установлено. Ввиду этого, понятие «технология» так же, как и любое другое педагогическое понятие, подлежит изучению и исследованию методами, имеющимися в арсенале педагогической науки.

Подходы к трактовке понятия «технология», отражённые в публикациях монографического и учебно-методического характера последних двух лет, отличаются от взглядов пятидесятилетней давности.

Если В.П.Беспалько рассматривал педагогическую технологию как совокупность взаимосвязанных средств, методов и процессов, то исследователи последних лет уходят от этого общего определения, предлагая в качестве технологии более конкретные и частные элементы. К примеру, под технологиями понимают:

1) «систематический метод планирования, применения и оценивания процесса обучения для достижения более эффективной формы образования»;

2) «операционно-организованную деятельность педагога (преподавателя), взаимодействующего со студентами в целях достижения наиболее рациональным путём некоего педагогического стандарта на специфической методической основе»;

3) «совокупность научно – обоснованных приёмов и способов деятельности по конструированию образовательного процесса, направленных на реализацию учебно-воспитательных целей».

Во-вторых, если уйти от общих взглядов, то возникает множество подходов к определению понятия технологии. Чаще всего он отражен в книгах, написанных по другим проблемам, и представляет собой описание деятельности, имеющей косвенное отношение к педагогической практике. На этом этапе идет накопление опыта деятельности в данной сфере.

Мастерство приводит к выработке теоретических основ учебного процесса. Начинает формироваться научный подход в педагогической деятельности, создаются теории и концепции обучения. Исходя из сформулированных закономерностей, разрабатываются рекомендации по ведению процесса обучения. Каждая теоретическая концепция предполагает свою систему принципов образования и, соответственно, свои методики. На этом этапе происходит становление системы вуза, в которых работают преподаватели – профессионалы. Впервые основные принципы деятельности школ были разработаны Я.А. Коменским. Затем появляются средства обучения, которые намного эффективнее деятельности преподавателя. Их использование позвляет перейти к третьему этапу – технологическому, на котором средство обучения полностью заменяет преподавателя. Схематично развитие образовательной сферы деятельности можно изобразить так:

- информация образования показала, что появились средства,
- способные и эту сферу перевести на третью,
- технологическую ступень.

Наличие трех этапов развития (случайный опыт – ремесло – технология) характерно для всех видов деятельности человека. В любой из них широкое использование технологий ведет к качественным изменениям.

Технология развивается по своим специфическим законам и не зависит от сферы человеческой деятельности. В связи, с чем правомерно ставить вопрос о создании самостоятельной теории технологии, которая бы описывала закономерности её возникновения, развития и функционирования независимо от области применения.

Исходной точкой такой теории становится концепция об – эволюции любой сферы человеческой деятельности и о существовании нескольких этапов её развития. Накопление мастерства и опыта, а также

спеціалізація в людській діяльності призводять до переходу від випадкового до реміснического, професійного способу виробництва. Використання ж технічних засобів (механізації, автоматизації та комп'ютеризації), підвищуючи продуктивність праці, дозволяють перейти до етапу технологій.

Рухани тәрбиесі дұрыс жастар әрқашан жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, өз идеаларына ұқсауға ұмтылады. Таңдаған болашақ мамандығына лайықты мінез-құлық қалыптастырғысы келеді. Кейбір студенттер алғашқы кездескен қиындықта-ақ өз күшіне сенімсіздік тудырып, бастаған ісін аяқсыз қалдырады. Студенттің жақсы қасиетке ұмтылған ниетін оқытушылар кезінде біліп, қиын психологиялық сәттерден байқап, оған қолдау көрсетіп отырған болса, қайшылық жағдайлар кездеспейді. Студенттерді ибалыққа баулып, мейрімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, ізгілік және адамгершілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру әрбір оқытушының басты парызы. Студенттердің рухани-адамгершілік жеке басының даралық ерекшеліктеріне мінез-құлық көрсеткіштігі жатады. Мінез ол адамның өзіндік бағыт-бағдардың, жан дүниесінің ерекшеліктерінің тұрлаулы белгісі. Дана ақын, рухани адамгершілік қасиеттерін талдап жеткізген халықтың ырысы. «Құтты біліктің» еңбегінің авторы Ж. Баласағұн адамның мінез-құлқы мен оның қоғамдағы орнына ерекше тоқталады. [4,21б.]

Адам дүниеге қонақ, сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет. Ол үшін әр кез жаман қылықтан сақтанып, адалдықпен жүріп-тұруы тиіс деген ойлары жақсы мәлім. Ендеше, студенттерді рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың басты мақсаты.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, елдер қатарына терезесін тең ететін күш – білім мен білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі, себебі мемлекеттің болашағы білімді де саналы жас ұрпақтың жеке басының қалыптасып дамуымен тікелей байланысты. Біз білімді ұрпақтың, рухани жан-дүниесі бай, біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең болуын, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыруын қалаймыз. Жаңа ғасырға аяқ басып отырған заманымызда қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, басында ұлттық сана-сезім қалыптасқан ертеңгі қоғам иелері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру әрбір отбасының, мектептің, жоғарғы оқу орындарының, ортаның, ұжымның барша жұртшылықтың міндеті.

Әдебиеттер:

1. Ғабитов Т.Философия. А.:Паритет,2004.-56б
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. – А.: Рауан, 1996.-230б
3. Қазақтың тәлімгер ой антологиясы. А.: Рауан, 1994.-102б
4. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің ізденімпаздығын қалыптастыру. А.:Білім,1994. -21б

Айман Гаппасова, Маргарита Какимжанова
(Астана, Қазақстан)

ХӘКІМ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАҒДЫР, ӨЛІМ, ӨМІР ҰҒЫМДАРЫ

Адамның осы дүниеге қатынасын тіл арқылы жеткізіп, осының негізінде ақпарат жүйесін қалыптастыруға болады. Осындай әлем бейнесін суреттейтін ақпараттық жүйені Абайдың да жинақталған тұжырымдамаларынан көруге болады. Абайда бұл түсініктерге өмір, өлім, тағдыр категорияларын жатқызуға болады.

Абай шығармаларындағы өлім мен өмір және бұлардың арасындағы тағдыр ұғымдары шығармаларының негізін құрайды. Яғни, осы екі түсініктің бірі аяғы көрде, бір аяғы жерде тұрған аралық деңгейді қатар алып жүреді. Бұл аралық деңгей «Бүгін бар ертең жоқ» мақалымен астасып, ұлттық философиямен үндесіп жатқанын аңғаруға болады. Тағдыр, өлім секілді түсініктер Абай шығармаларының арқауы болса да, сонымен қатар, адамға тән қуаныш, күлкі секілді түсініктермен астасып жатады. Өйткені, адам баласы пенде болғандықтан әрдайым күнделікті күйбең тіршілік аясына қайтып оралып отырады. Абайда өмір түсінігі «жалған өмір» (бұл өмір) және «мәңгілік өмір» (рухани өмір) деп түсіндіріледі. [1, 35б.] Екі өмір арасында адам өсіп-өнеді, толысады, жетіледі. Мәңгілік өмір түсінігі арқылы Абай адам өмірінің мәнін ашады. Абайдағы өмір туралы түсініктер уақытпен байланысып жатыр. Уақыт философиялық категория ретінде белгілі бір кезенді қамтиды және осы кезең аралығында сандық, сапалық өзгерістер болады. Өмір туралы түсінік ең алдымен уақытқа байланысты қалыптасқан. Абай «Бұл өмір қамшының сабындай ғана қысқа, көзді ашып жұмғанша өте шығады» [1, 42б.] немесе «Қысқа күнде қырық жерге қойма тығып, Қу тілмен қулық қуған заңы құрсын» [1, 52б.] деп осы өмірдің алдамшы, қу, тентек екендігін көрсетіп бақты. Сонымен қатар, Абай тікелей мағынада адам жан тапсырды немесе өлді деуден аулақ, ол адам табиғаты, тәні осы жалған ғұмырдан өтті дейді. Демек, адамның жалған ғұмыры, осы дүниедегі болмысы, заттық формасы мәңгілікке жабылды. Жанның кеудеден шығуы оның рухының өлмегі емес. Жалған өмірге қатысты «Бұл өмір алдамшы, опасыз, мәңгілік ештеңе жоқ» деп айтады. [3, 69б.] Бұл жердегі өмірдің жалғандығы ғұмырдың қысқалығына қатысты ғана емес, өмірдің мәніне қатысты «өткінші, опасыз, баянсыз, тұрлауы жоқ, тиянақсыз ғұмыр» деген мағыналарды меңзеген. Абай:

«Осы жалған дүниеден

Шешен де өткен не бұлбұл, көсем де өткен не дүлдүл»;

«Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,

Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Күн жиылып ай болды, он екі ай жыл,

Жыл жиналып, қартайып қылғаны – бұл.

Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,

Жалғаны жоқ бір Тәңірім кеңшілік қыл» [1, 79б.] – деп опасыз өмірдің мәні мен мақсаты туралы айтады.

Қоршаған өмірдің материалдылығы, сананың материяға қатысы, бағыныштылығы «осы өмір» жалғандығының көрінісі. Адамның рухани мәңгілік өмірі оның «бұл дүниедегі» істеген ісіне қарай келесі өмірде жалғасады. Енді бірде Абай үшін өмір – жалғыздық. «Мыңмен жалғыз алыса» жүріп, адамзатты имандылыққа, білімділікке, ұлы мұраттарға үндеген.

Абайдың «Ескендір», «Масғұт» поэмаларында өзек мәселе адам тағдыры, басынан өткен оқиғалары жолдың үстінде алып бейнеленеді. Демек, «өмір» белгілі бір шектеулі кеңістік – қайнаған базар. Ал адамдар болса, саудагерлер, жолаушылар, қонақтар.

Абайда өмір мен өлім ұғымдары диалектикалық бірлікте қарастырылады. Өмір мен өлім диалектикасы жалған өмір мен мәңгілік рухани өмір қарама – қарсылығы арқылы ашылады. Өмір мен өлім қайшылығы жарық және қараңғы ұғымдарымен сабақтасып отырады. Абай дүниетанымындағы өмір мен өлім танымдық құрылымында уақыт пен кеңістік категорияларының болуы арқылы өмір – жолға, үйге, базарға теңестіріледі, яғни бұл жерде өмір мен кеңістік уақыт аралығын бейнелейтін белгілі бір деңгей. Уақыт категориясы арқылы өмірдің мәндік дәрежесі анықталады. Ал өмір образын көрсетіп тұрған түсініктер ретінде «бес күндік», «жалған дүние» «қақпа» сөздері қолданылып отыр. Осындай бірліктер Абайдың ішкі сезімдерін, толғанысын, жай-күйін, жан-дүние диалектикасын көрсетіп отыр.

Ал тағдыр ұғымына келетін болсақ, бұл жерде ол Абай шығармаларында сан-алуан қырынан көрініс табады. Тағдыр, Абай бойынша жазмыш – Алланың жазғаны, бұйрығы.

«Жарлығына Алланың Ерте ойлаған көнбек-ті,

Олар да тірі қалған жоқ, тірлік арты өлмек-ті».

«Ойламаған өлімнен жасқанамын демек-ті.

Тағдырға тәбділ бола ма, сабырлық қылсақ керек-ті».

«Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек». [1, 89б.]

Абайдың бұл өлең жолдарынан тағдыр жөніндегі таным шеңбері діни және ұлттық ұғым түсініктерімен астасып жатқанын көрсетеді. Өлеңдердегі өмірдің сабырлыққа шақыратын қалпы жазмышқа мойынсұну қажеттілігіне еріксіз көндіріп тұр. Абай соңғы шумағында қайғыны жеңілдетуге талпыныс жасайды, бұл сөзде қайғыдан қайысқан күрсініс, мұңы сыртқа ақтарылады, тоқтамға келу, жұбату сезіледі. Тағдырға қарсы тұру Аллаға қарсы келу, сондықтан тағдырға мойынсұну, көну ұғымы бірлікте жүреді. Олай болса тағдыр – адам еркі мен санасынан тыс онтологиялық мәндегі болмыс. «Жазмыштан озмыш жоқ» түсінігіне орай Абай Әбдірахман өліміне арнаған өлеңдерінде тағдырға көну, мойынсұнудан басқа қолдан келер дәрмені жоқтығын айтады. Тағдыр адамның айтқанымен жүрмейді, жаратқанның бұйрығымен болады. Абайдағы «тағдыр» ұғымына тән басты ерекшелік ол өкініш білдіру, ішкі наласы мен назын білдіру, түңілу, мұңаю, өмірдің қызығынан бас тарту, үмітсіздікке берілу. Өмір мен өлім – ғалам туралы қалыптасқан, оппозициялық мәнге ие ең маңызды түсініктер болып табылады. Ол ғаламның көркемдік әлемімен тұтастықта танылады. Өмір және өлім Абайда қазақ дүниетанымының ғалам туралы түсініктері негізінде өрбиді. Тағдыр ұғымына қатысты Абай шығармаларынан ұлттық және жалпыадамзаттық ізгілікті құндылықтар мен білімдер жүйесін көруге болады. Тағдыр мифологиялық, ұлттық дүниетаныммен ғана емес, діни негізі бар танымдық құрылымдармен астасып көрініс табуда. Абайдағы негізгі таным нысаны адам және оның жасампаздық күші мен

қайғысы-қуанышы болып табылады. Осы ұғымдар астарынан мәңгілік рухани өмір, мәңгілік рух идеясының терең мазмұнын байқауға болады.

Әдебиеттер:

1. Абай Құнанбайұлы. Өлең-сөздің патшасы: шығармаларының бір томдық жинағы / Абай Құнанбайұлы; ред. К. Серікбаева. – Алматы: Дәуір, 2006. – 565 б.
2. Есім, Ғ. Сана болмысы: ғылыми басылым / Ғарифолла Есім; Қазақ ұлттық ун-ті. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2007. – 329 б.
3. Есім Ғ. Хәкім Абай: ғылыми басылым / Ғарифолла Есім; «Фолиант» баспасы. – Астана: Фолиант, 2007. – 329 б.
4. Шәріп А. Сөз өнері және ұлттық рух: оқу құралы / Амантай Шәріп. – Астана: Педагогика-Пресс, 2010. – 239 б.

**Қодиржон Инамов
(Наманган, Узбекистон)**

ЎЗБЕКИСТОНДА СИЁСИЙ ПАРТИЯЛАРНИ ЭРКИНЛАШТИРИШ

Мустақиллик туфайли жамият сиёсий тизими ва сиёсий муносабатларнинг тубдан янги шаклига ўтилди. Яккахоким мафкура ақидалари, социалистик давлатчилик ва жамият тизимига барҳам берилиб, миллий демократик ва жамият қуриш ислохотлари амалга оширилди. Жамият сиёсий тизимини шаклланиш ва ривожланишининг умумий ва ўзига хос хусусиятлари демократик асосда қуриб чиқишга эҳтиёж сезилди. Муҳтарам Президентимиз И.Каримов таъкидлаганларидек, биз давлатимиз келажагини ўз қобигимизга ўралиб қолган эмас, балки умумбашарий ва демократик қадриятларни чуқур ўзлаштирган ҳолда тасаввур этамиз. Биз истиқболимизни тараққий топган мамлакатлар тажрибасидан фойдаланиб, давлат ва жамият бошқарувини эркинлаштириш, инсон ҳуқуқ ва эркинликларини, фикрлар ранг-баранглигини ўз ҳаётимизга янада кенгроқ жорий қилишда кўрамиз.

Давлат ҳокимиятининг жамиятга боғлиқлиги ва уни жамият томонидан назорат қилиниши кўп ҳолларда сиёсий партиялар воситасида амалга оширилади. Сиёсий партиялар жамиятнинг энг фаол қисми ҳисобланиб, сиёсий ҳаётга бевосита таъсир кўрсатади ҳамда жамиятни демократиялашиш жараёнларида халқнинг иштирокини таъминлайди ва сиёсий ҳаракатга келтиради.

Сиёсий партияларнинг мавжудлиги демократик тизимлар ривожланишининг зарурий шарт-шароитларидан биридир. Зеро, сиёсий партиялар фуқаролик жамиятининг энг нуфузли институтларидан биридир. Президентимиз И.Каримов ҳам “Мадомики, биз демократик жамият курмоқчи эканмиз, жамиятимизда албатта кўппартиявийлик тизими бўлиши керак... Кўппартиявийлик, аввало, жамиятимизда ўз манфаат ва қарашларига эга бўлган ҳар қайси ижтимоий қатлам ва гуруҳнинг мақсад ва интилишларини тўлиқ акс этиши керак. Ҳаёт бор экан, инсон бор экан, ҳар қайси тоифа ўзининг манфатларини қандайдир йўллар билан амалга оширишга ҳаракат қилади, бу ҳаётни қандай ташкил этиш лозим, инсон, оила қандай шароитда тинч ва бахтли яшаши мумкин, деган масалалар атрофида фикр юритади, керак бўлса қонуний йўллар билан ўз мақсадига етишга интилади... Шунинг учун ҳар қайси партия – халқнинг маълум қатлами манфаатларини ифодаловчи сиёсий куч, десак айна ҳақиқат бўлади” деб бежиз таъкидламаганлар.

Агар демократия тамойиллари нуқтаи назардан ёндашилса, сиёсий партиялар давлат органлари тизимига кирмайди ва бевосита давлат ишларида иштирок этмайди. Лекин бир вақтнинг ўзида ҳам давлат соҳасига, ҳам фуқаролик жамиятига тааллуқли институт эканлиги билан ажралиб туради.

Партиялар сиёсий тизимда мустаҳкам ўрнига эга бўлмоқдаки, ривожланган давлатлар тажрибасидан келиб чиқиб, Ўзбекистонда ҳам сиёсий партияларнинг жамият институти сифатидаги ҳуқуқий мақоми шаклланди. Ўзбекистон Республикаси Конституциясининг 60-моддасида сиёсий партияларнинг ҳуқуқий мақоми қуйидагича белгиланган: “Сиёсий партиялар турли табақа ва гуруҳларнинг сиёсий иродасини ифодалайдилар ва ўзларининг демократик йўл билан сайлаб қўйилган вакиллари орқали давлат ҳокимиятининг тузишда иштирок этадилар. Сиёсий партиялар ўз фаолиятларини молиявий таъминланиш манбалари ҳақида Олий мажлисга ёки у вакил қилган органга белгиланган тартибда ошқора ҳисоботлар бериб турадилар”.

Сиёсий партиялар жамоат бирлашмалари каби жамиятнинг институти ҳисобланади. Шунингдек, сиёсий партияларнинг давлат ҳокимияти органлари фаолиятига арилишишига йўл қўйилмайди. Бу ҳақда Қомуснинг 58-моддасида қайд этилган. Бу эса сиёсий партияларнинг “сиёсийлиги” уларнинг сайловлардаги иштироки ва давлат ҳокимиятига номзодлар кўрсатиш билан чекланади. Сиёсий партиялар давлат ҳокимияти бошқарувида иштирок этмайди. Сайловларда ғалаба қозонган партияларнинг вакиллари эса давлат ҳокимияти органларидаги бошқарувда иштирок этади. Лекин бу каби бошқарувдаги иштирок сиёсий партия аъзоси сифатида эмас, балки бирон-бир мансабни эгаллаган шахс сифатида амалга оширилади.

Сиёсий партиялар у ёки бу ижтимоий қатламларнинг манфаатлари ва муаммолари, ўзида ифода этади, уларни сиёсий кенгликларда ҳимоя этади. Сиёсий партия ижтимоий қатлам ёки қатламлар сиёсий манфаатлари ифодачиси сифатида ҳокимият учун курашади, ҳокимиятни эгаллаган тақдирда эса ўзи мансуб бўлган ижтимоий қатлам муаммолари, шунингдек, сайловларда ўзига хайрихоҳлик қилган сайловчилар хоҳиш-иродаларини амалга оширишга интилади.

Ҳозирги даврда жаҳондаги демократиянинг асосий мезонларидан бири сайловларнинг кўп партиялик асосида ўтказилишидир. Чунки, демократиянинг зарурий шarti кўппартиявийлик муҳитини вужудга келтиришни тақозо этади. Амалдаги кўппартиявийлик бу ҳар хил қараш ва ғоялар ўртасидаги баҳс-мунозара, турли партиялар, жумладан, мухолиф партиялар учун ҳам сиёсий рақобат майдони демоқдир.

Ўзбекистонда кўппартиявийлик тизимининг қарор топишида 1996 йил 25 декабрида Олий Мажлис қабул қилган “Сиёсий партиялар тўғрисида”ги Қонуннинг ўрни бекиёсдир. Қонунда давлат сиёсий партиялар ҳуқуқлари ва қонуний манфаатлари муҳофаза этилишини кафолатлаши, уставда белгиланган ўз мақсадлари ва вазифаларини бажаришлари учун уларга тенг ҳуқуқий имкониятлар яратиб бериши кўрсатиб берилган. Шунингдек, сиёсий партияларнинг ҳуқуқлари аниқ ва равшан кўрсатиб берилган. Унга кўра, сиёсий партиялар ўз фаолияти тўғрисидаги ахборотларни эркин тарқатиш, ўз ғоялари, мақсадлари ва қарорларини тарғиб қилиш, сайлаб қўйиладиган давлат органларидаги ўз вакиллари орқали тегшли қарорларни тайёрлашда иштирок этиш, қонунда белгилаб қўйилган тартибда Ўзбекистон Президенти, давлат ҳокимияти органлари сайловларида иштирок этиш, партия фаолияти билан боғлиқ йиғилишлар, конференциялар ва бошқа тадбирларни ўтказиш, қонун ҳужжатларида назарда тутилган

тартибда оммавий ахборот воситалари таъсис этиш ва бошқа оммавий ахборт воситаларидан фойдаланиш, Ўзбекистон Республикасининг сиёсий партиялари билан иттифоқ (блок) тузиш, улар билан ва бошқа жамоат бирлашмалари билан шартнома муносабатлари ўрнатиш мумкин.

Ўзбекистонда "Сиёсий партияларни молиялаштириш тўғрисида" ги Қонун мамлакатимиздаги партияларнинг демократик кадрятлар талаблари даражасида ривожланиши учун кенг имкониятлар яратиб бериши шубҳасиздир. Мазкур Қонуннинг 7-моддасига мувофиқ, "Сиёсий партия, агар у Ўзбекистон Республикаси Олий Мажлисининг Қонунчилик палатасига сайлов якунлари бўйича "Ўзбекистон Республикаси Олий Мажлисининг Қонунчилик палатаси тўғрисида" ги Ўзбекистон Республикасининг Конституциявий қонунига мувофиқ, Қонунчилик палатасида сиёсий партия фракциясининг тузиш учун зарур миқдорда депутатлик ўринларини олган бўлса, ўзининг уставда назарда тутилган фаолиятини молиялаштириш учун давлат маблағларини олиш ҳуқуқига эга бўлади".

Мамлакатимизда янги асрдан бошлаб парламент ислохотларининг бошланиши, икки палатали парламентни шакллантириш учун ҳуқуқий асосларнинг ишлаб чиқилиши муносабати билан сиёсий партияларнинг жамиятдаги давлат қурилишидаги ўрни янада юксалди. Умуман, сиёсий партиялар ваколатларини кенгайтирилиши жамият сиёсий соҳасини эркинлаштириш янги босқичини бошлаб берди. "Кучли давлатдан кучли фуқаролик жамияти сари" сиёсий концептуал дастурнинг асл моҳияти ҳам асосан шу мақсадга қаратилди.

Шундай қилиб, мустақил Ўзбекистонда демократик принциплар асосида фаолият юритувчи сиёсий партиялар фуқаролик жамияти билан ҳуқуқий давлатни ўзаро мустаҳкам боғловчи, шунингдек, халқ билан ҳокимият ўртасида асосий боғловчи бўлган демократик институтга айланиш билан бирга, сайловчилар иродасини ифодачиси сифатида намоён бўлмоқда.

Адабиётлар:

1. Каримов И. Юксак маънавият – енгилмас куч. – Т.: Маънавият, 2008. 114-бет.
2. Каримов И. Парламент-жамият ҳаётининг кўзгуси // Ўзбек халқи ҳеч қачон, ҳеч кимга қарам бўлмайди. Т. 13. – Т.: 2005. 161-162-бетлар.
3. Ўзбекистон Республикасининг Конституцияси. – Т.: Ўзбекистон, 2012. 12-бет..
4. М.Қирғизбоев. Сиёсатшунослик. Олий ўқув юртлари талабалари учун ўқув қўлланма. – Т.: Янги аср авлоди, 2013. 234-бет.
5. И.А.Каримов. Миллий истиқлол мафқураси – халқ эътиқоди ва буюк келажакка ишончдир. "Фидокор" газетаси муҳбири саволларига жавоблар. Т.8. – Т.: 1999 496-бет.
6. Ўзбекистон Республикасининг "Сиёсий партиялар тўғрисида"ги Қонуни // Ўзбекистон Республикаси Олий Мажлисининг Ахборотномаси. 2-сон. 1997. 12-бет.
7. Бу ҳақда яна қаранг: Ўзбекистон Республикасининг "Сиёсий партиялар тўғрисида"ги Қонуни // Ўзбекистон Республикаси Олий Мажлисининг Ахборотномаси. 2-сон. 1997. 13-бет.
8. Ўзбекистон Республикасининг "Сиёсий партияларни молиялаштириш тўғрисида"ги Қонуни // Ўзбекистон Республикаси Олий Мажлисининг Ахборотномаси. № 5 (1337), 1997.32-33-бетлар.

Ерден Қалдыбеков
(Астана, Қазақстан)

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Адам баласына толыққанды тұлға ретінде қалыптасуы үшін тәрбиенің үлесі аса ерек. Себебі дұрыс тәрбие бұл сол адам үшін де, сол адам ғұмыр кешіп отырған ортаның (қоғам, мемлекет, ұлт т.б.) жарқын болашағының кепілі. Ал рухани тәрбие ол өз ортасының нағыз жанашыр азаматын қалыптастырушысы. Рухани тәрбие бұл сол ортаға немесе ұлтқа тән рухани құндылықтардың негізінде дариды.

Әр халықтың рухани құндылығы бұл сол халықтың дүниеге көзқарасының жемісі. Яғни, халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі мен білімінің нәтижесі.

Осы орайда Қазақ халқының да рухани құндылығы оның дүниетанымы негізінде анықталады.

Ғылымда қоршаған табиғаттың, географиялық ортаның адамның өмір сүру салтына, мәдениетіне, дініне, дүниетанымына және т.б. нәрселеріне тигізетін әсері мойындалады. Дала және даланы қоршаған географиялық керемет орта, өсімдік пен жануарлар әлемі антропологияға ғана айтарлық әсер етіп қоймай, дала тұрғындарының өмір сүру салтына, мәдениетіне, дініне, оның әлем құрылысы туралы іліміне, дүниетанымына да зор әсер етті [1, 51 б.].

Мақала тақырыбының негізгі арқауы болып отырған Батырлар жыры қазақ халқының дүниетанымы мен тәрбиелік мәні зор рухани құндылықтары жөнінде сыр шертуші құнды дерек көздерінің бірі болып табылады. Себебі эпостар заманалық маңызды тарихи құбылыстар, халық болмысы туралы мағлұмат беріп қана қоймай, халықтың этикалық және эстетикалық идеалдарына жауап беретін бірден бір қуатты рухани көз. Ол өз бойына әрбір қоғам мүшелері үшін білуге қажет болып табылатын ежелгі даналықты сыйғызған.

Батырлар жыры бірінші кезекте елін қорғаған дала батырының тұлғасын сомдаған. Қаһарманды мейлінше тұлғаландыру, оның жауынгерлік қасиеттерін барынша әсірелеу барлық ерлік жырларына тән. Мұнда әдетте әскери жорықтар, даңқты ерліктер, жат жерлік сұлулардың қатысуымен болатын шым-шытырық оқиғалар, басқыншыларға қарсы күрес және нағыз елін сүйген ер бейнесі жырланды. Батырлар халықтың күш-қуатының, этностың жақсы жақтары мен асыл қасиеттерінің жиынтық бейнесі болды [2, 148 б.].

Батырлар жыры ұзақ тарихи уақыт бойына жаңа буынға этникалық мәдени тәжірибені беруге, адамдарды патриотизмге және эпостардағы кейіпкерлер сияқты қаһармандық әрекеттер жасауға тәрбиелеуге бағытталған көп функциялы міндеттер атқарды. Ел арасында белгілі «Алпамыс», «Қобыланды» жырларына жасалған талдау осыны айғақтайды.

Бұл эпостардағы негізгі оқиғалар үлгі боларлық тұлға басты қаһарманның төңірегінде өрбиді. Жырдың жағымды кейіпкерлерінің барлық қылықтары мен әрекеттері туындының негізгі идеяларын: отбасын құру, руын және руының жерін қорғау, зұлымдықпен күресу, әлемдегі тұрақтылық пен тепе-теңдікті орнатуды іске асыруға бағытталған. Бұл аталған гуманистік идеялар барлық кезеңдерде өзекті болып, шүбәсіз құндылықтар ретінде күні бүгінге дейін өз маңызын жойған емес десек қателеспейміз.

Жырлардағы қаһармандардың моральдық құндылықтарының негізіне батылдық пен ерлікті жатқызуға болады. Ал батыр, айрықша батылдығымен, күші және әскери тәжірибесімен сипатталатын халықтың бөліп, таңдап алған тұлғасы. Демек, бойындағы мұндай қасиеттердің болуы батырды мақтау үшін немесе оның жеке абыройы үшін емес, қоғам игілігі үшін қажет.

Батырлар жырына тән және бір ерекшелік – елдік мәселесі. Бұл да жоғарғы айтылған патриоттық тілекпен нық байланысты.

Өз елін тереңнен сүюшілік мотиві қазақ эпостарында психологиялық жағынан да дәлелденеді. Ұзақ сапар, жорықтарда болып, дұшпанда кеткен ары мен барымтаға түскен малын іздеген ерлер, елі, жері еске түскенде жер тітіреткен даңқын да, олжаға түсірген мүлкін де бір тиынға санамайды. Алпамсадай алыптар елі есіне түскенде буыны босап кетеді. Қазанды жеңіп, Көбіктінің көп жылқысын алып қайтқан сапарында Қобыландының Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ елін сағынғанда өзегін өрт шалып, өзін қайда қоярға білмейді. Осы сықылды эпизодтар басқа эпостардан да табылады [3, 16 б.].

Бұл батырдың елінің алдындағы борышын сезінудің белгісі. Туысқандарының, халқының алдындағы борышы батыр қимылын әрқашан дұрыс жолға бастап отырды.

Көшпелі қоғамның кез келген мүшесі ерікті және ол ел-жұрттың тұтастығын сақтау үшін, отанының іргесіне сызат түсірмеу үшін сыртқы жауға қарсы бел көрсетуге парыз еді. Батыл қимыл, қырақты көзқарас, тәртіп, мораль, заң батырлар эпосының ішкі желісін құрады. Ал батырлар жыры елдің нағыз перзенттерінің қоғамға, дінге, саясатқа деген көзқарастарын қалыптастыра алды. Еліне, жеріне деген ыстық сезім, батыл сенім, бір жағы әділеттілік пен әсемдікке деген талпыныс елдің қайсар, қайтпас, мықты жігіттерінің тұтас ұстанымын құрастырады [4, 332 б.].

Сонымен қатар, бұл жырларда батырлардың елінің абырой-намысын қорғау, үлкенге сый құрмет көрсету мәселесі ерекше бейнеленеді. «Қобыланды батыр» жырының А. Байтабынұлының нұсқасында Айсаның ұлы Ахметтің Қобыландының әкесіне Алшағырдың көрсеткен қорлығы үшін кегін алып бермек ниеті осының бір мысалы.

Жалпы түрік жұртының салтында кішінің үлкенді сыйлауы, үлкеннің алдындағы әдептілік, ұлыға жол беру, соған бағыну сияқты әдет дін парызындай мықты болған. Сол ортадағы батырлардың болмысындағы ұқсастық, үйлесімділік айқын да басым болған [4, 334 б.].

Батырлар жырында халық нағыз елінің қамын жеген азаматтың бойындағы қасиеттерге ерекше мән берген. Әрине бұл қасиеттер жырларда әсірелеу негізінде берілген. Дегенмен, бұл ел жанашырының бойынан табылуы тиіс сипаттар болып табылады. Мысалға, Алпамыстың жырдағы ер жетуінбаяндаудан сол қасиеттерді көруге болады:

Ұл бір жасына келгенде

Біл тасындай жайнады.

Екі жаста Алпамыс

Ер қаруын сайлады.

Үш жасына келгенде,

Ұшқан құстай ойнады.

Төрт жасына келгенде,

Төреге берді әділдік,

Алты жасқа келгенде,

Елдің қамын ойлады.

Жеті жасқа келгенде,

Қолына алды садағын.

Сегіз жасқа келгенде,

Шамалы жерге барады.

Тоғыз жасқа келгенде,

Туған айдай толады.

Он жасына келгенде,

Өзінің елін қорғады.

Он бір жасқа келгенде,

Әкесіне барады,

Ақ батасын алады.

«Мінейін» деп бір тұлпар

Жылқыға назар салады [3, 76 б.].

Бұл – халықтың тілегі мен мекем мүддесінен, батырлардың ұмытылмас үлгісі мен үлкен үміттерінен туындаған өсиет және шешім. Ондай талаптар батырлардың бітімін келбеттеді, белесін көбейтті [5, 325 б.].

Адамгершілік тәрбиесі эпостардың негізгі мақсаттарының бірі. Адамгершілік тәрбиесінің негізгі принциптері, Отанды қорғау, халыққа адал еңбек ету, үлгі-өнеге көрсету, саналылық, коллективизм, кішіпейілділік, мейірімділік, т.б. сияқты мақсат-мүдденің барлығы батырлық жырларда бар. Сондықтан, адамгершілік тәрбие эпостық шығармалардың негізгі арқауы дейміз.

Халық елін қорғаған ерлерді жоғары бағалайды, оларды қастерлей дәріптейді. Қобыландыны:

Қолдекең сонда тарықты,

Батыр сөзге толықсып,

Көп ойлады халықты, – деп жырласа, бірде Тоқтарбай үшін ғана емес, халық үшін туған батыр екендігін жыршы мақтаныш етіп, Аналық ананың ауызына:

Өлгенде көрген көбеген

Ел тілеуін тілеген, – деген сөз салады.

Атаның баласы ғана емес, адамның баласы екендігін айқындайды [6, 95 б.].

Батыр тұлғасының әлеуметтік бейнесі, әлеуметті рөлі сыр мен сынға толы. Батырдың әлеуметтік келбеті мына құндылықтардан құралды. Батыр әрбір ұлыстың, халықтың таңдаулы да, ірі өкілі; батыр адамгершілікке, сөзге тұрған тұлға; оның сезімталдығы, сенімі, еркі ерекше ұйысып, ой-парасатына бағынды; оның өз мұратына деген берілгендігі, елі мен мекен-жайға деген сүйіспеншілігі күшті және өлшемсіз болды. Жеке басының міндеті ортақ мүддеге, мүддесі болашақ мұратқа қызмет етті. Батыр жан мен тәннің, сенім мен рухтың жоғарғы үйлесімін көрсетті, адамдық қатынасты осы мәңгілік құндылықтарға бағыштады [5, 326 б.].

Қорытып айтар болсақ, батырлар жырларының бүгінгі күнде қазақ тарихын түсінумен қатар, жастарға өнегелі тәрбие беруде орны ерекше. Ол халқының қалаулы ұлдары мен аруларының өнегелі істерінен келешек ұрпаққа үлгі береді. Жастарды ерлікке, отансүйгіштіке баулиды.

Әдебиеттер:

1. Әбділдин Ж. Ұлы дала және қазақтың дүниеге дәстүрлі көзқарасы. // Қазақ халқының философиялық мұрасы: Тәуелсіз Қазақстан философиясы 20 т. – Астана: Аударма, 2006. – 544 б.
2. Молдабеков Ж. Қазақтану өрісі: Оқу құралы // Жалпы редакциясын басқарған Ж. Молдабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 б.
3. Бабалар сөзі: Батырлар жыры. 33 т. – Астана: Фолиант, 2006. – 364 б.
4. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 7 т. – Астана: Аударма, 2006. – 544 б.
5. Молдабеков Ж. Қазақтану: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 459 б.
6. Табылдиев Ә. Халық тағылымы (қазақтың халық педагогикасы және тәрбие). – Алматы: Қазақ университеті, 1992, – 200 б.

Научный руководитель:

доктор философских наук, профессор Абдильдин Жабайхан Мубараквич.

Жулдизай Кульжанова
(Астана, Казахстан)

АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКИЙ ПОДХОД К ИССЛЕДОВАНИЮ ТЕХНОГЕННОЙ СРЕДЫ

Значительная доля исследовательского интереса к технической реальности и формируемой ею техногенной среде вызвана *стремлением понять* не ее собственные закономерности, а объяснить *порождаемые ею воздействия на другие области* – природы и общественной жизни. Техногенные факторы имеют в современном мире широкое распространение, поэтому понимание и прогнозирование в любых сферах человеческой жизни невозможно без их изучения и осознания. Для этого требуется, в том числе, создание способов представления техники, основанных на новом категориальном аппарате, позволяющих формулировать, проверять и реализовывать новые социальные проекты.

Перечислим техногенные трансформации социокультурной области, выявляемые с помощью традиционных концепций. Здесь привычное противопоставление объективного и субъективного, определяемого человеческой волей и не зависящего от нее приводят к признанию относительности этих понятий: хотя технические объекты и технологические процессы создаются и поддерживаются человечеством, но для конкретных людей *воздействия техногенной среды и порожденных ей природных трансформаций являются объективными факторами*, существующими помимо их воли и желания. Таким образом, *кроме приспособления к природе, человек вынужден учитывать закономерности создающейся технической реальности и адаптировать к ним формы своей жизни*.

Традиционное понимание изменяющейся *социальной стратификации* уже связало наблюдаемые трансформации с технологическим развитием. Сначала (поскольку наука стала главным источником технологий, а технологии главным фактором экономического успеха) происходящие при постиндустриальной модернизации изменения социальной структуры сводились к повышению роли интеллигенции в современном наукоемком производстве, влекущей за собой увеличение ее значения и в других сферах жизни. Например, Д.Белл считал, что в постиндустриальном обществе будут три социальных слоя (творческая элита ученых, средний класс инженеров и низший класс техников и ассистентов), а основным социальным противоречием нового мира будет конфликт между элитой специалистов и «простонародьем», не способным войти в среду научно-технической интеллигенции [1, с.957]. Реальность оказалась еще жестче.

Социальное деление постиндустриального общества не приближается к гармонии. Напротив, новая система характеризуется (при общем росте производимых материальных благ) увеличивающимся разрывом между экономическим уровнем жизни двух групп – малоквалифицированных работников, занятых физическим трудом, и высококвалифицированных, способных посвятить долгое время получению образования (что придает особое значение стартовому уровню жизни в родительской семье) и затем постоянно повышать свою квалификацию, осваивая все новые инновации. Поток внедряемых в производство технологических новшеств заставляет человека непрерывно отстаивать свое место на рынке труда. Безработные более не могут считаться «резервной армией труда», которая является лишней на сегодняшний день, но может быть возвращена в промышленность при благоприятном повороте дел. З.Бауман приходит к неутешительному выводу: «Даже если новые правила рыночной игры обещают рост общего богатства нации, они в то же время неизбежно ведут к расширению пропасти между теми, кто участвует в игре, и теми остальными, кто выбыл из нее... Люди, оказавшиеся за пределами игры... не требуются даже в качестве потенциальных производителей благ»[2, с.93]. Средний слой постиндустриального общества «сжимается», из него выпадают люди, которые не в состоянии постоянно адаптироваться к новым технологиям и повышать свою квалификацию. Причинами этого процесса исследователи называют *неизбежные следствия информатизации производства*: индивидуализацию труда (оставляющую работника наедине с работодателем), дифференциацию между высоко технологизированными и традиционными сегментами производства и глобализацию экономики, приводящую к тому, что нерентабельными становятся целые отрасли промышленности отдельной страны. В результате, как отмечает М.Кастельс, постиндустриальное общество редуцируется к двухклассовой системе, разделяясь на «информациональных производителей» и малоквалифицированную рабочую силу, которая все меньше востребуется по мере замены физического труда машинами. «Фундаментальными *социальными разломами* в информационную эпоху, – резюмирует М.Кастельс, – являются: во-первых, внутренняя фрагментация рабочей силы на информационных производителей и заменяемую рядовую рабочую силу; во-вторых, социальное исключение значительного сегмента общества, состоящего из сброшенных со счетов индивидов, чья ценность как рабочих... исчерпана, и чья значимость как людей игнорируется»[3, с.499-501]. Итак, первое из социальных последствий, порожденных техногенным развитием в современную эпоху, – *изменение*

структури *общества*, переходящих к постиндустриальному типу развития. Поскольку новое классовое деление отражает особенности современного производства, остается мало возможностей сознательно изменять ее ради улучшения положения низшего класса: если его экономическое положение и может поддерживаться на приемлемом уровне, то восстановление его социальной значимости проблематично.

Демократическая система неоднократно сравнивалась с гигантским механизмом [4, с.27]. Возникнув как детище индустриальной цивилизации, она была основана на совокупности социальных технологий, рационально организующих общество и занявших место традиционных или идеологических связей. Одной из главных задач индустриального государства была ненасильственная координация огромных масс людей для обеспечения функционирования промышленного производства. Поставив целью не совершенствование внутреннего мира людей, а совершенствование их взаимосвязей (вплоть до умения ставить недостатки и слабости индивидов на службу обществу), основатели демократической модели прошли по пути, проложенному технологизацией производственной сферы. Но появляются все более совершенные технологии – в том числе и социальные. Отмечено, что техническое развитие порождает факторы, демократию постепенно разрушающие [5, с.15]. В частности, средства массовой информации становятся главными участниками политической системы. М.Кастельс, например, показывает, что политика становится «информационной», осуществляясь главным образом как «манипулирование символами в средствах массовой информации», а обычные люди «будут все более и более удалены от коридоров власти и разочарованы в разрушающихся институтах гражданского общества». В результате битвы за власть в современную эпоху ведутся главным образом не на поле реальных политических дел, а в средствах массовой информации, так как она «содержится в сетях информационного обмена и манипуляции символами» [3, с.502-511]. Технологический рост привел к формированию нового феномена общественной жизни – *социально-массовых явлений*. Их источники фабричный способ производства с массовым стандартизированным трудом, миграция из деревни в город (сопровождаясь отказом от прежних норм поведения), тиражирование информации через СМИ (создающее глобальные потоки стандартизированных образов). Главной ролью массовизации было обеспечение технического развития на его индустриальной фазе (необходимость воспроизводства стандартизированной рабочей силы). В результате этого вырабатывался человек, «ориентированный на механическое выполнение заданной социальной роли, податливый к рекламным и другим массовым внушениям, но преисполненный жажды социального возвышения и достижения потребительского максимума» [6, с.137-143]. Философы обсуждают проблемы «массового общества», подчеркивая, что общие условия техногенного быта, развитие всемирных коммуникаций и унификация материальных инфраструктур – приводит к усреднению духовной жизни. Включение масс людей в однотипные технологические процессы, потребление стандартизированных продуктов материального и духовного производства ведет к формированию однородных стилей жизни и типов мышления.

Литература:

1. Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования – М.: Academia, 1999. – 956 с.
2. Бауман З. Индивидуализированное общество. – М.: Эра, 2003. – 301 с.
3. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. – М.: Инфо, 2000. – 603 с.
4. Степин В.С. Толстых В.И. Демократия и судьба цивилизации // Вопросы философии, 2001. – № 10. – С. 9-29.
5. Кравченко И.И. Рациональное и иррациональное в политике // Вопросы философии, 1996. – № 3. – С. 12-21.
6. Чернов Г.Ю. Социально-массовые явления: исследовательские подходы. – Дубна, 2002. – С. 167.

Мақсад Исабаев Баҳодирович
(Наманган, Узбекистон)

СИЁСИЙ ВА БОШҚАРУВ ҚАРОРЛАРИ ВА УЛАРНИНГ ЎЗАРО ФАРҚЛИ ХУСУСИЯТЛАРИ

Маълумки, қарор бу бирламчи инсоний ҳошиши марказлашган ҳолда ифодалашдир. Содда қилиб айтганда доимий танлов акти ёхуд энг мақбул вариантни танлаш ҳисобланади. Қарорлар техник, бошқарув, сиёсий ва ҳоказо бўлиши мумкин. Сиёсий ташкилотларни бошқаришда бошқарув ва сиёсий қарорлар биринчи даражали аҳамиятга эга. Шу сабабли сиёсий ва бошқарув қарорларининг мазмуни ва уларнинг ўзига хос хусусиятларини ажратиш олишимиз муҳимдир.

Бошқарув қарори – бошқарув жараёнининг марказлашган ҳолда ифодаланиши ҳисобланиб, у бир қатор талабларга жавоб бериши керак бўлади. Булар орасида – асосланганлик, аниқ ифодаланганлилик, реал амалга ошувчанлик, ўз муддатда бўлишлик, тежамкорлик ҳамда натижавийлик. Бошқарув жараёни ва бошқарув қарорларининг яқин аълоқаси айрим вақтда бошқарув жараёнини, қарорларни қабул қилиш ва амалга оширишнинг бошқарув циклари, босқичларини бирлашувига олиб келади. (масалани кўйилиши, муқобил (альтернатив)ларини ишлаб чиқиши, аниқ танловни амалга ошириш в.б.). Бизнинг фикримизча, ушбу нуқтаи назар имкониятлардан биридир. Чунки, бошқарув жараёни бошқарув қарорларининг соҳалари билан чегараланмайди, балки ташкилий ишни яратиш, амалга ошириш ва ривожлантириш билан боғлиқ бўлган бошқа кўплаб таркибий қисмларни ўз ичига олади (бошқарув функциясини амалга ошириш, бошқарув технологияларини қўллаш).

Шундай бўлса ҳам, бошқарув жараёни бошқарув қарорларининг ишланмаси қабул қилиниши ва амалга оширилиши орқали тасаввур этилади. Бу сиёсий фаолиятга ҳам хос. Сиёсий ташкилотчиликни бошқариш жараёнини шу каби, қарорларда амалга ошувчи, бошқарув фаолияти босқичларининг мажмуи орқали кўриб чиқиш мумкин.

Бундан ташқари, сиёсий бошқарувга мувофиқ равишда бошқарувга оид қарор қўйидаги хусусиятларга эга:

- Сиёсий вазият билан боғлиқ бўлган ички ва ташқи омилларни ҳисобга олишга мажбур бўлган сиёсатчилар ва менеджерлар фаолиятининг натижаси ҳисобланади;
- Бошқарув қарорининг зарурияти ва асосий мазмуни унинг мақсади билан белгиланади ва унга эришишга қаратилади. Бунда мақсад сиёсий манфаатлар орқали олдиндан белгиланади.
- Сиёсий бошқарувда пайдо бўлган муаммолар, одатда, кўп қиррали бўлиб, биргина қарор билан чекланмайди. Сиёсий ташкилотнинг бошқарув органлари кўпроқ вақт ва хусусиятларни ҳисобга олган ҳолда бир қанча қарорлар қабул қилади;

- Тезкор иш фаолиятида қисқа муддат ичида кўпгина қарорлар қабул қилишга зарурият туғилади. Бу эса, раҳбарлар ва сиёсатчилардан алоҳида шахсий хусусиятларни талаб этади;
- Сиёсатчилар қарор қабул қилаётиб, олдин қабул қилинган қарорлар билан мувофиқлигини (мослигини) сиёсий мақсадга мақбуллигини таъминлашлари керак;

Юқоридаги ўхшаш ва фарқли жиҳатларини ҳисобга олиган ҳолда бошқарув қарори сиёсий қарорларни ижро этиш жараёнининг давоми эмас балки, у алоҳида ўзининг хусусиятлари билан фарқланиб турувчи танлов жараёни десак тўғри бўлади. Демак, бошқарув қарори унинг якуний босқичидаги бошқарув жараёнининг йўналтирилган ифодаланиши ҳисобланади. У сиёсий ташкилотдаги бошқариладиган объектга ўзига хос бошқарув таъсир формуласи каби кўринади ва шу тариқа унинг ҳолатидаги ўзгаришларни амалга ошириш учун зарур бўлган ҳаракатларни белгилайди. Сиёсий қарор эса бошқарув қароридан сиёсий ташкилотда нафақат мазмуни билан (у сиёсий характерга эга), балки ҳал қилинувчи муаммоларнинг кенглиги билан ҳам фарқ қилади. Сиёсий қарор сиёсий жараённинг бир қисмидир. Бу жараён эса ўз ичига нафақат сиёсий ташкилотни бошқариш жараёнини, балки ундаги сиёсий маҳсулотни ишлаб чиқариш жараёнини, сиёсий ахборот циркуляция жараёнини ҳам қамраб олади. Сиёсий ташкилотда сиёсий ва бошқарув қарорларини турли органлар қабул қилади. Аниқ фарқини кўйидаги мисол орқали кўриш мумкин: олий бошқарув орган томонидан ҳам сиёсий ҳам бошқарув қарорлари қабул қилинса, олий вакиллик органи (парламент) томонидан фақат сиёсий, олий бажарувчи орган (вазирлар кенгаши) томонидан эса фақат бошқарув қарорлари қабул қилинади.

Сиёсий қарорларни ишлаб чиқиш, қабул қилиш ва амалга ошириш кўп жиҳатдан бошқарув қарорлари учун ўхшаш жараёнлар билан мос келади. Лекин, сиёсий фаолият бир қатор қўшимча категория (тоифа)лар таҳлилининг заруратини кўрсатади. Жумладан, сиёсий қарорлар (ечимлар) турли ахборот компонентларига мос келиши керак.

Хулоса қилиб айтганда, сиёсий қарор бу сиёсий ташкилотнинг мақсадини акс этувчи сиёсий фаолиятнинг йўналтирилган ифодаси ёки сиёсий вазиятда ўзгаришни амалга ошириш сиёсатидир. Сиёсий ташкилотнинг ҳар кунги фаолиятида унинг раҳбарлари ва бошқа қатнашчилари доимо сиёсий ва бошқарув қарорларни қабул қилиш зарурати билан тўқнаш келадилар. Шу сабабли ҳар икки қарорнинг ўзига хос хусусиятларини инобатга олган ҳолда сиёсий ва бошқарув фаолиятини олиб борилиши мақсадга мувофиқдир.

Адабиётлар:

1. Каримов И.А. Юксак маънавият энгилмас куч. – Тошкент, 2008 йил.
2. Латфуллин Р.Г., Новичков Н.В. Политическая организация: Учебное пособие. -СПб.: Питер, 2007. 217 с

Жобир Саидмуродов
(Гулистан, Узбекистан)

ГЛОБАЛЛАШУВ, МИЛЛИЙ МАЪНАВИЯТ ВА АХБОРОТ ТИЗИМЛАРИ

XXI аср бошларига келиб дунё мамлакатлари ўртасидаги ўзаро таъсир шу қадар кучайиб кетдики, бу жараёндан тўла иҳоталаниб олган бирорта ҳам давлат йўқ, деб тўла ишонч билан айтиш мумкин. Ҳаттоки, халқаро ташкилотлардан узоқроқ туришга интилаётган, уларга аъзо бўлишни истамаётган мамлакатлар ҳам бу жараёндан мутлақо четда эмас. Глобаллашув шундай жараёнки, ундан четда турман, деган мамлакатлар унинг таъсирига кўпроқ учраб қолиши мумкин. Бундай ғайри ихтиёрий таъсир эса кўпинча салбий бўлади. Глобаллашувнинг турли мамлакатларга ўтказётган таъсири ҳам турлича. Бу ҳол дунё мамлакатларининг иқтисодий, ахборот, маънавий салоҳиятлари ва сиёсати қандай экани билан боғлиқ. Дунёда юз бераётган шиддатли жараёнларнинг ҳар бир мамлакатга ўтказётган салбий таъсирини камайтириш ва ижобий таъсирини кучайтириш учун шу ҳодисанинг моҳиятини чуқурроқ англаш, унинг хусусиятларини ўрганиш лозим. Бу ҳодисани чуқур ўрганмай туриб унга мослашиш, керак бўлганда, унинг йўналишини тегишли тарзда ўзгартириш мумкин эмас. Глобаллашув яна шундай жараёнки, уни чуқур ўрганмаслик, ундан фойдаланиш стратегияси, тактикаси ва технологиясини ишлаб чиқмаслик мамлакат иқтисоди ва маданияти, маънавиятини тоғдан тушаётган шиддатли дарё оқимига бошқарувсиз қайиқни топшириб қўйиш билан барабар бўлади. Мустақиллик даврида мамлакатимиз олимлари ўтказган ва ўтказётган тадқиқотларга кўз югуртириш бу соҳадаги ишлар энди бошланаётганидан гувоҳлик беради. Глобаллашувнинг миллий маънавиятга ўтказадиган таъсири ҳақида ёзилган жиддийроқ рисола ва йирик тадқиқотлар у ёқда турсин кичикроқ мақолаларни топиш ҳам мушкул. Илмий нашрлар ва журналлар, даврий матбуотда мазкур мавзу бўйича биз топа олган ишларнинг миқдори кўллариимиз панжасидан ҳам оз. Ҳар қандай сиёсат, жумладан иқтисодий сиёсат ва маънавият соҳасидаги сиёсат ҳам илмий асосга эга бўлгандагина муваффақият келтиришини назарда тутсак, бу масалада олимларимиз сиёсатчиларимизга етарли кўмак бера олмаётганини эътироф этишга тўғри келади. Мамлакатимиз жаҳон майдонида олиб бораётган сиёсат кўпроқ самара ва муваффақият келтиришини истасак, глобаллашувнинг моҳияти, йўналишлари, хусусиятларини чуқурроқ тадқиқ ва таҳлил қилишимиз, шу орқали сиёсатчиларимизнинг тўғри йўл танлаши ва қарорлар қабул қилиши учун имконият яратишимиз лозим.

Глобаллашувга қисқа таъриф бермоқчи бўлсак, уни турли мамлакатлар иқтисоди, маданияти, маънавияти, одамлари ўртасидаги ўзаро таъсир ва боғлиқликнинг кучайиши дейиш мумкин.

Глобаллашувга берилган таърифлар жуда кўп. Лекин унинг хусусиятларини тўлароқ қамраб олгани бизнингча, француз тадқиқотчиси Б.Банди берган таъриф. Унда глобаллашув жараёнининг уч ўлчовли эканига урғу берилади:

- Глобаллашув – муттасил давом этадиган тарихий жараён;
- Глобаллашув – жаҳоннинг гомогенлашуви ва универсаллашуви жараёни;
- Глобаллашув – миллий чегараларнинг «ювилиб кетиш» жараёни.

Б.Бади таърифида келтирилган глобаллашув ўлчовларининг ҳар учаласига нисбатан ҳам муайян эътирозлар билдириш мумкин. Лекин жаҳонда юз бераётган жараёнларни кузатсак, уларнинг ҳар учови ҳам унда мавжуд эканини кўраимиз.

Глобаллашувнинг мамлакатлар иқтисоди сиёсати ва маънавиятига ўтказиши мумкин бўлган ижобий ва салбий таъсири Ҳиндистоннинг машҳур давлат арбоби Маҳатма Гандининг кўйидаги сўзларида яхши ифодаланган: «Мен уйимнинг дарвоза ва эшикларини доим маҳкам беркитиб ўтира олмайман, чунки уйимга тоза ҳаво кириб туриши

керак. Шу билан бирга очилган эшик ва деразаларимдан кираётган ҳаво довул бўлиб уйимни ағдар-тўнтар қилиб ташлаши, ўзимни эса йиқитиб юборишини ҳам истамайман».

Глобаллашувнинг ўзи мураккаб жараён экани, унинг турли мамлакатлар иқтисоди, сиёсати ва маънавиятига ўтказаетган таъсири яна ҳам мураккаб бўлгани сабабли унга нисбатан ҳам жаҳонга бир-бирига нисбатан қарама-қарши бўлган икки гуруҳ: глобалистлар ва аксилглобалистлар гуруҳлари вужудга келди.

Глобаллашув тарафдорлари глобалистлар, деб аталади. Улар орасида давлат арбоблари, сиёсатдонлар, саноатчи ва бизнесменлар кўпроқ учрайди. Глобаллашув мухोलифлари эса аксилглобалистлар номини олган бўлиб улар орасида кўпроқ сўл кучлар, касаба уюшмалари ва ёшлар ташкилотининг вакиллари бор. МДҲ худудида аксилглобалистлар Россия Федерацияси худудида фаол ҳаракат олиб бормоқдалар. Бу ерда улар турли анжуманлар, семинарлар ўтказиш учун тўпланиб турдилар.

XX аср ўрталарида глобаллашувнинг институционаллашуви, яъни ташкиллашуви кучайгандан кейин бу жараённинг ўзи ҳам кескин тезлашди ва кучайди. Институционаллашувнинг кучайганини Бутунжаҳон савдо ташкилоти, Халқаро Валюта жамғармаси, Жаҳон банки, Европа тараққиёти ва тикланиш банки улкан ташкилотларнинг вужудга келгани мисолида ҳам кўриш мумкин.

Глобаллашувнинг тезлаши ва кучайишига жавоб сифатида аксилглобалистларнинг фаолияти ҳам кучайиб кетди. Улар глобаллашувнинг фақат салбий оқибатларига эмас, умуман унинг ўзига қарши чиқа бошладилар. Масалан, Россиялик файласуф ва ёзувчи А. Зиновьев «Аксилглобализм векторлари» номли анжуманда сўзлаган нутқида шундай дейди: «Глобаллашув янги жаҳон урушидир. У янги типдаги жаҳон уруши. Бу урушда тирик қолишнинг қаршилики кўрсатишдан бошқа йўлини кўрмайман. Фақат қаршилик!», – деган эди.

«Аксилглобализм векторлари» анжуманидаги яна бир маърузачи А. Паршев эса глобаллашувга қуйидагича таъриф беради: «Аслида глобаллашувнинг асосий мазмуни бошқа мамлакатларда ишлаб чиқарилган маҳсулотнинг қўшимча қийматини, дунёдаги асосий заҳираларини ўзлаштиришдан иборат».[2. 149-бет.]

Таҳлил шуни кўрсатадики, глобализм тарафдорлари ҳам, душманлари ҳам асосий эътиборни иқтисодиёт соҳасига қаратишади. Глобаллашувнинг маънавиятга таъсири ва маънавий глобаллашув масалалари социология, фалсафа, маданий антропология фанларида ўзининг аксини етарли даражада топганича йўқ.

Бир мақола доирасида глобаллашувнинг фақатгина энг асосий жиҳатлари ва йўналишларини ҳам қамраб олиш қийин. Шунинг учун мазкур мақолада глобаллашув миллий маънавиятга ўтказаетган ва ўтказиши мумкин бўлган таъсир ҳақида фикр юритамиз.

